

Шығыс-Тибет шипәгері Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ

(мақалалар, сұхбаттар, арнаулар)



УДК 615.8

ББК 53.59

Қ 97

Құрастырушылар: *Қайрат Құл-Мұхаммед, Біләл Қуаныш,
Мамырбек Төкеш*

Қ 97 Шығыс-Тибет шипагері – Жасан Зекейұлы. Мақалалар,
сұхбаттар, арнаулар. – Алматы: “Қазығұрт” баспасы, 2010.
– 272 бет.

ISBN 9965-22-282-7

Жасан Зекейұлының есімі ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына «даңқты дәрігер, білікті ғалым» деген атпен белгілі. Алматы қаласынан «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медициналық орталығын ашып, тәуелсіз Қазақстанға ең алғаш Шығыс медицинасын әкелген ғалымдардың көшбасында болды. Халық арасында «Алтын қолды дәрігер» атанған Жасан Зекейұлы бірегей мамандардың басын бір орталыққа қосқан білікті басшы ғана емес, қолындағысын қорғансыз жұртынан аямайтын жомарт жан. Алаш жұртына ақыл-кеңесін айтып, халқының денсаулығы мен елінің егемендігі үшін еңбек етіп келе жатқан Жасан Зекейұлының бұл кітабы қалың оқырманға арналған. Кітап ем мен емшінің ерекше қасиетін ашып көрсетуімен ерекшеленеді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 615.8

ББК 53.59

ISBN 9965-22-282-7

© Қайрат Құл-Мұхаммед,
Біләл Қуаныш,
Мамырбек Төкеш., 2010
© “Қазығұрт” баспасы”, 2010

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЕЛІН СҮЙГЕН – ЕЛІ СҮЙГЕН

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫНА

*Мынау тұман заманда қиындаған,
Алтындай көрінеді миың маған.
Жүйке жүрек, қан тамыр аурулары
Асқазан, ішек, несеп қиындаған.*

*Осының барлығына құрық салып,
Адамды жазамын деп жүрсің жанып.
Тыныс кеңіп, жазылып кетіп жатыр,
Алдыңа барған жандар өліп-талып.*

*Көзді де жібересің жадыратып,
Көнбейтін кеселдерді қақыратып.
Меңгердің Қытай-Тибет құпиясын,
Жақсылықты жасадың жамыратып.*

*Кетесің қазағыңнан кейде күйіп,
Жат елден отаныңа келдің сүйіп.
Бүгінгі Авиценна өзіңсің зой,
Алдыңда тұрады әлі асқар биік.*

*Саусағыңдай шипалы инелерің,
Шешеді сан аурудың түймелерін.
Шығыстың шапағатын ала келген,
Бұл Жасан күй ме дедім.*

Өтеген КҮМІСБАЕВ

ЕЛІН СҮЙГЕН – ЕЛІ СҮЙГЕН

Жасан Зекейұлы. Бұл есім ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің киырына «даңқты дәрігер, білікті ғалым» деген атпен танымал десек артық айтқандық болмас. Өйткені «Қазақ еліне Шығыс-Тибет медицинасын әкеліпті», «Алматыда инемен емдеу орталығын ашыпты», «Қытайдан алтын қолды дәрігер келіпті», «Біреуге өмір сыйлапты» дейтін аңыз дерлік әңгімелер осы Жасан Зекейұлының шынайы шипагерлігінен туған. Ол – бірегей мамандардың басын бір орталыққа қосқан білікті басшы ғана емес, қолындағысын қорғансыз жұртынан аямайтын жомарт жан. Елін сүйген, елі сүйген азамат.

«Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медициналық орталығын ашқан бес жылдың ішінде қырық мыңнан астам наукасқа денсаулық сыйлап, бес мыңға жуық әлеуметтік жағдайы төмен жандарға тегін ем көрсеткен Жасан Зекейұлы барлық биіктерге тек емшілік дейтін ерекше қасиетімен жетті. Бұл күнде ол – медицина ғылымдарының докторы, Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Вена халықаралық университетінің Құрметті профессоры, Халықаралық ғылым академиясы, Халықаралық Ресей шығармашылық академиясының академигі, «Өмірді қорғау» қайырымдылық қорының құрылтайшысы, «Жас-Ай» журналының бас редакторы. Ал түрлі қоғамдық ұйымдар мен «Халық емшілері қауымдастығы» тарапынан Жәкеңе берілген атақ-марапаттардың өзі бір төбе.

Жалпы, барлық жақсы атақ бір басынан табылатын Жасан Зекейұлы – медицина ғылымынан екі патенттің иегері, 50-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Елге оралған соң халыққа салауатты өмір салтын насихаттап, Шығыс-Тибет медицинасы жөнінде, Қытайдың байырғы емшілігі жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарына 200 реттен астам сүбелі сұхбаттар берді. Қалың қауымның қажетін ескеріп, 2009 жылдан бері қарай өз қаражатымен «Жас-Ай» медициналық журналын шығарып келеді. Мұнан сырт мемлекеттік «Нұрлы көш» бағдарламасына үн қосып, атажұртқа оралған қандастарымыздың үздік шығармаларына қаржылай қолдау көрсетті. Бұл – Жасан Зекейұлының ізгі істерінің, жарқын үлгісінің кішірейтілген кескіні ғана.

Жасан Зекейұлының тәуелсіз Қазақ елінде атқарған жұмыстары, емдеу саласындағы тамаша тәжірибелері, халыққа танымал тұлғалардың байыпты бағалары мен ізгі тілекке толы арнау лебіздері, қарапайым жұрттың алғыс баталары мен ой-толғаулары, түрлі басылымдардағы сыр-сұхбаттары осы кітаптың басқа тарауларында кеңінен баяндалады. Сондықтан бұл тақырыптарға арнаулы тоқталмадық. Біздің міндетіміз – Жасан Зекейұлының Қытай еліндегі өмір белестерін, көпшілік қауымға таныс емес белгісіз қырларын қалың оқырманға паш ету. Яғни Жәкең қай өңірде туылды? Қайдан білім алды? Арғы тегі мен ата-аналары кім болған? Алла қосқан жұбайы кім екен? Бұл сұрақтарға осы шағын мақаламызда жауап беруге тырыстық. Тізгін – өздеріңізде, патша көңіл оқырман!

I

Қытайда Тарбағатай деген тарлан таудың атымен аталатын аймақ бар. Сол аймақтағы Толы ауданының Өшегі шағын ауылында 1943 жылдың көкек айында Тұрсынбек отбасында Зекей атты ұл өмірге келді. Молдатай, Ордабай деген екі ұлынан соң дүниеге келіп, қуаныш әкелген сәбиіне Нұрбәтiш ананың ықылас-мейірі айрықша болды. Бәлкім, омырауын суалдырған сүт кенжесі боларын сезді ме екен асыл ананың алтын жүрегі!?

Ел-жұрттың, ата-ананың пәк тілегі мен ақ батасына бөленген балғын бала сүйкімді де алғыр болып өсті. Ауыл мектебінде үздік оқыған Зекей небары он бес жасында – 1958 жылы Шыңжаңның орталық қаласы Үрімжідегі көмір кен барлау техникумына оқуға түсіп, тәмам жұртты таң қалдырды. Бұлай дейтініміз, апталары мен айлары саяси өзгерістермен өтіп жатқан, азаттық алғанына он жылға да толмаған Қытай Халық Республикасындағы жалпы жағдай, шынында, күрделі еді. Оның үстіне көшпелі өмірден толықтай қол үзіп кете қоймаған қазақ жұртының да өскелең өркениетке бой ұра қоймаған бейқам кезі болатын.

1961 жылы жоғары оқу орнын тәмамдаған Зекей бірден мемлекеттік қызметке орналаса қойған жоқ. Оған себеп – жоғарыда айтқанымыздай, саяси науқандардың кең етек алған беймаза мезгілдің тұспа-тұс келгендігі. Сонымен жаппай жаңа құрылып жатқан «Халықтық коммуна» деп аталған өз ауылындағы

еңбекке жегілді. Мұны сол кезде «Еңбекпен тәрбиелеу» деген қызыл сөздермен алдарқататын. Яғни қандай оқу бітіріп келсе де, зиялы жастарды алдымен ауылдағы малшы-диқандардың қара жұмысымен тәрбиелеу дегенді науқан еткен кез еді.

Бір жолы Коммуна парткомының Ли деген басшысы «халықты жаппай еңбекке аттанысқа келтіру» жиналысын ашады. Алайда қытай тілін қазақшаға тәржімалап отырған ілеспе аудармашының көп қателіктер жібергенін бірден сезіп отырған жас Зекейдің аудармашыға түзету жасағандығын байқап қалған Ли өзінің жалынды сөздерін Зекейге аудартады. Зекей қалың халық ішінен бірден сурылып шығып, партком басшысына ілеспе аудармашының қытай тілінен қазақ тіліне аударуы мүлде қате болғандығын ескертіп, өзінің білімділігімен жиналыстағы барлық үндеулерді халыққа мағыналы түсіндіріп, аударып берді. Міне, содан бастап жалынды жас, талантты азамат аудан әкімшілігінің арнаулы ұсыныс жасауымен аудармашылық қызметке орналасып, қызметін тынбай жалғастыра береді.

Осы кезең бірінен кейін бірі жүргізілген реформалар тасқыны жалпақ жұртты аласапыран, даңғаза ұрандармен қойдай иірген беймаза мезгіл еді. Күрмеуі көп күрделі күндер осылай жылыстап өтіп жатты.

Білікті білімі арқылы ауыл-аймағына танылып, азамат болып толысқан Зекейге сол заманда ұлы дүбір той жасап, алыс-жақыннан ел шақырып, отау көтерудің орайы бола қоймаған секілді. Ол кездегі халықтың хал-жағдайы, шынында, сын көтермейтін. Дегенмен жиырмаға енді келген Зекей отбасын құрып, отағасы болуды кешіктірген жоқ. Енді сол қара шаңырақтың қалай көтерілгені туралы біреп сөз...

Баяғы заманда адал еңбегімен мал өсіріп, өзіндік дәулет жинаған, кедей қауымға қайырымдылығын аямаған, сол арқылы «Зәңгі» деген орташа билік жүргізген арғы аталарының «кесірі» балдырған қыз Шәрипаның да отбасына қырсық болып тиді. Нәзік те талдырмаш денелі Шәрипа күндіз-түні коммуна жұмыстарында жүрсе де, шаршап-шалдығуды білмейтін. Әке-шешесіне қолқанат болып, үй шаруасын да дөңгелетіп әкететін пысық қыз болатын. Қолы қалт ете қалған сәттерде сызылтып ән салатын көп-көрім өнері де бар еді.

Енді ғана сәмбі талдай бой түзеп, бойжетіп келе жатқан осы қызға Зекейдің үй-ішіндегілердің ықыласы көптен бері ауып жүрген. Дастарқан басында үлкендердің «осы баланы келін етіп алсақ» деген өтініш-тілектерін еміс-еміс естіп қалып жүретін Зекейдің де Шәрипа қызға көңілі көптен бері құлаулы еді.

«Елді қанаған байдың тұқымы», «Феодалдық билік жүргізген зәңгінің немересі» атанып, шетқақпай болып жүрген Шәрипа Ғазезқызы мен Зекей Тұрсынбекұлы «қызыл белсенділердің» қарсылығына қарамастан 1962 жылы қалыңмалсыз, тіпті той-думансыз отауларын көтерді.

Зекей Тұрсынбекұлы сол аумалы-төкпелі кездің өзінде алған білімдерінен қарайып қалмау үшін көп оқып үйренетін. Әсіресе, қытай тілін еркін меңгеруге айрықша ден қойған.

Сол аумалы-төкпелі заманның өзінде Зекей қызметтерінен қуылып, «сасық зиялы» атанып, көзге түрткі болып жүрген білімді ағаларынан шаш ал десе, бас алатын әпербақандардың көзіне көрінбей көптеген нәрселерді сұрап-біліп жүретін. Кей кездері советтік Қазақстанда басылған тарихи, әдеби кітаптарды да сол зиялы ағаларынан құпия алып оқып, кейбір көлемді әдебиеттерді тұтастай көшіріп алудан да ерінбеген. Біз мұны марқұм Зекей ағамыздың 1978-1980 жылдары жазған қолжазбаларынан көріп-білдік. Әсіресе, қазақ арасына кең тараған «Абайдың даналық сөздерін», «Едіге», «Асан қайғы» жырларын, «Батыр Баян», «Әсет пен Ырысжанның айтысы», «Райымбек батыр», «Наурызбай батыр» сияқты дастандарды, Алаш көсемдерінің шығармаларын оқуға шынайы назар аударыпты. Тіпті 1938 жылы «халық жауы» деген айыппен атылып кеткен Мағжан Жұмабаев шығармаларын көп жаттаған екен.

*Қасына Ер Бөгенбай, Барақты алып,
Болғаны елге қорған Алашқа анық.
Бердіқожа, Қасабай, Жантай батыр,
Қосылған Ер Жәнібек талаптанып.
Ер Қасым мен Баймұрат, Райымбек,
Қосай, Тама, Ершөрек, Малайсары,*

Атын тізіп айтайын санаққа алып...— деп келетін ерлік жырларын да көкейіне тоқып жүріпті. Сонымен бірге ата шежіресін, танымал тұлғалардың асыл қасиеттерін ұрпақтарға үлгі-өнеге етіп



айтып отыратын болған. Мәселен, Дәм-Өшеті, Орқашар, Жайыр өңірі мен қазір қытайша «Шөгей» аталып кеткен Қоржын Түбек аумағына дейінгі жерлерге атағы жайылған «Бек тәуіп», «Бек емші» деген ұлы атасының емшілік болмысын туған-туыстарына, бала-шағаларына аманаттап жеткізіпті. «Әулие» атанып кеткен сол Бек емші бойы екі метрден асатын алып денелі, өңі сұсты, айбатты адам болған екен. Кейде ауыр науқастанған адамдарды «көріпкелдік» қасиетімен алыстан сезетін болыпты.

Сонау жылдары Бек емші Толының Өшеті өзенін жағалап отырып, Орқашардағы қалың елге шілде айында сапарға аттаныпты. Иен даламен жүріп келе жатса жол үстіндегі кара қосты көріп, соған бұрылады. Қосқа кірсе өне бойына қалың қотыр қаптап, іріңдеп кеткен бір ер адам жатады. Қолқаны қабатын ірің иісі мұңкіген, үйдің іші кірген адам шыдамайтын жағдайда екен. Дәл сол сәтте даладан отын алып келген әйел алыстан келген жолаушыға ауру күйеуінің қазіргі халін жылап-еңіреп баяндай жөнеледі: «Ауру жұғып кетеді» деп жайлауға көшкен елден бөлініп, жалғыз сиырының сүтін сусын етіп, көшкен жұртта қалған аянышты күйін айтады. Жылап отырған әлгі әйел: «Шіркін, Бек тәуіп деген шипагерді елден көп естуші едік, амал не? Сол әулиені табатын шама бізде жоқ қой», – деген арыз-арманын айтып үлгереді. Бек емші далаға шығып, қоржынын алып келеді де, әлгі науқасты емдей бастайды. Өзі жасаған дәрілерін іріңдеп кеткен тұтас денеге сеуіп, түрлі жапырақтармен орайды да, «осы ем шипа болып қалар, мен Орқашардағы елден қайтқанда келемін» деп шайға да қарамай аттанып кетеді. Бір жұмадан кейін келсе, әлгі ауру адам құлан-таза жазылып кеткен екен.

Тағы бір жылдары екі көзі көрмей қалған бір зағип бала-шағаларының көмегімен Бек емшіні іздеп келеді. Емші әлгі сырқат адамның екі көзін байыптап тексеріп, суық торғайдың саңғырығын жылы суға езіп, күніне бірнеше рет тамызған екен, науқастың екі көзі шырадай жайнап кетіпті. Айрықша разы болған ол кісі өзі де ауқатты адам болса керек, Бек емшіге ішкі жабдығымен алты қанат ақ үй тарту етіпті.

Бек шипагердің қартайған кезінде ауылдастары:

– Қасиетті әулие, сіздің киелі өнеріңіз ұрпақтарыңызға жалғаса ма? – деп сұрағанда:



– Менің шөберелерімнен кейінгі ұрпақтарымнан көрінетін болады, – деп болжап кеткен екен қасиетті бабамыз.

Осындай әңгімелердің майын тамызып айтатын Зекей туған өңірінен шыққан әйгілі Уайыс зәңгі, аттыға жал, ауыздыға сөз бермеген Мауқара шешен, жауырыны жерге тимеген Мұштари балуан, он саусағынан өнер тамған Мамыраздық зергер, ғажайып күйші Бәзғалам бабалары туралы да мағлұматты шежірелер шертетін. Соның бірі:

*Мауқара шешен адам Уақтағыз,
Билігін Керей, Найман қуаттады.
Марқа тас, Қату менен Дарбытыны,
Мекен қып кең түбекті суаттады.
Бәзғалам өз кезінде жырау еді,
Халқына жүрген адам ұнап тағыз.
Бәзғалам Мамырбекке күй тартқанда,
Ақынды ұлық қалай ұнатпады?
Мауқара жиында оны сөзбен шалып,
Ұлықты талай көрген сынап тағыз.
«Алтайдан келгеніңді білуші едім,
Артқаның екі түйе, бір ат тағыз.
Керейдің бар дәулетін жинап алып,
Басыңа бақ қонған соң тұрақтады.
Жетсе де екі мыңға жылқың сенің,*

Көрмедік бір тай мініп, сұрап тағыз»... – деп келетін халық жыры. Осындай отты өлеңдерден Зекейдің арғы аталары текті әулет болғанын көруге болады.

Көп үйреніп, көп білсем деген үлкен құлшыныспен өзіне жүктелген барлық міндеттерді абыроймен атқарған азамат ел ортасында ілтипат-құрметтерге бөленді. Қоғамдық қызметтердің барлық сынынан өтіп, өзіне ауыр талаптар қоя білді.

Зекей Тұрсынбекұлының тыңғылықты қызметтері ескерілмей қалған жоқ. Коммунаның жай мүшесі бола жүріп, біртіндеп ауыл-ауданға аты мәлім тұлғаға айнала бастады. Мемлекеттің штатты қызметкері аталған соң ауыл-қыстақтардан келген қарапайым бұқараға қолынан келгенше көмек көрсетті. Шиеттей ұсақ балаларының үстіне алыс-жуықтан келіп жататын «шақырылмаған» қонақтарға қолда бар дәнін аямайтын Шәрипа

тәтеміз үйіне келгендерді қабақ шытпай қарсы алып, жайдары көңілмен аттандырып жататын.

Қалың қауымның алғысына бөленген азаматтың қызмет дәрежесі біртіндеп өрлей берді, мәртебесі биіктей берді. 1965 жылдан 1980 жылға дейін аудандық үкіметте аудармашы, бөлім бастығы болған Зекей 1980 – 1983 жылдары аудандық экономиканы дамыту мекемесінің бастығы болды. Бұдан кейінгі жылдары Толы ауданының білім, мәдениет, денсаулық істеріне жауапты әкімнің орынбасары болып лауазымды қызметтер атқарды.

II

Қоғамның аумалы-төкпелі кезеңі мен тұрмыстың тұралап тұрған кезінде Зекей мен Шәрипа шаңырағын гүлге бөлеп, Сайра, Серік, Жасан, Сержан, Ержан деген балалары дүниеге келді. Солардың іңгәлаған тәтті үндерімен-ақ барлық қиындық, бейнет атаулы бақыт пен рахатқа айналып жататын.

Арманшыл әке мен абзал ана бала тәрбиесі мен олардың білім алып, білікті азаматтар болып жетілуіне айрықша ден қойды. Бүкіл ауданның ауқымды қызметтерінің бел ортасында жүрген Зекей қолы қалт ете қалған әредік сәттерде балаларын ертіп алып, ел аралайтын. «Абыз қарттардың айшықты әңгімелерін, шежіре шертпелерін құлақтарына құйып, саналарына сақтап өссе екен» деген үкілі үмітін ұрпақтарына артатын. Тұңғышы Сайраны сурет салуға, Серікті гитараға, Жасанды аккордеонға, Сержанды шағын колөнерге, кенжесі Ержанды домбыраға бейімдейтін.

Зекейдің өзі де бірге қызмет істеген Сүлеймен аудармашы екеуі мандалинге ән қосып, жүрген жерлерін думанға бөлеп жіберетін. Қазіргі елге танымал әйгілі күйші, атакты сазгер Ғизат Сейтқазин секілді өнер майталмандарымен жиі-жиі бас қосып, жан дүниесінің баға жетпес ләззат байлығын арттырып отыруды да қағыс қалдырмайтын. Зекейдің бар ойы – балалары есейгенде осындай өнерлермен шұғылданып кетпесе де, өз құрбыларының алдында сетер сезімді, сергек ойлы болып өсуіне рухани нәр болады деп есептейтін. Әсіресе, ажалға араша, ауруға медет болатын дәрігерліктің дәуірлер өзгерсе де қадірін жоймайтын қасиетті өнер екенін көптеген дәлелдермен көрсететін еді. Ұрпақтарына жанын

үзіп тұратын қайран әке анау дүниеге ерте аттанып кететінін, бауыр еті балапандарының қызығын көп көре алмайтынын сезді ме екен, әйтеуір, өте балажан болды.

Ал Шәрипа ана Құдай қосқан жұбайының әр кезеңдерде, әр салада атқарып жүрген барлық қызметтерінің қолдаушысы бола білді. Уақытының көбін балаларының тәрбиесіне арнады. Ол «басшы азаматтың жұбайымын» деп кейбір билікке буланған «ханымдарша» көкірегімен көк тіреген жоқ, қарапайым, мейірімді қалпын өзгерткен емес. Аудандық үкіметке қарасты қонақүйдің меңгерушісі болып қана жұмыс істеді.

Зекей отбасы үшін 1985 жылғы 5 қараша – қаралы күн болды. Тарбағатай аймағы, Толы ауданы, Еренқабырға өңірі тосын қазаға, ауыр қайғыға теңселіп кетті. Астана Бейжіңдегі жиналыстан қайтып, Үрімжіге жеткен Зекей Тұрсынбекұлы Күйтүн–Толы мемлекеттік жол бөлігінде көлік апатынан қаза болды. Небары 42 жаста. Болашағынан үлкен үміт күткен елі қалды еңіреп. Бұғанасы қатпаған балалары қалды зарлап. Құдай қосқан жұбайы қалды жастай қара жамылып. Жоғарғы билікте отырған үлкен басшылар Зекей сынды зерделі азаматтан қапияда айырылып қалғандарына өксік атарлық өкініштерін білдірді. Мәңгілік ұйқыға кеткен есіл азаматты қара орман халқы болып соңғы сапарға аттандырып салды.

Қытай үкіметі халықтың қамы үшін үкімет қызметі үстінде қаза болған қайраткер азаматтың артында қалған жұбайы мен барлық балаларын мемлекеттік қамдауға алып, Зекей Тұрсынбекұлының шаңырағына «Даңқты құрбандар отбасы» деген атақ берді...

III

«Жетім қозы тасбауыр, отығар да жетілер» деп айтылушы еді ғой баяғының бір тәмсілінде. Тағдырдың салған ауыр салмағына төзгеннен басқа шара бар ма екен бұл дүниеде!?

Еміренген ел-жұрты, туыс-туғандары көп болып, көмек қолдарын созғанымен, асқар тау әкенің орнын қайдан толтыра алсын!? Құдай басқа салған соң болмаса, жетім-жесір атанудан ауыр қасірет жоқ шығар?!

Шәрипа ананың жүрек жылуы мен мейіріне бөленген Зекей ұрпақтары болмайтын іске болаттан берік болды. Аяулы анасына

серік болды. Оқу-білімнен басқа сенерінің жоқ екенін жанымен түсініп, жүрегімен сезінді.

Атасы мен әжесінің баласы болып өскен Сайра қызметке орналасып, жабыққан көңілге медеу боларлық үміттің шырағын жакты.

Серік 1988 жылы Шыңжаң медицина институтының гигиена зерттеу мамандығын бітіріп, Үрімжі қаласында Туберкулез зерттеу, емдеу институтында маман болып жемісті қызмет етті.

Сіздер мен біздерге аты мәлім болып отырған Жасан Зекейұлы 1984 жылы Шыңжаң медицина институтының емдеу факультетіне оқуға түсіп, 1989 жылы мамандығын үздік нәтижемен тәмамдады. Іле Қазақ автономиялы облыстық Күйтүн орталық ауруханасында бес мүше бөлімі, көкірек-жүрек бөліміне хирург-дәрігер болып орналасты.

Сержан Зекейұлы – 1988 – 1993 жылдары Іле педагогикалық институтынан химия мамандығын оқып, Іле Қазақ автономиялы облыстық сауда мекемесінде (департаментінде) атқарушы менеджер болып істеді.

Ал Зекей шаңырағының кенжесі болған Ержан 1992 – 1997 ж.ж. Шыңжаң университетінің радиобайланыс мамандығын үздік тәмамдады. 1997 жылдан 2001 жылға дейін (China Mobile) Күйтүн бөлімшесінде, 2001 – 2003 жылдары техникалық біліктігіне сай Үрімжі қаласында жетекші маман қызметін атқарды.

«Әкеден ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дегендей, тұлпардың тұяғы болған ұрпақтар түгелдей жоғары оқу орындарының маңдайалды мамандықтарын тәмамдап, еліне елеулі азаматтар болып танылды.

Енді біздің кейіпкеріміз – Жасан Зекейұлының дәрігерлік жолдарына бір сәт назар аударып, бірге таразылап көрейік, қадірлі оқырман!

IV

Жайлау үсті. Ән мен атты қос қанаты санаған қазақ деген дегдар халықтың дүбірлі той жасап, сайрандап қалатын баяшат мезгілі. Жазғы еңбек демалысын алған жас дәрігер Жасан туыстарының жасыл жайлау төріндегі келін түсірген тойына жол алды.

Ауылдастарымен, туған-туыстарымен сағынысып көріскен Жәкең дос-кұрбыларымен қауышып, бір масайрап қалды. Ат бәйгесі мен көкпар тартудың, қызқуар мен теңге ілудің қызығын тамашалады. Тойдың дүркіреп өтіп жатқан дәл осы сәтінде бір келіншек үйде қалған баласын емізуге асығады. Кермедегі өз атының шылбырын шешіп, шідерін алуға еңкейе бергенде қатарлас тұрған тарпаң мінез бір жылқы әлгі келіншекті тұп-тура бастан тебеді. Бүкіл денесін қан жауып кеткен әйелді көрген жұрттың зәресі ұшып аласапыран болады да кетеді. Мұндай жайсыз хабарды естіген Жасан да жетеді жаралы әйел жатқан жерге. Ол келгенде көнекөз қариялар киіз, жүн күйдіріп, жаракатқа таңып жатса да, атқактаған қан тыйыла қоймайды. Не істеу керек? Дайын дәрі-дәрмек жоқ. Ойлануға уақыт тығыз. Әрі-сәрі болмай кез келген сәтте адам өмірін құтқару дәрігерлердің даңқты әрі бұлтармас борышы екенін жанымен сезінген жас дәрігер Жасан емдеу шарасына шұғыл кіріседі. Мақта мен дәкенің табылғанын медет тұтқан дәрігер кәдімгі кесте тігетін қарапайым ине-жіппен жаралы әйелдің бас терісін тіге бастайды. Тұп-тура 23 сабақ жіппен бір сағаттан астам уақытта күрделі отаны сәтті аяқтайды. Келіншек құтқарылады. Жиналған елдің барлығы жас дәрігердің батыл қадамына айрықша тәнті болып, алғыстарын жаудырды. Бір жұмада әлгі келіншек құлан-таза сауығады. Таңғаларлығы, ешқандай дақсыз, тыртықсыз жазылғандығын куәгер жұрт көпке дейін аңыз етіп айтып жүрді.

Бұл – Жасан Зекейұлының аға дәрігер атанып, үлкен емхананың 80 орынды палатасының көкірек-кеуде-бас бөліміне жауапты болған кезі. Бірде емхананың «Жедел жәрдем» қызметі түнгі кезекшілік атқарып отырған Жәкене бір ауыр жаралы адамды алып келеді. Бұл оқиға былай болған екен. Бір топ қарақшы ұрылар күзетші болып қызмет атқаратын әлгі адамды пышақтап, өз мақсаттарына жетпекші болады. Жан дәрмен сақшы бөлімшесіне хабарлап үлгірген ол қансырап жығылады. Қан қысымы күрт төмендеп, ажал аузында қалады.

Тексеру барысында пышақтың жүрек қабынан өтіп, жүрек бұлшықетіне 0,3 мм тереңдікте зақым келтіргені бірден анықталады. Ол жылдары хирургиялық жолмен жүрек қабын ашу, ұйыған қанды тазарту бүкіл Шыңжаң бойынша бірен-саран ғана емханалардың еншісіндегі тәжірибе болатын. Бұл ауыр жаралыны орталыққа

жіберсе, көздеген жерге жеткенше жол үстінде мерт болатындығы айдан анық еді. Осындай қысылтаяң сәтте Жәкең көмекші дәрігерлерімен шұғыл қорытындыға келіп, нар тәуекелмен отаға кіріседі. Ұйыған қанды тазартып, 0,3 мм тереңдікте зақымдалған жүрек етін үш жіппен тігіп, жамайды. 40 минутқа жалғасқан бұл құтқару өте сәтті аяқталады. Осы оқиғадан кейін Жәкеңнің атағы тіпті де аспандайды. Әлгі күзет қызметкерінің ерен еңбегін жоғары бағалаған үкімет орындары оны үлкен сыйлықпен марапаттайды.

Небары оншақты күн ғана дәрігерлердің бақылауында болған батыр күзетші көңілін сұрап келген басшылар мен тілшілерге: – Маған екінші өмір сыйлаған Жасан сынды білікті дәрігерге мәңгі қарыздармын, – деген жүрек сөзін ақтарады. Содан бастап әлгі күзетші Жасан дәрігермен отбасылық достар болып, ұзақ жыл араласады...

1994 жылдың жаз айында Күйтүн қаласына көршілес Шиху қаласындағы ағаш материалдарын өңдеу зауытының жұмысшысы Жаң фамилиялы қытай азаматы Жасан дәрігердің атын естіп, арнайы іздеп келеді. Өйткені сәл бұрын ғана Жасан мен Бақытбек деген білікті дәрігер екеуі Толы аудандық білім бөлімінің бастығы болып істейтін Қазы деген азаматтың қарындасы 6 кг боғақ (зоб) өспесімен келгенде қан тамырларының тұтасқан жеріндегі өспені алып, жұрт назарын тағы бір аударған. Ал Жаң бауыр қан тамырының 21 кг өспесіне душар болған ауыр науқас еді. Ол бұдан бұрын Бейжің, Ухан, Шыңду қатарлы ірі қалаларға барса да ешқандай шипа болмапты. Ең соңғы үмітін осы Жасанға артып, емделуге келеді. Емхана талабы бойынша өзі, жұбайы, балалары болып, ауыр отаны жасатуға кепілдік сенім хаттарын тапсырып та үлгереді. Жасан Зекейұлы Ли Жың Жу деген хирургия маманы екеуі жан-жақты үлкен дайындықпен қауіпті әрі күрделі отаны жасауға кіріседі. Бас-аяғы 17 сағатқа жалғасқан дәрігерлердің жапалы еңбегінің нәтижесінде бауыр қан тамырындағы 21 кг қорқынышты, құбыжық өспе алынып, ота орыны 120 жіппен тігіледі. Әлгі науқас бір апта көлемінде өздігінен жүре алатын, тамақты жақсы ішетін, ұйқысы тынышталған сау денелі адамдардың қатарына қосылды. Айға жетпейтін уақытта өлімге қарай жетелеп бара жатқан алып өспеден құтылған Жаң Жасан қатарлы құтқарушыларына ақ жаңбыр алғысын жаудырып, шадыман көңілмен өз үйіне аттанды.

Күйтүн қаласы – әлемге әйгілі жоңғар ойпатында орналасқан, Қытайдағы «100 шолпан қаланың» бірі. 1980 жылдардың басында Іле Қазақ автономиялы облысының орталығы болып бекітілген. Күйтүн шындығында Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтарының барлығына ортақ, тоғыз жолдың торабына орналасқан мегаполис еді. Сол кезде қазақ зиялылары Күйтүн қаласына жан-жақтан ағылып, көп жиналды. Алдыңғы буын маман ағалары сияқты Жасан да арнайы жолдамамен жаңа қалаға жас ғалым ретінде ұсынылып келген еді. Себебі институттың III курсына оқып жүргенде-ақ Қытай коммунистік партиясына мүше болып қабылданып, оқуын қызыл дипломмен тәмамдаған Жасан бірден осы қалаға жұмысқа шақырылған.

Мен Жасан Зекейұлымен 1989 жылдың күзінде былай таныстым: Жеменей ауданының Тосты ауылындағы малшы құдамыз Бақытқан Жанымқанұлын Күйтүн қаласындағы орталық емханаға алып бардық. Дәрігерлердің мұқият тексеруінің нәтижесінде бұл науқастың асқазан-өңеш рагына шалдыққаны әрі қатерлі ісіктің ең соңғы мезгіліне жеткендігі анықталды. Тіпті 20-30 күнге жетер-жетпес ғұмыры қалғанын да ескертті жауапты дәрігер. Жасан сол кездің өзінде алыс аймақтардан келген қазақтарға көмек көрсету үшін күндіз-түні солардың қамымен жүгіреді екен. Қат-қабат қарбаластықтың әредік сәтінде Жасан дәрігермен жолығудың орайын тауып, мұнда келген шаруамызды, сырқат жағдайын, қорытынды диагноз құжаттарының барлығын көрсетіп, алдағы күндерде не істеу керектігі жөнінде кеңес сұрадық. Сөз арасында:

Қою, ұзын қасың бар,

Қалың қара шашың бар.

Арықшалар келеді,

Сен секілді асылдар, – деп әзілдегенім әлі есімде.

Менің бір байқағаным, үлкен емдеу орталығында қызмет істеп жүрген Жәкең өз кәсібінен басқа да мамандықтарға көп назар аударып жүреді екен. Еуропалық емдеу жүйесінен тыс Шығыс-тибет медицинасы, Қытайдың инемен емдеу құпиясы, қазақтың халық емшілігі қатарлы көптеген емдеу салаларына айрықша ден қойып, зерттеп жүретініне көз жеткіздік.

Біздің өтінішіміз бойынша хал үстінде жатқан Бақытқанды қайталай тексерген Жасан былай кеңес айтты:

– Бұл кісінің су ішеріне аз ғана уақыт қалған екен. Осы заманғы емдеу шараларынан ешқандай үміттенуге болмайтын сияқты. Менің ойымша, қарапайым қазақ емшілігімен дауалаудан басқа мүмкіндік жоқ. Сондықтан құмды жердің, болмаса тастақты өңірдің жыланын тірідей ұстап, қақпағы бекітілетін шыны ыдысқа салып, бір литр арақ құйып, бір апта күнге қыздырып еріткен соң (отқа қыздырамыз деп асығуға болмайды), өте аз мөлшермен беріп көріңіздер. Егер науқастың тәбетіне сәйкес келсе, ары қарай күніне бірнеше реттен тақыл-тақыл беріп отырыңыздар. Бәлкім, аурудың жазылуына бір себеп, соңғы мүмкіндік осы болып қалар, – деді.

Аузына су тамызып қана жатқан Бақытқан Жасан дәрігердің осы сөздерін медет тұтып, үмітін арқалап үйіне қайтты.

Жеменей ауданының Қайнар деген жеріндегі күзеулікте отырған өз үйіне барған Бақытқан құдамыз екі күннен соң мынандай қызық оқиғаға кез болады. Көрер таңды көзімен атырған Бақаң таң ата оянса, тура есіктің табалдырығында қара шұбар жылан иіріліп жатады. Үйде шиеттей балаларымен келіні ғана бар. Інісі әлдеқашан мал өргізіп кеткен. Дәрмені қалмаған Бақытқан өлдім-талдым дегенде шырт ұйқыда жатқан келінін әрең оятады. Табалдырықта жатқан жыланды көрсетеді. Көрген адамның тұла бойын түршіктіретін сұманды ұстауға әйел адамның қалай батылы барсын?! Көршілеріне хабарлайын десе есіктен аттап өте алмайды. Сонымен үйдің терезесінен әрең шыққан келіншек ауылдағы азаматтардың бірін ертіп келеді. Әлгі жігіт босаға түбінде алаңсыз ұйықтап жатқан жыланды қысқашпен мықтап қысып алып, тірідей шыны ыдысқа салып бекітеді де, қақпақтан азғантай саңылау ашып, арақты содан құйып жібереді. Жабылған ыдыстың қақпағына тік шаншылған жылан араққа тұншыққан соң көк-жасыл заһарын құсады да, ыдыс түбіне шөгіп жатып қалады. Осылайша аузы бекітілген бөтелкені сырыққа байлап, күнге қояды. 1-2 күн өткенде арақтың түсі сарғайып өзгере бастайды. Хал үстінде жатқан Бақытқан Жасан айтқан бір жұмаға қалай шыдасын?! Үш күннен соң әлгі «жылан арақты» алдырады да, кесе түбіне аз ғана құйдырып, нар тәуекелмен жұтып жібереді. Арақ өңеш тұсына сәл кідіріп барып, ары қарай өтіп кетеді. Тағы да азырық қосып ішкен Бақаң қайтадан жатып қалады. Сол жатқаннан мол жатады. Ертеңінде сәскеде де оянбайды. Келіні мен кішкентай

балалары жанына келіп тындаса, тынысы бар, дем алысы ақырын естіледі. Ақырын дыбыс беріп оятса, қыбыр етпейді. Келіні қорқа бастайды. Көрші отырған өзінің шешесіне болған жайды айтып, ертіп келеді.

Құдағиы келсе, құдасы сұлық жатыр. Бірақ тірі. Шошынған құдағиы құдасын жұлқылап жүріп, әрең оятып алады. Бақытқан көзін ашады. Байқаса, бұрынғыдан тыңайып қалған секілді. Жамылған, төсенген көрпелері шылқыған терден суға малғандай болып кеткен. Бақаң сүйемелмен басын көтерген соң лоқсып, құсқысы келгендігін айтады. Ыдысты тосып үлгерген құдағиы құдасының бұзылған ет түйіршіктерін құсып жатқандығын байқайды. Іле-шала құдасы және бір-екі қасықтай өлі ет құсып жіберіп, өзегінің талып бара жатқанын айтады. Көріп тұрғандар «жыланға уланды» деген жорамалмен сиырдың шикі сүтінен азырақ ішкізеді. Аузын сумен ғана шайқап, бір тамшысын ары қарай жұтуға зәру болып жатқан науқастың өңешінен бір кесе сүт өтіп кетеді. Сәлден соң қой майы қосылып жасалған көжені де жұтып алады Бақаң.

Міне, содан бастап Бақытқан құдамыздың беті бері қарап, күн сайын сырқатынан айыға бастады. Кейін біржола жазылып кетті. Тұрмыс жағдайымен үйлене алмаған ол кейінірек үйленді. Бірнеше ұрпақ сүйді. Тың тіршілік бастады. Асқазан-өңеш рагынан айыққан Бақытқан Жанымқанұлы 18 жылдан соң басқа аурудан қайтыс болды. Сол құдамыз көзінің тірісінде:

– Менің Түсіпбай деген ағамның ұлы Толы ауданындағы Әлихан деген мұғалімнің қызына үйленді. Құдалармен өте жақын араласып тұрдық, кейін естісем, мені ажалдан арашалап қалған Жасаным Әлихан құдамның Гүлия деген қызымен отау көтеріп, менің немере ініммен туған бажа болыпты. Шексіз алғыс сезімді солар арқылы білдіріп, сәлемімді жолдап тұрдым, қайда жүрсе аман болсын азамат, – деп отырушы еді. Менің шешем де Жасанның емінен жазылған. Ол кісінің тізесі бүгілмей қатты ауыра беретін. Соған Жәкеңнің айтқаны бойынша жылқының өкпесіне тілін орап, тізесіне таңдық. Ем он рет қайталағаннан кейін шешем құлан-таза жазылып кеткен.

Шынында, ел-жұрттың батасын алып, ықыласына бөленгенге не жетсін?!

V

Тарбағатай аймағының Толы ауданы – Шыңжаң бойынша, тіпті мемлекет көлемінде кедей аудандардың бірі болып саналғанымен, ғылым-білім, мәдениет-өнер жағынан кенде болмаған өңір. Талай дарындар мен тұғырлы тұлғаларға, қайраткер мен данышпандарға алтын бесік болған қасиетті мекен. Қазір жұрт арасында кең тарап кеткен «Қарағай бастаудың (жер аты) суын ішкеннің бәрі ақын» деген қанатты сөз осы айтқанымыздың айқын дәлелі болса керек.

Ел арасында «Зекейдің зерек ұлдары» атанып кеткен осы әулеттің барлық балалары бірінен соң бірі жоғары оқу орындарының маңдайалды мамандықтарына арнайы шақырулармен аттанып жатты. Жасанның өзі де, біздіңше айтқанда, мектепті «қызыл дипломмен» тәмамдап, университетке ешқандай емтихансыз қабылданған санаулы саңлақтардың бірі.

Жәкеңнің өз отбасы ғана емес, қайын-жұрағаты да текті әулет болды. Қарт педагогтар Әлихан Әбілбекұлы мен Қадиша Нұрахметқызының Нағима, Гүлия, Әлия, Әсия, Ардақ, Аман атты бес баласы да білім аламынындағы жүлде бермес жүйріктер атанды. Алғыр ұрпақтарының іркес-тіркес ғылымның көмбесінен көрінуі ұлағатты ұстаздардың жүдеу жүздеріне шарапат нұрын ұялатты. Көптен бергі жасыңқы көңілдерінің көгершін құсын көкке өрлетті. Біздің бұлай айтқан сөзіміздің түп-төркініне жету үшін Әлихан ағамыз бен Қадиша тәтеміздің соқпағы көп өмір жолдарына терең үңіліп көргеніміз жөн секілді.

Әлихан Әбілбекұлы Толы ауданының Жайыр тауында 1940 жылы өмір есігін ашқан. Мектепті үздік бітіргендіктен, 1955 жылы Шыңжаң университетінің математика факультетіне қабылданып, 1958 жылы жоғары нәтижемен бітіріп шығады. Үрімжі маңындағы білім беру орындарынан іс-тәжірибеден өткен соң 1961 – 1963 жылдары Шыңжаң өнеркәсіп институтына оқытушы болып орналасады. Сонда әртүрлі ұлттың білімге шөліркеген көкөрім жастарын терең білім мен өнегелі тәрбиеге сусындатып, бүкіл ынта-жігерін арнайды.

Ал Шәуешек қаласының Ергейті шағын ауылында туылған Қадиша Нұрахметқызы ауыл мектебінен білім алып, 1957 – 1961 жылдары Шыңжаң университетінің физика факультетін тәмамдап,

ұстаздық кәсіппен шұғылданады. Міне, осындай арманның асқарына құлаш сермеген бақытты күндерде Әлихан мен Қадиша ғылым мен мәдениеттің, өскелең өркениеттің думанды орталығы болған Үрімжі қаласында шаңырақ көтеріп, керегесін жайды. Бұл 1962 жылдың тамыз айы болатын. Сонымен қазақ зиялыларының қатары бір жұп жұлдызды жұбайлармен толықты. Алдыңғы буын ағалары мен ақ ниетті апайлары іздерін басатын ізетті жастардың ақ некесіне ақ жол, сәт сапар тілеп, болашағынан үлкен үміт күтті.

Амал не? Алаңсыз күндер ұзаққа бармады. Тек қана ұрпақтар санасына білім шуағын төксек дегеннен басқа мұрат-мүдделері болмаған Әлихан мен Қадиша шаңырағына қара бұлт үйірілді.

Елден жеткен жайсыз хабар есеңгіретіп кетті екеуін. Бұл 1962 жылғы бүкіл елге әйгілі болған «Іле-Тарбағатай оқиғасы» еді. Дүбірлі дүрбелең болған сол кезде «Қадиша мұғалімнің төркіні босқан елмен бірге советтік Қазақстанға бір түнде көшіп кетіпті... Әлдеқандай келісіммен Совет-Қытай шекарасын айқара ашып тастапты... Тарбағатай аймағында қазақ атаулы қалмапты, оны десең ұйғыр, дүнген ұлтының біразы да бірге кетіпті...» деген үрейлі әңгімелер желдей есіп, жер мен көкке тарап жатты. Жалғыз күнде бүкіл туыстарынан айырылған Қадиша жыламай, кім жылайды? Ол еңіремей, кім еңіреді? Әттең-ай, шығарда жан басқа екен ғой!..

Іс мұнымен тынған жоқ. «Қадиша шетке қашқан халық жауының қызы», «Совет тыңшыларының Жұң гоға (Қытайға) қағып кеткен мыс шегесі», «өте қатерлі адам» дегендей көптеген жалалар жабылды. Ақ пен қараны айырмайтын бейшара әпербақандар қай кезде де табыла кетеді емес пе?! Әйтпесе екі алып елдің ұшқан шыбын өтпейтін құрсаулы шекарасын Қадиша мен Әлихан барып ашып жіберген жоқ еді ғой! Сондай әңгімелердің кесірінен қызметтерінен қуылып, «көшкен жұртта көрінгір» дейтін қатыгез қарғысқа ұшырағандай болған Әлихан мен Қадиша еңірегенде етегі толып, тоз-топалаңы шығып, қаңырап қалған қайран мекеніне қасіреттен қан жұтып оралды. Мұнда келгенде де ешкім маңдайынан сипай қойған жоқ. Айдауда жүрді, ауыр еңбекке жегілді. Қанша дегенмен ел емес пе?! Оңаша сәттерде жаны ашығандар орайын тауып, ақыл-кеңестерін айтады. Келер күндерден күдер үзбеуге жебейді.

Әлихан Әбілбекұлы Үрімжідегі Өнеркәсіп институтында ұстаздық еткен жылдары қазіргі Қытай мемлекеттік саяси-мәслихат кеңесі төрағасының орынбасары Әбілет Әбдірашит, Шыңжаң Ұйғыр автономиялы райондық Халық құрылтайы тұрақты комитетінің меңгерушісі болған, осы күндері мемлекеттік Халық құрылтайының тұрақты жорасы Әбдірейім Амұт секілді қайраткер азаматтарға сабақ беріп, сынып жетекшісі болған. Көптеген бұралаң жолдарды басып, жас кездерінде тауқымет тартқан Әлихан ағамыз бен Қадиша тәтеміз – қазіргі күнде елге сыйлы ата-аналар. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немерелерін әлпештеп отырған бақытты жандар.

Үлкен қызы Нағима – Алтай аймағының Жеменей ауданындағы орта мектептің аға оқытушысы, Ал Жасанның жұбайы Гүлия Қытай елінің Күйтүн қаласында ұзақ жыл мұғалім болды. Қазір Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ұстаздық етеді. Педагогика ғылымдарының кандидаты. «Жас-Ай» республикалық Шығыс-тибет медициналық журналының жауапты редакторы.

Әлия Әлиханқызы Үрімжі қаласындағы «Халықдохтырханасы» деп аталатын орталық емханада дәрігер.

Әсия – Толы аудандық толық орта мектептің жоғары дәрежелі ұстазы.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын тәмамдаған Ардақ қазір Германияда жемісті еңбек етуде.

Шаңырақ иесі болған Аман Әлиханұлы Күйтүн қаласынан орта мектепті қытайша үздік оқып, Қазақстанға келген соң, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің қызыл дипломментәмамдады. Білімге құштар Аман әлемге әйгілі, алдыңғы қатарлы білім ордасы болған КИМЕР-ген білімін жетілдірді. Қазір Ұлыбританиядағы ірі компанияның Қытайдағы өкілдігінде бас директор қызметін атқарады. Әрине, Әлихан Әбілбекұлы мен Қадиша Нұрахметқызы осындай алғыр да алымды ұрпақтарымен мақтануға тиіс.

«Зиялылар отбасы» атанған Әлихан ағамыз бен Қадиша тәтеміз егемен ел болған Қазақстанға біржола көшіп келді. Қырық жыл көз жазып қалған туыстарымен қауышты. Қазір Алматы қаласында тұрады.

VI

Қытай елінде «үздік жас ғалым» атанған даңсалы дәрігер Жасан Зекейұлы аспан асты елінде туылып, сол елде білім алып, сол елдегі қазақ халқының атын шығарды.

Шығыс-тибет медицинасының құпия емдеу жүйесін еркін меңгерді әрі ішкі өлкелердегі танымал мамандардан, санлақ академиктерден сабақ алып, білімін жетілдірді. Қысқасы, үкіметтік қызметкерлерге берілетін еңбек демалыстарының барлығын өскелең өнерді үйренуге арнады.

Замандастарының құрметіне бөленген жас ғалым, Күйтүн қаласындағы орта білім беретін мектепте қызмет ететін Гүлия Әлиханқызымен өмірлік жұбайлар болуға уағдаласып, 1993 жылдың жаз айында, «меруерт кала» Күйтүнде еңсесі биік отауларын тікті.

Медицина мен педагогика мамандары атанған жұлдызды жұп – өнегелі жұбайлар жас шаңырақтардың жарқын үлгілері бола білді.

Жасан мен Гүлия оңаша қалған сәттерінде тәуелсіз Қазақ елі жөнінде асыл армандарын айтысып, өздерінше болашақ жоспарларын жасайтын. «Арғы бетке» өтіп кеткен нағашылары туралы мәліметтерді анасынан көп естіп өскен Гүлия Қазақстан жөнінде әңгіме естіле қалса, Жасанның алдына түсіп заулай жөнелетінін өздері де қызықты хикая етіп айтады.

Адам ғұмырында аласармайтын биіктер болады. Жүрек түкпіріне мәңгілікке орнығып қалған сол ардақты сезім адамды арманның асқарына жетелеп, өмірдің өріне тынымсыз құлшындырады. Сондай биіктік өлшемі Жасан Зекейұлы үшін туған жер, атамекен, ардақты Отан еді. Атажұртта арайлап атқан аппақ таңның шуағынан нәр алып, қасиетті топырағына табан тигізуді, ауасымен кең тыныстап, жұпар иісті әр түп жусанын құшырлана иіскеуді, күлдір-күлдір кісінеп, құлдыраңдап шапқылаған қасқа құлыншақты көруді, көңілдің құсын көкке өрлететін ұлан-байтақ қазақ даласының таңғажайыптарын тамашалауды қаншама жыл іштей армандады десенізіші! Жәкеңнің жұдырықтай жүрегі әрқашан «жұртым», «қазағым» деп соқты.

1995 жылғы жаздың басқа жұрт үшін жылдағыдан көп

айырмашылығы бола қоймаса да, Жасан үшін мәңгі есте қалатын жаз болды. Өйткені «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болуды» аңсаған Жасанның арманы орындалды. Ол бұғанасы бекіп, қабырғасы қатайған, шаңырағы шаттыққа, босағасы бақытқа толған қазақ еліне, атамекеніне оралып, қандастарымен қауышты, туыстарымен табысты.

Кемел елдің келешегіне үлкен үміт артқан Жасан мен Гүлия жас отауларын Қазақстанға 1995 жылы көшіріп келді. Қанша дегенмен тәрбиесі бөлек, тәртібі басқа елге келу оңайға түскен жоқ. Қиналған сәттері көп болса да, барлығын жеңе білді. Сонымен ілтипатты ағайын-туыстардың, ізгі достардың арасына іргесін көмді.

Өздерінің ұлы мұраттарын жүйелі жүзеге асыру үшін Жасан отбасын бірден көшіріп келмеді. 1994 жылы алдымен өзі келіп, осы елдің медицина саласын толық зерттеді. Соның нәтижесінде ол ұзақ жылдан бері өзі үйреніп жүрген Шығыс-Тибет медицинасының бұл елге бейтаныс екендігін, инемен емдеу өнері арқылы Қазақстан медицинасындағы ақтандақ орынды толтыра алатындығына толық сенімде болды. Сонымен бірге орыс тілін үйренуге айрықша мән берді.

Ол мұндағы медицина ғылымының кәусар бұлағынан қанып ішіп, ағысымен қатар жүзу үшін С.Аспендияров атындағы ұлттық медицина университетінің шетел жастарына арналған бөлімінде бір жыл орыс тілінен білім алып, оны тереңірек меңгеруге бар ықылас-жігерін жұмсады. Себебі отандық медицинада қазақтілді оқулықтар жеткіліксіз еді. Үйренуден жалықпай, көз майын тауыса оқуының нәтижесінде білім аламаньындағы бәсекелі бәйгеде қатарластарынан оза шауып, «үздік бағаны» қанжығасына байлады. Оның білімді де білікті, қабілетті, ізденімпаз, іскер азамат екендігін медицинаның саңлақ ғалымдары да мойындады. 1997 жылы осы университеттің емдеу-хирургия факультетіне аспирантураға түсіп, тағы бір мамандықтың биік белесіне көтерілді.

Жасан дәрігердің тіршілік жолы сырттай қараған адамға бірыңғай өрлеу, кедергісіз алға жылжыған сияқты көрінетіні бар. Алайда олай бола қойған жоқ. Елім деп еңіреп келгенімен, бүтінін бөліп, жартысын жарып беретін ешкім болмады. Бұл мезгіл шынында алып державаның құрығынан әреңге құтылған тәуелсіз еліміздің енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан кезі болатын.

Жекешелендірудің жетегінде кеткендермен бір үзім нанды бөлісіп жеудің өзі қиын. Қызығы мен шыжығы мол өмір Жасан үшін дәл осы тұста басталғандай еді.

Ол Қалқаман ықшамауданындағы №1 қалалық ауруханаға қарасты жатақхананың аядай бөлмесін паналады. Білімге біржола бет бұрған қажырлы ізденімпаз көбінде қара нан жеп, қара шай ішкенін қанағат ететін. Кейде молдау етіп тамақ жасап, суық жерге қоятын да, бірнеше күн талғажау қылатын. С.Аспендияроватындағы ұлттық медицина университеті мен жаңағы жатақхананың ара қашықтығы – 12 – 13 шақырым. Ол кезде қалада бүгінгідей ағылып жатқан көп көлік жоқ. Жолаушылар кездескен автобусқа ілігуге асығады. Момышұлы көшесі мен Маречек көшесінің қиылысында «трамвай паркі» бар. Сол жерден қала орталығына қарай таңертеңгі сағат 6:00-ден кешкі сағат 20:00-ге дейін төртінші және алтыншы нөмірлі трамвай қатынайды. Жасан тұрған жатақханадан осы тұсқа дейін 4 шақырым мөлшерінде. Екі аралықта жүгері алқабы бар. Оны жарып өтіп, кедір-бұдыр жолдармен трамвайға жаяу жетудің өзі – қиынның қияметі. Мұндайда аяқ киімдер де шыдас бермейді екен. Табанынан қарыс айырылған аяқ киімдерді жамап-жасқап, өкшесі тесілгенше киеді. Бүгінгідей бірді киіп, бірді лақтыра беру ол кезде қайдан мүмкін болсын?! Өткен күндердің сол естелігі Жасан ашқан Қаскелездегі орталықта әлі күнге тұр.

Таңертеңгісін трамвайға өліп-талып жеткен көрініс кешкісін бұдан неше есе қиыншылықпен қайталанады. Өйткені білім мен ғылымның тұңғығына терең бойлаған Жасан көбінде кітапханада отырып, уақыттың қалай зымырап өте шыққанын сезбей қалатын. Ондайда трамвай тоқтап қалады. Жасан амалсыздан қыста тізеден қар, жазда қапырық ыстық, күз бен көктемде толарсақтан саз кешіп, 8 шақырымдық жерді жаяу жүріп, құрқылтайдың ұясындай бөлмесіне әйтеуір жететін. Жәкең бір сөзінде Алматының құрамында адам ағзасына зиянды заттары көп жаңбырынан ұстара өтпейтін қою қара шашым көп түсті деп еді. Дәрігердің аты дәрігер емес пе?! Оны да Тибет емімен кейін өзі емдеп алды.

Жасан осының бәріне шыдап, бәрін де жеңді. Сол қажыр-қайратының арқасында үлкен нәтиже, кесек табыстарға жетті.

Академик, профессор Аман Нұрмақовтың жетекшілігімен «Тибет медицинасы бойынша қабыну үрдістерінің алдын алу,

емдеу және хирургиялық аурулар» атты ғылыми еңбегін жазып, 2002 жылдың 13 қыркүйегінде ҚР медицина ғылымының кандидаты атағын алды. 1998 жыл мен 2004 жылдар аралығында Алматы қалалық орталық клиникалық ауруханасында (ҚОКА) Шығыс-Тибет медицинасының аға дәрігері болып жемісті еңбек етті. Бұл орталық Жасан дәрігердің тәжірибесінің кемелденуіне, біліктілігінің артуына үлкен ықпал етті. Әсіресе бас дәрігер, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, медицина ғылымының докторы, профессор, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Есентай Тәжиев және бас дәрігердің емхана бойынша орынбасары Аппаз Әбдіқадырұлы секілді азаматтар көп қолдау көрсетіп, көмектесті.

2004 – 2007 жылдар аралығында Жасан бұрынғы ұстазы, ҚХР академигі Суньнің жетекшілігімен Шығыс-Тибет медицинасы бойынша докторлық диссертациясын қорғады.

2004 жылдан бастап, Жасан Зекейұлы өзі ашқан «Шығыс-Тибет медицина орталығында» еліміздің шартарабынан келген әртүрлі науқас жандарға тыным таппай қызмет көрсете бастады. Міне, осындай жұмыс басты болған кездерінің өзінде ғылыми білімін өсіруге үздіксіз мән беріп отырды. Осындай үздіксіз ізденуінің нәтижесінде 1998 жылы желтоқсан айында Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі атағын алды. Ал 2007 жылы маусым айында халық медицинасы және космоэнергетика академиясы Жасан Зекейұлына академик атағын берді. Халықаралық инемен емдеу академиясына мүше болды.

Сондай-ақ 2006 – 2009 жылдар аралығында Қазақстан халық емшілері қауымдастығы Жасан Зекейұлын «Халық емшілігін дамытуға қосқан үздік үлесі үшін», «Халық медицинасы мен рухани тәрбие қызметіне қосқан жеке үлесі үшін», «Халықтың денсаулығын жақсартудағы емшілік қызметіндегі үздік жетістіктері мен нәтижелері үшін», «Шығыс-Тибет медицинасының білгір ғалым дәрігері екендігін дәлелдегені үшін», т.б. құрмет грамоталарымен жыл сайын марапаттап отырды. 2007 жылы Халық медицинасы және ғарыштық қуат академиясы Жасан Зекейұлын «Халық медицинасы мен емшілік қызметінің ғылыми жағынан дамуына қосқан жеке үлесі үшін» дипломымен марапаттады. 2009 жылы Тараз қаласында өткен қазақтың ғалым-емшісі Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы атындағы VI Халықаралық конгресте Жасан Зекейұлы «Үздік зерттеуші-ғалым, емші» деген атақ алды.

Елімізге кеңінен танымал болған «Жас-Ай» орталығында қоғам және мемлекет қайраткерлері, Қазақстанға және әлемге танымал тұлғалар да емделіп, өздерінің ыстық ықыластарын білдіріп келеді. Айтар болсақ:

Ғарифолла Есім, Уәлихан Қалижан, Әділ Ахметов, Мақсұт Нәрікбаев, Қуаныш Сұлтан, Мұхтар Алтынбаев, Мұхтар Шаханов, Тұманбай Молдағалиев, Бекболат Тілеухан, Нұрлан Оразалин, Ермек Серкебаев, Роза Рымбаева, Макпал Жүнісова, Нартай Дүтбаев, Марфуға Айтқожина, Ұлықбек Есдәулетов, Шаһмардан, т.б тұлғалардың Жасан Зекейұлына деген ақ жарма алғыстары айтулы шипагерімізді тіпті де қанаттандыра түсті. Солардың бір парасы төмендегідей:

ҚР Ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынов:

«Сіз классикалық хәм Шығыс-Тибет медицинасының кырсырын терең зерттеп, толық игерген ғалым дәрігерсіз. Сондықтан өз Отаныңызға оралып, Шығыс-Тибет медицина орталығын ұйымдастырғаныңызды туған еліңізге арнаған үлкен қызмет деп санаймын...»

А.Н. Сызғанов атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор, академик Тоқан Сұлтанәлиев:

«Шығыс-Тибет медицинасының тәсілдері, соның ішінде ине терапиясы қазіргі медицинада кеңінен қолданысқа еніп отыр. Дегенмен бұл емнің еліміздегі ғылыми зарттелу деңгейі әлі де жеткіліксіз. Сіз сол емді Қазақстанда толыққанды жүзеге асырып, инемен емдеудің жанаша түрін қолданысқа енгіздіңіз...»

Қазақстан халық емшілері қауымдастығының президенті, Ресей халықаралық медицина мен ғарыштық қуат академиясының академигі Зиядан Қожалымов:

«Дәрігер – ажалмен арпалысқан адам өмірінің арашашысы. Осы қағиданы берік ұстанған медицина ғылымдарының докторы, академик, профессор Жасан Зекейұлы басқарған Шығыс-Тибет медициналық орталығының ұжымымен көптен таныспын. Ашылғанына санаулы ғана уақыт болғанына қарамастан бұл медициналық мекеме ел алғысына бөленіп үлгерді...»

Қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза:

«Сіз – шекара асып, Қытай елінің медициналық құпияларын өз Отанына алып келген, бүгінде халқының игілігіне қызмет жасап, денсаулық қорғаушысы атанған ақ халатты абзал жандардың бірісіз. Көмекке зәру жандарды шипагерлік орталығында сауықтырып, талайларды ажал аузынан аман алып қалдыңыз. Дәрігерлік, дәругерлік жолдағы жасаған әрбір қадамың сәтті болып, арман-мұратыңа жету жолында Алла Тағала өзіңе қуат берсін!.. Лұқпан Хакімнің ұрпағы, ізбасары, халық құрметтейтін Жасан мырзаға Алладан ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілеймін!»

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы Болат Садықов:

«...Қазір сізашқан «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығы көпшіліктің ықыласына бөленіп отыр. Көптеген азаматтарымыз осы орталықтан дертіне шипа тауып, ауруынан айығып шығуда. Орталық қысқа мерзімде жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленіп үлгерді...»

Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев:

«Мен әскери салада еңбек етіп, зұлмат соғыс күндерін бастан өткергендіктен, денсаулықтың қадірін жете түсінген адаммын. Денсаулық – адамның ең басты байлығы екенін ескере отырып, осы салада халыққа қажетті ақпарат бере алатын «Жас-Ай» секілді журналдың болуы заңды. Бұл басылымның берер емі көп болсын! Осыған мұрындық болып отырған Жасан Зекейұлын «Денсаулық қорғайтын доктор, маршал» десем, қателеспеймін...»

Алматы қалалық орталық клиникалық ауруханасының директоры, ҚР еңбек сіңірген қызметкері, м.ғ.д, профессор, Алматы қалалық мәслихат депутаты Есентай Тәжиев:

«Дүниедегі ең қымбат құндылық – адам және оның өмірі деген қағиданы қатаң ұстанып, оны нақтылы дәлелдей білген, өзіңіз басқарып отырған «Жас- ай» Шығыс-Тибеттік медицина орталығы 5 жылдан бері жемісті еңбек етіп келеді...»

Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары, ақын Ғалым Жайлыбай:

«Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретариаты шаңырағын өзіңіз көтеріп, ірге тасын қалаған «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығының ашылуының 5 жылдығымен және осы орталықтың қасынан ашылған «Жас-Ай» шипагерлік журналының тұсаукесерімен шын жүректен құттықтайды!..»

Қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
Тұманбай Молдағалиев:

*«Өмір кеш жарқырап бір жарқын жүріп,
Қарсы алсын әрдайым да халқың күліп.
Жүре бер аман-есен алға қарай,
Алтын ине салатын алтын жігіт...»*

Міне, Жасан дәрігерге айтылған пәк ниет, ақ тілеулер осылай жалғасып кете береді... Елімізге танымал әр сала қайраткерлерінің жүрекжарды лебіздерінің бір бөлегін осылай түйіндейік.

VII

Даңқты дәрігер Жасан Зекейұлы қандай науқастарды емдеді? Кімдерді сырқатынан айықтырды? Қандай қаржылық, қайырымдылық көмек көрсетті? Бұл сұрақтардың жауабын сыдыртпа баяндаудан гөрі нақтылы деректер мен дәйектер келтірейік.

Емдеу жұмысын енді ғана бастаған Жасанның Қалқаманнан кейде көше көлігімен, кейде жаяулап Алматыға келіп жүрген кезі екен. Бір күні 60 жас мөлшеріндегі ана әдейі іздеп келеді. Қала маңындағы бір ауылда тұратын бұл кісі ауласындағы картопты қазып жүргенде оң жақ қолына ағаш кіріп, дер кезінде ем-шаралар жасалмағандықтан оң жақ қолы тұтастай ісініп, жарақат асқынып кетеді. Бірнеше емханаларға барады. Қадағалап тексеріп, медициналық аспаптарға салу барысында жарақаттың өте ауыр жағдайда екендігі анықталады. Тіпті қолды кесіп тастамаса одан да үлкен зардап туылуы мүмкін екендігі ескертіледі. Осындай қысылтаяң кезде ол кісінің ұлы Көлік және коммуникация министрлігінде жүргізуші болып істейтін Болат деген азаматтан Жасан дәрігердің атын естіп, анасын алып келеді.

Жан-жақты мұқият тексерген шипагер бір апта ине салып, ине түбін шөп дәрілермен емдеп, тұтасып кеткен ісікті қайтарады. Жарақатты 15 күнде толық жазады. Жанына батқан науқасынан айыққан Нұрбәтiш апа Семейге қоныс аударып кетсе де, Жасан баласын аналық мейіріммен барлық мереке-мейрамдарда құттықтап тұрады.

21 жастағы Нұрлыгүл Жаңабаева туа біткен қоянжырық кеселі салдарынан бет-әлпетіндегі кемістікке намыстанып, қаншама жыл қорланып келген еді. Жас бойжеткеннің әңгімесін «Алматы» телеарнасының эфирінен естіген Жасан Зекейұлы оған 100000 (жүз мың) теңге қаражат беріп, бет-әлпетіне пластикалық операция жасатуына қайырымдылық көмек көрсетті.

Мойын бұлшық етінің қабынуы диагнозы қойылған 54 жастағы Шәрипа Барментаеваның «Жас-Ай» медицина орталығынан ем алып, дақсыз жазылғаны – өз алдына бір үлкен әңгіме.

Терісінің 90 пайызы псориазға шалдыққан 58 жастағы Әбусағит Молдахметов ұзақ жылдар бойы осы аурудан азап шегеді. Емдеу мекемелерінің табалдырығын тоздырған ол арысы – Германия, берісі Беларусь еліне дейін барады. Ондағылар жазылуы қиын ауру деген диагнозбен шектеледі. Шығыс-тибет медицина орталығын «Қазақ радиосынан» естіген ол осы орталыққа соңғы үмітін арқалап келеді. Небары 20 күндей ем қабылдаған Әбусағит көптен бері сіңісті болып қалған аурудан толық жазылады. Ол өзінің алғыс хатында «Алдымен Алланың ризашылығы, содан кейін осы медициналық мекеменің басшысы Жасан Зекейұлының алтын қолды емінің арқасында, екі курстық емнен кейін құлан-таза жазылдым» деген ыстық ықыласын жаудыртты.

Атагелдиевтер отбасының тоғыз жыл бойы құрсақ көтере алмаған келіні Ботакөздің «Жас-Ай» медицина орталығының тегін көрсеткен шипалы емі арқылы бір ұл, бір қыздың анасы атанғанын және бес жылдан бері бала көтере алмаған, балалы болуға жатырының бір-ақ пайыз мүмкіндігі қалған Әлия Пшаинованың ұлды болған қуанышы талай жұрттың таңдайын қақтырды. Екі жыл перзент көре алмай, бедеулік диагнозы қойылған Гауһар Кәрімова атты келіншек те «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына келеді. Емдеу мекемесіндегі дәрігерлер Гауһар Кәрімованың бедеулігінің себебі ішек қабысуы (спайка) екендігін анықтайды. Көп өтпей Жасан Зекейұлының шипалы емінің арқасында Гауһар жүкті болады.

Талдықорған қаласының тұрғыны Гүлжан Әлпейісова да артериялық гипертонияның 2 дәрежесі, оның үстіне, қауіпті үшінші топ невроз ауруымен ауыратын. Жасан Зекейұлы бұл науқасқа қосымша мойын омыртқалар остеохондрозы мен глаукоманың басталуы

деген диагноз қояды. Қырық тоғыз жасқа келген Гүлжанның тұрмыс жағдайының өте төмен екендігін білген орталық басшысы тегін көмек көрсетуге шешім қабылдайды. Көп өтпей Гүлжан барлық сырқатынан айығып, сау адамдар қатарына қосылады.

Омыртқааралық диск жарығы, бел-құйымшақ, омыртқалар остеохондрозы деген дәрігерлік анықтамамен осы орталыққа Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің проректоры Мақтағали Бектемесов те туыстарының сүйемелдеуімен әрең келеді. Тибет медицинасы негізіндегі алтын инемен емдеу тәсілін 10 күн үзбей алған Мақтағали алғашқы бес күннен соң, емнің әсерін айқын сезіне бастайды. Түнімен ұйықтатпай зар қақсататын ауруынан ақырындап айыққан Мақтағали бұл күндері Жасан Зекейұлының алтын инесін жыр қылып айтады.

Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылының тұрғыны Бәтімхан Жантасова қан қысымының шұғыл көтерілуінен оң жақ қолы мен аяғы жансызданып («ЦВЗ Состояние после перенес. ОНМК. Артериальная гипертония III р.IV» деген дәрігерлік сараптамамен), «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығына келді. Он күн алтын инемен емделген соң аяқ-қолы қимылға келіп, біртіндеп жақсара бастайды.

Ал Алматы қаласының тұрғыны Рәзиға Елтаева өз ризашылығын былай деп жеткізіпті: «...Басым айналып, көзім қарауытып, бір нәрсеге сүйенбесем тұра алмайтын жағдайға жеттім. Басымды бір нәрсе қысқандай болып, локси беремін. Балаларым көптеген емдеу орталықтарына апарды. Қорытынды нәтиже – 6,7*5*4,8 көлеміндегі ми ісігі. Жасан дәрігер Рентген қағазын қырағылықпен мұқият тексеріп шықты да, жара бар деген жердің күңгірт емес, анық көрініп тұрғанын айтады. «Менің ойымша, сіздің науқасыңыз бәріңізге қорқыныш болған ми рагына мүлде ұқсамайды. Қан тамыр жарылып, содан қан түйіні (гематома) пайда болған. Бірақ сіз Республикалық онкологиялық институттағы МРТ-ға (магнитті резонансты томографиялық аппарат) түсіп, қайталай анықтатқаныңыз жөн болар еді», – деді Жасан Зекейұлы. МРТ қорытындысы Жасан дәрігердің айтқанымен бірдей шықты. Сенер-сенбесімізді білмей шат-шадыман болдық. Сонымен «Жас-Ай» медициналық орталығынан жиырма күндей ем алғаннан кейін қан айналысым, барлық жағдайым жақсарып, жүрек соғуым

қалпына келді. Үш айдан кейін толық жазылдым. Мен осылай өмірге екінші рет келдім. Алланың маған жіберген періштесіндей болған Жасан Зекейұлына айтар алғысым шексіз...»

Міне, дарынды дәрігер, шынайы шипагер Жасан Зекейұлы мен ол басқарған «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығына айтылған ақ алғыстар осылай жалғаса береді.

VIII

Жалпы, Жасан Зекейұлының тікелей ықпалымен қазақ елінде қанат жайған ине терапиясының құпиясы неде? Бұл ем неліктен тез арада қалың жұртшылықтың сұранысына ие болды? Оның Шығыс-Тибет медицинасы аталуы неліктен? Бұл сұрақтардың тамыры тереңде жатқандықтан, жауабын тарихтан таратуға тура келеді.

Шығыс-Тибет медицинасының Отаны саналатын Қытайда біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда-ақ жүйелі медициналық еңбектер жарық көре бастаған. 18 томдық «Хуанды Нецузин», 12 томдық «Он Цзин» еңбектері – соның дәлелі. Сондай-ақ 1026 жылы жарық көрген «Қола адам нүктелерінің атласы» дейтін кітаптың орны айрықша. Аталмыш кітапта емдеуге бағытталған ине қою нүктелері егжей-тегжейлі сипатталады. Сол дәуірдің әйгілі ғалымы Ван Бен-н адамның қоладан жасалған мүсініне 600 емдеу нүктесін 12 сызыққа (меридианға) орналастырып, хатқа түсірген. Оның ойынша, әр сызық адам денесінің перифериялық бөлігін ішкі ағзалармен байланыстырады.

Сол ықылым замандардан бері ине емі өзінің ерекше дәрулік қасиетімен адамзаттың аман-саулығына қызмет жасап, бүгінгі күнге жетіп отыр. Тіпті бертіңгі 200-300 жыл көлемінде ине терапиясы ерекше дамуға қол жеткізді. Дей тұрғанмен, инемен емдеуді тек қана Қытай немесе Тибет халықтарына меншіктеп қоюға болмайды. Бұл – адамзаттың ортақ қазынасы. Оған ата-бабаларымыз да орасан зор үлес қосты. Қазақтың қарапайым халық емшілігінде Шығыс-Тибет медицинасымен ұқсастықтар өте көп. Мәселен, жоғары қан қысымы барлардың басынан қан алдыруы, мертіккен адамдардың паршаланып кеткен сүйектерін оташылық шеберлікпен қиюластырып, мүлтіксіз емдеп жазуы,

өкпе ауруына шалдыққандарды қымыз, шұбатпен қуаттандыру, қатты тұмауратқандарды сүт қосылған суық сумен ұшықтап емдеуі, т.б. ерекше емдеу түрлері ғылыми негіздермен астасып жатыр. Атақты Ибн-Синаның өзі емдеуде нүктелік массажды көп пайдаланған екен.

Бір өкініштісі, бұл күнде халқымыздың сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәстүрлі емшілігінен көз жазып бара жатырмыз. Тарихқа қарап отырсаңыз, жаңалықтардың көбі Азиядан шығады да, Еуропада қанат жаяды. Өйткені олар пайдалы дүниелерді өздеріне меншіктеп, халқының игілігіне жаратады. Біз қазіргі кезде ауру-сырқаудың бәріне батыстық емдеу жүйесі бойынша химиялық дәрі-дәрмектерді қолданып, табиғи емдерден алыстап барамыз.

Бұл – айтқандарымыздың көбі Жасан Зекейұлының әр жерде айтқан ой-толғамдарынан түйгеніміз. Ол осындай келелі кеңестерін халыққа насихаттаудан еш жалыққан емес. Өйткені Жәкең халқының дені сау болуына қызмет студі өзінің азаматтық парызы санайды. Сондықтан да жан санын бір жарым миллиардқа жеткізіп отырған Қытай елінде ғылыми тұрғыдан қалыптасқан ине емін өз еліне әкеліп отыр. Ұшан-теңіз тарихи кітаптарды ақтарып, жеті атасынан бері ине терапиясымен шұғылданып келе жатқан Сунь профессорды ұстаз тұтып, сол арқылы адам денесіндегі 700 нүктенің қыр-сырын білген Жасан Зекейұлы, біле білсек, қазақ медицина тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырып отыр. Бұған өз денсаулығының кепілін «Жас-Ай» орталығынан тапқан қалың жұртшылық куә. Біздің ойымыз – Жасан Зекейұлы қолға алып отырған «Шығыс-тибет медицинасының» бағзы замандардың жауһары екендігін, оның кім көрінгеннің қолынан келе бермейтін ерекше емшілік дәстүр екендігін оқырманға жеткізу.

IX

Бізге бейтаныс болып келген ине терапиясын Қазақ еліне алып келген Жасан бауырымызға бұл күнде жалпы қауым дән риза. Күніне 30-дан аса науқастың қабылдауда болып, 100-ден аса сырқат жандардың ем алуы – осы сөзіміздің дәлелі.

Жасанның біз білетін ең үлкен қасиеті – емшілікті саудаға айналдырмай, ақша табудың амалы етпей, тек қана имандылық,

тазалық жолымен жүретіндігі. «Жақсының жүрген жері рулы елдей» деп бабаларымыз айтқандай, Жасан қашан көрсең дүрілдетіп, жайдары мінезімен алдына келген науқастарға нұрлы үміт сыйлайды. Оның адам жанын терең түсінетін зерттермен екендігін осыдан-ақ білуге болады.

Бұл күндері Жасан Зекейұлы мен жұбайы Гүлия Әлиханқызы Ұлпан, Ақмарал, Баян, Нұрсұлтан сынды алтын асықтай ұл мен күміс қасықтай қыздардың ата-анасы болып, бақытты отбасын ұстап отыр.

Әманда туған халқының алғысын алып, мейіріне бөленгенге не жетсін!

Біз Жасанды ықылас пен шапағат биігінен көрдік. Әрқашан мерейің үстем болып, жұлдызың биікте жарқырасын, Жасан!!!

Өмірдің төрінен, өнердің өрінен көріне бер!

Мәртебең мәңгі биік болсын, Жасан дос!!!

Қайрат ҚҰЛ-МҰХАММЕД

Ғарифолла ЕСІМ,

философия ғылымдарының докторы, профессор,

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты

ЕМ АЛУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН...

Ем – үзілмейтін үдеріс. Ем алудың да өзіндік мәдениеті бар. Өйткені кейбір науқастар жүйесіз ем қабылдаудың кесірінен ауруын асқындырып алып жатады. Осы тұрғыдан алғанда Жасан Зекейұлы – емдеу мен ем қабылдаудың мәдениетін қалыптастыруға үлкен үлес қосып келе жатқан шипагер. Айталық, алдына келген әрбір науқасқа емнің қалай жүрілетінін, қалай әсер ететінін тәптіштеп түсіндіріп отырғанының талай куәсі болдым. Өзіміз де сол тәртіппен емделдік. Басшының байыпты тәжірибесінің

жемісі болса керек, бүгінде «Жас-Ай» орталығындағы ақ халатты абзал жандар мен солардан демеу күтіп келген науқастар да ем алу мәдениетін қалыптастыруда. Ежелден қалыптасқан қағида бойынша емшінің есімі, атақ-даңқы алдына келген науқастың сауығуы арқылы елге жария болмақ. Осы сөзімнің жарқын дәлелі Жасан Зекейұлының емшілік қызметі десек, артық айтқандық емес. Олай дейтініміз, Қазақстанның түкпір-түкпірінен естілген алғыс-мадақтарды айтпағанда, Жасан бүгінде дүниежүзілік деңгейге көтерілген өз ісінің маманы атанып отыр. Соның бір айқын дәлелі, жуырда Вена қаласының Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағы Жасанға тапсырылды. Бұл атақ жайдан-жай келе қалған жоқ. Таныс-білістіктің де бұған әсері болмады. Өйткені Вена университетінің қауымдастығы өздерінде қалыптасқан дәстүр бойынша, елімізде шығатын мерзімді баспасөздерді саралап, емделушілердің пікірін ескеріп, жалпы, халық арасында сауалнама жүргізу нәтижесінде Жасан Зекейұлын осы марапатқа лайық деп тауыпты. Менің білуімше, Қазақ елінен тұңғыш рет Вена университетінің Құрметті профессоры атанған жалғыз дәрігер – Жасан.

Ер азаматтың табысқа жетуіне табанды мінезі мен таңдаған жолы ерекше әсер етеді екен. Мысалы, Жасан – өзінің еліне оралғаннан кейін әркімнің алдына барып қолын жайып жүрмей, я болмаса кейбір ағайындар секілді ананы айтып, мынаны айтып бір тобырға қосылмай, не болмаса жасықтық мінез танытып түңіліп, «қиын болды, бекер келген екенмін, Қытайға қайтсам ба екен» деген уайымға ешқандай ерік бермеген адам. Себебі оның бойында еліне, атамекеніне, халқына деген азаматтық сезімі, ыстық ықыласы, махаббаты ұшан-теңіз. Бұл текті атаның баласына ана сүтінен қанына сіңген ерекше қасиет болса керек. Менің және бір байқағаным, Жасан – қазақ тілінің тағдыры, болашағы туралы ойланып, ана тілінің абыройын асқақтатуға өз үлесін қосуды азаматтық борышы санаған жан. Ол – Қазақ елінен «алайын деп емес, берейін» деп келген азамат. Бұл – өте текті адамдардан шығатын ерекше қуат арнасы. «Еңбектің өнбегі бар» дейді атам қазақ. Сол қажырлы еңбегінің арқасында бұл күнде Жасан халықтың ұлына айналып отыр.

Ел үмітін ер ақтап жатса, ер атағын ел сақтайтыны ақиқат. Дегенмен Жасан Зекейұлының қолға алған абыройлы жұмысына

Үкімет тарапынан қолдаулар болыңқырамай жатыр. Бірақ боламын деген жігіттің бетін қақпай, белін буатын ел емеспіз бе? Ертең-ақ Жасанның қалың халықты риза етерліктей үлкен орталық ашуына билік өз көмегін аямас. Өйткені алып Алматының аядай бір бұрышында ғана орын тепкен «Жас-Ай» орталығы санаулы жұртты ғана қабылдауға мүмкіндігі бар. Ал алыстан ат арытып келіп, бірнеше күн кезекте тұрып қалған жұрт қаншама?! Оны сол орталықта емделіп жүрген ел ағалары жақсы біледі. Енді сол азаматтар қол ұштарын созатын уақыт жетті. Бұл көмек Жасанның жеке басына соншалықты керек деп ойламаймын. Бірақ қалың жұртшылықтың көптен көкейінде жүрген мәселе екендігі ақиқат. Басы ауырып, балтыры сыздаған науқас қолайлы ортада қонымды ем қабылдағысы келеді. Оған шағын орталықтың мүмкіндігі аз. Сондықтан «Жас-Айға» қандай да бір көмек болып жатса, ол Жасанға емес, осы елдің сырқат адамдарына жасалынатын көмек деп қабылдауымыз қажет. Оның сауабы қаншалықты болатынын көзіқарақты жұрттың көңілі сезер.

Жасан – өзі де қолынан келгенінше халқынан жақсылығын аямайтын жомарт жан. Шын мәнінде, ер азамат отбасы, ошақ қасы болмай, үлкен жетістікке жетіп, еліне игілікті іс жасауы екіталай. Осы тұрғыдан келгенде Жасан – шекара аттап, өзін медет тұтып келген туыс-туғанына, ағайын жақындарына, ең бастысы, ел-жұртына қамқорлығын аямаған асыл текті, арда туған азамат. Мұны «тек өзім ғана болсам болды» дейтін пендешілік идеядан биік шынайы мәрттік деп түсіну керек. Оған қоса қазір меценаттық жұмыстармен айналысып жатыр. «Өмірді қорғау» қайырымдылық қорын құрып, соның аясында көптеген жұмыстар жасады. Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Ақбастау ауылының тұрғыны, мүмкіндігі шектеулі ақын қыз Эльмира Омарбекованың кітабының шығуына ұйытқы болып, Алматыдағы Ғалымдар үйінде «Қара жолға да қарыздар болмаған қыз» атты шығармашылық кешін өткізді. Қазір Эльмираның екінші кітабының шығуына да жәрдемдесіп жатыр. Тәуелсіздік алғалы бері Отанымызға оралған қандастарымыз жайлы, олардың елге оралғаннан кейінгі күнкөрісі мен тіршілігі жайлы нақты деректерге құрылған шынайы шығармаларды іріктеу мақсатында былтыр күзде «Нұрлы көш» деген айдармен қаламгерлер арасында байқау да жариялады. Сол байқауда жүлде алған шығармаларды Жазушылар одағының

75 жылдығына тұспа-тұс Әдебиетшілер үйінде «Жыр жүректің жылуы» дейтін кеш өткізіп, белсенді авторларды марапаттады. Оның жан жомарттығының тағы бір белгісі – емделуге ақшасы жоқ, әлеуметтік қиыншылығы бар адамдарға тегін көмек жасағандығы. Жалпы, Жасанның қаражат жағынан асып кеткен еш жері жоқ. Жұмысын жаңа бастап жатыр. Соған қарамастан ол былтыр бір жылдың өзінде бес мың адамға тегін ем көрсетіп, ел-жұрттың шексіз алғысына ие болды.

Жасан Зекейұлының ершімді еңбектерінің тағы бір көрінісі – былтыр жарық көрген «Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медициналық журналы. Ол туралы Жасан республикалық «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Мына көрші Қытайда қазақ тілінде медициналық сауат беретін мерзімді баспасөздер шаш-етектен. Ал біздің Қазақ елінде қазақтілді медициналық басылымдар жоқтың қасы. Жалпы, экология бұзылып, ел денсаулығы нашарлаған қазіргі заманда халықтың медициналық сауатын арттыру жағы басты назарда болғаны жөн. Өйткені мемлекеттің гүлденіп-көркеюі, ең алдымен, сол ел азаматтарының денсаулығымен өлшенеді. «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» деп көшеге сан жерден жазып қойғанымызбен, ұлтымызға қайткенде дені сау ұрпақ тәрбиелеуді, қайткенде денсаулығын жақсартуға болатынын үйретпесек, қалай болашағымыз нұрлы болмақ? Осы мақсат үдесінен шығу үшін биылғы экономикалық қыспаққа қарамастан журнал шығаруды қолға алдым. Құдайға шүкір, журнал оқырмандары хат жазып, хабарласып, сұрақтарын қойып, бізбен тығыз байланыс орнатты. Мұның өзі халықтың салауатты өмір салтына бір қадам жақындағанының куәсі», – деп ағынан жарылыпты. Иә, еліне қажетті дүниені уақытында жасаудан артық ер азаматта қандай бақыт болсын?!

Осындай оңды жұмыстар Жасанды қоғам қайраткеріне айналдырды. Ол елдің, жердің тағдырына қатысты мәселелерде шетте тұрып алып, тасада сөз айтпай, қалың жұртшылықтың алдында ашық пікір білдіріп, азаматтығын танытты. «Атың шықпаса жер өрте» деп кейбір азаматтардың шулатып жататыны бар. Бірақ Жасан ондай жолға түскен жоқ. Жақсы істерді жария етіп, нұрлы болашаққа сенім білдірді. Ол аталы сөзді тыңдап, абыройлы іс жасайтынын дәлелдеді. Яғни мына қоғамға не керектігін дұрыс бағамдап, ақылды, зерек адамның үлгісін көрсетті.

Мен Жасанмен танысып, аға-бауыр болғаннан бері оның бойындағы көп дәрігерлер ойлана бермейтін қасиетті аңғардым. Жасан өз жұмысын шама-шарқынша көрсете біледі. Нарық заманының басты талабы да сол – жасаған жұмысыңды халыққа жеткізу. Олай істемесең іргелі іс жасадым дегеніңмен, ол тауарға айналмайды. Нарықтың екі заңы бар: кәсіби біліктілік және іскерлік. Мысалы, Жасанның бойындағы кәсіби біліктілікке ешкім күмән келтірмесе керек. Ол – өз ісінің маманы. Қытайдан алған атақ-марапаттарын енді, міне, Вена университеті де құптап отыр. Бұл да кәсібиліктің дәлелденуі. Ал іскерлікке келсек, «Жігітке жеті өнер де аз» дейтін қағиданы ұстанған Жасан ол жағынан да кенде емес. Сондықтан да осындай орталық ашып, журнал шығарып, қызметкерлерді басқарып, алдына келген ел азаматтарын қадірлеп, өзінің жан жомарттығын көрсетіп отыр. Жалпы, жаны жомарт адамның жолы үнемі ашық болады. Қазақ айтады: «Жапалақ басып жейді, сұңқар шашып жейді» деп. Жасан – сұңқар секілді шашып жейтін азамат.

Жасанның айрандай ұйыған тамаша отбасы бар. Төрт баланың анасы болып отырған Гүлия келініміз – ғылым кандидаты. Шеттерінен ақылды болып өсіп келе жатқан Ұлпан, Ақмарал, Баян, Нұрсұлтанлардың болашағынан өз басым үлкен үміт күтемін. Кіші ұлға халықтың қалаулысы, асыл қасиетті Елбасының есімі тегін қойылмаса керек. Жүрекжарды ақ тілек деген осы...

Жасанның алдында әлі талай асулар бар. Сол жолда ол талай жақсы азаматтармен, әртүрлі пиғылдағы адамдармен жолығады. Жалпы, менің ұғымымда, дүниеде жаман адам болмайды. Надан адам болады. Алла Тағала жер бетіне жаман адам жібермейді. Ясауи айтады: «Надандық – емі жоқ дерт» деп. Меніңше, надандықтан да айығуға болады. Өйткені Хакім Абай: «Наданды менсінбеуші ем, бірақ сол надандықтан өзіміз адамыз ба?» деген ойды бекер айтпаған. Пенде болған соң әрқайсымыздың бойымыздан кемшілік көрініп қалуы мүмкін. Менің айтпақшы болғаным – Жасан ендігі өмір жолында да жақсылардан үйренуін тоқтатпай, өмірдің кездесетін қиын-қыстауына ықпай, жаңа биікке көтеріле берсе, нұр үстіне нұр.

Қазақтың ұғымында «бірінші байлық – денсаулық». Демек, Алла Тағала адамдарды қара жерге керемет бай қылып жіберді. Сондықтан сол бар дүниеміздің бағасын білейік. Ал қиюы көп өмірден жандарына дерт түсіріп алғандар болса, Жасаннан ем

тапсын! Жасан сияқты жандар көбейе берсін! Жасан бауырыма ұзақ ғұмыр, қызметіне табыс, ақ ниетпен істеп жатқан жұмысы өзінің алдынан жарқырап шығар күн сияқты шуақты болсын деп тілеймін.

Уәлихан ҚАЛИЖАН,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері,
Республика Парламенті Мәжілісінің депутаты

ЖАРАЙСЫҢ, ЖАСАН!

Атақты Кенен ақынның 125 жылдық торқалы тойы. Нәпір халық. Көптен көрмеген ағайындармен қауышып, адамның жаны жасарады екен. Сұлу мұртына құндыз бөркі жарасып кәдімгі Шерхан Мұртаза отыр. Қазақтың ноктаға басы сыя бермейтін ұлдарының бірегей тұрпатты азаматын, әрине, Шераға деп қадірлейсің, сәлем бересің.

– Ассалаумағалейкум, Шераға, Таразға кеткен ірі аға!

– Өй, Уәкембісің бе-ей, келдің бе?

Төс қағыстыра амандастық.

– Иә, Тараздамын, елдемін, өзің көрген жердемін. Таразда бәрі, бәрі бар, бірақ бір Уәлихан жетіспей тұр.

Ағалы-інілі екеуміз осылай көптен көрмей кездесіп едік. Содан қасымдағы Жасан Зекейұлының сәлемін алды.

– Жасанның қасында жасарып жүр екенсің ғой? Сөйт, сөйт. Ал әңгіме шерт, дөйт, – деп Жасанды жетекке алып, жиналыс біткенше қасынан жібермей, қолтықтасты да жүрді.

– Бұл Жасан тәуіп емес, шоң дәрігер. Қолы алтын, инесі шипа, емі дауа, – деді Шерағаң қоштасар сәтте.

– Қаным қайнап, миым шағылып барып еді, Ілияс інім Жасанға апарып, жаңартып жіберді. Содан қан қысымы орнында.

«Дүние – бұрандаған бір қисық жол». Қырсықтан, пәле-жаладан аман болыңдар... Кеттік, мәссаллах!

...Жасан Зекейұлымен өзім де осы қан қысымының «арқасында» танысқанмын. Оразбай Бекенов деген інім қоярда қоймай, ауруханада, Алматыда жатқан жерімде ертіп апарып таныстырған. Атақты Мұзафар ақын ағам айтпақшы, денсаулықтың арқасында ауырып жатқанмын.

Дос інінің көңілін кимай-ақ барғанмын. Жасанның Қытайдан

келген бауыр, өзім үнемі мәселесін көтеріп жүрген оралман екенін естідім.

– Оу, Уәкең келіпті ғой, бұл кісі біздің оралмандардың көсемі ғой, – деп қара шашты, қызыл шырайлы жігіт ағасы баяғыдан таныс-біліс адамдай, құшағын жая берді. Сол сәттен бастап бірге туған ағалы-інілі бауырлардай бір-бірімізді іздемесек тұра алмайтын дәрежедегі ағайынға айналдық та кеттік.

– Бейсембайдың айтатыны рас екен ғой, Уәкеңді біреумен таныстырсаң, өзің далада қаласың, – деп Оразбай күле берді.

Хош. Жасан бірден тамыр ұстады. Медбике қан қысымын өлшеді. 170:80. Өте жоғары.

Бөлме дайындалды. Жасан бірден қан қысымын ретке келтіретін нүктелерге шипалы саусақтарымен алтын инесін қондырды да жотама магниттік банкілерді қойды. Жон етімді суырып, жарты сағаттай жаттым. Сонан соң, Жасан інім кішкентай алтын балға алдырды. Тікен-тікен. Сонан соң сұқ-сұқ балға соғылып, едәуір уақыт тістеніп жаттым.

– Енді мына табақшаға қараңыз?

Пәлекеттің түрінің жаманын-ай. Қап-қара, балық іспеттес ұйыған қан.

Шарасынан шығып келген көзім өз ұясына түсті. Қысым өлшенді. 120:80. Бәрекелді, Жасан!

* * *

Бүгін Жасан Зекейұлы есімі Қазақстанға ғана емес, Еуропа елдеріне танымал. Тибет медицинасының ірі маманы. Медицина ғылымдарының докторы, академик. Бірақ осындай атақ-даңққа жету де оңай болмағанын мен жақсы білемін.

Егемендікпен бірге елін аңсап келген Жасан Зекейұлы туған жерге келгенде жусанын иіскеп, еңкілдеп жылаған. Өзі көрмеген, атына ғана ғашық Қазақстанның жүрегіне бойтұмардай ұстап келген. Оңай болмайтынын да, қиын жол күтіп тұрғанын да білген. Ал арманына жеткізетін жол – білім еңбек, оқу. Сондықтан да Қазақстанға келіп, дәрігерліктің төменгі сатысынан биік дәрежесіне жетті. Ғылымның инемен құдық қазғандай жолынан өтті. «Тибет медицинасы бойынша қабыну үрдістерінің алдын алу, емдеу және хирургиялық аурулар» атты еңбегі бойынша 2002 жылы кандидаттық диссертация қорғады. 2004 жылы өзі « Шығыс-тибет» медицина орталығын ашты.

Өзі өсті, елі өсті. Жұмысы жанды. Шипалы емдеу, алтын ине қою, үміті үзілгендердің шырағын жағып, көп шаңыраққа жақсылық әкелді.

Жасанның бір қыры – Атымтай жомарттығы. Ол ешқашан алдына жылап келгенді жұбатпай жібермейді.

Ол – ғаріп-ғасірге демеушілік жасайды;

Ол – өз қолынан келмесе, қалтасынан қаржысын төлеп, басқа жерде емдетеді;

Ол – байлыққа, барлыққа басы айналмай, қайыр-садақа береді;

Ол – жұма намазға барып, құлшылық жасайды;

Ол – «Жас-Ай» журналын шығарып, сан түрлі аурулардың алдын алу, күтіну, сұрақ-жауап сипатында халыққа дәрігерлік кеңес береді;

Ол – теледидарда, БАҚ-та салауатты өмір салтын насихаттайды;

Ол – машинасына отырып алып, туған Қазақстанның сұлу жерлерін аралайды, құм-шағылын көреді, сүренсіз жеріне барып, Алматыға қолы жетпей отырған, қарапайым адамдарды емдейді;

Ол – Халықаралық Ресей шығармашылық академиясының академигі.

Жақында ғана Жасан Зекейұлына Вена қаласы Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағы мен «Алтын алқасы» табыс етілді. Сонда Венада, Еуропа дәрігерлері қауымдастығы өкілдерінің алдында Жасан Зекейұлы ана тілінде:

– Бұл атақ маған емес, Нұрсұлтан Назарбаевтай әлем мойындаған көреген басшысы бар Қазақ еліне беріліп отыр, – деп мәлімдеді.

Жарайсың, Жасан!

ЕЛ МАҚТАНЫШЫНА АЙНАЛҒАН АЗАМАТ

Құрметті Жасан інім, Қытай Халық Республикасының медицина саласында атқарған келелі жұмыстарыңның барлығын биік өреге жеткіздің әрі ел есінде қаларлықтай еселі еңбек етіп,

медицина саласында екі патенттің иегері болдың. Мұндағы халық сенің бұл саладағы жемісті еңбектеріңді әлі де мадақтайды. Медицинадағы бұл ілгері қадамыңды ары қарай дамытуды, Қазақстан Республикасында жалғастыру ойың бар екендігін алғаш маған айтқаныңда тілегіңе қарай батамды беріп, ақ жол тіледім. Бақытыңа орай қазақ еліне барғаннан кейін де жақсы жетістіктерге жеттің. Біртұтас мемлекеттік емтихандарға қатысып, ондағы медициналық университеттің аспирантурасына қабылдандың. Аспирантураны оқи жүріп, орталық аурухананың білікті дәрігер маманы болып жұмыс атқардың. Ауыр жағдайдағы науқастарды емдеуге атсалыстың. Сен Қазақстан Республикасына барғаннан кейінгі аз уақыт ішінде жергілікті медицина саласына тосын әрі қиын тақырып бойынша диссертация қорғап, көптеген ғылыми мақалалар жариялап үлгердің. Орыс тілін де жетік меңгеріпсің. Сенің мұндай талантың мен дарының болашақ жастарға және өзін тұрғылас азаматтарға үлгі-өнеге боларлықтай асыл қасиет.

Ұлтыңның сау денелі азаматтарын қалыптастыру жолында атқарып жатқан істерің мұнымен тынған жоқ. «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медициналық орталығын құрып, қаншама ауыр халдегі науқастарды аяғынан тік тұрғыздың. Осы еңбегің халықаралық деңгейде жоғары бағаланып, саған Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілді. Медицинадағы бұл жетістіктеріңді Ресей халқы да оң бағалап, ондағы Халықаралық шығармашылық академиясының академигі атандың. Мұның барлығы да – біздің қуанышымыз, біздің мақтанышымыз. Сен қашанда қазақ еліне деген отансүйгіштігіңді іс-әрекетің арқылы дәлелдеп келе жатқан азаматсың. Мен сенің мұндай жетістіктерге дандайсымай, өзіңнің кішіпейіл, еңбексүйгіш қасиетіңмен үздіксіз алға баса беретіндігіңе сенемін. Сенің қазақ еліне бергеніңнен әлі де берерің көп. Өз еліңдегі атқарып жатқан сүбелі жұмыстарың әрқашан баянды болсын! Елің үшін үлкен абырой мен мақтаныш әкелетін жемісті еңбектерің болашақ ұрпақтың игілігіне жарасын! Отбасыңа амандық, деніңе саулық тілеймін.

**Құрметпен ағаң Сұлтан ЖАНБОЛАТ,
жазушы, Шыңжаң университетінің профессоры**

ТИБЕТТІК ЕМНІҢ БІЛГІР МАМАНЫ

Қытай Халық Республикасында пайда болып, ұлтымыздың сан ғасырлық тарих толқынында бірге дамып, жетіліп, бұл күнде ғылыми жүйеге енген тибеттік емдеу тәсілі – ұлттық медицинамыздың алтын жауһары. Бұл емдік саланың тамыры терең әрі қазыналы. Қазір Қытай халқының мақтанышына айналған тибеттік емге әлем халықтары мүдделі десек, артық айтқандық болмас. Себебі әлемде осы тәсілді қолдана отырып ем қабылдауды қалайтын науқастар саны жыл сайын артып келеді. Сондықтан да мемлекетіміз көлемінде тибеттік емдеу жүйесін негіз етіп көптеген жоғары оқу орындары ашылып, онда жыл сайын сүбелі ғылыми диссертациялар қорғалуда. Қазірге дейін әлемнің түпкір-түпкірінде халқымыздың осы озық емдеу әдісін жетік меңгеріп, өз ұлтының денсаулығын қорғау жолында ұтымды пайдаланып жатқан мамандар көп. Бұған мысал ретінде сізді және сіздің басшылығыңызбен ашылып отырған «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығын айтуға болады.

Біз сізді тибет медицинасын терең зерттеп, ұтымды қолданып жүрген үздік маман ретінде жақсы танимыз. Бұған сіздің Қытай елінде және өз еліңізде қорғалған ғылыми диссертацияларыңыз бен халықаралық атақтарыңыз куә. Сондықтан да сіздің өз ұлтыңызға істеген еселі еңбегіңіз әрқашанда мақтауға тұрарлық әрі дақты. Ұлтыңыздың денсаулығын сақтап, өмір жасын ұзарту үшін тибеттік емдеу жүйесін Қазақстан еліңізде қанат жайдырып, пайдалана білгеніңіз – біз үшін зор мақтаныш. Сіздің Қытай Халық Республикасында қорғаған диссертацияларыңыз, ғылыми жұмыстарыңыз бен ғылыми еңбектеріңіз біздің университеттердегі еңбектер тарихында мәңгі қалатын болады. Мен сіздің халық игілігі үшін атқарып жатқан жұмыстарыңыздың әрдайым жемісті боларына кәміл сенемін. Әрқашан еңбегіңіз елдің игілігіне жарап, көңілінен шыға берсін! Қазақстан Республикасында Шығыс-тибет медицинасын жетік білетін шәкірттеріңіз көбейсін! Деніңізге саулық, жанұяңызға бақыт тілеймін!

ТЯНЬ-ЖУ-ШЫҢ, нейрохирург

НАҒЫЗ ЕР ЕЛІНЕ ОЛЖА

Еліміздің ақпараттық кеңістігінде «Қазақ газеттері» ЖШС-нің алар орны бөлек. Бұл мекемені 1999 жылы өзім бастамашылық етіп құрған болатынмын. Қазір мұның құрамына қазақтың үлкен-үлкен руханият басылымдарымен қатар беделді газет-журналдар кіреді. Бұлардың қай-қайсысы болса да, елдің мұнын мұндап, жоғын жоқтайтын басылымдар. Осындай халықтық басылымдарды әрқашан қолдап-қуаттайтын жанашыр жақындар жоқ емес. Солардың бірі бізге үнемі үн қосып, тілектес болып отыратын Алматыдағы үлкен медициналық мекеме – «Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медициналық орталығы мен оның бас директоры Жасан Зекейұлы.

Жәкеңнің елге келуімен бірге халықтық медицинаға үлкен серпіліс, жаңалық келді. Бұрын біздегі науқастар Тибет емін қабылдау үшін арып-ашып жол жүріп, Қытай асып Тибетке барып емделетін. Солардың кейбіреуі дертінен жазылып қайтса, енді біреулері алыс жол азабына, ауарайы өзгерісіне шыдамай дертіне дерт жамап қайтатын. Жәкеңнің Қазақстанға келуі осындай қиындық көріп отырған қарапайым халыққа иненің жасуындай болса да көмек болды. Ол да болса Жәкеңнің еліме жақсылық жасайын деген азаматтық идеясының арқасы. Жалпы, Жасан Зекейұлының елге келуі – қазақ халқы үшін үлкен олжа. Себебі Жәкең Қазақстанға Шығыс емінің жауыарын ғана емес халықтық медицинаның дамуына жаңаша серпін әкелді.

Сөзімізге дәлел ретінде «Жас-Ай» журналын айтайық. Бұл журналды көп оқырман сүйіп оқиды, таралымы да мол. Журнал арқылы оқырман ауырмаудың жолын біледі, халықтық емді қалай дұрыс пайдалануды үйренеді. Бұл үлкен сауапты іс. Қазір қоғамда дүмше моллалар мен жалған емшілер көп. Нарықтың ығына ілесіп, өзім білермендікке салынып жүргендері де жетерлік. Ал Жәкең шынайы кәсіптік, ғылыми деңгейде, атадан балаға мұра болып келе жатқан дегдарлық деңгейде ем қолданады. Бұл кез келген емшіде бола бермейтін қасиет.

Жасан ініміз адам емдеумен ғана шектеліп қалған жоқ. Әдеби, мәдени салаға да өзіндік үлесін қосып келеді. «Өмірді қоғау» қайырымдылық қорын құрып, қор аясында да біраз жұмыстар

атқарды. Енді институт ашып, шәкірт тәрбиелесем деген ізгі ойы да бар. «Әр облыстан тибеттік емдеу орталықтарын ашып, интернет сайырттарын құрып, халыққа тіпті де қолайлы емделу жолын ұсынсам»,– дейді ақжарқын Жәкең. Жүзеге асып жатса, бұл да бір үлкен игілікті іс болар еді. Халық – мемлекеттің тірегі, ең басты қазынамыз, құндылығымыз. Сондықтан халықтың білімді болуы, халықтың денсаулығының ойдағыдай болуы келелі міндеттердің бірі. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев осы мәселе төңірегінде үлкен бастамалар көтеріп, нақты жоспарларды жүзеге асырып келеді. Ел ағаларының осындай игі саясатына қолдау көрсетіп, өз үлесін қосуда Жәкең сияқты азаматтардың орны бөлек. Медицинаның сан-салалы болуынан халық ұтпаса ұтылмайды. Себебі адам ағзасының емді қабылдау ерекшелігі әр түрлі. Біреу дәстүрлі емді қабылдап тез жазылса, енді біреу халықтық емнен тез сауығуы мүмкін. Ал енді біреулер заманауи техникалық жабдықтарға сүйенуді қалайды. Сондықтан Жәкеңнің атқарып келе жатқан істері, болашақ жоспарлары халқымыздың денінің сау болуына өзіндік пайдасын әкеледі деп ойлаймын. Осы құлшыныстарының арқасында Жасанның еңбегі халықарада да еленіп, үлкен марапаттаулар алып жатыр. Бұл марапаттаулар – емшінің ғылыми еңбегін әлемдік медициналық қауымдастықтың мойындауының нәтижесі.

Мен Жәкеңнің әрқашан денінің сау болуын тілеймін, Жасан секілді халықтың ертеңіне, денсаулығына шынайы жұмыс жасап жатқан азаматтардың қолына қуат бітсін, еңбегінің жемісін жеп, ұрпақтары бақытты болсын!

Жұмабек КЕНЖАЛИН,
«Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры,
редакторлар кеңесінің төрағасы,
Қазақстан республикасының мәдениет қайраткері,
ҚР Президенті сыйлығының иегері,
Саяси ғылымдарының кандидаты

ЕКІНШІ БӨЛІМ

АЛТЫН ИНЕ САЛАТЫН АЛТЫН ЖІГІТ!

ЖАСАН ІНІМ ҚЫРЫҚТА

*Қытайдан кеше келіп Жасан батыр,
Ем-домын қазақтарға жасап жатыр.
Аурулар Жасан салған ине арқылы
Бітпейтін қуанышты қоса ап жатыр.*

*Жүретін жотасына тұз байланып,
Жүретін емі бітіп, ызбайланып,
Кемпірлер Жасан салған ине арқылы,
Кетеді жер бетінде қызға айналып.*

*Естіліп құлағына той хабары,
Жанымен құшақтайды бай даланы.
Шалдар да Жасан салған ине арқылы,
Бір сұлу қыздар жайлы ойланады.*

*Түсті ол ақырындап ел көзіне,
Жетіп тұр енді бүгін дер кезіне,
Қыздар да келгіштейді инеге ме,
Ол қулар қызыға ма әлде өзіне.*

*Кетіп жүр іріленіп, ұлыланып,
Бойдағы дерттің бәрін жұлып алып,
Ертеңге ақ тілекпен аттандырса,
Ем демей кім демекші мұны халық.*

*Өмір кеш жарқырап бір жарқын жүріп
Қарсы алсын әрдайым да халқың күліп,
Жүре бер, аман-есен алға қарай
Алтын ине салатын алтын жігіт!*

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

АРАШАШЫ

*Қаны бір,
Тағдыры ортақ –
Жасан інім.
Жаның жайсаң,*

Жоқ сенде қасаң ұғым.
 Көкбөрі мертіксе де сыр бермейді,
 Ақын да сездірмейді аш-арығын.
 Тағдырдың түнергенде нала аспаны,
 Саусағың тамырымнан адаспады.
 Ұрланып ағзама кірген дертті,
 Киелі алтын инең аластады.
 Қардай боп ағарса да қара шашым,
 Өнерлімін, өлеңмен бал ашамын.
 Ажалдан сескенбеймін, қорықпаймын да,
 Өзіңдей бар болған соң арашашым!

Жәркен БӨДЕШ, ақын,
Халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты

Орта екпінде

Қаны бір, тағдырға ортақ — Жасам і-
 кім. Қаның жайсыз, жоқ сенде қасаң ұғым.
 Көкбөрі мертіксе де сыр бермейді-ау,
 ақын да сездірмейді-ау, о-о-оу, аш, а-ры-
 ғын. ғын...

6.04.2010. Алматы қаласы.

ЖАСАН БАУЫРЫМА

*Тарбағатай тауының қас қыраны,
Өміріңнің елменен асты мәні.
Саған тынбай келеді қазағымның,
Үлкен-кіші үмітпен жақсылары.*

*Елді сүйген жүрегің, әппақ арың,
Денсаулығы халықтың баптағаның.
Қазақ үшін аман бол қашандағы,
Өзіңменен мендағы мақтанамын.*

*Алтын ине
Мамандығы болған соң сүйген ерен,
Ауруды үркітіп үймелеген.
Адамдарды емдейді Жасан баурым,
Алтын, күміс сиқырлы инеменен.*

*Ежелгі Тибет-Қытай салтыменен,
Ғасырлардан сақтаған халқын ерен.
Тиген сайын шипасы елге иненің,
Сеніңдағы келеді артып өрең.*

Марфуға АЙТХОЖА

ЖАНАШЫРЫ ХАЛЫҚТЫҢ

(«Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығының

5 жылдығына арнау)

*Жасан дос, тек Аллаға сиынған ұл,
Сен жайлы талай өлең миымда жүр.
Өзіңмен жолдас болып бір жүргелі,
Биыл, міне, болыпты жиырма жыл.*

*Асыл арман жетелеп елге жеттің,
Зерттеуменен өзіңді зерделі еттің.
Қытайда «Шолпан қала» саналатын,
Күйтүн деген қалада еңбек еттің.*

*Сол кезде досқа толып маңайларың,
Аштың сен салауаттық сарайларың.
Алдыңа алып бардық сол кездерде,
Ауыр-ауыр сырқаттың талайларың.*

*Өткенін де білмей қап бір күніңнің,
Бәрін де қызық көрдің тірлігіңнің.
Сол кезде ұлтжандысың, Жасан досым,
Алдыңа қазақ барса, зыр жүгірдің.*

*Жайырмен төбемізді теңестіріп,
Өзіңмен жүрдік талай кеңес құрып.
Арғы бетке танылған жас галымды,
«Бір күнде көшіп кетті» деп естідік.*

*Сол күндерді еске алдым бұрынғы өткен,
Талай науқас жандарды күлімдеткен.
Жалынды жас галым боп Қытайда да,
Біздің Жәкең осылай дүрілдеткен.*

*Сен ашып емшіліктің мың қатпарын,
Мол білімді көкейге шын жаттадың.*

Отаныңа арқалап алып келдің,

Шипалы Шығыс-тибет жұмбақтарың.

*Сырқаттарды емдеу боп бар құштарың,
Тек қана адалдықты алға ұстадың.
Науқасқа медет болып пейіліңмен,
Ел-жұрттың алдың талай алғыстарың.*

Сендегі ізгілікті өлең еттім,
Қысылғанға елжіреп елең еттің.
Ақша қуып кетпедің кейбіреуше,
Талайларға ақысыз көмек еттің.
Жетеді ақ баталы ел ырысы,
Бар адамға маңызды сенім ісі.
Келгендігі даңқты адамдардың,
Еңбегіңнің ершімді көрінісі.
Мықтылар бәсекеде анықталмақ,
Сонымен жүрер жолы анық болмақ.
Гүлия қарындасым көп ізденіп,
«Жас-Ай» журнал шығарды халыққа арнап.
Азамат несібесін елден іздер,
Биікті аласарта көрмеңіздер.
Қабыл боп, ақ ниетті ел тілегі,
Арманның асқарына өрлеңіздер.
Бұл Жасан ғылымда өзін кинап көрген,
Тәжірибесі көп тағы жинап-терген.
Ағайын, баршаңызға рахмет,
«Жас-Айдың» бес жылдығын тойлап келген.

* * *

Көзінен шипагердің нұр кетпейді,
Ізінен жақсылардың гүл көктейді.
Жақсының жақсылығын айту – парыз,
Қалай алғыс айтуға тіл жетпейді.
Сіздердей жаны жайсаң абзал жанды,
Неге жұртым шынайы үлгі етпейді.
Халық үшін ашылған емханамыз,
Арманның биігіне шын беттейді.
Жасасын біздің «Жас-Ай» емханамыз,
Сіздерді халық солай құрметтейді.

**Қайрат ҚҰЛ-МҰХАММЕД, ақын,
Халықаралық жыр мүшәйраларының,
ақындар айтысының жеңімпазы**

ҚЫРАН МІНЕЗ ҚҰСТАЙСЫҢ...

*Туған жердің тұнығынан әр алған,
Жетелеген атажұртқа ақ арман.
Сенің жаның ізгіліктің ұясы –
Адамдарды құтқаруға жаралған.
Сырқат көрсең қыран мінез құстайсың,
Ақ халатты періштеге ұқсайсың.
Тамырыңнан тағдырыңды білем деп,
Арулардың ақ білегін ұстайсың.
Білімің көп Шығыс-Батыс үйренген,
Күмбір-күмбір күй қатады тіл-кеудең.
Жарқылдаса алтын-күміс жебедей,
Ажал сенің жасқанады инеңнен.
Деп тілесең асуларды асайын,
Жұлдыздарды шашу қылып шашайын,
Көк байрақты көк жүзіне самғатып,
«Жас-Ай» десе, жарқырасын «Жас-Ай».*

Жәди ШӘКЕНҰЛЫ,
«Жас қазақ үні» гезеті бас редакторының орынбасары

ДӘРИГЕР ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫНА

*Жанымның жалғыз ермегі көңіл еді,
Көгілдір әнге толы еді төңірегі.
Бақытсыздықтың өзі де бақыт еді,
Ауадай түссіз һам қыссыз өмір еді...*

*Көзімнің жалғыз көргені жарық еді,
Кермекке толып, ол дағы налып еді.
Аспанға аңсар сезіммен адасып жүріп,
Астауға бұрмас мойыным талып еді...*

*Жалғанда жалғыз жақыным уыс ет-ті,
Сол уыс ет арманды туыс етті.
Бір уыс ет жүрегім сыздағанда,
Кең дүниені қараңғы қуыс етті.*

*Киілмей киім, жүрілмей жолым тозды,
Бағым да басқа жаққа ауып, сорым қозды.
Жалқын күймелі күн енді көше бергенде,
Алты инелі бір адам қолын созды.*

*Алтын инелі сол адам ауа сынды,
Азап көргенді аялар дара сынды.
Алтайдың арғы жағынан асығып жеткен,
Жанменен тәннің дертіне дауа сынды.*

*Жанымның жалғыз ермегі көңіл еді,
Арқамда «артқан тұзынан» жеңілденді.
Құрсаған мұздың көбесі сөгілді енді,
Алтын инелі бір адам өмір берді.*

Гүлнәр САЛЫҚБАЙ,

**Қазақстан Жастар одағы сыйлығының және
«Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының иегері**

* * *

Қолыңнан айналайын, Жасан інім,
Жаратқан бір өзіңе берген ілім,
Халқыңның алғысына бөлене бер,
Шипа боп салған инең, берген емің!
Өркендеп өсе бергін алғыспенен,
Еліңе қызмет еттің жан-тәніңмен,
«Жақсы сөз – жарым ырыс» деген сөз бар,
Демей жүр дімкәс жанды лебізіңмен.
Тамаша мына өмір берекелі,
Қарсы алдың 42 жасты мерекелі,
Өмірде қыруар еңбек етуінен,
Жігіттің танылады ер екені.
Әрқашан жан-жарының табар бабын,
Қарсы алған бірге жүріп ақ таңдарын,
Күлімдеп Гүлияжан күліп-ойнап,
Айтады мақтаныш қып бақ пен бағын!
Еңбегің әрқашанда жана берсін,
Есесін бір өзіңе Алла берсін.
Ер жетіп ұрпақтарың – балапандар,
Қанатын болашаққа қаға берсін!
Қиналған жан жабығып,
Алдыңнан шықсын қуанып,
Қолыңнан сенің қуат ап,
Жатсын емі табылып!

Күләш СМАҒҰЛҚЫЗЫ,

Астана

25.03.2009

ОСЫНДАЙ БОЛУ КЕРЕК ШЫН ЕР ДЕГЕН

(Жаны да, қолы да нағыз текті шипагер-дәрігерге)

*«...Денсаулық – үлкен байлық терең деген,
Дені сау кісі тарызар неден деген.
Абырой, байлық, билік – барлығы да,
Сәлемді денсаулыққа берер деген...»
Қадірін біл саулықтың деп осылай,
Жеткізген ақын сөзін өлеңменен.
Сол айтқан денсаулықтың қорғаушысы,
Дәрігер жан мен көмек берем деген.
Солардың бірі – Жасан Қытай асып,
Өз елі қазағыма келем деген.
Хабарын білген халық үмітпенен,
Күткен ед жолға қарап елеңдеумен.
Қарашы, көп тілегі қабыл болып,
Жасанды келтірді, рас, міне, ел деген.
Асқазан, жүрек, жүйке, несеп-жыныс,
Буын, тыныс, көз Жасан көп емдеген.
Бәрі де аяғынан тұрды, Жақа,
Мүсәпір боп келген жан сен емдеген.
Риза болғандығы соншалықты,
Шипа алған тек Жасанға сенем деген.
Шипасы жанға дауа, қолы жеңіл,
Әп-сәтте-ақ тіріледі өлем деген.
Ғалым да, профессор, академик,
Осындай болу керек шын Ер деген!*

*Еміне келген жанға оң қараған,
Жаны ашып, жәрдем жасап ол аяған.
Жасанның шипасына таңғаласың,
Боласың туғандай-ақ енді анадан.
Түк шықпас бояу жаққан сән-күтімнен,
Экология өршіген шаң, түтіннен.
Бәрін де микробтың суырып ап,
Жандырып үміт отын жан бітірген.*

*Жасандар ең керек жан қазағына,
Шыдаған ем қондырып азабына.
Сұп-сұр боп кірген жанға қолы тисе,
Сол сәтте-ақ рең кірер ажарына.*

*Ақылды, көп оқыған, білімі артқан,
Жан жібiтер мiнезiн елi ұнатқан.
Көңiлiң көтерiлер сәл тiлдесең,
Бiлгенге жаны таза ганибет жан.*

*Адалдық дәрігердің бір анты бар,
Осындай әрбір елдің біл салты бар.
Сөзі мен іске берік Жасандарды,
Еңбегін бағалайтын ел-халқы бар.*

*Жасандай ерімен елі мақтанады,
Адалға бақыт барып, бақ қонады.
Ақ жанды еңбек еткен ем-дом беріп,
Көтеріп биіктерге ап барады.*

*Аман бол қашанда әркез, дәрігерім,
Сыйлар ел ісіне адал әділ ерін.
Лайым, ауырмайық, ауырса егер,
Шипа боп қона берсін дәрі, емің!*

*Елінде еңбегімен еленер ер,
Айырар ер бағасын көреген ел.
Адал боп, адал еңбек арқасында,
Халқыңның құрметіне бөлене бер!*

Молдағали МАТҚАН,
жазушы, академик, қоғам қайраткері,
Әбдіқадір Жылани БӨРІБЕКҰЛЫ,
заңгер, ақын,
Алматы,
2009. Сияр жылы

ЕМІ – ДӘРУ, ЕЛІ ЗӘРУ АЗАМАТ!

*Аядай бөлмеде отыр академик,
Азамат ол өзіне сенген берік.
Қалтқысыз халқына өзі қызмет етті,
Білгенін міндетсімей тегін беріп.*

*Тегін емдеп ауырған заріп жанды,
Еңбектенді, ерінбей бағы жанды.
Шаршаған кез, бұралаң ауыр жолдар,
Бір күнгідей білінбей артта қалды.*

*Тау асып, тасты басып, шекара асып,
Келгенде көңіл шіркін, асып-тасып.
Шерткен кездер шекеден болды, рас,
Үрке қарап, өзімшіл жегіш бастық.*

*Артта қалды Богда, Алтай, Тарбағатай,
Оятқан сезімді алған бар қалқатай.
Шіркін-ай, соларды ойлап сағынғанда,
Қайтсін-ай, болды Жасан жасасығандай.*

*Қамшылады сол кезде өзін Жасан,
Шығыстың құпиясын деді ашам.
«Бабалардың ұлылығын ұлықтайын,
Халқым менің білімсіз еді қашан».*

*Саусақпен басып ұстап тамырымды,
Айтып ең алғаш сонда әміріңді.
Сол күннен бастап менің өмірімнің
Азайып қайғы-мұңы сәні кірді.*

*Халық та бағалады қадіріңді
Таныды жан екенсің қайырымды.
Ұстазсың өнегелі ұрпағыңа
Есе бер, қалтылдатпай қайығыңды.*

*Өмірдің көп қой сай мен өрі-қыры,
Қазақтың мақтанысың сегіз қырлы.
Жол ұзақ, алда талай асулар бар,
Сүрінбе, тұлғасы бол сен де нұрлы.*

Қазіргі «қасқалармен» бірге жүрсің,
Арттырып адамдығың бірге тұрсын.
Пара жегіш доғдырды басып алдың,
Ала алмай жүр енді олар сенен өшін,
Өйткені ұзап кетті сенің көшің.

Халқыңның арқасында қадірің өсіп,
Басып тұр тағы оларды сенің мысың.
Ақ ниет, адал еңбек жеңіп шықты.
Істелген көрініп тұр сенің ісің
Жасай бер, Жасан інім, бойыңда барда күшің.

Еңбектенді арманға жетті азамат,
«Жас-Ай»-ға келген науқас көп ғаламат.
Бәріне жылы шырай білдіреді,
Жүрсін деп бұл адамдар сау-саламат.

Қыздарын айт Жасанның күлімдеген,
Ем алам, көргім келеді, күнде келем.
Көрсеткен қызметіне разы болып,
Ағалық ниетпенен «күнім» дегем.

Сергітіп көңілімді ем береді,
Жылы сөз мейірімге тең келеді.
Тәнің менен жаныңды қоса емдейді,
Ғаріп жан мен кәріге сол керегі.
Тілін тауып жылы сөз айта алмасаң
Ем қонбай ертең-ақ ол сенделеді.

Сарайда отыр алаяқ семіз бастық,
Ойлағаны жеу оның қайтсе алып.
Шіркін-ай, деп ойлаймын, шіренгендер,
Жасанға жасап берсе, мекеме ашып.

Бұны мен бекер айтып тұрған жоқпын,
Бөтенсімес ол, сірә, жан баласын.
Істеп жүрген қызметі ер-әйелдің
Жасаннан үлгі алғанын аңғарасың.

Бір бөлмеде ер-әйел ем аламыз,
Банкі, массаж, инені күнде аламыз.
Қызмет қылған медбике қыздарды, рас,
Кей кездері сағынып та қаламыз.

*Қыздарға мен соғылып жығылайын,
Бауырым, сенің тусын оңнан айың.
Толының торғын торы топырағына,
Аунаған мен-дағы бір ағатайың.*

*Қамал бұзып, асқарды алар кезім,
Қолдасын ата аруағы, бір Құдайым.
Таңғалдыр бүкіл әлемді,
Тамсансын миллиард қытайың.
Халқыңмен бірге самғай бер,
Жолың болсын лайым!*

Разхан ЗАКАРИЯҰЛЫ

ДАМИ БЕР «ЖАС-АЙ!»

*Ұлықпан хакім, Өтейбойдақ бабалар,
Шипагер, емші, өмірден озған даналар.
Жалғаған атамұраны мынау «Жас-Айға»,
Еңбегін егей елі де бүгін бағалар.*

*Дами бер «Жас-Ай», дами бер,
Өтелсін еңбек, маңдай тер.
Елеулі еңбектеріңмен,
Өзіңді бүгін таниды ел!*

*Алтын қол емші атанған егей Жасанға,
Сенеді елі, ем алған жандар қашанда.
Арнаған елге өнері менен білімін,
Арнаған өзін атажұрт, аяулы Отанға!*

*Сырқаты меңдеп, жаны мен тәнін қинаған,
Жарық дүние бір минутын қимаған.
Емшінің қолы, періштенің қанаты,
Науқасты жанға екінші өмір сыйлаған.*

*Тарыққан сәтте сене де бермей ырымға,
Сеніммен қара қашанда білім-ғылымға,
Үмітпен сенім адамды алға жетелер,
Емшіден шипа, Алладан рақым қашанда!!!*

Сайламхан МҰСТАХИҰЛЫ

Құтты болсын мереке күндеріңіз!

*Денсаулықты зор байлыққа балаған,
Түсінеді дәрігерді бар адам.
Айықтырған ауыр дерттен жан-тәнін,
Дәрігерді періштеге санаған.*

*Дәрігерлер нағыз атсыз қаһарман,
Өмір үшін талай ерлік жасаған.
Сол қатарда сіз де барсыз Ер Жәке,
Алтын қолды абзал жан деп атаған.*

*Ұшыраған тәлкегіне тағдырдың,
Кәрі мен жас, замандасың, жан құрбың.
Сол жандарға медет болған дәрігер,
Арқауы да бола алады ән-жырдың.*

*Өнер-білім бойға жисан қуат-күш,
Дәрігерлік десек-тағы сауатты іс.
Ақ халатты кию мақтан сән емес,
Өмір ісі қалт жібермес жауапты іс.*

*Дәрігерлер, медбикелер қадірлі,
Қарапайым жандарсыздар қажырлы.
Мерекеге жыр шашуым болсын деп,
Сіздерге арнап осы өлеңім жазылды.*

Сайламхан МҰСТАХИҰЛЫ

20.06.2009

ӨНЕРІМЕН ОРДЕН ТАҚҚАН АЗАМАТ

*Өмірдегі ізгі еңбек пен бақытты,
Махаббатты, қуанышты, шаттықты.
Жырлау парыз осыларды өлеңге,
Айыра алса асыл менен жасықты.*

*Жүзден – жүйрік, мыңнан тұлпар саралап,
Бәйге қосқан сенімменен базалап.
Озып келді қазақтың бір баласы,
Орден тағып, өнерімен азамат!*

*Мен мақтансам қазақ үшін мақтанам,
Жырмды да сол себепті ақтарам.
«Бұратана», «жабайы ел» деп біздерді,
Кеше солар көзге ілмеген, даттаған.*

*Ауылда өскен қазақтың бір баласы,
Ерте ояңған білімменен санасы.
Бір түлегін үш түлетіп ұшырды,
Қасиетті қазағымның даласы.*

*Глесе алдық біз замана көшіне,
Із тастадық ғаламшардың төсіне.
Арман-мұрат биігінде мәреге,
Шап! Қазағым, қас тұлпардай көсіле.*

*Әулетінен болса да кім ақсүйек,
Ешкімді де тұра алмайды тақ сүйеп.
Алып шығар биігіне даңқтың,
Ізгі білім, ерлік-еңбек, қасиет.*

*Анау алыс Еуропа елінен,
Вена атты Астананың төрінен.
Атақ алып «профессорлық» ғылымда,
Жарқырап бір жат елге де көрінген.*

*Шығыс-тибет медицина ілімін,
Жасанның да дәрігерлік білімін.
Батысың да мойындады бас шұлғып,
Арылтқан соң көңілдегі күдігін.*

*Құтты болсын атағыңыз қайырлы,
Құттықтаймыз салтымызбен байырғы.
Салтанатпен бүгін сізді қарсы алып,
«Дағдарыс» деп жинамадық айылды.*

*Қуаныштың тілеймін құт-баянын,
Тойға арнайын қазағымның қай әнін.
Мен келгелі Жасан тақты үш орден,
Жырымменен бар шындықты жаямын.*

*Қалжыңдап бір осындайда күлейік,
Ер қадірін, ел қадірін білейік.
Ер елімен, ел жерімен көгерер,
Ел мен жерге бейбітшілік тілейік!*

*Бір тілекпен үлкен-кіші, жасымыз,
Дастарқанда қосылып бүгін басымыз.
Ақ тілекпен тоғыстырдық көңілді,
Өрлей берсін өрге, Жәке, тасыңыз!*

Сайламхан МҰСТАХИҰЛЫ

16.12.2009

*(Өлең Жасан Зекейұлының Австрияның Вена қалалық
Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағын
алуына, сондай-ақ Алтын орденмен марапатталуына арналған)*

Жасан Зекейұлының есімі қазір қазақ қоғамына етене таныс. Шипагердің қасиетті емін бүгінде екінің бірі біледі. Жат жұртта білім алып, жетілсе де, бар ілім-білімін туған жердің топырағына келіп жаратып жатқан Жасанға елдің атынан ән арнадық.

(Автор)

ЖАСАН ВАЛЬСИ

Әні мен сөзін жазсан: Өрікгүл ӨТЕМІС

*Келдің бе, Жасан?
Шөлдеген елге.
Дерттіге шипа,
Беруге күнде.
Адамнан артық,
Жан бар ма жерде,
Алғыспен қайтар,
Баталы ерге.*

Қайырмасы:

*Қазағымның,
Нұры тассын.
Халқыңа
Қалаулы бола бер,
Жасан!*

*Келдің бе, Жасан?
Шөлейтті жерге.
Себелеп сумен,
Бұркуге күнде.*

Жер – ана асыл,
Құлпырып демде.
Жымыңдап гүлдер,
Жұлдыздай түнде.

Қайырмасы:

Халдің бе, Жасам, шөлдеген елге
Адамнақ артың, жан бар ма жерде!

Дерттіге шипа, беруге күнде?
Аяғымен қайтар

Бастады ерге.

Қайырмасы:

Қазағымнан, нұрытасам!

Халқыңа, халқыңа қалаулы

Бола бер, Жасам!

6.05.2010. Алматы қаласы. *Арун*

АЛТЫН АДАМ – ЗЕКЕЙҰЛЫ ЖАСАНҒА

*Күн күліп ұясынан шығып жүрген,
Таң нұры арайланып атып жүрген.
Өмірде ешбір уайым, қайғысы жоқ,
Өзіміе бақытты жан болып жүргем.*

*Кенет,
Күн шықпай ұясынан жатып алды,
Түнеріп қара түнек басып алды.
Мен үшін жарық дүние тозақ болып,
Жүрегім аһ ұрғанда қарс айрылды.*

*Тең басып екі аяқты жүрген қандай,
Жүре алмай екі аяқтан қор болдым-ай!
Құдайға күндіз-түні жалбарындым,
Мені емдейтін бір пенде жібергін-ай!*

*Құдайым тілегімді қабыл алды,
Алтын қолды Жасанды ол, жіберді.
Оның алтын инесінің арқасында,
Тай-тай басып өмірге қайта келдім.*

*Сықылықтап күн күліп, қайта шықты,
Серпіліп қара түнек, жұлдыз шықты.
Қиналмай екі аяқпен жүрген қандай,
Жүрегім қуаныштан жарылардай.*

*Алтын қолды Жасан Зекейұлы,
Емдерің бар ауруға шипа болсын.
Алтындай ұл-қыздарың аман болсын,
Басына бақыт қонып, аруақ қолдап,
Өмірде қосағымен қоса ағарсын!*

Айша АЙДАРОВА

ҮШІНШІ БӨЛІМ

**СЫНДАРЛЫ
СҰХБАТТАР**

АЛТЫН ИНЕ АПТА ІШІНДЕ АЯҒЫНАН ТҰРҒЫЗАДЫ

Таңертең көзін тырнап аша салып таблеткаға қол созатын адамдар уыс-уыс дәрі ішуді әдетіне айналдырып алғанын аңдамай да қалып жатыр. Ал құрамында химиялық қоспасы бар дәрілер бір аурудан емдесе, жоқ ауруды қозғап шығаратыны белгілі. Аурудан қажып, дәрмені таусылған адам жанталасып ең соңғы мүмкіндіктерді іздей бастайды. Емиілерге сенбейтін, бақсы-құшынаштардан алып шақырым аулақ жүретіндер, неге екені белгісіз, Шығыс-тибет медицинасы дегенде бұл емдеу тәсілін мойындайтынын білдіргендей үнсіз келісіп, иланып қалатыны бар. Тіпті Тибет медицинасын Қытай өзінің 5000 жылдық тарихы бар ұлттық медицинасының қатарына әлдеқашан қосып алған. Сонымен, Шығыс-тибет медицинасы деген не? Ол қандай ауру түрлерін емдейді? Өркениетті елдердің өзі не себепті алтын ине салдыруға құлықты? Алтын иненің адамды аяғынан тұрғызатындай не құдіреті бар? Міне, осы мәселелер төңірегінде сонау ШҰАР-дың Тарбағатай өлкесінде туылып, Шыңжаң медициналық университетін бітіріп, Қытай елінің «жоғары категориялы маман» атағын алған хирург Жасан Зекейұлының айтары көп. Қазақстанға келгеніне он екі жыл болған Жасан алтын ине салудың қыр-сырын қоса меңгеріп, медицина ғылымынан кандидаттығын да қорғап, Алматы қаласынан «Жас-Ай» атты Шығыс-тибет медициналық орталығын ашты. Бүгінде осы клиниканың бас директоры.

– Жасан, жұрттың аузының суы құрып айтатын Тибет медицинасының классикалық медицинадан қандай артықшылығы, нендей айырмашылығы бар осы? Емдеу тиімділігі неде?

– Ағзадағы мүшелердің дұрыс жұмыс істеуі қан айналысы жүйесімен байланысты. Адам бойындағы 7-8 литр қан жүректің қуатты күшімен денеде айналып отырады. Шығыс-тибет медицинасында қан жүйесін басқарып отыратын меридиандар болады. Қазақша айтқанда – жан. Ауруды қан жүйесінің сыртындағы меридиан арқылы іздеу тәсілі өте ескіден келе жатыр. Адам денесін пышақпен кесіп, ақтарып, шешімін таппаған ауруларды ине салып жазуға болады. Мен өзім де хирургтің, солай бола тұрса да, құр

босқа адамды пышаққа түсіргенше, осындай жолмен сауықтыруға болатынын біліп, медицинаның осы тәсілін меңгеруге барынша ықылас қойдым. Бұл – тұтас ілім. Ішіне бойласаң, тереңіне тартатын кызығы мол иірім. Қытайлардың қазіргі орташа жасы – 71 жас. Қазақтарға қарағанда денсаулығы жақсы хәм ұзақ жасайды. Неге? Себебі бұлар осы емдеу тәсілін толық мойындайды. Бірақ бұл емдеу тәсілін қытай медицинасы деп айтуға болмайды. Асылы, бұл – Шығыс медицинасы, ал Шығыс деген соң оған жалғыз қытай ғана емес, біз де кіреміз. Бұл медицина Тибеттен, яғни тау халықтарынан келгенімен, қытай қолға алып, арнайы ғылыми академиялар ашып, дамытып, өзінің төл медицинасы сияқты тума тәсілі етіп алды.

– Алтын инені бір рет қабылдағаннан кейін қайта-қайта айналыса берудің қажеті жоқ деп жатады...

– Өтірік. Ине салдырудың кері әсері болмайтыны, адамның зиян шекпейтіні дәлелденген. Американың өзінде 80 пайыз нашакорларды осы әдіспен емдейді. Арақ пен темекіге үйірлікті де осы алтын иненің күшімен жоюға ден қойып келеді. Инені құлақтағы нүктелерге салу арқылы ауруын басқаруға және жаман әдеттен жирендіруге болады. Бір құлақтың өзінде 500-ден аса нүкте орналасқан. Мысалы, қытайлар еш жері ауырмаса да, жалпы ағза жұмысын жақсарту үшін, қуатын арттырып, жұмысқа, тұрмысқа, жалпы өмірге деген белсенділігін ояту үшін, есте ұстау қабілетін жақсарту үшін жылына бір-екі рет міндетті түрде ине салдырып тұрады. Қытайлар бұл медицинаның қыр-сырын өте құпия сақтайды. «Үйренемін» деп келген басқа ұлттардың адамдарына басын шұғып, құлдық ұрып, ашық түрде үйрете бермейді. Өйткені бұл – олардың медицинасының алтын бұлағы, қайнар-бастауы ғой. Олар айтпайды. Айтса да жеңіл-желпі, жалпы жұртқа белгілі бірдеңелерді айтуы мүмкін. Ал осы емдеу тәсілін жеті атасынан бері түбіне түсіп зерттеп, тамырын ұстай салып, бар ауруының тарихын айтып беретін бірнеше толқынмен жалғасқан «тұқымға» кезігу тіпті де мүмкін емес. Алтын инені меңгеру үшін тектік қасиет негізгі шарт етіп қойылады. Менің ұстазым, сол кезде жасы 90-нан асқан Қоң-Сың мырза ине салуды он бес атасынан бері зерттеп, кәсіп еткен әулеттен шыққан адам болатын.

– Он екі мүшенің амандығы мен алпыс екі тамырдың атандай шауып-соғып тұрғанын біздің мынау бір жарым қарыс табанымыз айна секілді көрсетіп береді екен...

– Дұрыс айтасыз. «Ағаштың қурауы тамырымен, адамның

картаюы табанымен» деген әдемі бір мақал бар. Адамның бүкіл мүшесі ағзамен тұтастай қосылып табаннан көрініс тапқан. Қай жеріңіз ауырса, табаннан сол нүктені дәл тауып, ине қойсаңыз не массаж жасатсаңыз, ауырғаны дереу басыла қалады. Адамның қызмет атқарудан қалып, «ұйықтап» кеткен, бітеліп қалған клеткасын ине салып «оятуға», яғни жансыз жерге жан беріп, сырқаттанған органды сауықтыруға болады.

– **Неге жай ине емес, алтын ине деп аталады?**

– Емдеуге арналған иненің түрі өзгереді, оның құрамы да әр түрлі болады. Негізінен, пайдаланатынымыз – алтын не күміс ине. Ауруға екеуінің де әсері бірдей, бірақ алтын иненің әсері күміске карағанда сәл де болса жылдамырақ. Алтын иненің құрамы тұтас алтыннан құйылмайды, 70 пайызы ғана алтын, қалған 15 пайызы тазаланған мыс, қалған 15-і тазаланбаған мыс.

– **Сіз екі елдің де жетекші клиникаларында жұмыс істеп көрдіңіз. Қытай және қазақ пациенттеріңіздің психологиясынан ауруды қабылдауы, ауруға көзқарасы, оны өткеруі жағынан өзгешелік байқадыңыз ба?**

– Егер ондық пайызға шаққанда, мен ол жақта сегіз қытай, екі қазақты емдесем, бұл жерде керісінше, сегіз қазақ, екі орысты емдеймін. Қазір шүкір, инсульт алып, сал болып қалған адамдар орнынан тұрып жатыр. Мойнына бұршақ салып, Құдайдан перзент сұрап жүрген мұңлық әйелдер бала көтерді. Менің қынжылатыным, Қазақстанда адамдар, әсіресе, әйелдер, әйел емес-ау, он екіде бір гүлі ашылмаған 14 – 15-тегі жап-жас қыздардан бастап дертке ертерек бой алдырады екен. Ауру жасарып кеткен. Қытайда, керісінше, алдына келген адамның жасы 40 – 50-ден төмен болатыны некен-саяқ кездеседі. Жалпы, қытайлардың ауруға кіріптар болуы өте сирек. Бір Шыңжаңның өзінде денсаулық туралы 3 бірдей басылым бар, радио-телехабарлардың есебі жоқ. Ақпарат көп, салауатты өмір салтын насихаттау өте жақсы жолға қойылған. Көлікте келе жатсаң да, кезекте тұрсаң да радио әлдебір ауру туралы, оның шығу тегі, емдеу тәсілі туралы саңқылдап айтады да жатады. Тыңдағың келмесе де амал жоқ, тыңдайсың. Бізде ше? Біздің клиникаға келетіндер – кілең базарда арба итеріп белін шойырып алған жас жігіттер, мұғалімдер, ата-әжелеріміз. Бұл жақта зейнеткерлікке шыққан адам бірден ауруға ұшырай ма деп қалдым. Өйткені олар өздерін бір мақсатқа бағындырып, бір іспен айналысуға, сол ісінен қуаныш табуға, бүкіл жұлын-жүйкесін соған бағындыруға қауқары жетпейді. Зейнеткерлікке шыққан соң ешкімге керек

еместей, ешнәрсе қолынан келмейтіндей өзін-өзі тастап жібереді. Тез сынады. Ал баяғыда апаларымыз сырмақ сырып, алаша тоқып, аталарымыз ер-тұрман жасап, зергерлікпен айналысып дегендей, бүкіл жанын, жүйкесін әйтеуір бір іске бағыттайтын.

– Шығыс-тибет медицинасының әсері күшті, қуаты мықты бола тұрып, бір қарама-қайшылыққа жол беріп алғандай. Қазір бір көшенің бойынан бірнеше инемен емдеу орталықтарын, тіпті құрып кеткенде, кабинеттерін ашып қойғанын көзіміз көріп жүр. Қытайлар құпиясын аша қоймайтын, Қазақстанның өзіне жаңадан ғана қадам жасап жатқан бұл медицинаны сонда кез келген адам меңгеріп алуына болатындай оңай болғаны ма? Оларға қаншалықты сенім артуға болады?

– Бұл сөздің жаны бар. Қазақстанда инемен емдейтін орталықтар аз емес. Сол орталықтарда жұмыс істейтіндердің бәрін нағыз мамандар қатарына жатқызу қиын. Олардың көпшілігі бір-екі айлық курсты не бір жылдық курсты бітіре салады да, лицензиясын алып, адам емдеуге шығады. Мысалы, бір жарым миллиард халқы бар Қытайдың өзінде бір жылда адам денесіндегі 700 нүктені толық игерген сегіз-тоғыз адамға ғана ине қоюға рұқсат береді. Ине қою аздық етеді. Оған қоса аурудың тамырлық өзгерісін білуі керек. Адам денсаулығы – адам тағдыры. Сондықтан да қатаң сұрыптаудан өтеді. Ал бізде екінің біріне рұқсат береді, екінің бірі ине қояды. Дұрыс па осы? Мен бір нәрсеге таңғаламын. Ине салып үш күнде жазып шығаруға болатын адамды аурухана дәрігерлері апталап, айлап әуреге салады. Сол уақыт аралығында аурудың өзі де бір жақты болып қалады. Мысалы, қатерлі ісіктің ауыр түрлері болса, операция жасату керек болса, ондай пациенттерді біз бір күн де ұстамаймыз, қажетті ауруханаларға жөн сілтейміз. Қолынан келмесе, науқастың уақытын текке өлтірмей, жібере салу керек. Сол инемен емдеу орталықтарының көпшілігінде қарапайым қызмет көрсету үлгісі де жоқ. Тазалық сақталмайды. Ине қоятын жерде шаң-тозаң болмауы тиіс, айнадай жарқырап жатуы керек. Ауырған адамдармен санаспайды. «Тамыры жарылып кетпесе болды», «Нервісін өлтіріп алмасам болды» деп инені теріге шаншып-шаншып, ақшасын сыпырып алып жатқан алдамшылар көбейіп барады. Бұл осы медицинаны әбден зерттеп, бүге-шігесіне дейін білуге ұмтылыс танытып, шындап ден қойып жүрген біздерге залалын тигізеді әрі халықтың Шығыс медицинасына деген сенімінен айырады...

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ

«ЖАС-АЙ» МЕН ЖАСАН

Тәуелсіздіктің таңы атқалы шетелден атамекенге оралып жатқан қандастарымыз аз емес. Соның бірі – Қытайдан келген Жасан Зекейұлы. Өзімен бірге ежелгі Шығыс-тибет медицинасын ала келген Жасанды қазір Қазақстанның қазір түкпір-түкпіріндегі жұртшылық біліп болды десек, артық айтқандық емес. Біздің медицина болашағынан күдер үзіп қойған талай кісі Зекейұлының алдына барып, аяғынан тұрып кетті.

Сонымен, Шығыс-тибет медицинасы дегеніміз не? Алтын инемен емдеудің ерекшелігі неде? Еуропалықтар неге шығыстық емдеу тәсіліне бет бұра бастады? Біз осы сұрақтармен Алматыдағы «Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медицина орталығының бас директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық инемен емдеу академиясының дәрігері Жасан Зекейұлына жолыққан едік.

– Жасан Зекейұлы, жұртшылық сізді медициналық орталық ашқалы бері жақсы тани бастады. Атамекенге орала сала аштыңыз ба бұл орталықты?

– Мен Қытайда медицина университетін бітіріп, Бейжің, Тяньжин қалаларында білімімді жетілдірдім. Қытайдағы оқу жүйесі мұндағыдан мүлде бөлек. Біз университетте жүргенде осы ине салу, шөппен емдеу тәсілдерін де қоса меңгердік. Қытайда жеті атасынан бері ине салу әдісін қолданып келе жатқан, осы ілімді түбіне дейін зерттеп, том-том кітап жазған Құн Сұн деген ғалым-дәрігер бар. Инемен емдеу тәсілі қолданыла бастағалы бергі тарихты дәуір-дәуірге бөліп, жіліктеп беретін, алтын иненің құдіретін әлемге танытқан осы тамаша ғалымның Қытайда мыңдаған шәкірттері бар, соның ішінде қазақтан шыққан тәлімгері мен ғанамын.

Университет бітіргеннен кейін еңбек жолымды хирург болып бастадым. Түске дейін жұмыс істегенде бір адамға ғана ота жасаймыз. Ал түстен кейін шығыстық медицина тәсілімен 100-200 адамға септігіміз тиеді. Соның мыңнан бірі ғана – қазақ, қалғаны – қытай. Содан соң елге оралып, осы әдісті тарату туралы көп ойлана бастадым. Атамекенге осылай жеттік.

– Сіз бұл кезде Қытайдағы ең үздік жүз дәрігердің бірі атанған мамансыз ғой. Елдегілер қалай қабылдады?

– Әрине, мұнда бәрін жаңадан бастауға тура келді. Әуелі аспирантураға түстім. Өзгелер үш жыл оқыса, мен төрт жыл оқыдым. Бірінші жылым орыс тілін үйренуге кетті. Өйткені орыс тілінсіз мұнда өзінді дәлелдеу қиын екен. А.Н. Сызғанов атындағы хирургиялық ғылыми-зерттеу орталығында Қазақстанда тұңғыш рет «Хирургиялық аурулардың және операциядан соң болатын асқынуларды Қытай методикасын қолдану арқылы алдын алу және емдеу» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым. Маған Алматыдағы №12 орталық ауруханада операциядан кейінгі асқынуларда Шығыс-тибет тәсілімен емдеуге рұқсат етілді. 500 адамға тәжірибе жүргіздім. Оның оң нәтиже беретініне мамандардың көзі әбден жетті. Әдетте, науқастың анализдерін тексеріп, зерттеуге көп уақыт кетеді. Ал мен тамыр ұстап, бірден емге кірісемін. Мұның ауыр науқастардың беті бері қарауына көп септігі тиді. Тамақ жүрмей қалған кісілер дәм алатын болды.

Енді мені Қазақстанның түкпір-түкпірінен жұрт іздеп келе бастады. Орталық ауруханада олардың бәрін қабылдауға мүмкіндігім жоқ еді. Тәртіп бойынша мен Бостандық ауданының тұрғындарын ғана қарауым керек. Сондықтан мен жеке клиника ашқанды жөн көрдім. Маған қаралып, денсаулығын түзеген банк қызметкерлерінің арқасында несие алып, 2004 жылы осы орталықты аштық. Басында алты-ақ бөлmemіз болса, қазір олардың саны 15-ке жетті. Келушілер өте көп болғандықтан Алматының іргесіндегі Қаскелең қаласында алыстан келетіндерге арналған үш қабатты бөлімшемізді аштық.

– Енді ем жүргізу тәсілдеріңізге келсек...

– Қазір біз түгілі, Батыс елдері де Шығыс-тибет медицинасына ден қоя бастады. Өйткені еуропалық медицина адамның ауырған ағзасын ғана емдейді. Мысалы, сіздің асқазаныңыз ауырып барсаңыз, сол асқазанды емдеуге кіріседі. Ал Шығыс медицинасы бүкіл ағзаны тұтас қарайды, себептерін іздейді. Егер асқазанның қышқылы көбейіп тұрса, оны тоқтатын нүктені, қабынып тұрса, тоқтататын нүктені тауып, ине салу керек. Ол нүкте асқазанның өзінде де бар. Мысалы, табанда аурудың табиғатына қарай қай нүктеге қою керек екендігін емдеуші дәрігер шешеді. Сосын мұның ешқандай кері әсері жоқ. Еуропалық медицинадағыдай бір ағзаны емдеу үшін ішкен дәріңіз екінші бір ағзаңызға зиян келтірмейді. Тек табиғи энергия көзіңізді ашу арқылы емдейді. Алтын ине зақымдалған жүйке жүйелерінің қызметін тірілтеді.

Қан тамырларының ішіндегі ұйып қалған қанды таратады. Біздің клиникада алтын ине салу, нүктелік уқалау (массаж), жалпылама уқалау сынды ем түрлері жүргізіледі. Таза табиғи шөптерден әзірленген дәрілер береміз.

– **Жоғарыда тамыр ұстап диагноз қоямын деп қалдыңыз...**

– Науқасты ауруынан құлан-таза айықтыру үшін ең әуелі оған дұрыс диагноз қою керек. Әйтпесе ол ауруына ауру жамап алуы мүмкін. Ал тамыр ұстап диагноз қоюға ата-бабадан қонған қасиет аздық етеді, медициналық-теориялық әрі тәжірибелік білімнің болуы керек. Менің ұстазымның кітабында бұл жан-жақты баяндалған. Негізгі ілімді сол кісіден меңгердім. Тамыр арқылы 80 пайыз диагноз қойып, оны соңғы технологиямен шыққан аппараттар арқылы тексеруден өткізіп, зертханалық зерттеу жүргіземіз.

– **Ол қандай аппараттар?**

– Қытай тілімен айтқанда, «Хассы» деп аталатын магнитті-резонансты, жүйке нүктелеріне арналған «Зывишин», табиғи тас қызуымен емдейтін «Каудиян» аппараттары ежелгі емдеу тәсілін қолданады. Мұнымен қатар жүрек-қан тамырларының жұмысын анықтайтын кардио-аппараттар сияқты медициналық құрал-жабдықтарымыз бар.

– **Әуелі, ине саласыздар, оның «қызметі» қандай?**

– Адам денесінде оның тұла бойындағы қанды жүргізіп, бүкіл іс-әрекетін басқарып отыратын жүйе бар. Оны орыстар меридиан, ал біз жан каналы дейміз. Жан каналы 12 жұптан тұрады. Демек, 24 жан каналы бар. Олар адам денесінде осы күнге дейін табылған 700 нүктені бір-бірімен жалғап тұрады. Әлгі 700 нүктенің әрқайсысы адамның ішкі ағзаларына жалғанады дегендей. Яғни сырттағы нүкте арқылы іштегі ауру басқарылады. Бұл дегеніңіз – адам ағзасын басқарып отыратын арнаулы нүкте бар деген сөз. Ол – жан нүктесі. Сол нүктеге қойылған ине іштегі ағзаға өзінің «бұйрығын» беріп отырады, яғни әсер етіп, оны оятады. Содан соң ол ағза сауыға бастайды. Тек керек нүктені дәл таба білу керек.

– **Сонда адамның денесінде 700 нүкте бар ғой?**

– Иә, бұрын 695 деп есептеліп келген, кейін тағы бесеуі табылды. Бұған қосымша құлақта, табанда орналасқан қосалқы нүктелер де бар. Олар жан каналының жұмысына қосымша әсер етеді.

– **Ине салғанда олардың бірін шөппен қыздырып, екіншісін тоққа жалғайсыздар. Бұл нені білдіреді?**

– Ине қоятын маман адам денесіндегі қай нүктенің қандай жағдайда екенін науқастың халіне қарай қайсысын тоққа жалғап, қайсысын шөппен қыздыратынын бес саусағындай білуі керек. Әлгі қыздыратын шөптің құрамында 18 түрлі шөп бар. Мұның бәрі иненің әсерін күшейтеді.

Микроскоппен қарасаңыз, жан каналдарының астында қан жүріп жатады. Мысалы, адамның сау қолының да, паралич болып істемей қалған қолының да бойымен қан жүріп жатады. Ендеше, оның істемей қалуының себебі неде? Мәселен, машинаның жүрегі – мотор, ал моторды айналдыратын – бензин. Бірақ кейде машина оталмай қалған кезде «провод» тигізу керек болады. Ол «проводыңыз» – алтын ине. Керек болса, ол тоққа жалғанады немесе шөппен қыздырылады. Паралич болып қалған кісі бізге екі-үш апта көлемінде қаралса, екі курс емнен кейін аяғына нық тұрады.

– **Ал паралич болғанына бірнеше жылдар болған кісілер ше?**

– Оларды ұзақ емдеуге тура келеді. Бірақ емделеді, тым құрығанда, таяққа сүйеніп жүретін болады.

– **Көп ауруларды емдейді екенсіздер. Тіпті дәрігерлер үмітсіз деп санағандар сіздің алдыңызға келіп, дертіне дауа тауыпты. Денесінің 90%-ын псориаз дендеген Әбусағит ақсақал сізді тіпті әулие санайды екен, ал төсекке таңылып қалған Қанат «Жасан мені өмірге қайта әкелді» деп отыр...**

– Мен Қазақ радиосының «Денсаулық» бағдарламасында сұхбат беріп отырғанда, Әбекең телефон арқылы хабарласты. «Әңгімеңізді тыңдап отырып, сізге барсам жазылып кететін сияқты әсерде болдым. Қабылдайсыз ба?» – деді. Мен мекенжайды айттым. Ертеңіне апай екеуі бірге келді. Маған дейін Ресейдің, Германияның бірнеше клиникасына қаралып, болмағасын күдер үзіп отыр екен. Апай: «Айтуға да ұят, таңертең тұрған кезде жаймаға бір тегене тері ұнтағы түседі...» – деп көзіне жас алды. Псориаздың емдеу тәсілдері ұстазымыздың кітабында бар. Тамыр ұстап, диагноз қойып, сол күні емге кірістік. Уланып қалған нүктелердің уытын қйтардық, үш-төрт рет қан алдық. Екі курстан кейін денесінің біршама бөлігі тазарып қалды. Ал үшінші курстан кейін құлан-таза айықты.

Ал Қанаттың омыртқасының арасы ашылып (грыжа) кеткен. Ол бірте-бірте ұлғайып, төсекке таңылуға мәжбүр болыпты. Бір жоғары оқу орнының проректоры болып қызмет істеген азаматтың

отбасының да әбден күйі кете бастаған екен. Өйткені әйелі де жұмыстан шығып, ауру баққан. Амал жоқ, ота жасауға келіскен екен. Бірақ Құдайдың қарасқаны шығар, екі рет операция үстеліне барған кезде қан қысымы 200-ге көтеріліп, кері қайтыпты. Сол кезде палатадағы теледидардан мен туралы хабарды көріп келді. Алла жар болып, алтын иненің арқасында бел омыртқасы толық жазылып, қазір шауып жүр.

Бір жігіттің шашы түсіп қалып, маған келді. Өзі тойларда асаба болып, шай-суын ажыратып жүр екен. Таз қалпында жұрттың алдына шығуға қысылып, парик киіп алатын көрінеді. Онысы ауа кіргізбей, басты әбден қышытады екен. Тамырын ұстап отырсам, көп аурулары бар болып шықты. Әуелі соларды емдеп алғасын шаш өсіретін емді қолдандық. Тура 30 күнде шашы шықты. Әлгі жігіттің қуанышында шек жоқ, мені қайта-қайта құшақтап, алғысын айта береді.

Кейде диагноз дұрыс қойылмаған науқастар да келеді. Мысалы, Қызылордадан келген бір кісіге дәрігерлер ісік ауруымен ауыратынын айтып, дереу ота жасау керек депті. Тамыр ұстап қарасам, ісіктің белгісі жоқ. Дереву дәрігерлермен хабарласып, ота жасаудың қажеті жоқтығын түсіндірдім. Өзім ем жасап, ол кісі ауылына риза болып қайтты.

– Қазір ине салатындар көбейіп тұр. Солардың бәрі ем бола ма?

– Ине қою үшін әуелі, жоғарыда айтқанымдай, дұрыс диагноз қою керек. Содан соң ауруға ем жүргізетін нүктесіне ғана ине қою қажет. Диагноз қойып, бірнеше минутта қажетті нүктелерге ине салу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ол үшін барлық нүктелерді жатқа білу керек. Науқасты жатқызып қойып, кітапқа үңіліп отырмайсыз ғой. Мысалы, біз көзге де ине саламыз, ал жамбасқа салған инесін сындырып алып жататындар да бар. Ине салған кезде оны оңға немесе солға бұрау – үлкен ғылым. Оны білмесеңіз, алдыңызға келген адамды бекер әуре қыласыз.

КСРО мен Қытайдың арасында салқындық болған кезде, ерте-ректе курс оқып алғандар ине қойып жүріпті. Қазақстанда менен өзге осы алтын иненің қасиетін ғылыми түрде негіздеген адам жоқ.

Қазір де курс бітіріп, ине салатындар көбейіп барады. Бірақ ғылыми негізге сүйенбеген ем болып жарытпайды. Мысалы, он күннен тұратын бір курс емнен кейін науқас кемі он күн демалуы керек. Ал бізде он бес немесе жиырма күн бойы ине қоятындар бар екен. Бұл ешқандай шипа бермейді.

– **Ал енді осы алтын иненің құрамында не бар?**

– Иненің 80 пайызы күмістен тұрады, қалған 20 пайызында алтын мен тазартылған мыс бар. Халық арасында ол «алтын ине» аталып кеткен. Біз өзіміз қолданатын инені Бейжіңнен алдырамыз. Бір адамға қойған ине екінші кісіге пайдаланылмайды.

– **Ал ине алғаннан кейін күтіну керек пе?**

– Міндетті түрде. Өйткені ол кезде барлық нүктелер ашылады. Ыстық ванна қабылдауға немесе моншада бұға түсуге болмайды. Тура босанған әйел секілді күтіну қажет. Ет жеп, ыстық сорпа ішу керек. Тек он күннен кейін ғана бұрынғы қалпыңызға түсесіз.

– **Сіздің әңгімеңізге қарағанда, жұрт кәдуілгі медицинадан бас тарту керек секілді...**

– Жоқ, олай деп кесіп айтуға болмайды. Мысалы, қант диабетіне шалдыққандар бізде ұзақ емделеді. Ал олар қабылдап отырған инсулиннен бас тарт деп айтуға болмайды ғой. Қытайда да еуропалық медицина Шығыс-тибет медицинасымен қатар жүреді. Бірақ жұрт соңғысына көбірек жүгінеді. Өйткені оның пайдасы зор. Бізге де осы әдісті кеңінен тарату керек. Қытай халқының саны миллиардтан асты деп жүрміз. Олар осы межеге медицинасының арқасында соңғы 200 жылда жетті. Қарап отырсаңыз, онда туу көп, өлім аз. Өйткені кез келген қытайлық ауырмаса да, қартайып кетпес үшін, аурудың алдын алу үшін жылына екі рет ине салдырады.

Осы өмірімде менің алдыма талай бай-бағландар келді. Бір басында бәрі бар: қос-қостан үй, көлігі, тіпті жеке ұшағы да бар. Тек денсаулық жоқ. Кейде сол азаматтар аяғына тұрғаннан кейін медицинаны көтеруге күш салса ғой деп ойлаймын. Сонда біздің де халқымыз көбейер еді.

Дегенмен түңілуге болмайды. Қазір нарық экономикасына бағынған заман. Қай медицинаның емі күшті, бағасы арзан болса, таразының сол жақ басы төмен түседі. Демек, біздің емімізге иек артатындар күн санап көбейе түседі.

– **Аймақтардан бөлімшелер ашу ойыңызда жоқ па?**

– Ол үшін алдымен шәкірт даярлау керек. Қазір осы мәселемен айналысып жатырмыз. Бірнеше шәкіртіміз ине салуды меңгеріп қалды. Жоғары жақтың ұсынысымен таяу күндерде Астанада орталығымыз ашылады. Бірте-бірте іргеміз кеңейе береді ғой.

– **Инемен емдеу Тибеттен бастау алған ба?**

– Жоқ, олай деп оны бір елге «байлап» беруге болмайды. Бұл – адамзаттың ортақ қазынасы, оның ішінде біздің де ата-бабамыздың

үлесі бар. Тарихи деректерде бұрынғы қазақ емшілерінің науқас адамның ауырып тұрған жерін басатын нүктелерді тапқандығы туралы мәліметтер бар. Мысалы, бел ауырса уқалап отырып, оны басатын нүктенің қолда немесе аяқта екенін білген ғой. Атақты Ибн-Сина өз емдерінде нүктелік массажды пайдаланған. Басында таяқтың ұшымен уқалау иненің әсерін берген. Кейін тибеттіктер оны дамытып, күміс қасықпен түрлі тамақ ішетін ыдыстардың ұшымен нүктеге әсер етуді жалғастырған. Келе-келе адамның ішін теспей-ақ, сырттан ішкі ағзаны емдеуге болатынын түсінген. Содан соң қытайлықтар қазіргі біз қолданып жүрген иненің қазіргі нұсқасын қоладан жасаған. Бірте-бірте ауқатты адамдарға алтын жалатылған ине қою бастаған. Жетіле келе қазіргі инелер пайда болды. Демек, инемен емдеу тәсілінде біздің де үлесіміз болғанмен, оны жазуы, өнер-білім бар жұрттар әлемге өз ілімі ретінде ұсынды.

«Алматы ақшамы»

АДАМ АҒЗАСЫНДАҒЫ 700 НҮКТЕНІҢ СЫРЫН, 12 МҮШЕНІҢ ТІЛІН БІЛЕТІН

Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик Жасан Зекейұлымен сыр-сұхбат

«Жақсының аты жүйрік» деген емес пе, Қытай-Тибет медицинасының, инемен емдеу ісінің білгірі Жасан Зекейұлының есімі бүгінде қазақ жұртына кеңінен танымал десек, артық болмас. Оған «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығында болған бірер сағаттың аралығында анық көз жеткіздік. Ал орталықтың кіре берісіндегі журнал үстелінің үстінде жатқан «Алғыс. Пікір. Ұсыныс. Шағым» кітапшасын толқымай, таңырқамай оқып шығу мүмкін емес. Шықпас жанына шипа дарытып, өмір сыйлаған дәрігерге деген көптің алғысы толқытса, жұртты көбімізге беймәлім, жастардан аулақ болса екен дейтін аурудың иектеп, жас-кәрінің жүйкесі жұқарып, жүрек соғысының

әлсіреп бара жатқанына таңырқайсыз. Іңгәлаған нәрестемізден ақыл айтар қартымызға дейін біз сырын көп біле бермейтін дерттердің иектеп алуының себебі неде? – деп алаңдайсыз. Иә, неден? Бұл сауалға ағзамыздағы 12 мүше мен 700 нүктенің тілін меңгерген, отызында орда бұзып, қырқында медицина ғылымының қамалын алып, профессор, академик атанған, табиғаты көп ашыла қоймаған Тибет медицинасының сырын меңгерген Жасай Зекейұлымен сыр-сұхбат арқылы жауап іздеуге тырыстық.

– Жәке, ата-бабаңыздан кіндік қаны тамған туған топыраққа табан тірегеніңізге біраз уақыт болыпты. Тек дәрігер емес, сізді қазақ ұлы ретінде не ойлантады?

– Өңгімеңізді бірден мені қинап, көп мазалап жүрген қиын сауалдан бастадыңыз. Тәңірден түскен ақпараттың бұйрығы солай болар. Не ойлантады дейсіз бе? Көп нәрсе толғандырады. Тіпті неден бастарымды, оның себеп-салдары не екенін дөп басып айтудың өзі қиындау болып тұрғаны. Қазақстандағы өзге ұлтыңызды білмеймін, қандастарымыз сонау ата-бабамыздың қанын бұзып алған. Қан бұзылу дегеннен ауыр нәрсе жоқ, бірақ оны мен батырып айтпасам, сіз батырып айтпасаңыз, кім айтуы тиіс. Біздің қазақ ұлты – генетикалық тұрғыдан келгенде өте ұлы жаратылыс иесі. Сол табиғат-ананың зор жетістігіне ие бола тұра, соны пайдалана алмай отырмыз. Дәл қазір қазақ өз мүмкіндігінің (миының қызметінің – Ж.З.) 10 пайызын да игеріп отырған жоқ. Мен осы ретте қазақтың түбіне жетіп келе жатқан төрт қасіретке тоқталып өтсем деймін. Ол – рушылдық, күншілдік, жалқаулық, намыссыздық. Бұл қасіреттен бүгін-ертең арыла қоюымыз мүмкін емес-ау. Әсіресе, жалқаулық пен намыссыздық, күншілдік дертінен арылуы өте қиын шығар. Еттен өтіп, сүйекке жеткені қинайды.

– Дауасын тапса, шипасы дарыса, жазылмайтын дерт жоқ деп жатады ғой білгір дәрігерлер.

– Кез келген ауруыңыздың алдын алсаңыз ғана ем дариды. Ал асқынған дертке ем дарыту – қиынның қиыны. Аурудан сауығудың 8 – 10 пайызы ғана дәрігерлердің мүмкіндігіне тиесілі болса, тәрбиенің де 20 пайызы жүре пайда болса, қалғаны – тектен.

– Бүгінгі ғылым тұқымқуалаушылық дертінің де шипасын тауып жатыр емес пе. Жалқаулық, намыссыздық, күндестік, қызғаншақтық десе, неге біз тек өз ұлтымызды ғана ауызға аламыз. Жаманшылық болса да, жаман ауру болса да, өзімізді

алдымен тістеп жатамыз әйтеуір. Өзге халықта мұндай «қасиеттер» жоқ па?

– Бұл пікіріңізге де, сізді дәл қазір мазалап тұрған сауалыңызға да қосыламын. Бірақ өзге ұлт өз мінін түзеумен келе жатса, біз ауруымызды әбден жасырып, өлер шағымызға жеткенде «ойбай, ана тілім, ойбай, тарихым, мәдениетім» деп жатырмыз. Намыс-жігеріміз мықты болса не өз тәрімізде отырып қазақ тілі мемлекет тілі болу керек деп он сегіз жылдан бері жылап отырар ма едік?! Мемлекетіміздің негізгі тірегі қазақ халқы ма, мемлекеттің тілі де сол елдің тілі болуы тиіс. Дәл қазақ сияқты дүниежүзінде өзінің туған топырағында отырып тілін жоқтап отырған ұлт аз. Жоқтай алмағанының тілі баяғыда жойылып кетті. Ал бізде кімнен сұрасаң да, осыған да шүкір, жетпіс жыл орысша сөйлеген жұртты бірден қазақыландыру мүмкін емес дейді. Келіспеймін. Өзгені білмеймін, өз басым Қазақстанға келдім, қазақша сөйлеп жетісемін деп бөркімді аспанға лақтырып келгенде, қайда барсам да алдымнан сумаңдап орыс тілі шықты. Қажет болды, жарты жылдың ішінде-ақ үйреніп алдым. Қазір қазақстандық «орыс» достарымды орта жолда қалдырар орышам бар. Өз-өзімізді «шүкір» деген жалпақшешейдің сөзімен неге алдарқатуымыз қажет. Егер 8 миллион қазақтың ең болмаса 8 мыңында кешегі ұлтты үшін зобалаң жылдар құрбаны болған Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұловтың, бүгінгі Шерхан Мұртаза, Мұхтар Шахановтардың бойындағы намыстың тарыдай дәні болса жеткілікті болар еді. Соған жете алмай келеміз. Бір қазақ алға ұмтылса, мың қазақ етегінен тартып, бір намысты ұл ұлтының жоғын айтса, ортамызда отырған бөтен біреудің сойылын соғып, мыңымыз жабылып, соның аузын жабуға тырысамыз.

Күні кеше ғана Мұхтар Шаханов Қытайға барды. Ол жақтағы қазақтар ақынды он бір сағат тікесінен тік тұрып тыңдады. Неге? Неге? Өйткені олар үшін туған тілі – сағыныш. Қит етсе, көп ұлтты мемлекетпіз дейміз. Келіспеймін. Біз көп ұлтты емес, қазақ деген ұлтты негіз еткен көп диаспоралы елміз. Ата-бабамыздың қаны тамып, тері сіңген топырақты кім көрінгеннің өз білгенінше таптап, тайрандап жүруіне жол бермеуіміз керек.

ТАМЫРДЫҢ СОҒУЫНЫҢ 80 ТҮРІ БАР

– Жәке, саясат дегенді онша жақсы көрмейтін едім, негізгі әңгімеміз, өзіңіз соншалықты жақсы көретін қазағыңыздың

денсаулығы туралы әңгімеге көшсек. Қазақстанға келгелі бері денсаулық сақтау саласында сізді нендей мәселелер толғандырады?

– Бұл – саясат емес, ұлттық мәселеміз, Нүреке. Адамның ішкі дүниесі таза, рухы асқақ болса ол адамның тәні де, жаны да сау болады. Денсаулық дегеніңіз – сіздің жаныңыздың айнасы. Күншіл, қызғаншақ, күндес, намыссыз адамның қашанда ішкі ағзасы сау болмайды. Күншіл, қызғаншақ адамдар – жүрек, бауыр, бүйрек, асқазан дертіне ұшыраса, жігерсіз, намысы жоқ адамның жүйкесі, қан тамырлары зақымданады. Табиғат пен адам баласы егіз. Біз табиғат анамызға қарсы шығып, көктегі Тәңірдің тілін алмасақ, қазіргі көбейіп бара жатқан ауруларымыздан айыға алмаймыз. Денсаулық та тәрбиеге байланысты.

– **Оқырмандарымыз денсаулыққа тәрбиенің қатысы қанша деуі әбден мүмкін ғой.**

– Әлбетте, солай. Отбасындағы тәлім-тәрбиесі, ұстанып отырған өмірлік қағидасы дұрыс адамның денсаулығында ақау болмайды және жоғарыда «жаны саудың тәні сау» дегенді текке айтқан жоқпыз ғой. Мәселен, бүгін кіндігін көрсетіп, төсін айқара ашып тастап жүрген қыз баланы ертең тұрмысқа шыққанда қаншама ауру иектейтінін білесіз бе? Әйел баласының кіндігінде біздің ұрпағымыздың тағдыры жатыр. Қазіргі жас әйелдердің арасында көбейіп бара жатқан бедеулігіңіздің негізі – жас қыздардың кезінде кіндігінің қадірін білмегендіктен.

Анасы қызына бала кезінен кіндіктің қадірін ұғындырып өсірсе, ол бала денесін қымтап жүрер еді. Көрдіңіз бе, тәрбиенің денсаулыққа деген қатысының қаншалықты екендігін. Арақ пен темекінің зардабы – өз алдына том-том ғылыми медициналық әдебитке арқау болатын дүние. Елбасымыз Н.Назарбаев неге бізге салауатты өмір салтын насихатта, жас ұрпақты салауаттылыққа бесіктен тәрбиеле деп жатыр. Әрбір адамның денсаулық туралы білімі болуы тиіс. Денсаулық – әр адамның жеке байлығы. Сол байлықты біз дәрігердің міндетіне артып қойып жүрміз. Ол дәрігерге емес, сізге қажет, сондықтан өз денсаулығымызды өзіміз қамқорлауымыз керек.

– **Жәке, сіздің жұмыс үстеліңізден біздің дәрігерлеріміздің қалтасынан түспейтін қан қысымын өлшейтін құралды, ағзамыздың сырын ақтарар фенодоскопты көре алмай отырмын.**

– Дұрыс байқадыңыз. Мен ауруды тамыр арқылы, тілдің өзгерісі, көз жанарындағы белгілерге қарап анықтаймын. Сіздің мына лүпілдеп тұрған тамырыңыз терең, әлсіз, қалқымалы 80 түрлі қағыспен соғатынын білесіз бе? Сол қағыстың үніне қарай ағзаңыздағы өзгерістерді дөп басып айтуға болады. «Көз – адамның айнасы» деп те бекер айтпайды. Сол айнаға дұрыс үңіле білген дәрігер көп аурудың алдын алған болар еді. Тілдегі өзгерістерді алыңыз. Сіз аяқасты ауырып қалып емханаға барыңызшы, дәрігер сізден қаншама анализ өткізуіңізді талап етеді. Жаны қиналып тұрған адамға бұдан артық қандай кері соққы қажет. Емханадағы ұзын-сонар кезектен өтіп, қан тапсырам, зәр тапсырам деп жүріп, жүйкесі жұқарған науқас ауырып келгенін де ұмытып қалады.

Ауырып келген адамның тамыр соғысын байқап, тіліндегі, көздің ішіндегі өзгерістер арқылы-ақ ауруын анықтап, алғашқы дәрігерлік анализ өткізуді талап етсек болады.

– **Тамыр арқылы диагноз қойып жүрсіз. Қателесіп кеткен тұсыңыз болды ма?**

– Құдай сақтасын. Әзірге шатаса қойған жоқпын. Тибет медицинасы өте терең зерттеуді қажет ететін, сыры мен құпиясы әлі толық ашыла қоймаған сала ғой. Мүмкіндігім жеткенше медицинаның осы түрін зерделей түссем деймін.

12 МҮШЕНІ ИГЕРЕТІН 700 НҮКТЕ

– Қазір өзі инемен емдеймін, ауруыңызды сүлікпен сорып тастайтын орталықтан көп нәрсе жоқ. Қайсысына сенеріңізді білмейсіз. Соған қарағанда инемен емдеу тәсілін игеру оңай әрі жақсы бір табыс көзі-ау, шамасы.

– Рас, мен де байқаймын. Тіпті арнайы білім жетілдірмек түгілі, инемен емдеу тәсілі жөніндегі медициналық кітаптарды оқып алып та ине салып жүргендерді жақсы білемін. Бірақ оларды саусақпен шұқып көрсеткім де келмейді, өздерінің азаматтық ар соты білсін. Бізде неге ауру-сырқаушылық көп, өйткені мамандарымыздың, әсіресе, жас дәрігерлеріміз нақты диагноз қоя білмейді. Оның кесірі адамдарға тиіп жатыр. Біздің орталыққа алғашқы диагнозы дәл қойылмағандықтан әбден зуре-сарсаңға түсіп, өлер шағына іліккен талай науқастар келді. Солардың табалдырығымыздан еңбектеп кіріп, тік жүріп шығып бара жатқанын көрген сайын, менің пешенеме осы бір дәрігерлік

мамандықты жазып, оны терең меңгеруге лайықты қабілет бергені үшін тағдырыма, менің қабілетіме дұрыс-бағыт бағдар беріп, өміріндегі қиындыққа қарамай оқытып, жеткізген анам Шәрипаға алғысым, ризашылығым шексіз. Дәл қазір қол жеткізген азды-көпті жетістігімді мен отбасымда алған үлкен тәрбиенің жемісі деп бағалаймын. Өмірдегі ең ұлы ұстазым, ең үлкен жетекшім – кырық үш жсында дүниеден озған еліне сыйлы, халық қызметшісі болған марқұм әкем Зекей Тұрсынбекұлы, қазіргі басты бағытшым – шешем. Мектеп бітірер тұста дәрігер болсам деген мақсатымды айтқанда анам қатты толқыған еді. Дәрігер болу үшін алған білімнің жеткіліксіз, ең алдымен жылы жүрек, ыстық мейірімнің болмай жақсы дәрігер атану қиын дегенді де ең алғаш анамның аузынан естіген едім.

Қазір енді анамның сол аманатын адал атқарып жүрмін-ау деп ойлаймын. Әйтсе де үйренерім әлі жетіп артылады. Инемен емдейтін дәрігер тәнге ине шаншуды ғана емес, сол адамның жан, тәнін жетік меңгеруі, он екі мүшені өзіне бағындырып тұрған 700 нүктенің көзін дәл таба білуі тиіс. Бір нүктенің көзінен жаңылсаңыз болғаны, ойлап жүргізген ем-домыңыз далаға ұшып кетті дей беріңіз.

Менің қызметкерлеріме үнемі әрі үзбей айтатыным «өз көңіл-күйің болмай тұрса да, алдыға келген науқас жанның қасқабағына қарандар, жақсы сөз айтыңдар» деймін. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген. Үмітінен гөрі күдігін көбірек арқалап келген науқас адамға көңіл күйі болмай отырған емдеуші дәрігер ауыр сөз айтып жіберсе, бітті ғой, әлгі адам өзінің жай-күйін жамандыққа бағыттап, ауруынан айығуы қиынға түседі. Жоғарыда мен сізге адам мен табиғат егіз дегенді текке айтқам жоқ, сөз деген – біздің өміріміздің бағдарламасы. Сондықтан болар, әке-шешелеріміздің жақсы сөз айтып дағдылан, жақсы тілек тіле дейтіні. Мысалы, бір кісілер болады, «осы баламды оқытып, қатарына қоссам болды» дейтін, осы сөзді айтқан адамды бақылауға алыңыз, шынында, баласын оқытып, ел қатарына қоса бере өзі өмірден өтіп кетеді. Адам баласы қандай сөз айтса да, ойланып айту керек. Жақсылыққа деген сенімі мықты болуы тиіс.

– Тіпті дәрігерге келсе де өз-өзіне сеніп келуі керек дейсіз ғой.

– Әлбетте, сенімсіз ешнәрсе болмайды.

– Жәке, байқаймын, орталықтарыңызға халыққа танымал

адамдар да көп келеді екен. Олардың сіздің шағын емдеу мекемеңізден басқа жерге барып қаралуына мүмкіндіктері жетер еді дегенім ғой.

– Оныңыз рас, дегенмен қазір адамдардың медицина туралы түсініктері жоғары, талғамдары мол. Қалаулары біледі. Әйтсе де менің бір байқағаным, бізге келгендердің көбі – сол дәстүрлі медицинаңыздың емі қонбай, әбден шаршаған жандар. Жақында бізге бәріміздің сүйікті бір әнші қызымыз келді, ұйқысыздықтан әбден қажып шаршаған ғой. Екі емнен кейін-ақ ұйқысы қалыпқа келіп, онымен бірге біз де қуанып қалдық. Жүйкесіне қатты салмақ түскен. Жалпы, көп ауруға себеп болатын – адамның жүйкесі. Сондықтан шама жеткенше, жүйкені сақтауға, оған салмақ түсірмеуге тырысуымыз керек.

– Солайы солай ғой, бірақ өмір-тіршілік жүйкеге тимей тұрмайды ғой,

– Басқа түскен сәл қиындыққа бола салымызды суға түсірмеуіміз қажет. Мына өмірде жақсы да, жаман да өтпелі деп қарауымыз қажет. Сүлеймен пайғамбардың өзі жүзігінің астына «бұл күн де өтер» деп жазып қойған деседі.

– Көп ауруды диета арқылы, ашығу арқылы емдеуге болады деп жатады. Арықтататын дәрі-дәрмек ішетін қыз-келіншектер көбейді. Дәрігер ретінде сіз бұл әдіс-тәсілдерге қалай қарайсыз?

– Келіспеймін. Ағзаның еркіне бағынуымыз керек. Мысалы, түнгі сағат үште айран ішіп, ет жегіңіз келсе, тұрыңыз да, ағзаңыздың талабын орындаңыз. Өйткені сол мезетте сіздің ағзаңыз соны қажетсініп тұр деген сөз. Ал енді дәрі-дәрмекпен арықтау дегеніңіз – өз денсаулығыңызды өз қолыңызбен құрту деген әңгіме. Қазақстан жұртынан тағы бір байқағаным, түрлі биологиялық қоспаларға әуес келеді екен. Ол қоспаны табиғаты қажетсініп тұр ма, жоқ па, сұрастырмайды. Жақсы десе болды, қолдану керек әйтеуір. Мүмкін ол ағзаңызға қажет емес шығар.

– Ал енді тибет медицинасын әулие тұтатын дәрігер Жасан Зекейұлының көпшілікке ұсынар қандай қағидалары бар екен?

– Менің ең басты қағидам – жанымыз таза болсын. Адал өмір сүру, біреуге қиянат жасамау. Алланы анық таныған ұлы Абайымыздың «жақсылық та, жамандық та өзіңнен» деген сөзін ұмытпайық. Барлық нәрсенің Алладан қайтарымы болады.

– Сіз екі елдің тәрбиесін тел еміп өстіңіз, дәл қазір жаныңызды қандай мәселелер ауыртады?

– Үлкендердің арасындағы көсемдік пен көрегендік азайып, пендешілік қасиеттеріміздің ұлғайып бара жатқаны жүрегімді ауыртады. Ұлттық құндылықтарды ұмытып, Батыстың даңғаза дүниесіне бой алдырып бара жатқанымыз ойлантады. Жастардың мақсатсыздығы, Отанына деген сүйіспеншілігінің таяздығынан қорқам. Бұл жерде мен көпке топырақ шашудан аулақпын, дегенмен жігерлі жастар азайып бара ма деп қауіптенем. Күні кеше ғана баспа бетінен әскер қатарында жүрген жігіттердің құрдастарының сөзін көтере алмай асылып өлгенін оқып, жағамды ұстадым. Бір жылда 37 жауынгер өз-өзіне қол жұмсапты. Бұл сұмдық емес пе. Ел қорғайды деген ер балаларымыз өзін-өзі қорғай алмайтын ез болып шығып жатса, оған кімді кінәлауға тиіспіз.

– **Бұл ретте кімді кінәлауымыз керек, расында?**

– Отбасындағы тәрбиені. Қазір отбасындағы әке ықпалы төмендеп барады. Білім мекемелерінің де кемшілігі аз болмай тұр. Теледидар – нағыз идеологиялық қару. Азаннан кешке дейін шетелдің жаман-жәутігін көріп өскен бала қазақтың домбырасын, қазақтың әуенін қайтсін. Егер домбыраның қадірін білер азаматтарымыз көп болса, «Домбыра» деген арақ шығаруға жол берер ме еді. Айтар әңгіме көп. Бірақ қазақтың шерін тарқатып айтатын Шерағалардың сөзін тыңдамаған құлақтарға менің бұл сөздерім жетпейді де ғой.

– **Салт-дәстүрге тым қатал сияқтысыз. Отбасының басты билігі кімде?**

– Зайыбым Гүлия Әлиханқызы – әйел бастаған көштің дұрыс болмайтынын жақсы білетін, отбасындағы ер азаматтың бөркі биік тұрғанын қалайтын адам. Оның үстіне қолымызда анамыз барда бізге қожайын болу ерте. Дегенмен үйдегілердің менің қасқабағымға көп қарайтынын, солардың алдында жауапкершілігім зор екендігін жақсы білемін. Сондықтан қанша шаршап-шалдықсам да сырттағы сол көңіл-күйімді табалдырықтың сыртына тастап, бар жан жылуыммен соларды қуантуға тырысамын. Алдыңнан «аман-сау келдің бе» деп анаң, «шаршадың ба, шәйің дайын» деп жарың, «әке» деп мойныға асылып балаң шыққан кезде адамның шаршауға мұршасы да келмес. Адам бақыты деген де осы шығар.

– **Досыңыз көп пе?**

– Оны білмедім. Бірақ анамның «жақсы адамнан көп адамның

айрылғысы келмейді, өзің жақсы болсаң, жаныңда жүрген адам да жақсы болады» деген сөзін үнемі жадымда ұстаймын.

– **Бос уақытыңызды қайда өткізгенді қалайсыз?**

– Сол уақыт шіркін уысқа түсе бермейді. Ал ондай оңтайлы сәт түсе қалса, бала-шағамды алып, Қазақстанның көрікті, тарихи жерлерін аралағанды жақсы көремін. Биыл бір досым екеуміз отбасымызбен он бес күнде сегіз қала, бес облысты аралап, он екі көлдің суына шомылып қайттық.

– **«Алматы Ақшамы» газетінің оқырмандарына қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?**

– Адамдар бір-бірінің жанын ауыртпай, жүрегін сыздатпай түсіністікпен өмір сүрсе деймін. Төбемізде Бақылаушымыз барын, өмірдегі барлық іс-әрекетіміздің басты бағалаушысы сол екенін естен шығармалық. Әзіліміз жарассын. Күліп жүрейік. Қазір өзі ойын-күлкі де қат заман. Шын күлкі – адамға нағыз ем. Бес күндік жалғанда сыйластығымыз мол болсын. Қанша алғыс алсаң, сонша ғұмыр жасайсың деген Шығыс тәмсілі бар, ұзақ жасағымыз келсе, жақсылық жасауға бейім болайық дегім келеді. Ауырмаңыздар!

– **Аурудың аты аулақ, дегенмен басы ауырып, балтыры сыздамас жан бар ма?**

– Ондай сәттерде біздің «Жас-Ай» Қытай-тибет медицинасы орталығының есігі ашық. Кез келген уақытта көмекке дайынбыз. Әйтсе де ауырып емес, аурудың алдын алуға келсеңіздер, қашанда қуана қарсы аламыз.

– **Жәке, мекенжай айтуды ұмытып кетпеніз.**

– Біздің орталық 5-ықшамаудан, 23 «А» үйде орналасқан. Байланыс телефондарымыз: 226-0699, 278-84-88226-0726.

– Әңгімеңізге рахмет, жұртқа шапағатыңыз тие берсін.

СЫР-СҰХБАТЫМЫЗДЫҢ КЕЙШКЕРІ ЖӨНІНДЕ АЗ-КЕМ ДЕРЕК

1967 жылы Қытайдың Тарбағатай ауылында өмірге келген. 1989 жылы медицина университетін бітіріп, Шыңжанның Күйтін елді мекенінде еңбек жолын бастаған. Пекин, Тяньжин қалаларында білім жетілдіріп, «Жоғары дәрежелі аға зерттеуші-дәрігер» мәртебесін алған.

1999 жылдан Алматыда қызмет етеді. 2006 жылы Қазақстан емшілер қоғамының Өтейбойдақ атындағы дипломы мен медалінің иегері. Тәуелсіздік күні қарсаңында

жылдың үздік дәрігері атағын алса, оның Халықаралық деңгейде өткен дәрігерлердің алқалы жиындарында алған атақ-дәрежесін санамалап шығу мүмкін емес. Ал өзі үшін алған марапаттарының ең үлкені – өзіне деген жұртының сенімі. Төрт баланың әкесі. Өзі әке мұратын, ана парызын адал арқалап келе жатқан жұрт сүйінер ұлдың бірі.

Әңгімелескен Нұржамал БАЙСАҚАЛ

«Ана тілі» газеті

ЖАСАНҒА БАРСАҢ – ЖАЗЫЛАСЫҢ

ИНЕМЕН ЕМДЕУ ҚАЗАҚҚА ЖАТ ЕМЕС

Қазақстандағы Шығыс-тибет медицинасын сөз еткенде ең бірінші еске түсетіні Жасан Зекейұлы десек, артық айтқандық болмас. Қытай медицинасының ежелден келе жатқан құпиясы іспетті Шығыс-тибет медицинасы – тамыр ұстап диагноз қою, ине шаншу, лоңқа (банкі) қою, шөп дәрілермен қыздыру сынды бірнеше емдеу түрлерін қамтиды. Осылардың қыр-сырын толық меңгерген Жасан Зекейұлы «Қытайда жүз адам емдесем, соның біреуі ғана қазақ болады, ал Қазақстанға келсем қазақты тіпті де көп емдей алам» деп тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында-ақ атамекенге ат басын бұрды. Қазақстандағы алғашқы қадамын аспирантурадан бастаған Жасан Зекейұлы – қазір «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының директоры. Ауруына ем іздеген талай науқастың жанына шипа берген Жасан ағамызбен арнайы жолығу үшін осы орталыққа бас сұққан едік.

– Шығыс-тибет медицинасы Шығыс халықтарына ортақ. 5000 жылдық тарихы бар Қытай осы саланы ғылыми айналымға енгізіп, жүйеге келтірді. Бұны тек бір ұлттың – Тибеттің немесе Қытайдың медицинасы деп қарау дұрыс емес, бұған біздің қазақ халқының да қосқан үлесі бар, – деп бастады әңгімесін Жасан ағамыз. – Ертеде қойшыларымыздың белі шойырылса, аяқ-қолы қақсаса таяғымен, тері ыдыстармен, қолдың ұшымен белгілі бір нүктелерді уқалап ауруын жазып алған.

Ағамыздың сөзін еріксіз мойындайсың. Ертедегі қойшыларымыз емес, осы күні ата-әжелеріміздің өзі де бастары ауырып тұрса желкелерін, асқазаны ауырса жотасын уқалатып жататыны рас қой. Бұдан ауруды басатын нүктелерді тауып, оған инемен әсер ететін Шығыс-тибет медицинасының ең басты ерекшелігі айқындалып тұрмай ма?

Жасан ағамыздың айтуынша, емдеуге арналған ине кәдімгі денеге дәрі жіберетін инеден өзгеше. Оны көп жұрт алтын ине деп атайды. Ол 80 пайыз күмістен, 20 пайыз алтын жалатылған мыстан жасалынады. Адам денесіне кері әсері болмайды, белгісі қалмайды. Бұл инені көздің төңірегіне, бетке, құлақ нүктелеріне, жұтқыншақтағы әлсіз нүктелерге, тілдің астына, т.б. жерлерге қанша шаншысаңыз да орны білінбейді, ауырсынбайсыз. Бүгінге дейін адам организмінде 700-дей нүкте анықталған. 12 жұп меридиан бар. Қазақша айтқанда, жан каналы деуге болады. Адам денесінде айналып жүріп жатқан қанмен бірге жүйке жүйесін де басқарып отыратын – осы жан каналдары. Жан каналдарындағы нүктені тауып, оған алтын инемен бұйрық беріледі. Соның әсерінде жүйке мен ішкі организм қайта жұмыс істей бастайды. Бұрынғы сигналдары тоқтаған меридиандар қалпына келеді. Сөйтіп, сол аурудың толыққанды жазылуына септігін тигізеді.

ШЫҒЫС-ТИБЕТ МЕДИЦИНАСЫН ОҚЫТАТЫН ИНСТИТУТ ҚАЖЕТ

Адам организмнің өз мүмкіндігін пайдаланып жасалатын бұл емге мүдделі жандар көп. Бүгінгі күнде шетелден, Қазақстанның әр облысынан науқастар келіп емделіп, сауығып қайтып жатыр. Олар орталықтың бөлімшесін облыстардан ашсаңыз деген ұсыныс айтыпты.

– Ол үшін инемен емдеуді жақсы меңгерген шәкірттер көп болуы керек. Бұдан осы емшілікті тереңдетіп үйрететін колледж, институт ашу қажеттігі туады. Оны Үкімет адамдары өздері кірісіп, ашып беруге құлық танытса болады. Қаншама ғимараттар бос тұр. Соларды халықтың қажетіне жаратып, шәкірт тәрбиелейтін орталық ашып берсе құба-құп. Қажетті мамандықты қаракөздерімізге өзіміз оқытпасақ, екінің бірінің шетелден оқуға мүмкіндіктері жоқ қой. Ең алдымен, 50-60 студент оқытсақ та жарар еді. Қазіргі жастар диплом болғанмен жұмыс жоқ деген идеяны да санадан шығарып тастау керек. Ешқандай ата-бабам келіп мені жұмысқа орналастырған жоқ. «Қап түбінде алтын

жатпайды», университетті мықты дәрігер болып бітірсең, неге біреу маған жұмыс тауып берсін деп отыруың керек?! Өзің ашып ал, ел өзі іздеп келеді, – деді ағынан жарылған Жасан ағамыз.

Ақ халат киім деп жүрген студенттерге үлгі боларлық-ақ сөз. Сөзі түгілі, ағамыздың өмір жолының өзі де жастарға сабақ болуы тиіс. Қытай үкіметінің жіберген жеріне барып қызмет атқармай, Қазақстанға кетіп қалғандықтан, жалақысынан қағылып, Үкіметтен алуға тиісті үйінен де құр қалған, Қазақстанға келгенде 3-4 мың теңге шәкіртақымен әйелін, баласын асырап, Момышұлы-Төле биден Қалқаманға жаяу қатынап жүретін Жасан ағамыз бүгінгі күнде еңбегінің жемісін жеп отыр. Мұндай дәрежеге білім іздеуін тоқтатпағанының арқасында жеткенін ағамыз мақтанышпен айтады. Өзі ғана жетіп отырған жоқ, өзгеге де пайдасын тигізіп отыр.

Айталық, бір жыл ішінде осы орталықта 300 шақты науқас тегін емделген. Бұл 6 миллион теңге көлеміндегі ақшаны құрайды екен.

– Балаға зар болып жүрген қаншама ерлі-зайыптылар бізден емделіп, балалы болды. Отбасылары сақталып қалды. Мемлекет отбасынан басталады. Отбасы тыныш болса, мемлекет те нығаяды, дамиды. Тегін емдеген адамдарымның санын биыл 500-ге жеткізсем деп отырмын. Қазақтың біртуар, абыройлы азаматтарына да тегін көмек жасап жүрмін. Күйім келіп жатса қалтамнан ақша шығарып та көмектесемін. Биылдың өзінде екі адамға ақшалай жылу атадық. «Үміт оты» деген бағдарлама арқылы қоянжырық болған қызға коллектив бойынша ақша аудардық. Қазір сүйгенімен қосылып, бақытты отбасы болып отыр, – деп елге жасаған тегін еңбегімен шаттанып отыр Жасан Зекейұлы.

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДА ҚАЗАҚТІЛДІ БАСЫЛЫМДАР ҚАТ

Ақтөбеде бір қазақ азаматы атақты емші дегенге сеніп, ұлты қытай дәрігерге емделіп, қалтасы қағылып, денсаулығынан айырылыпты. Осы азаматқа көмектесіп, қытай дәрігердің есін жиғызған Жасан ағамыз қазір өтірік емшілердің қаптап кеткенін, келсін-келмесін ине шаншып, жекелей дәрі сатып, ақша тауып жүргенін жасырмады. Осыларға қарсы тұрарлық халықтың да медициналық сауаты төмендігіне қынжылады.

Шындығында да, медицина саласында қазақтілді басылымдар жоқтың қасы. Қытай елінде 1,5 миллион қазаққа екі телеарна 24 сағат қазақша сайрайды. Онда халықтың денсаулығына қатысты

мағлұматтар мейлінше көп беріледі. Дәрілердің қандай әсері бар екенін, қалай ем болатындығын көрсетіп отырады. Ал бізде ше? Аударылып жатқан оқулықтардың қазақшасын түсінудің өзі қиямет-қайым. Жақсы аударылса, оқитындар да жақсы білім алады.

Жасан ағамыздың өзі: – «Денсаулық» журналына ғана сұхбат, мақала үзбей беріп отырам, радиодан да сөйлеп, халыққа кеңес беріп тұрам. «Денсаулық» журналынан басқа денсаулықты үгіттеп отырған журнал көріп жүрген жоқпын. Қазақ мемлекетіне алғаш келгенімде де орыс тілі алдымнан шыққан. Оны да үйрендім. Бірақ қазақ тілін ешқашан жетімсіреткен емеспін. Емделем деп келген орыстілділер амалсыз менің қазақшамды түсінуге мәжбүр болып жүр. Қажеттілік солай. Жан керек деп келген талайын қазақша сөйлетіп шығардым, – дейді.

Осы олқылықтардың орнын толтыруға үлес болсын деп Жасан ағамыз екі кітап шығаруды қолға алыпты. Бірі – сұхбаттар, медициналық сауаттар, ерекше кездескен аурулар жайлы роман кітап. Екіншісі – қытай тілінде жарық көрген ғылыми кітаптың қазақшасы.

Адамның денсаулығы ғана емес, қоғамның денсаулығына да назар аударып, елді ауыртпауға ем жасап жүрген Жасан ағамызға бәрекедіден басқа айтарымыз жоқ. Алтын ине ұстаған қолына Алла қуат берсін!

Оразанбай ЖҰМАБЕКҰЛЫ, емделуші:

– Аллергиямен ауырғанымға сегіз жыл болды. Денеме талаураған жаралар қаптап кетеді. Жәкеңе келіп емделгеніме он күн болды. 1 курс ем алдым. Жаралардың беті қайтып, жақсы болып қалдым. Ем алуды жалғастырып, ауруымның түбін үздіріп жіберем бе деп отырмын...

Бейбіт ОРАЛҰЛЫ, композитор:

– Белден шойырылып, отыра алмай да қалғанмын. Қазақ радиосындағы қызметімді осы ауру себебінен былтыр тоқтатқанмын. Жәкеңнен бір курс ем алдым. Неше түрлі шөппен қыздырып, инемен емдеудің арқасында қазір бойым жеңілдеп қалды. Шабытым келіп, рухым сергіп жүр. Жалпы, дәрі-дәрмек ішкеннен гөрі осылай организмнің өзіндік мүмкіндігін пайдаланған дұрыс деп ойлаймын.

Гүлбаршын МАРАТҚЫЗЫ, мұғалім:

– Ақтөбеден келгенмін. 2005 жылдан бастап бел жарығы

(грыжа) болып ауырып, аяғым басқызбай қалды. Содан осында келдім. Үш курс ем алуым керек екен, қазір бір курс бітті. Лонқа (банкі) салады, инемен емдейді, шөппен қыздырады. Арнайы таксимен келіп жүруші едім, қазір автобуспен келуге жарадым.

Білал ҚУАНЫШ

«Жас қазақ үні» газеті

ҚАМАЛ АЛҒАН ДӘРІГЕР

«...Ұлығы болсын, ұғылы болсын, әлемнің қай бұрышында жүрсе де, қай қиырына ат шалдырса да, ұлт болып өмір сүру, өз ұлтының атақ-абыройына сызат түсірмей, қолынан келгенше еңбек ету – пенде баласының парызы. Жай парыз емес – басты парыз, меніңше. Жер шары картасын алдына жайып, бабадүр бабаларыңның тұлпарының тұяғы тиген өлкелерді көзіңізге елестетіңізші, қазақ оғландарының жаужүрек тарихы кеудеңізге мақтаныш сезімін ұялатпай ма! Енді бірде сол картадан өз ұлтыңның босқынға ұшырап, азапты да шерлі тарихын көз жасымен жазған кезін көңіліңізден өткізесіз... Жүрекке жүк, санаға салмақ. Өткеніңе емес, өтпегіңе, кеткеніңе емес, келеріңе үмітпен қарайсың, әйтсе де. Жер бетіне тарыдай шашыраған қазақтың татар дәмі, көрер қызығы түгесілмегенін айқындаған өткен ғасырдың тоқсан екінші жылында, ұлт үшін сан алапаттарды тудырған ғасыр бітер тұста күннің күміс сәулесіндей шырағы – өшпес шырағы жанғанын, сол бір таңның рауандап, арайлап атқанын, Тәуелсіздіктей киелі де қасиетті ұғымның барша Алаш баласының жүрегіне нұр шашқан күнді әлсін-әлсін емірене еске түсіресің: «Сен бақыттысың, қазақ! Сенің бақытың – мәңгілік, сенің арманың – ұлы» деп әр қазақ баласына айтқың келеді... Міне, сол кездегі көңілдің қуанышында шек жоқ. Алақайлап көршілерге жүгірістік. Бір-бірімізді құттықтап, Қазақстанның Тәуелсіздік алғанын, еңсеміз тіктелгенін, іргеміз бүтінделгенін, тереземіз тең, керегеміз кең екендігін айтып ағайынға жар салдық. Ендігі мақсат – сол атажұрт топырағына уық шаншу керектігін іштей түсіндік. Бағзы бабаларың ат тұяғымен сызған мына еліңнің, Қазақстан

дейтін киелі Отаныңның ұшқан құстың қанаты мен жүгірген аңның қарымы талар бай даласын пір тұтасың осындайда. Мың қытайды емдегенше, бір қазақты емдейін. Ішкі ой, ішкі байлам. Бұл елде сұлтан болмасақ та, сұлтандарына кеудемізді бастырмадық. Өз еліңе барып тамыр тартудан, ошақ құрып, от жағудан абыройлы не бар. Кеттік, ендеше!»

Сонау 1995 жылы Қытайдан атамекенге оралып, бүгіндері елге есімі кеңінен танылған белгілі дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі, Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағына ие болып, ел мерейін асқақтатқан, «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығының бас директоры Жасан Зекейұлынан оңаша әңгіме барысында еліміз алғаш тәуелсіздік жариялаған кезде шетелдегі қазақтар қандай көңіл-күйде болғанын сұрағанбыз. Жауап – жоғарыдағы ыстық сезіммен өрілген естелік жолдары.

«Отан отбасынан басталады», «Отан үшін отқа түс – күймейсін» деген таным-тұжырымды ойына түйген Жасан Зекейұлының бүгінгі алған асуы мен бағындырған биігі жөнінде сөз айтпас бұрын, өткен өміріне қысқаша тоқтала кеткен жөн. Қазақ тарихының сырын да, жырын да, мұңын да ішіне бүккен қарт абыздай алып тау – жазиралы өлке Тарбағатайдың бауырынан түлеп ұшқан сұңқар текті азаматтар жетерлік. Ұлт табиғаты мен тағдырлы да тағылымды тарихын Ұлы Даланың кіндіктес осы бөлігінен бөле қарау мүмкін емес. Еліміздің Шығыс қақпасын күзетіп жатқан орманды-ойпатты, нулы-сулы, құмды-шөлейтті өлкенің бірі – осы жұрт. Кешегі тәуменді шағымызда, тарихтың доңғалағы қазақтың талайына қарай домаламаған қиын кезеңде екі империяның қақ ортадан бөліп қызыл сызық орнатқаны болмаса, қазақтың «кіндік кесіп, кір жуған» ежелден келе жатқан Атақонысы еді. Екіге бөлінген еліңнің ниет-мақсаты, арман-мүддесі бір демесеңіз, Қытай мен Ресейдің илеуінде қалып, нешелеген зұлмат жылдарды бастан кешпеді бұл қазақ. Тарбағатайдың Қытайдағы бөлігінде, Жайыр таудың етегінде, Қарағайбастаудың мөлдірінен су ішіп, тұнығына шомылған бірқыдыру ел бар. Жасан Зекейұлы, міне, сонда, Толы ауданында 1967 жылы дүние есігін ашқан. Қарапайым шаңырақтың дәулеті де орташа болатын. Әкесі Зекей болса, Шыңжаңдағы университеттен «Көмір кені» мамандығының үш жылын бітіріп, оқуын аяқтауға отбасылық жағдайдың шарты келмей, ауылда жүреді. Бір күні облыстан ауылға қытай

басшылары келіп, халықпен жүздесу өткізбесі бар ма. Қастарына ерткен аудармашысы, қолдап-қоштаушысы көп. Бірақ қытай басшылары мен жергілікті тұрғындар бірінің ойын бірі түсіне алмай дал болады. Себеп не дейсіз ғой. Аудармашының шала сауаттылығы. «Жиында отырған әкем университет қабырғасында жүріп, қытай тілін жетік меңгеріп алған кісі еді. Аудармашының шалағайлығын көріп, өтініш жасап, сол арада өзі тілмаштық етеді. Мұны көрген басшылар аты-жөнін жазып алады да, апта өтпей аудармашы маман ретінде аудан орталығына шақыртады. Сол күннен бастап отбасылық ауыр жағдайдан арылып, бізге заманауи білім алуға мүмкіндік туды. Әкем оқуын ары қарай жалғастырып, университет дипломын алып, ауданда білікті кадрлардың сапында қызмет етті. Анам болса қарапайым қызметте жүрсе де, ең негізгі міндет ретінде біздің тәрбиемізге баса назар аударды. Анам Шәрипаның бала кезімнен маған айтып отыратын бір сөзі бар: «Ешкімнің ала жібін аттама. Өзгені сыртынан даттама». Бұл сөзді әлі күнге дейін қайталап отырады. Мен де көңіліме кірбің ұялап, киналған сәттерімде осы сөзді жаныма тұтам, ойға алам. Ізгілік пен мейірбандылық, ізеттілік пен адалдық – әкем мен шешемнің маған үйреткен ең негізгі қағидалары». Мектеп қабырғасында жүргенде өте зерек, әр сабақты зейін қоя үйренген баланың есейген сайын ауыл жұртшылығының аузына есімі іліне бастауының сыры – ата-ана тәрбиесінің арқасы екені айтпасақ та түсінікті. Отбасы тәрбиесінің ұлттық тәрбиемен біте қайнасып жататыны айдан анық. Балалық шағы кітап оқумен, ғалымдардың өмір жолын, ұлы адамдардың аян-баянын ұғуға ұмтылумен өткен Жасан Зекейұлының толысып-шыңдалуына өзі өскен ортаның, ауыл адамдарының қайырымды іс-әрекеттері әсер еткені әр әңгімесінен байқалып тұрады. «Бала кезімде, – дейді ол, – менің жан серігім кітап болды. Әкем бәрімізді жинап алып, Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін оқытатын. Мұны оқымай, елге игілікті істер істей алатын азамат болуларың мүмкін емес дейтін бізге. Содан бастап кітап көрсем ұмсынып тұру үйреншікті дағдыға айналды. Батырлар жыры мен киссаларды, аңыз-әфсаналар мен дастандарды сүйсініп, беріліп оқитынмын. Кей кездері түнімен кітап оқып, таңертеңгі сабаққа көзімді тырмалап әрең ашатынмын. Әлі есімде, «Абай жолын» алғаш оқыған сәтім. Ұмытпасам, сол кездері елдің бәрі бұл кітапты қалап-сұрап, бірінен бірі ұрлап әкетіп оқитын. Бір жеріне күйінесің. Бір жеріне сүйінесің. Бірде өзегіңді өксік шарпыса, енді

бірде далалық саликалы дәуреннің қызығына елітіп, өзінің қазақ боп туғаныңа мақтанасың. Иіс кемпірдің ұлы Исаның өзі жалғыз боранды түнде қасқырлармен алысып, суық өтіп, ауырып қайтыс болғанын оқып отырған сәтімде көзімнен жас ыршып кетті. Бәлкім, менің дәрігер болуыма сол бір кездегі көңіл-күй, ішкі жанашырлық өз әсерін тигізген де шығар...» Әке мен ана мейірінен асқақ не бар жалғанда. Дәрігер Жасан – әкесі мен анасынан алған көркем мінезді сақтай білген, соның жемісін жеген жандардың бірі. Бала кезінде аудан орталығындағы үйлеріне ауылдағы жұрт көптеп келеді екен. Әрине, көп жағдайда емханаға жатып емделу мақсатымен. Солардың адап-жүдеген, аурудан қиналған сәттерін көрген бала-жүрекке емші болсам деген арман ұялайды. Мектепте жүргенде де, жоғары оқу орнында да өзге құрбы-достары секілді желік қуып, уақытты босқа өткізуді жаны сүйемпті. Балалар төбелесіп яки белгілі себептермен жараланып, денелерінен қан ақса, олардың қанын тоқтату үшін топырақ сеуіп, іскен жерлеріне үлкен кісілерден көрген ем-домын жасап, бәйек болып жүретін оның емшілік «тәжірибесі» сүтке біткен қасиеттердің бірі болса керек. Өзі де бұл ойымызды құптағандай: «Мен басқа саланы таңдап, әкемнің көмегімен болса да әкімшілік саласының бірінің тұтқасын ұстауыма болар еді. Әйткенмен, ондай ой санама кіріп-шыққан жоқ. Осы кәсіпті таңдадым. Оған ешуақытта өкінген емеспін» деп ағынан жарылды.

Сол жерде орта мектепті үздік бітіріп, Үрімжідегі медицина университетін тәмамдағасын Күйтүн қаласындағы орталық ауруханада хирург-маман ретінде біраз жыл жемісті еңбек етеді. Аурухана ұжымына білімділігі мен біліктілігін мойындата білген жас маманның ізгі арманы, айтулы аңсары – ұлтқа титтей де болса қызмет ету, перзенттік қолғабысын тигізу-тұғын. Сол үдеден шығу жолында жат елдің заң-заңын қазақтың орайына ыңғайластырып пайдалануды ұмытпаған оның ісін біреулер құптаса, біреулер ұната қоймағаны да анық. «Хирург-маман ретінде шама-шарқымша сол өңірдің қазақтарына көмектесуге тырыстым, – дейді өзі жастық дәуреннің алғашқы жылдарындағы жұмысы туралы толғана келіп. – Түскі ас кезінде де дем алмайтынмын. Әйткені менің операция жасауымды күтіп, аурухана төсегінде жаны қиналған дімкәс жандар жатыр. Оларға көмектесу, бір минут болса да ертерек ем-шара қолдану – өзімнің мойныма жүктелген ішкі жауапкершілік. Сосын ол кезде, әсіресе, өзіміздің қарақөздердің жағдайы өзге

ұлттармен салыстырғанда төмендеу болатын. Ауру-сырқау да көп. Көбісінің емхананың белгілеп берген жүйесі бойынша емделуге қалтасы көтермейді. Мен демалмай жұмыс істесем, оларға қолымнан келгенінше дәруменді дәрілерді арзандатып, басы артық ем-шараны азайтып берсем, кіріптар жандарға көрсеткен азғантай көмегім екенін іштей сезетінмін. Ал аурухана басшылығына көбірек пайда табу қолайлы. Міне, соны сылтауратқан біреулер, негізінен өзіммен қызметтес бауырластар «бұл аурулардан сырттай ақша алып, аурухананың пайдасын төмендетті» деген сыпсың сөз бен сыбыр сөзді гулетті. Кімнің аузына қақпақ боласың. Әуелі үлкен жиындарда мені ұлтшыл ғып көрсетуге ұмтылғандар да табылды...» Рас-ау, бақастық пен күнестік, көреалмаушылық секілді ішмезер пиғылдардың қай ортада болса да бар екені белгілі жайт. «Жас-Айдың» кіреберіс тұсына «Қазақтың түбіне жетер төрт кемшілігі: күншілдік, жалқаулық, рушылдық, намыссыздық (жігерсіздік)» деген жазуды іліп қойған екен. Менің есіме сол жазу түсті... Ондай келеңсіздіктерге жасу, алған мақсаттан қайту – ерлік болып па?! «Ұлтшыл» Жасанның рухы пәс тартпақ түгіл, одан арман аршындай түседі. «Еңбектің де өнбегі бар». Еңбектің арқасында досын да, қасын да сүйіндірген ол тек хирург ретінде елге танылуды місе тұтпай, күн-түн демей ізденеді, оқиды. Әсіресе, Шығыс медицинасын, оның қыр-сырын бүге-шігесіне дейін игеруге ден қояды. «Сол кезде инемен емдеуді өзім сырттай бақылап, барлап жүретінмін. Ел білгенді мен неге білмеймін деген ой маза бермейтін. Айналаң толы – табиғат әлемі. Алла Тағала оның ешбірін артық жаратқан емес. Қытай медицинасының артықшылығы – табиғаттың қуатымен адамды емдеудің түрлі тәсілдерін игеруінде. Шөп пен судың, ағаш пен жан-жануардың бәрінің артықшылығын, өзіндік қасиеттерін жіті бақылауында. Қытайда бұл том-том кітап болып қаттаулы. Университетте жүргенде алған білімді одан ары жетілдіру үшін, қытай дәрігерлігінің арғы өзегіне үңілу үшін сол томдықтарды жастанып жатып оқуды әдетке айналдырдым. Тоқсанға келген қытайлық ұстазым бар. Сол кісіден ыждағатпен үйрену барысында ішіне енген сайын бұл ғылым саласына деген іңкәрлік-құштарлығым анағұрлым арта түсті».

Талмай іздену мен талпынудың нәтижесі – Жасан Зекейұлының бүгінгі игілікті шаралары. Еш ойланбастан атамекенге ат басын бұрған алғашқы топтың өкілі ретінде ол маңдай терін ұлық та ұлағатты еліне төгіп келеді. Өзі басқарып отырған «Жас-Ай»

медициналық орталығы – сөзімізге дәлел. Құрылғанына бес жылдан асқан орталықтың жұмысы мен емге зәру жандарға сыйлаған шапағаты туралы баспасөз беттерінде аз жазылып жатқан жоқ. Қырық мыңнан астам жұртқа емдік көмек көрсеткен орталықтың басты ұстанымы – киналғандарға қол ұшын созу, тәніне шипа, жанына рухани тірек болу. Бүгінге шейін 5 мыңнан аса қолы қысқа жандардың біріне тегін, енді біріне жағдайына қарай жеңілдікпен емдеуді ұсынған бұл орталық талай игі-жақсылардың ыстық лебізіне де ие болып келеді. Солардың бірі, Алашқа аты белгілі ақын Жәркен Бөдешұлы інісі Жасан туралы: «Өте білікті, ер мінезді жігіт. Шетелдегі қазақтардың ішінде небір мамандар бар. Елге оралғандары да көп. Кейбірі азырақ қиыншылыққа шыдас бермей, қайтып кетті. Енді біреулері әртүрлі себептермен басқа саланың бұйдасын ұстады. Саудаға кетті. Бірақ Жасан шекара асып келгенде қанша киналса да, өз мамандығынан тайған жоқ. Бұл – ерлікпен бара-бар іс. Оның тағы бір қасиеті – өнерді, сөзді сыйлайтыны. Ақынжандылығы. Шын мәніндегі білімді адам болам деушіге бір саланы ғана игеру жеткіліксіз. Жасан болса, әдебиеттен хабардар. Басқа салалардың да қай-қайсысы болсын ішіне үңіліп, зерттеп-зерделеп отыруға жаны әуес. Ал әдебиетті жаны сүйетін адамнан сатқындық пен опасыздық шыға қоймасы айқын. Сол үшін де оны құрметтеуге тиіспіз» дегені бар бірде. Ақын турасын айтады. Шетелден келген қандас мамандардың талайы басқа салаға кеткені шындық. Себебі бұл жақтағы жағдаймен үйлесе алмауында болса керек. Жасан Зекейұлы да алғаш елге оралған жылдары қатты киналғанын, тіпті Қытайда жүріп оқыған оқуын қайталай оқуға тура келгенін айтты. «Елге келгесін аспирантурадан бастап қайта оқыдым. Студенттік кезді қайта бастан өткіздім. Бір басқан жолды екі басудың қиын тигені де рас. Жатақханада тұрдық. Кей кездері ақша жоқ, 4-5 километр жерді жаяу басып, сабаққа қатысатынмын. Бірақ ол кез үшін өкінген мен жоқ. Өзің адал болсаң, білімің мен білігің ұштасса, біреу кеудеңнен итерсе де алға ұмтылады екенсің. Сенім, өзіңе деген сенім – ең негізгі қасиет», – дейді сол бір шақтардың елесін ой елегінен өткізе, ұзақ ойға шомып.

Жасан аға бала кезінде ата-анасының қолдауымен гармон тартуды үйреніпті. Музыкаға деген ықыласы елден ерек баланың өсе келе ауруларды емдеу барысында үн мен әуездің үйлесімділігі зор көмек болғанын тілге тиек ете келе: «Науқас жанның алдына кірген кезде жанарынан, сөзінен, іс-қимылынан-ақ қай жерінің

ауырып тұрғанын бажайлайсың. Бойдағы үндестік пен үйлесімділік бұзылса, ауру бар деп біліңіз. Мен соны жүрегіммен сеземін. Кейбір науқастарға тексермей тұрып-ақ қандай сырқат бар екенін, қай жерлері ауыратынын айтып берем. Яғни ішкі жан-дүниесінің музыкасын тыңдаймын», – дейді жылы жүзіне әнтек күлкі үйіріліп. Ол тағы да: «Адам болғасын – адамша өмір сүруге тиіспіз. Абай айтпаушы ма еді: «... күніне, аптасына, айына, тым құрығанда, жылына бір рет болса да өзіңе өзің есеп бер» деп. Иә, адам болып туғасын, адам боп күн кешу – міндет. Абайдікі сол лепес – соған үндеген. Әр қазақ баласының ойына түюге тиіс, ешқашан есінен шығаруға болмайтын өсиетнамасы. Мен соны көңіліме бекем тұтқан адаммын. «Бүгін не істедім, не бітірдім, ертең не істей аламын?» Осы сұраққа жауап іздемеген жанның Хақтың жолында, халықтың алдында арының тазалығын айғақтай алуы неғайбыл. «Бірінді, казак, бірін дос, көрмесең – істің бәрі бос» тұжырым-түйіні де осы тұрғыдан айтылған деп түйсінемін. Ел іргесінің бүтіндігі мен тұғырының бекем-биіктігі үшін, осы сөз – сөз. Қазірге шейін Абайды оқып, өзімді өзім шындауға, жігерлендіруге тырысам» деп, көңілге түйген көп ойын ортаға салды.

Елге не алам емес, не берем деп келген дәрігер-доктордың бастамасымен құрылған «Өмірді қорғау» қоры да бірнеше игі шаралардың басын қайырып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуда. Ел үшін істелген істің үлкен-кішісі болмақ емес. «Жас-Ай» журналын шығарып, халықты, елді денсаулығын қорғауға үндеп отырған оның болмыс-бітімі мен азаматтық келбеті жөніндегі әңгіме мұнымен түгесілмесі белгілі.

Айтпақшы, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығының кіреберісінен: «Келген жанның бәріне кішпейілділікпен, мейіріммен қараңдар! Жанына демеу болыңдар! Бұл – сендердің міндеттерің!» деген сыңайдағы жазуды да көзіміз шалып қалғаны бар. Медициналық орталық қызметкерлеріне қаратылғанын бірден түсіндік. Дәл осы сөзді еліміздегі емханалардың бәріне жазып қояр ма еді деп ойладық іштей...

Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ

Қазақтың «бірінші байлық – денсаулық» деуінде үлкен сыр жатқанынаңғаруқиын емес. Үркін-қорқын дүниеде талай нәубетті бастан өткерген ұлтымыз өз оғландарының рухы биік, мерейі үстем болуы үшін ғасырлар бойы қорытқан емшілік дәстүрін бұлжытпай орындап отырған. Орақ тілділер ұшынғандарды ұшықтап, өрт мінезділер жүрегі толқығандарды туған жерінің топырағымен аптап жазған. Сол қасиетті бүгінгі біздер қалай түсініп жүрміз? Бізге өткен тарихымыздың ертегі-аңыздай елестейтіні неліктен? «Жас–Ай» Шығыс-тибеттік медициналық орталығының бас директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, елімізге Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қытайдан оралған білгір маман Жасан Зекейұлы газетімізге берген төмендегі сұхбатында ұлттық медицинамыз бен шығыстық медицинаның қыр-сыры туралы, өзінің мақсат-ұстындары төңірегінде ой бөліседі.

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ:

МЕНИҢ БАЙЛЫҒЫМ – ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ

– Шығыс медицинасының бүгінгі таңда әлемдік дәрежеде мойындалуының себебі неде деп ойлайсыз?

– Бүгінгі таңда Шығыс медицинасының әлемдік дәрежеде мойындалуының бірден-бір себебі – бұл дәстүрлі медицинаның бес мың жыл бойы адамзаттың тарихи өмірінің өткелінен өткен, шыңдалған, көптеген ауруларға шипа болған, адам организміне кері әсері болмайтындығы дәлелденген. Бұл медицинаның негізінде ғылыми тұжырымды диссертациялар қорғалып, ғылыми академиялар ашылып жатыр. Осы емнің арқасында көптеген әлемдік дәрежедегі үлкен тұлғалар емделіп жазылған. Еуропа медицинасы бергін келе дамыған, олар химиялық және операциялық емдеу тәсілін енгізген. Ал енді адамның өзінің еркін энергия көзін, яғни жанның, адам денесінде айналып жатқан меридиан (жан каналы) каналдарының қасиетін пайдалану – тек қана Шығыс медицинасының өзегі. Сондықтан да дәстүрлі Шығыс-тибет медицинасы Еуропа медицинасынан әлдеқайда биік тұрады.

– Сіз бір сұхбатыңызда «Отбасылық дәрігерлерді» заң бойынша бекітуге қарсы болдыңыз?

– «Отбасылық дәрігер» жөнінде «Қазақстан» Ұлттық арнасы арнаулы түрде «Көкпар» бағдарламасына шақырып, пікірталас ұйымдастырды. Біреулер бұл үрдісті елімізге кіргізу керек десе, енді біреулер оған қарсы болды. Мен қарсы болғандардың сөзін сөйледім. Өйткені бұл жүйе біздің халқымыздың қазіргі жағдайына сәйкес келмейді. Себебі халқымыз оған дайын емес. Біріншіден, отбасылық дәрігерлер өзіміздің қарапайым дәрігерлерге қарағанда екі есе жоғары жалақы алуға тиіс екен. Бұл біздің төмен жалақымен емханаларда қызмет ететін күн көріп жүрген дәрігерлердің санын азайтады немесе олардың белсенділігін төмендетеді. Осыдан 5-10 жыл бұрын бірталай облыстарда, мәселен, Жезқазғанда осы «Отбасылық дәрігерді» ел арасына енгізіп көрді, бірақ ешқандай қолдау таппады. Бес жүз немесе мың отбасына бір-ақ отбасы дәрігерін бөлеміз дейді. Онда емделушілер дәрігеріне таңнан кешке дейін кезекте тұрады деген сөз. Отбасы дәрігерінің қолында тексергіші не лабораториялық аппараты болмайды, ол тағы да кәдімгі ортадағы делдал сияқты сен анаған бар, сен мынаған бар дейтін нұсқаушының рөлін ғана атқарады. Ал ондай адамның бізге не керегі бар? Сіз отбасы дәрігерінен бір өтесіз, одан рұқсат алып, учаскелік дәрігерге барасыз, сонымен сіздің ауруыңызды кешіктіріп, ушықтырыпалу қаупі болады. Сол жағынан ойластырып, біздің қазіргі халқымыздың тұрмыс-салтына, өмір сүру деңгейіне қолайлы емес деп ойлаймын. Бұл дамыған капиталистік елдер үшін, онда да қалтасы көтеретіндер үшін қолайлы болуы мүмкін. Біз үшін әлі ертерек.

– **Инемен емдеу тәсілі Қытай медицина тарихында қашаннан бері қолданылып келеді? Негізгі артықшылығын айта кетсеңіз...**

– Инемен емдеу тәсілі туралы екі түрлі ұғым бар. Біреулер Германияға барған тибеттіктерден, енді біреулер Қытайда пайда болған деседі. Мен ғылыми диссертациямда осы Тибет медицинасын көп зерттедім. Қытайдың тарихи кітаптарында бұл шипаның негізі Жапонияда пайда болған деп жазылады. Нақты тұжырым жоқ, тіпті бұның ішінде инемен емдеу 3000 жылдың алдында қолданыла бастаған деген болжам бар. Ал қазақтың бұл тәсілді басқа қырынан қолданғанын айта кеткен жөн. Бабаларымыз ине болмаса да, бел немесе тізесі ауырса, сүйектің ұшыменен

ұрғылап, уқалап, қолдың ұшыменен ауырған нүктелерін басып, емдеу тәсілін пайдаланған. Сондықтан мұны бірден Қытайда пайда болды немесе Қытайдың тапқырлығы деп мойындауға әлі ерте. Бұл осы Шығыс елінде жасап жатқан Азия халықтарының ортақ ізденуінің арқасында келген ерекше ғылыми жетістік деп айту керек. Ал осы ғылым жүйесіне ішкерілей зерттеп, хатқа түсіріп, дамытқан елдер ие болып отыр. Негізгі артықшылығы – адамның он екі мүшесін, сегіз жүз алпыс тамырын тек бір жүйеге байлап, сол арқылы емдей алатындығы. Шығыс-тибет медицинасында жүйелі түрде адам денесінде 12 жұп, 24 меридиан бар дейді (меридиан деген, қазақша айтқанда, жан каналы). Соны ұштастырып, бір-біріне бойлаған жеті жүзге жуық нүктелер бар адам денесінде. Яғни сіз бір адамның ішкі жүйесіндегі ауруды тапқанда, жүректің қағысындағы ритмі бұзылғанын көрсеңіз, оған операция жасамайсыз, сол қолының шынтақ бөлігіндегі кішкентай нүктеге ине қоясыз. Жүректің қағу ритмін басқарып отырған нүктеңіз – осы.

– Қазақтың ұлттық медицинасындағы әр түрлі емдік-домдық шаралар сіздің көкейіңізге қона ма? Оның ғылыми негіздерін жасау не үшін қолымыздан келмей жатыр?

– Қазақтың медицинасын ешқашан жоққа шығаруға болмайды. Емдік шаралары өте әдемі. Мәселен, менің бабаларымда емдеу қасиеті бар кісілер болған. Ол кісілер жайлы ақпарат ауыздан-ауызға тарап, ел ішіне тез жетіп отырған. Халық сенімі аталмыш емдеу тәсілдерінің ғасырларды көктей өтіп, бүгінге жетуіне себепкер болды. Егер сол ем-домдар іске алғысыз болса, бізге жетер ме еді. Қыл аяғы Қытайдың өзінде де қазақ халық медицинасының емдеу орталықтарын ашып қойған. Бірақ соны ғылымиландырып, өзімізге алып келу қолдан келмей тұр ғой. Өйткені мамандардың көбі ғылымның басқа салаларына кетеді де, дәстүрлі еуропалық медицинаға ден қояды. Шынын айтқанда, бұл салаға келгендердің көбісі – бұрын арақ ішіп, қойған соң молда болып кеткендер іспеттес, бойындағы азғана қасиетін терең дамытудың орнына оны бұлдап жүргендер. Сондықтан ел алдындағы беделі төмендеуіне ұрындыруда. Ал шынайы халық емшісінің бойында табиғи қуат күші болмағы аян. Биоток арқылы олар адам бойындағы бұзылған меридиандарды ретке келтіреді. Бұл бағыттағы еңбектерді бізде Зиядан деген кісі жазып жатыр. Қытайда Өтейбойдақтың еңбектері бар, бізде Ибн Синаның ғылымы бар, сондықтан осылардың

бәрін жоққа шығара алмаймыз. Қайта қалпына келтіруге біздің шамамыз келмей жатқан жоқ, осыны ретке салатын табиғи бір құнды орталық құра алмай отырмыз ғой. Мемлекет өз тарапынан бір институт ашып беріп, ғылыми еңбектердің қорғалуына, жүйеленуіне қамқорлық жасаса, қазіргі медицинаны оқыған адамдар дәріс өтсе, шын емшілер алға шығады да, бір-екі күндік нәпақасын табу үшін ғана бақсы-балгер болып жүрген адамдар өзі-ақ белгілі болады. Табиғи білімділердің халықаралық дәрежеге шығуына мүмкіндік туады. Мен лицензиям бойынша хирургиядан ғылыми диссертация қорғадым, ал иглотерапиядан қосымша сабақ алдым. Қазақ медицинасына менің де көзқарасым түзу. Олармен қарым-қатынасымыз жақсы. Мысалы, кейбір адамдар өзі ауырып тұрған балаға зікір салып, одан сайын шошытып алады. Зікір салмай-ақ, қолдың жылу энергиясымен ақырын ғана емдеуге болады ғой. Біз қазақ көп нәрсені асырып жібереміз, асырмасақ жеткізбей қоямыз, солай істеп, халықты жалықтырамыз. Жаман қасиет көрсек: «Ой, қазақбайский» дей салуға бейіміз. Тіпті бір жиналыстан кешігіп жатса да, салынып жатқан үй бітпей қалса да, қазақтықты кінәлаймыз. Осыны доғару қажет-ақ. Астананы ең жоғарғы технологиямен салған қазақ, Түркістанды тұрғызған қазақ, әлемге доңғалақты сыйлаған қазақ, көшпенді өркениетінің шарықтау шегіне жеткен қазақ, ұлыларды тудырған қазақ қайда қалды сонда?! Орысша сауаттанып, ағылшынша сөйлесем, мені әлем тыңдайды деген пасық, тамырсыз түсініктен арылған абзал. Қазақ емес қазақ басқаны қойғанда, қазаққа да керек емес. Бұл жерде біз не капиталистік жүйе емес, не бұрынғы социалистік жүйенің елесі емес, әйтеуір бір ортада қалып қойдық. Әлемде бәрі ұлттық мемлекет құруға ұмтылып жатыр, ал біз... Қойшысының өзі таяғының ұшымен адам емдеген қазақ, қазір қит етсе, шетелге жүгіреді. Туған жерінің суы мен топырағынан басқа қандай шипа керек адамға.

– Қытай медицинасы мен Батыс медицинасының айырмашылығы неде?

– Қытай медицинасының өзінде екі түрлі жүйе бар. Бір қаласына бара қалсаңыз, кәдімгі біздің ауруханадағыдай система қоюлы, химиялық дәрілер берулі, компьютерлік аппарат, томография, рентген, жүрек аппараты – бәрі бар. Бұл мемлекет бюджетіне жұмыс жасайды. Ал екінші жасырын түрі – өзінің ұлтын қорғау, ұлт дәстүрлерін сақтау негізінде жасалған. Бұл ұлттық құндылықта-

ры – Қытай-тибет медицинасы. Қытай медицинасы соның жанында үлкен бір бөлігі болып тұрады. Оған әлемнің түкпір-түкпірінен келіп, ем қабылдайды. Бұл – өздерінің ұлттық құндылығын дүниежүзіне танытты деген сөз. «Алтын ине», шөппен күйдіру, банкі қою, массаж жасау – тибеттік-қытай медицинасының тек қана бір бөлігі. Оның ішінде сумен емдеу, балшықпен емдеу, тамақпен емдеу, биологиялық актив заттармен емдеу... – осының бәрі тұтас бір университет. Бейжің Олимпиадасына Қытай елден ерек дайындалып, кәдімгідей биологиялық актив заттар шығарды. Биологиясы, калориясы жоғары порошоктарды, медициналық шөптерді ішкендердің қанша алтын алғанын өздеріңіз көрдіңіздер. Зерттеп, үлгі ретінде мен біразын осында алып келдім. Ағылшындар бәйгеге қосатын аттарына 200-300 тал ине қойып, алдын ала дайындайды екен. Соны көзіммен көрдім. Мен тоқсан жастағы Қытайдағы жетекшімен көргенімді жүз пайыз алып келген адаммын. Жанына шипа іздеген көптеген кісілерге шапағатым тиді. Бұл да – ұлт алдындағы борыш пен парызды өтеудің бір түрі. Мысалы, жақында Бақытжан Ертаев деген генерал: «Денсаулық – адам байлығы. Қорғайтын – доктор, маршал Жасан Зекейұлы» деп тілек жазып кетті.

– Еліміздегі дәрігер мамандарын даярлайтын оқу орындарындағы біліктілікке көңіліңіз тола ма? Өзіңіздің шәкірттеріңіз бар ма?

– Өзім Семейде, Астанада медицина институттарында болдым. Алматы мединститутының аспирантурасында оқыдым. Білім дәрежесіне көңілім толмайды деп айта алмаймын. Бірақ қалыптасқан жүйеде қателіктер де жоқ емес. Социализм бізді ұлт ретінде ештеңеге жеткізбеді, капитализм дағдарысқа алып келді. Енді Президентіміз өзіміздің жаңа саясатымызды жасап жатыр. Осы ретте өзіміздің тұрмыс-салтымызға, денсаулығымызға, менталитетімізге келетін төл (дәстүрлі) медицинамызды құруымыз керек. Сондай жүйе жоқ. Сізге тағы да бір мысал айтайын: гинекологияда туа салған ананы суық жерге, суық мұздың үстіне жатқызады деп жазыпты оқулықта. Ал біздің қазақта ондай бар ма, біздің танымымызға ол жараспайды. Ол мүмкін басқа жақтан кірген көшірме, еліктеме оқулық шығар, мен оған түбегейлі қарсымын. Қазір «америкалық тәсіл» дегенді шығарып алдық. Босанып жатқан әйеліне күйеуі қарап тұрады, туа салған шарананы кіндігін де кеспестен әлсіреп жатқан анасының үстіне тастай салады.

Бұл қандай маскара?! Мұны көрген жастар екінші баланы табуға үрейленеді, әйелдің күйеу алдында сүйкімі қашады. Сондықтан әрқашан да ұлттық тәрбие негізінде шәкірт тәрбиелеуді мақсат деп білемін. Мәселен, біреудің құлағында шыңыл болса, ол дәрігерге барады. Дәрігер оны лорға жібереді, лор тексеріп көріп, іріңі болмаған соң қайта әуелгі дәрігерге жібереді. Ештеңе таппаған дәрігер тағы басқаға бағыттап жүрген кезде, уақыт өтіп кетіп, әлгі адамның қан қысымы көтеріліп, мүрдем кетуге шақ қалады. Сонда жауапкершілік деген қайда? Міне, жүйелі түрде оқу жүйесінің болмағандығының айқын көрінісі. Бұл – адам өмірімен ойнау. Егер де сол жерде дәрігер мына тибеттік-қытай емінен хабардар болса, ілімнің ұғымы бойынша адамның организмі бір-біріне жалғасып тұрады. Яғни құлақ шыңылдады деген сөз құлақ ауырады дегенді білдірмейді, олар әуелі науқастың қан қысымын, содан кейін қан анализін тексеруі керек еді. Жүйе-жүйе бойынша ұштастырып, оның денесінде ауру тудырып тұрған себепті тауып, зерттеп, соған қарай күресуге тиіс еді. Мен өзім тамырмен сексен пайыз диагноз қоямын, диагноз қойып болғаннан кейін, басының ауыратыны анық болса, ауру себебін айқындап, сол бойынша ем-дом жүргіземіз. Тез-ақ әсер береді. Бес күн басқа емханаларда анализ тапсырып жүретін уақытта бізде емделіп, жазылып шығасыз. Қоғамда қазір сұраныс солай, халықтың уақыты тығыз. Кейбіреулер екі-үш жерде жұмыс істейді, уақыттың өзі алтын, ақша ғой, уақытты жібергісі келмейді. Сондықтан тез арада емделіп шығатын жерге барғысы келеді. Оқушыларды осындайға тәрбиелеу керек. Жүйелі түрде оқыту бізде әлі жетіспейді. Көрші Қытайда ұлттық негіздегі осындай жүйелер қалыптасып үлгерген. Бізде бірнеше методикалар көнерген, жаңа үрдіске жарамайды.

Ал енді шәкірттеріме келетін болсақ, мен Қытайда жүргенде шәкірттерім көп болды. Студенттерге сабақ өттім, солардың көбі қазір әкімшіліктерде, ауруханаларда үлкен қызметтерде отыр. Әлі күнге дейін араласып тұрамыз. Мұнда келгеннен кейін жиырма-отыздай шәкірт болды, соның екеуі шетелде жүр. Татардың Шәмил деген жігітін тәрбиеледім, ол Канадада үлкен аурухана ашып, байып кетті. Жылда шақырады, баруға уақыт жоқ. Өйткені менің іздегенім байлық емес, егер байлықты көздесем, үйімде бір-екі адам қабылдап отыра бермеймін бе. Шіркін-ай, қаншама бала көтермегендерге бала сыйладық, үмітсіз деген мешелдерді орнынан тұрғыздық. Ұлтымның бір ұланына болса да, сондай

бақыт сыйлаған сәтімде кеудемді қуаныш кернейді. Егер бір қазақ мұнда мүгедек болып отырғанда, менің шетелде, басқа жерде байып жүргенім неге керек? Ертеңгі күні аруақтарға, ата-бабамызға не деп айтасың? Аллаға не деп айтасың? Сондықтан біздің идеямыз – қолымыздан келгенше халқымызға жақсылық жасау. Сол үшін мұны еститін құлақ болса, жететін жер болса, «осы шырылдап жүрген бала екен, бұл орталықты қазақтың қаракөздері оқитын колледж қылайық, өсіріп академия қылайық» дейтіндер болса, мен ешқайда қашпаймын. Елге қызмет етуден, маңдай терімді төгуден аянбаймын. Дәрігер адам бірінші өзін емдеу керек. Мен өзімді күте білемін, емдей білемін, қалай тамақтану керектігін, демалысты қалай өткізу керектігін білемін. Мен сізге айтайын, бір адамдар болады, екі-үш сағат жұмыс істеп, документтерге қол қояды да, ұйықтай береді. Адамның миы қанша ұйықтап демалған сайын, қанша демалысқа көп назар аударған сайын соншалық тез қартаяды. Ми клеткасы істеткен сайын іске қосылады. Уақытыңыз артып жатса, шет тілін үйреніңіз, оқыңыз, ізденіңіз, одан қалса адамдарға жәрдемдесіңіз, қол ұшын беріңіз. Ал білмеген, оқымаған адам өзін бәрінен де ақылдымын деп ойлайды. Ал сіз бір нәрсені зерттеп оқысаңыз, сіздің ештеңе білмейтіндігіңіз сонан байқалады. Кезінде Қытайда мықты дәрігер болған Лу Шүн, кейін жазушы болып кетті. Сол кісі «дәрігерлікпен көп болса жүз адамды емдеп құтқарамын, ал жазушы болсам халықтың көзін, санасын мына қаламның ұшымен ашады екенмін» деген. Бұйыртса, наурыз айында «Жас-Ай» деген атпен республика көлемінде 7000 данамен «Жас-Ай» медициналық орталығының журналы шыққалы жатыр. Құдай қаласа, оны да көрерсіздер.

– Қазір не көп, дәрігер көп, жеке медициналық орталықтар көп, халық кез келгеніне бара береді. Халықтың медициналық сауатын ашатын ақпарат құралдары өз деңгейінде жұмыс істеп жатыр ма?

– Мына ақпарат жүйесінде мен әсіресе журналистер қауымына өте ризамын. Осы жаңа жылдың көлемінде бізге қаншама адамдардан алғыс келді, солардың көбі тікелей өзімізді танып емес, шалғай аудандардағы, облыстардағы ақпарат құралдарынан естіп, көріп, біліп келіп отыр. Сол шалғай облыстардан келген адамдар неге сол жақтан орталық ашпасқа, шәкірт тәрбиелеп, сол жаққа қойып қойсаңыздар, біз жолға кететін ақшаны сіздерге төлеп отыратын едік дейді. Мен өзімнің төңірегімдегі ақпарат

құралдарына көңілім толады. Қазір халық сауатты, бұрынғыдай шала емшіге, дүмше молдаға алданбайтын болды. Олар алдымен туыстарының, айналасындағы адамдардың қалай емделгенін, кім арқылы жазылғанын, ақпараттың бәрін көріп-біліп, естіп, сонан кейін келеді. Дүниедегі бүкіл құндылықтардың ең бірінші факторы – адам. Мен үш жүз сексен мың долларға тегін ем жасадым, ал соны ұлттық мұнай компаниясы да жасаған жоқ әлі. Міне, көріп отырсыз, қауқарсыз, шарасыз мүгедек келеді, мен оның ақшасын медициналық орталығымыздың ақшасынан бөліп беремін (яғни ұжымның ақшасынан). Бір мешел болып қалған адамды емдеп жатырмын, ол адамды «Алматы» каналынан көріп, өзім шақырып алғанмын. Ешқашан байлыққа құл болғым келмейді, менің байлығым – осы халыққа жасаған еңбегім.

– Тамыр ұстап диагноз қою қазақтан басқа қай ұлтта кездеседі? Қазақта «тамыр басу» деген сөз бар ғой, сіз аурулардың тамырын қалай басасыз? Батыс пен Шығыс медицинасында бұндай тәсіл кездесе ме?

– Тамыр ұстап диагноз қояды біздің ата-бабамыздан басталды деуге болады. Өйткені біз көшпенді халық болдық қой. Сондықтан, ойлаймын, тамырды халық қажетіне қарай ұстайды екен. Ол замандарда қазіргідей техника жоқ, жүрек кардиограммасын зерттейтін орталықтар жоқ. Түйенің үстінде де әжелеріміз босанып, белін орай салып жүріп кететін. Баласын түйенің комдасына тастай салатын. Емші дәрігерлеріміз науқастың тамырын ұстап отырып, жүректің қағысынан сексен түрлі ауруды анық таба білген. Тәжірибелі ақсақалдар болған, олардың милары таза, қуат энергиялары жай адамдардан әлдеқайда жоғары, солар дерттің сырын біліп, диагноздарын айтып отырған. Осының барлығы біздің ата-бабаларымыздың медицинасында жазылған. Ал енді қазіргі кездегі тамыр ұстауды Шығыс медицинасы өзіне заңдастырып алды. Құжат жағына келгенде біздің енжарлығымыз анық көрінді ғой өзі. Аурудың тамыр соғысынан олар жүрек кардиограммасын сызғандай етіп көрсетеді. Біз неге сызу-жазуға әуес емеспіз? Қазаққа енді сызу-жазуға әуес болу қажет. Тамыр ұстау, диагноз қою – біздің ата-бабаларымызда бар қасиет. Батыс-Шығыс медицинасында да тамыр ұстау деген бар. Бірақ олар да біздің ұстағанымыздай ішкі дүниені сезе алмайды. Жаңалықтың бәрі осы біздің Азиядан басталады, Еуропа оны өздеріне заңдастырып ала қояды. Біз бабадүр бабаларымыздың рухани

байлығын, сезгірлігін емшілікке қалай пайдаланғанын зерттеуге тиіспіз. Біздің байлығымыз жеріміздің үлкендігімен, алтын мен мыс, мырыш, мұнайымыздың молдығымен өлшенбесе керек, біздің байлығымыз жер бетіне тарыдай шашыраған қазақтың денсаулығы, олардың өсіп-өркендеуі деп білген жөн!

– Әңгіменізге рахмет.

Әңгімелескен Айнұр МҰРАТҚЫЗЫ

«Қазақстан» газеті

АЛТЫН ИНЕ АЛТЫННАН ЖАСАЛҒАН БА?

Ауруды тек дәрі ішіп қана жаза алмайсыз. Өйтпесе, бір жеріңізді емдеймін деп, екінші мүшеңізді ауыртып алуыңыз әбден мүмкін. Өйткені құрамында химиялық қоспасы бар дәрілер бір ауруды емдесе, жоқ ауруды қозғап шығарады дейді мамандар. Мұндай кезде соңғы уақыттары халықтың сеніміне кіріп үлгерген Тибет медицинасы ойға оралады. Бұл емдеу түрі сізге дәрі ішкізгеннен гөрі, жан нүктелеріне ине салу арқылы ауруыңыздан айықтырады. Оқырманға түсінікті болу үшін Тибет медицинасына қатысты сауалдарымызды Алматыдағы «Жас-Ай» атты Шығыс-тибет медициналық орталығының директоры Жасан Зекейұлына қойған едік. Өйткені аталған мекемеден ем алған көп адамдардың олардың емін мақтап отырғандығын естіген болатынбыз. Алғашқы әңгімеміз де Тибет медицинасының ерекшеліктеріне қатысты өрбіді.

– Адам ағзасындағы мүшелердің дұрыс жұмыс істеуі қан айналымы жүйесімен байланысты. Шығыс-тибет медицинасы зерттегендей, осы қан айналымы жүйесін басқарып отыратын жан нүктелері – меридиандар болады. Олар он төрт сызықтың бойымен жүріп, 695 ем нүктесін анықтайды. Бұл әдіспен емдеу тәсілі арқылы адам денесін пышаққа түсуден сақтап қалуға болады. Шешімін таппаған ауруларды ине салып жазуға болады. Мен өзім де хирургпін, солай бола тұрса да, құр босқа адамды пышаққа түсіргенше, осындай жолмен сауықтыруға болатынын біліп, медицинаның осы тәсілін

меңгеруге тырыстым. Қытай елінде медициналық білім беретін оқу орындарында Тибет медицинасы арнайы оқытылады. Болашақта хирург, терапевт боласыз ба, оған қарамайды, сіз міндетті түрде Тибет медицинасынан дәріс аласыз. Ал оқу бітіргеннен кейін әркім өз қабілетіне қарай таңдайды. Тибет медицинасын айрықша білсін деп арнайы оқытатындар да бар. Мұндағы ауыр талап – адамның анатомиясын толық білу. Адамның қан тамырлары қай жерден өтіп тұр, анатомиялық байланысы қай жерімен байланысып тұр, соны толық меңгерген, медициналық, биологиялық негізге толық қанық болған адам ғана мұны дұрыс қоя алады. Мәселен, жоғары температурасы бар адамға қойған инені оңға бұрап жіберсе, тіпті жаман болады, ал солға бұраса, температурасы түседі. Қабыну процесі болған кезде, болмаса қатты невроз ұстап ауырып тұрған кезде қалай қою керек. Соның бәрі түп негізді біліп барып, қойылады. Ал ине екен деп көрінген жерге шанши беруге болмайды.

– Ал, жалпы, алтын инені бір рет қабылдаған соң қайтадан қабылдауға болмайды деп жатады ғой?

– Ол – жалған сөз. Ине салдырудың кері әсері болмайтыны дәлелденген. Американың өзінде 80 пайыз нашақорларды осы әдіспен емдейді екен. Арақ пен темекіге үйірлікті де осы алтын иненің күшімен жоюға болады. Яғни инені құлақтағы нүктелерге салу арқылы ауруын басқаруға және жаман әдеттен жирендіріп, адамның жаман әдеттен арылуына мүмкіндік береміз.

– Сонда, аты айтқандай, инені жасауда оның құрамына алтын қосыла ма?

– Алтын ине және күміс ине деген болады. Ол инелердің құрамына, шынында да, белгілі бір мөлшерде алтын, күміс қосылады. Өзіңіз ойлаңыз, мысалы, кәдімгі шприц инемен жамбасына ине қойғызған адам ине қойған жердің ісіп кеткендігін айтып шағым жасайды ғой. Ал Тибет медицинасында бір емес, бірнеше ине саламыз. Ол әншейін мыс ине болса, нәтижесі белгілі болатын еді.

– Ал ол инелер қайда жасалады?

– Қытайда, біз сол жаққа тапсырыс беру арқылы жасатамыз. Және әр адамның өзі ғана пайдаланатын инесінің болуын қатаң қадағалаймыз.

– Науқасқа диагнозды қалай қоясыз, менің естуімше, тамыр ұстап қоятын көрінесіз? Тамыр арқылы ауру қаншалықты анықталады?

– Тамыр ұстау арқылы ауруды анықтау – медицина тәлімінен

меңгергеніміз. Тамыр соғысынан адамның науқасын анықтауды да сонда міндетті түрде үйретеді. Бүйрегі ауырған, жүрегі және басқа да түрлі аурумен ауырған адамның тамырын ұстасаң қандай болатындығы жөнінде оқытады. Бұған үлкен ғылыми дәлелдер жазылған, адамның жіті тәжірибесі керек. Мұнда он адамнан аса адамды қарасақ, көп деп шаршап қалады ғой. Ал онда күніне 150-200 адам қабылдаса, түк емес олар үшін. Миллиардтаған халқы бар адамдарға маман жетіспейді. Яғни адамның тәжірибесі көп болуы керек тамыр ұстауда және екіншісі – адамда жеке қасиеттің, артықшылықтың болуы. Ол – Алладан берілетін қасиет. Ген деп соны айтады. Қытайда 15, 17 атасынан осы тибетті инені зерттеген адамдарды солардан қонады деп айтатыны сол. Өйткені сол адам сіздің тамырыңыздан ғана емес, сіздің бет бейнеңізден, отырған отырысыңыздан, кірген кірісіңізден сіздің 30-40 пайыз денсаулығыңыздың диагнозын біліп отырады. Содан кейін тамыр арқылы жүрек қантамыр аурулары, бүйрек аурулары, бастың сақинасы деген сияқты жағдайларды тамыр диагнозы арқылы айтып бере аламыз. Әлі күнге дейін Қытай тамыр диагнозын халықаралық дәрежеге дейін көтеріп жатыр. Мықты лауазымдағы басшыларының өзі Тибетке барып, жақсы тамыршыларға тамырларын ұстатып қайтады. Мен дәрігерлердің жазып берген нұсқауына, аппарат арқылы тексерілген қорытындысына қарамаймын. Өйткені, бізде аппарат жеткілікті болғанымен, оның тілін білетін мамандар аз. Мәселен, бұдан бұрын берген сұхбаттарымда айтқанымдай, Қызылордадан үлкен азамат келді. Сол кісінің өкпесінде қатерлі ісік бар деп кесіп тастай жаздағалы тұрған жерінен біз аман алып қалдық. Онкологиялық институт қабылдаған рак деп, өйткені олар алдыңғы жіберген дәрігердің қорытындысына қарай салған. Ол кісінің әпкесі бізде жақсы емделген болатын, сол апай ертіп келді. Сосын мен тамырын ұстап отырып, ол кісінің рақпен ауырмайтындығын білдім. Қайтадан жан-жақтылы тексеру жұмыстарын жүргізгенімізде, шын мәнінде, ол кісінің қатерлі ісікпен ауырмайтындығын анықтадық. Енді ол кісі бізге мерекелерде құттықтап келіп тұрады. Сондықтан дәрігерлер келген науқасқа шын мәнінде жанашырлық танытып, қайтіп мен оның жанын аман қаламын деп, ол науқаспен тағдырлас, мұндас болсаңыз, ауруды жазу да оңайға түседі. Ал біздің дәрігерлер аурумен сөйлеспейді де, тіпті ұрсып та жібереді. Ал Қытайда дәрігер этикасының сақталуы, ауру адамның құпиясын сақтау, т.б.

дәрігер міндетіне кіретін талаптар Гиппократ антына сай қатан сақталады.

Ол жақта шетелдік азаматтарды жауапкершілікті оталарға қатыстырмайды. Мүмкін сіз үлкен бір лауазымды адамға операция жасайтын шығарсыз, сол себепті сізге сенбейді. Қастық жасауы мүмкін деп... Сондықтан ондай жердің бәріне өз ұлтының өкілдерін қояды. Бұл бір жағынан дұрыс та. Ел тәуелсіздігін, тұрақтылығын сақтау бұл. Ал бізде лауазымды адамдарды емдеуге де шетелден көкбай-соқпайларды алғызады. Кеше келіп, ол аз дегендей, қазағым деп келген оралмандарды елемей, қауымдастықтан өзге ұлттың өкілдерін төбемізге көтеріп, депутат сайлап жатырмыз. Сондықтан осындай мәселелер жоғарғы жақ тарапынан ескерілгені дұрыс деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Мәдина ЖӘРДЕНҚЫЗЫ

«Орал өңірі» газеті

«ЖАС-АЙ» МЕН ЖАСАННЫҢ КЕРЕМЕТІ

Ұлы мәртебелі Тәуелсіздіктің таңы атқалы бері әр түрлі себептермен дәм-тұз жат жерден бұйырған біраз бауырымыз атамекенге, исі қазақ үшін төрткүл дүниедегі жалғыз Отан – Қазақстанға келіп үлгерді. Олардың арасында қоңыртөбел тірлік кешетін қарапайымы да, сондай-ақ ерекше қарым-қабілетке иелері де баршылық. Солардың бірі – Қытайдан келген қандасымыз, ушбу мемлекетте медициналық жоғары білім алған, бүгіндері халықаралық инемен емдеу академиясының мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик Жасан Зекейұлы. Бұл азамат – қазір Алматыдағы «Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медицина орталығының бас директоры.

Батысқазақстандықтардың дені инемен емдеу жөнінде жалпы естігені болмаса, егжей-тегжейлі білмейтіні кәміл. Сол себепті біз бүгін осы саланың білгірін әдейі әңгімеге тартып отырмыз.

– Қытайда медицина мамандарын даярлау барысында ине салу, шөппен емдеу сықылды уақыт сынынан өткен әдіс-тәсілдерге жете мән беріледі. Осы бағытты жеті атасынан бері ұстанып келе жатқан әрі осы саланы індетте зерттеп, бірнеше кітап жазған Құн Сұн деген керемет ғалым-дәрігер бар. Оның мыңдаған шәкірттерінің ішіндегі жалғыз қазақ – менмін. Университеттен кейін хирург болып істеп, Бейжің, Тяньжин қалаларында білім-білігімді жетілдірдім. Сол кездері түске дейін бір адамға ота жасап, түстен кейін 100-200 кісіге шығыстық әдіс-тәсілмен шипа жасайтынбыз. Сондағы қарайған кісінің мыңнан бірі ғана қазақ, ал қалғаны барлығы дерлік қытай болып шығатын. Осы жайт мені атамекеніме оралып, туған халқыма шарапатымды тигізсем деген ойға жетелей берді...

Бүгіндері бізге қоса Еуропа елдерінің де Шығыс-тибет медицинасына ынта-ықыластары арта бастады. Оның басты себебі мынада: еуропалық медицина адамның ауырған ағзасын ғана емдейді. Мәселенки, науқас адамның асқазаны сыр берді дейік, демек, еуропалық медицина тек осы ағзаны ғана емдеуге кіріседі. Ал Қытай-тибет медицинасы бүкіл ағзаға жіті назар аударып, ауру-сырқаудың себеп-салдарын анықтауға кіріседі. Яғни егер асқазанның қышқылы көбейіп тұрса, оны тоқтататын нүктені, қабынып тұрса, оны тоқтататын нүктені тауып, ине салу шарт. Әлгіндей нүкте асқазанның өзінде де бар, «сыртта» да бар. Мысалы, табанда. Аурудың ерек-шелігіне қарай қай нүктеге ине қою керек екенін емдеуші дәрігер анықтайды. Еуропалық мәнердегі медицинада бір ағзаны емдеу үшін ішкен дәріңіз екінші бір ағзаңызға зиян келтіріп жататындығы жасырын емес. Ал инемен емдеудің кері әсері жоқ. Емдеудің бұл тәсілі адам ағзасының табиғи қуат-көзін ашу арқылы сауықтырады. Алтын ине зақымдалған жүйке жүйелерінің қызметін тірілтеді. Қан тамырларының ішіндегі ұйып қалған қанды таратады. Біздің емханада алтын ине салу, нүктелік сылау, жалпылама уқалау (массаж) сықылды ем-дом жасалады. Дәрілік қасиеті бар әр түрлі өсімдіктерден әзірленген дәрі-дәрмек ұсынамыз.

– **Сізді тамыр ұстап, диагноз қояды деп естігенбіз...**

– Сырқат кісі дертінен біржола сауығу үшін алдымен оған дұрыс диагноз қою керек. Әйтпесе ол дертіне дерт жамап алуы әбден ықтимал. Ал тамыр ұстап, диагноз қоюға ата-бабамыздан қалған қасиет аздық етеді, медициналық-теориялық әрі тәжірибелік білім-білігің болуы шарт. Менің ұстазымның кітабында бұл жан-

жақты баяндалған. Негізгі ілімді сол кісіден меңгердім. Тамыр арқылы 80 пайыз диагноз қойып, оны соңғы технологиямен шыққан аппараттар арқылы тексеруден өткізіп, зертханалық зерттеу жүргіземіз.

– **Ол қандай аппараттар?**

– Қытай тілімен айтқанда, «Хассы» деп аталатын магнитті-резонансты, жүйке нүктелеріне арналған «Зывишин», табиғи тас қызуымен емдейтін «Каудиян» аппараттары ежелгі емдеу тәсілін қолданады. Мұнымен қатар жүрек-қан тамырларының жұмысын анықтайтын кардио-аппараттар сияқты медициналық құрал-жабдығымыз бар.

– **Ине салу үрдісіне кеңірек тоқталсаңыз?**

– Адам денесінде оның тұлабойындағы қанды жүргізіп, бүкіл іс-әрекетін басқарып отыратын жүйе бар. Оны орыстар меридиан, ал біз жан арнасы дейміз. Жан арнасы 12 жұптан тұрады. Демек, 24 жан арнасы бар. Олар адам денесінде осы күнге дейін табылған 700 нүктені бір-бірімен жалғап тұрады. Әлгі 700 нүктенің әрқайсысы адамның ішкі ағзаларына жалғанады. Бірі – 5, енді бірі 12 нүктеге жалғанады дегендей. Яғни сырттағы нүкте арқылы іштегі ауру басқарылады. Бұл дегеніңіз – адам ағзасын басқарып отыратын арнаулы нүкте бар деген сөз. Ол – жан нүктесі. Сол нүктеге қойылған ине іштегі ағзаға өзінің «әмірін» жүргізіп, оны оятады. Керек нүктені дөп басқаннан кейін ағза сауығуға бет бұрады.

– **Ине салғанда олардың бірін шөппен қыздырып, екіншісін тоққа жалғайсыздар. Бұл нені білдіреді?**

– Ине қоятын маман адам денесіндегі нүктенің қандай жағдайда екенін науқастың халіне қарай қайсысын тоққа жалғап, қайсысын шөппен қыздыратынын бес саусағындай білуі керек. Әлгі қыздыратын шөптің құрамында 18 түрлі шөп бар. Мұның бәрі иненің әсерін күшейтеді.

Микроскоппен қарасаңыз, жан арналарының (каналдарының) астында қан жүріп жатады. Мысалы, адамның сау қолының да, сал (паралич) болып істемей қалған қолының да бойымен қан ағып жатады. Ендеше, оның істемей қалуының себебі неде? Мәселен, машинаның жүрегі – мотор, ал моторды айналдыратын бензин. Бірақ кейде машина от алмай қалған кезде «провод» тигізу керек болады. Енді осы мысалды адамға байланысты айтып көрейік. Жүрек-моторыңыздан айналған бензин-қаныңыз күллі денеңізді айналып ағып тұр. Бірақ бір қолыңыз қозғалмайды. Өйткені

жан арнасы істемей тұр. Демек, «провод» тигізу керек. Ол «проводыңыз» алтын ине. Керек болса, ол токқа жалғанады немесе шөппен қыздырылады.

Сал болып қалған кісі бізге екі-үш апта көлемінде қаралса, екі курс емнен кейін аяғынан нық тұрады.

– Ал бірнеше жылдан бері сал болып жатқан кісілер ше?

– Оларды ұзақ емдеуге тура келеді. Бірақ емделеді, тым құрығанда, таяққа сүйеніп жүретін болады.

– Көп ауруларды емдейді екенсіздер, тіпті дәрігерлер үмітсіз деп санағандар сіздің алдыңызға келіп, дертіне дауа тауыпты. Денесінің 90 пайызын псориаз дендеген Әбусағит ақсақал сізді тіпті әулие санайды екен, ал төсекке таңылып қалған Қанат «Жасан мені өмірге қайта әкелді» деп отыр...

– Мен Қазақ радиосының «Денсаулық» бағдарламасында сұхбат беріп отырғанда, Әбекең телефон арқылы хабарласты. «Әңгімеңізді тыңдап отырып, сізге барсам, жазылып кететін сияқты әсерде болдым. Қабылдайсыз ба?» – деді. Мен мекенжайды айттым. Ертеңіне апай екеуі бірге келді. Маған дейін Ресейдің, Германияның бірнеше клиникасына қаралып, болмағасын күдер үзіп отыр екен. Апай «Айтуға да ұят, таңертең тұрған кезде жаймаға бір тегене тері ұнтағы түседі...» деп көзіне жас алды. Псориаздың емдеу тәсілдері ұстазымыздың кітабында бар. Тамыр ұстап, диагноз қойып, сол күні емге кірістік. Уланып қалған нүктелердің уытын қайтардық, үш-төрт рет қан алдық. Екі курстан кейін денесінің біршама бөлігі тазарып қалды. Ал үшінші курстан кейін құлан-таза айықты.

Ал Қанаттың омыртқасының арасы ашылып (грыжа) кеткен. Ол бірте-бірте ұлғайып, төсекке таңылуға мәжбүр болыпты. Бір жоғары оқу орнының проректоры болып қызмет істеген азаматтың отбасының да әбден күйі кете бастаған екен. Өйткені әйелі де жұмыстан шығып, ауру баққан. Амал жоқ, ота жасауға келіскен екен. Бірақ Құдайдың қарасқаны шығар, екі рет операция үстеліне барған кезде қан қысымы 200-ге көтеріліп, кері қайтыпты. Сол кезде палатадағы теледидардан мен туралы хабарды көріп, келді. Алла жар болып, алтын иненің арқасында бел омыртқасы толық жазылып, қазір шауып жүр.

– Қазір ине салатындар көбейіп тұр. Солардың бәрі ем бола ма?

– Ине қою үшін әуелі, жоғарыда айтқанымдай, дұрыс диагноз

қою керек. Содан соң ауруға ем жүргізетін нүктесіне ғана ине қою қажет. Диагноз қойып, бірнеше минутта қажетті нүктелерге ине салу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ол үшін барлық нүктелерді жатқа білу қажет. Науқасты жатқызып қойып, кітапқа үңіліп отырмайсыз ғой. Мысалы, біз көзге де ине саламыз, ал жамбасқа салған инесін сындырып алып жататындар да бар. Ине салған кезде оны оңға немесе солға бұрау – үлкен ғылым. Оны білмесеңіз, алдыңызға келген адамды бекер әуре қыласыз.

КСРО мен Қытайдың арасында салқындық болған кезде, ертеректе курс оқып алғандар ине қойып жүріпті. Қазақстанда менен өзге осы алтын иненің қасиетін ғылыми түрде негіздеген адам жоқ.

Қазір де курс бітіріп, ине салатындар көбейіп барады. Бірақ ғылыми негізге сүйенбеген ілім ем болып жарытпайды. Мысалы, он күннен тұратын бір курс емнен кейін науқас кемі он күн демалуы керек. Ал бізде он бес немесе жиырма күн бойы ине қоятындар бар екен. Бұл ешқандай шипа бермейді.

– **Ал енді осы алтын иненің құрамында не бар?**

– Иненің 80 пайызы күмістен тұрады, қалған 20 пайызында алтын мен тазартылған мыс бар. Халық арасында ол алтын ине аталып кеткен. Біз өзіміз қолданатын инені Бейжіңнен алдырамыз. Бір адамға қойған ине екінші кісіге пайдаланылмайды.

– **Ал оны алғаннан кейін күтіну керек пе?**

– Міндетті түрде. Өйткені ол кезде барлық нүктелер ашылады. Ыстық ванна қабылдауға немесе моншада буға түсуге болмайды. Тура босанған әйел секілді күтіну қажет. Ет жеп, ыстық сорпа ішу керек. Тек он күннен кейін ғана бұрынғы қалпыңызға түсесіз.

– **Сіздің әңгімеңізге қарағанда жұрт кәдуілгі медицинадан бас тарту керек секілді...**

– Жоқ, олай деп кесіп айтуға болмайды. Мысалы, қант диабетіне шалдыққандар бізде ұзақ емделеді. Ал оларға қабылдап отырған инсулиннен бас тарт деп айтуға болмайды ғой. Қытайда да еуропалық медицина Шығыс-тибет медицинасымен қатар жүреді. Бірақ жұрт соңғысына көбірек жүгінеді. Өйткені оның пайдасы зор. Бізге де осы әдісті кеңінен тарату керек. Қытай халқының саны миллиардтан асты деп жүрміз. Олар осы межеге медицинасының арқасында соңғы 200 жылда жетті. Қарап отырсаңыз, онда туу көп, өлім аз. Өйткені кез келген қытайлық ауырмаса да, қартайып кетпес үшін, аурудың алдын алу үшін жылына екі рет ине салдырады.

Осы өмірімде менің алдыма талай бай-бағландар келді. Бір басында бәрі бар, қос-қостан үйі, көлігі, тіпті жеке ұшағы барлар да бар. Тек денсаулық жоқ. Кейде сол азаматтар аяғынан тұрғаннан кейін медицинаны көтеруге күш салса ғой деп ойлаймын. Сонда біздің де халқымыз көбейер еді.

Дегенмен түңілуге болмайды. Қазір нарық экономикасына бағынған заман. Қай медицинаның емі күшті, бағасы арзан болса, таразының сол жақ басы төмен түседі. Демек, біздің емімізге иек артатындар күн санап көбейе түседі. Өйткені біздің еміміз әрі сапалы, әрі бұқара үшін қолжетімді.

– **Аймақтардан бөлімшелер ашу ойларыңызда жоқ па?**

– Ол үшін алдымен шәкірт даярлау керек. Қазір осы мәселемен айналысып жатырмыз. Бірнеше шәкіртіміз ине салуды меңгеріп қалды. Жоғары жақтың ұсынысымен таяу күндерде Астанада орталығымыз ашылады. Бірте-бірте іргеміз кеңейе береді ғой.

– **Инемен емдеу Тибеттен бастау алған ба?**

– Жоқ, олай деп оны бір елге «байлап» беруге болмайды. Бұл – адамзаттың ортақ қазынасы, оның ішінде біздің де ата-бабамыздың үлесі бар. Тарихи деректерде бұрынғы қазақ емшілерінің науқас адамның ауырып тұрған жерін басатын нүктелерді тапқандығы туралы мәліметтер бар. Мысалы, бел ауырса, уқалап отырып, оны басатын нүктенің қолда немесе аяқта екенін білген ғой. Атақты Ибн-Сина өз емдерінде нүктелік массажды пайдаланған. Басында таяқтың ұшымен уқалау иненің әсерін берген. Кейін тибеттіктер оны дамытып, күміс қасық пен түрлі тамақ ішетін ыдыстардың ұшымен нүктеге әсер етуді жалғастырған. Келе-келе адамның ішін теспей-ақ, сырттан ішкі ағзаны емдеуге болатынын түсінген. Содан соң қытайлықтар қазіргі біз қолданып жүрген иненің қазіргі нұсқасын қоладан жасаған. Бірте-бірте ауқатты адамдарға алтын жалатылған ине қоя бастаған. Жетіле келе қазіргі инелер пайда болды. Демек, инемен емдеу тәсілінде біздің де үлесіміз болғанмен, оны жазуы, өнер-білімі бар жұрттар әлемге өз ілімі ретінде ұсынды.

**Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ,
Берқайыр САЛЫҚҰЛЫ**

ШЫҒЫСТЫҢ ШЫРАЙЫ – «АЛТЫН ИНЕ» ТЕРАПИЯСЫ

Шығыс медицинасының негізі – алтын ине терапиясын меңгерген дәрігер Жасан Зекейұлының Қазақстанға келгеніне 10 жылдан асыпты. Дәрігердің алтын инесі талай науқасқа дәру болып, тіпті кейбір жандар Жасан Зекейұлы жасаған ем әсерінен өздерін дүниеге қайта келгендей сезініпті. Дегенмен рухы асқақ дәрігер үшін ұлттың, қазақтың орны бөлек. Сондықтан да шығар, салауатты қоғамда дені сау ұлттың болғанын қалайтын Ж.Зекейұлымен арадағы сұхбатта ең алдымен адам баласы мен медицина арасындағы ізгі байланыс әңгімеге арқау болған еді.

– Сіз алтын ине терапиясының маманысыз. Адам денесін алтын инемен емдеу – Шығыс медицинасының діңгегі болып саналады. Жалпы, Шығыс медицинасы мен Батыс медицинасының үндеспейтін жерлері неде?

– Батыс медицинасында науқастың тұлғасына, оның дүниеге келу кезеңіне, оның қалай қалыптасқандығы жайына көп көңіл бөле бермейді. Сырқаттың тек көзге көрінген жеріне, қан тамырларына, жүйке жүйелерінің ішкі организмдерімен байланысы мен мүшелердің қызметіне қарап қана анықтайды. Мысалы, жүрек қанды ығыстырады, бауыр болса, қанды жасайды, асқазан тамақ үйіреді, бүйрек зәр шығаруға жауапты дегендей. Яғни Еуропа медицинасында ішкі организмдерді қан айналымы жүйесі арқылы ғана байланыстырады. Ал Шығыс-тибет медицинасында барлығына өзгеше қарайды. Мәселен, адам организмінің жаратылысына, оның дүниеге келуіндегі негізге көп мән береді. Адамның шығу тегі топырақтан болса да, өзге нәрседен болса да, тепе-теңдік жүйесі арқылы айқындайды. Адам денесіндегі күш-қайрат пен әлсіздікті салыстырады. Негізінен, Шығыста барлық нәрсені салыстыра отырып, зерттеген ғой. Күн мен түн, оңтүстік пен солтүстік, ақ пен қара деп тепе-теңдікті сақтап, инь мен янь деген методиканы қалыптастырған. Яғни Шығыс медицинасы бойынша, адам денесінде оның өмірін басқарып отыратын рух бар.

Тибет медицинасындағы қан тамырлары жүйесінің кестесі Еуропа медицинасындағы қан тамырлары жүйесінен өзгереді.

Мәселен, ине егу нүктелеріндегі жүріп жатқан каналдар қан тамырларының жүру каналдарына бағынбайды. Адамның денесінде күш, рух бар. Сол рухты, күшті бұған дейін мәлім болған нүктелерді ине арқылы, ішкі ағзаға операция жасамай-ақ сырттан басқарып отырады. Бұл – мыңжылдықтар бойы пайда болған медицина. Тибеттен негізін қалаған медицинаны Қытайға әкеліп, дамытып, содан Шығыс медицинасы ретінде қалыптастырады ғой.

Айтпақшы, бұрын біздің ата-бабаларымыз да бұл медицинадан хабары болған. Себебі, соның белгілері әлі күнге дейін сақталған. Мысалы, таяқтың күшімен уату деген ем қолданған. Кісі тұмауратып қалса, бақсылар таяқтың ұшымен кісінің табанын немесе қолын уқалап, дем алу каналдарын ашып жіберетін болған. Кісінің басы ауырып, балтыры сыздай қалса да осындай ем түрлерін қолданған.

– Сонда ежелгі қазақтар да бұл медицинаны пайдаланған ғой!

– Иә, ата-бабаларымыз алтын ине терапиясынан хабары болмаса да, ауруға әсер ететін тәсілдерді білген. Сақ заманында айырдың немесе күректің басын отқа қыздырып алып, жүйкесі ауырған адамдардың кеудесіне басатын сыңай көрсететін. Сөйтіп, оны үрейлендіру арқылы нерв жүйесін тітіркендірген. Бұл кісінің жүйкесіне қазіргі иненің күшімен пара-пар әсер еткен. Әрі кісінің ауырған жерлерін таяқ ұшымен, қамшының сабымен, күміс қалақпен уатып отырған. Суықтаған балаға жалбызды қайнатып беруі де – сол Шығыс медицинасының көрінісі.

– Сізді Қытайда бұл ем түріне үйреткен ұстазыңыз алтын ине қоюды 10 атасынан бері дәстүрге айналдырған екен. Онда жоғары категориялы дәрігер атаныпсыз. Ал Қазақстанға келгенде алтын ине терапиясын қолдануға мұндағылардың ықыласы қалай екен?

– Қытайдан 60-жылдардың ішінде осы үлкен көш келді ғой. Солар алтын инемен емдеу тәсілін ежелгі, көне әдісін әкелген екен. Бірақ сол кездегі жүйе олардың емдеу тәсілін ескіліктің сарынымен байланыстырып, шектеу қойып тастаған. Олар инені үйде жасырып қояды екен. Қытайда адам ағзасына кері әсер ететін арам қанды алудың қажет екендігі заңды болып есептелінеді.

Мен мұнда 1994 жылы келдім. Сол жылы Қазақстан Үкіметі шетелден интеллигенцияны шақырды ғой. Осында медицина мамандарымен кездесіп, 3 айдай жүрдім. Немен айналысатындығымды бағдарлап кеттім. Қытайда біз қарап

жүргеніміз жоқ еді. Шыңжандағы орталық ауруханадағы білдей бір бөлімді басқардық. Ол жерде бізді оқытты-тоқытты. Бірақ елге қайту үшін бір себеп табу керек болды. Тегіннен-тегін жібермесі анық. Сөйтіп, мамандығыма қатысты тұстарды алға тартып, Қазақстанға ғылыми жұмысымды жалғастыру үшін барсам деген ұсыныс жасадым. Соның алдында кісінің қылтамақ ауруына (өңештегі ісік деп те алады) шалдығу себептері жайлы ғылыми жұмысым үшін Мемлекеттік сыйлықпен марапатталғанмын. Қытайда осы жаман аурумен ауыратындар – негізінен қазақтар. Өзге ұлт өкілдері бұл ауруға көп шағымданбайды. Осы аурудың шығу тегін осы елде зерттеп көрейін деген сылтаумен Қазақстанға келуге сұрандым.

– Бұл ауру түрі неге тек қазақтарға тән?

– Қазақтар негізінен ыстық шайды көп ішеді ғой. Күні бойы дастарқаны жиылмайды. Келген адамға шай беруден қолы босамайды. Әрі ол шайды ыстықтай ішеді. Бір нәрсеге ұзақ уақыт бойы кері әсер берсе немесе тітіркендіре берсе, ол жерден ісік пайда болады. Мұны кейін америкалық ғалымдар да зерттеді. Мысалы, қояндарға былайша тәжірибе жасаған. Қояндардың бір тобына салқын су берсе, екінші тобына 80 градустан жоғары ыстық су берген. Арнайы құралдармен бір айдан соң тексергенде, ыстық су ішкен қоянның өңешіндегі қыртыс қалыңдап, рак клеткаларының пайда болғандығы анықталды. Міне, біздің халық та шайды ыстықтай ішуді жақсы көреді. Сосын шайдан кейін кепкен нәрсені жей салуы мүмкін. Өзі күйіп тұрған өңешті қатты нәрсе тырнайды. Содан өңеш сызаттанып, рак клеткасы өсіп шығады. Жұтқыншақ ауруына тұрмыс-салтындағы тамақтану жағдайы кері әсер ететіндігін зерттедім. Мұнда келгеннен соң, сол еңбегім қазақстандық ғалымдардың алдынан тағы өтті.

Қытайдағы ұстазым – дана кісі. Сол айтып отыратын, өз ұлтын сүймеген адамда Отанға, еліне деген сүйіспеншілік жоқ деп. Қытайда жүргенде алдыңа келген мың адамның біреуі ғана қазақ, қалғанының бәрі қытай. Енді қытайлар көп қой. Содан ем жасасам, қалың қазақтың арасына барып жасайын деген оймен, өз еңбегімді онан әрі зерттейін деген себеппен осында келдім. Көшіп келейін десем жібермейді, үйіңді сатқызбайды.

Ал мұнда өзім ойлағандай алдыма келген жанның бәрі де – қазақтар. Бір қазақтың өмірін ұзартуға көмектесем, бір қазаққа жақсылық жасасам, бір қазаққа емім дәру болса, бір қазақтың

санын көбейтуге ықпал етсем деген ой жоғары. Қазақтың саны көбейсе, оның қоғамдағы рөлі де күшейеді ғой.

Міне, сөйтіп Отанымызға оралдық. Жаңа жер, жаңа орта дегендей. Барлығын басынан бастауға тура келді. Қытайдағы атак-абыройынды бұлжакқараластыра алмайсың. Мұнда аспирантураға түсер кезде қиыншылық басталды. Емтихан тапсырар кезде менің қазақша жазғаныммен қатар орысша сынақтан өтуім қажет екен. Қытайша жазғанымды ешкім түсінбейді. Бір жыл орысша оқыдым. Сонан кейін ғана аспирантураға қабылдандым.

– **Қазақстанда алтын ине терапиясының ғылыми негізін сіз қалады дейді...**

– Алғаш келгенде алтын ине қоятын дәрігермін десем, мұнда жұрт көзіне бақсы-балгер ретінде көріну қаупі бар еді. Сондықтан мен мұндағы ғалымдардың алдына өзімнің Қытайда дәлелденген еңбектеріммен баратынмын.

Негізінен, мен Батыс медицинасын Қытай, Тибет медицинасымен қатар оқыдым. Өйткені Қытайдағы әрбір дәрігер сол елдің ежелгі медицинасын білуге міндетті. Егер медицина университетінде 7 жылдық оқу курсы болса, әрбір студент екі жылдың ішінде Қытай медицинасы курстарынан өтуге міндетті.

Оның үстіне мен иненің адам ағзасына қатысты өзім куә болған жайттарды дәлелдеп бердім. Магниттік ине болсын, жай ине болсын, осы ем түрін қолданып, операциядан кейінгі асқыну түрлерін, кәдімгі медицинаға қарағанда тезірек жазып алуға болатындығын дәлелдедім. Мысалы, бұрын операциядан кейін адамның кесілген жері іріңдеп, асқынып, 10-12 күнге дейін қиналатын болса, алтын ине терапиясын қолдану арқылы оны тезірек емдеуге болатындығы жайлы диссертациямды Сызғанов атындағы медицина университетінде қорғадым.

Оның үстіне көптеген ауру түрлерін операцияға жеткізбей емдеп алуға болатындығын дәлелдедім. Ісік, жара, ауру дегенді иненің күшімен-ақ сылып тастауға болады. Ауру түрлерін емдегенім үшін, жаңалықтар үшін арнайы патент алуым қажет болды.

– **Ал қазір өзіңіз жұмыс істеп отырған медицина орталығын өзіңіз аштыңыз ба, жоқ әлде мемлекеттен, жоқ басқа салалардан қолдау болды ма?**

– Мемлекет тарапынан қамқорлық болмады деп айта алмаймын. Мұндағы әрбір адам өзінің жеткен дәрежесі үшін Қазақ мемлекетіне қарыздар болуы керек. Мысалы, Қазақстан болмаса,

біз қайда келер едік? Сол Қытайда қалар едік. Басымда Қытайдың бастығы тұрар, мен соның басқаруында болар едім. Ал мұнда істесең де өз еліңдесің. Маған академик Әлиев көп көмек берді. Медицина университетінің ректоры Талғат Момынов деген ағамыз көп көмектесті. Ол стипендия алып тұруыма мүмкіндік жасады. Енді бұл жерде күн көру керек еді ғой. Қытай айлық жалақымды тоқтатып тастаған. Жатақ орынға да сол кісі көмектесті.

Қаладағы №12 аурухананың бас дәрігері Есентай Тәжиев жұмысқа шақырды. Алтын ине терапия кабинетін ашып берді. Ем үшін табатын қаржының мынанша пайызын кассаға төле, мынанша пайызын өзіңнің жалақыңа жарат деген ұсыныс жасады.

Осы медицина орталығын биыл аштым. Мұндай орталықтың негізін қалауыма да сол кісілер ақыл берді. Биылдан бастап, денсаулық сақтау министрінің қаулысымен ауруханалардағы ақылы бөлімдердің барлығы қосылып, арнайы жеке құрылым болып қайта құрылайын деп жатыр.

Содан өз алдыма орталық ашуға тура келді. Мұны ашу үшін банктен несие, арнайы лицензия алдым. Орталық ашатындай дәрежеге де осы емдеудегі нәтиже арқылы жеттім деп ойлаймын.

– **Айына шамамен қанша адамды қабылдайсыз?**

– Бір күнде 45 адам қабылдаймыз. Аптасына 6 күн жұмыс істейміз. Кісіні қабылдау уақытын да сол адамдардың мүмкіндігіне байланысты өзім түздім, өйткені жұрттың қолы негізінен түсте және кешкісін босайды.

– **Қытайдағы қытайлардан Қазақстандағы қазақтарға қызмет еткенім дұрыс дедіңіз. Пациенттеріңіз негізінен жергілікті ұлт өкілдері шығар.**

– Біздің ұлт көп нәрсені көрген ұлт қой. Ашаршылықты да, басқыншылықты да. Мен мұндағы қазақтардың қазіргі күні тілі шұбалаңқы болса да, өзге ұлт өкілдеріне араласып кетіп жатса да, олардың қазақ ұлтын, мемлекетін сақтап қалғанына қуанамын. Болмаса, біз – шетелдегі қазақтар, қайда барамыз? Соңғы 70 жылда талай нәрсені көріп, соған шыдаған қазақ біздің негізіміз, тұғырымыз. Біздің ұлтта ұлтшылдық сезімі дамып келеді. Болмаса не көп – орталық көп. Израиль медицина орталығы бар, басқасы бар. Ал біздің қазақтың, сол аз да болса, өз ұлтыма тисін деген ниеті жандана бастады.

Мына еврей деген ұлттық сана-сезім бойынша барлығын орағытатын халық қой. Үйінің астындағы азық-түлік дүкені бола

тұра, ерінбей 3 шақырым жердегі еврейлердің дүкенінен тамақ алып келеді екен.

Сондай сана қазіргі күні қазақта да ояна бастады. Болмаса, ине қоятын орыс та бар, басқа да бар. Бірақ біздің ұлт өкілдері маған көп келеді. Мұның астарында өзіміздің бала ғой, түсінеді, жеңілдірек емдеп берер деген ой тұрғаны анық.

Солардың ниетінен бе, әйтеуір осында емделіп кеткендердің барлығы да құлан-таза айығып кетеді.

– Сіздің иненіз дәру болған ерекше оқиғаларды айтсаңыз...

– Қытай медицинасы – ұлы ілім. Бірақ Еуропа медицинасы екеуінің тылсым тұстарын зерттеуде тоқтап қалуға болмайды.

Атыраудан бір кісі келді. Қан тамырлары жарылып, құлаған. Аяқ-қолы жансызданып, тіл-ауыздан қалған адам екен. Қалқаман ауруханасында жатқан. Сол адамды 3-4 сеанс аралығында бүтіндей өз қалпына келтірдік. Ол кісі орнынан тұрып маған: «Осы уақытқа дейін Еуропа медицинасының барлық тәсілін, лазер сәулесі дегеннің бәрінен өттім. Бірақ сол қолданатын табиғи емнен ешқайсысы артық емес екен. Мен сенің арқанда жаңа туылғандай болдым», – деді.

Мысалы, шашының 80 пайызы түсіп қалған адам келді. Өзінің мамандығы әртіс екен. Үйде де, түзде де, жасанды шаш киеді. Одан кісінің басы терлеп, миға әсер етіп, жанын ауыртады ғой. Ал «осы шашымды қайтадан шығарып беруге бола ма» деп келді. «Дүниеде қорлық осы екен, тарақ алып, шашымды тарасам, арманым жоқ қой». Көрдіңіз бе, адамның арманы қалай болады, адам өзінде жоқ нәрсені армандайды ғой. 40 күн бойы емдедік. Мидың қан тамырларына «ұйықтап қалған» тамырларына қозғау салдық. Нүктелерін аштық. Содан оның өз шашы өсе бастады. Әрі бұрынғы шашына қарағанда қою болып көрінді. Шаштың түсуі ішкі организмге де байланысты. Оның бүйрек, бауырының ауыратындығын, кезінде денесіне инфекция кіріп, оған химиялық дәріні шектен тыс қолданғандығын анықтадым.

Біздің қазақтың әйелдері соңғы кезде бала көтеру жөнінен біраз қиындық көріп жатады. Соларға еміміз дәру болса екен дейміз. Жылына 30-40 шақты отбасы бізде ем қабылдағаннан соң, шілдехана тойын тойлап жатады.

Мұндай мысалдар баршылық. Мұнда бір келген адам науқасынан айығып келе жатқандығын сезініп, толықтай жазылып

кетуі үшін бірнеше рет келеді. Ешқайсысы ауруыма шипа болмады деген сөз айтқан емес.

– Ал мұндай емнің бағасы қалай? Мұнда ем қабылдаушы адамдар арзан деп жатады. Негізі, тез шипа болатын ем құны қымбат болмаушы ма еді?

– Шындығында, бұл емнің құны қымбат. Өзге орталықтарда, мысалы, Израиль медицина орталығында диагноз қоюдың өзіне көк қағаз сұрайды. Әр кіргеніңнің өзі жүздеген, мыңдаған доллар тұрады. Мен де емнің құнын солайша көтерсем болар еді. Бірақ ол кезде тек жағдайы бар, ауқатты жандар ғана ем қабылдайды ғой. Мен тек мына орталық орналасқан үй үшін банктен алған қарызымды қайтаратындай, салық төлейтіндей, осында жұмыс істеп жүрген медицина қызметкерлерінің жалақысын бере алатындай ақша тапсам болды. 9 адамға жұмыс беріп отырмын. Ал арнайы аппараттар алу үшін кейде өзімде емделген адамдар демеушілік жасайды.

Сұхбаттасқан Гүлнар МҰҚАНОВА

«Шалқар» газеті

ЖАРҚЫН КҮЛКІ СЫЙЛАҒАН «ЖАС-АЙ»

Жақында “Жас-Ай” Шығыс-тибет медициналық орталығының жұмыс жүргізгеніне бес жыл толған мерекелік шара болып өтті. Сонымен қатар орталықтың жанынан шығатын «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық ақпараттық журналының тұсауы да кесілді. Жаңа басылым Шығыс-тибеттік ем туралы халыққа толыққанды ақпарат таратуды және медицинаның осы түрінің атын жамылып, адам емдеуді бизнес көзіне айналдырғандардың орынсыз әрекеттерінің алдын-алуға ықпал етіп отыр.

Аталған шараға ҚР Сенат депутаты Ғарифолла Есімов, ҚР ҰҒА президенті, Премьер-министрдің кеңесшісі Мұрат Жұрынұлы, қоғам қайраткері, жазушы, академик Матқан Молдағали, ҚР Емшілер қауымдастығының бас төрағасы Зиядан Қожалымовтар

және Қазақстанның белгілі өнер адамдарынан Рамазан Стамғазиев, Ұлту Қабаева, «МУЗАРТ» тобы қатарлылар арнайы келді.

Шығыс-тибет медицинасы – шығыс халықтарына ортақ. 5000 жылдық тарихы бар Қытай елі осы саланы ғылыми айналымға енгізіп, жүйеге келтірді. Осы медицина түрі біздің елімізге 1992 жылдары келе бастады. Солардың бірі болып Халықаралық инемен емдеу академиясының мүшесі, профессор Жасан Зекейұлы осы бағытта жұмыс істеп келеді. Ол алдымен Алматыдағы №12 қалалық ауруханада Шығыс-тибеттік әдіспен емдеу қызметін көрсететін бөлімше ашады. Кейін халықтың сұранысы бойынша 2004 жылы “Жас-Ай” Шығыс-тибет медициналық орталығын ашып, жұмысын жүргізеді. Міне, сол уақыттан бері онда 40 мыңнан астам наукастың дертіне шипа табылып, мыңға жуық әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына тегін көмек көрсетілді.

“Жас-Ай” Шығыс-тибет медициналық орталығының жұмысын жүргізіп отырған Жасан Зекейұлы 1967 жылы ҚХР, ШҰАР-ның Тарбағатай өңірінде дүниеге келген. 1989 жылы Қытайда медицина университетін бітіріп, алғаш еңбек жолын Күйтүн орталық емханасынан бастаған. Ол Бейжің, Тянжин сияқты оқу орталықтарында білімін жетілдіреді. 1995 жылы Халықаралық “Алтын инемен емдеу ғылыми-зерттеу, сауықтыру қоғамының” мүшесі болып қабылданады. Сөйтіп, Шығыс-тибет медицинасының сыры мен қырын жетік меңгерген ол Қытайдың үздік жүз маманының қатарына өтеді.

1994 жылы елге оралған Жасан Зекейұлы ҚазҰУ-дың “Хирургиялық сырқат” кафедрасының аспирантурасын бітіріп, қазақ медицина ғылымында тұңғыш рет Сызғанов атындағы Хирургиялық ғылыми-зерттеу орталығының академиктері мен мамандарының жетекшілігімен “Хирургиялық аурулардың және операциядан соң болатын асқынулардың алдын алу және емдеу” деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады.

Қазіргі уақытта емдеу ісін сәтті жүргізіп жатқан Жасан Зекейұлының екі ғылыми-медициналық патенті және қырыққа жуық еңбегі жарық көрді. Инемен емдеу саласының үздік маманы, зерттеуші-ғалым Жасан Зекейұлына Қазақстан халқының денсаулығын сақтауға қосқан өлшеусіз еңбегі үшін 2006 жылы “Үздік дәрігер” атағы берілсе, 2007 жылы Денсаулық сақтау министрлігі “ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі” белгісімен марапаттады. 2008 жылы “Алтын жүрек” иесі атанды.

Қорыта айтқанда:

Өмір кеш жарқырап бір жарқын жүріп,

Қарсы алсын әрдайым да халқың күліп.

Жүре бер аман-есен алға қарай,

Алтын ине салатын алтын жігіт, – деп ақын Тұманбай Молдағалиев ағамыз айтқандай, алтын инесі дертке шипа, жанға дауа болған орталық халық игілігі үшін жұмыс істеп жатыр десек болады.

Шығыс-тибет медицинасы – Шығыс халықтарына ортақ. Бұны тек Тибеттің немесе Қытайдың медицинасы деп қарауға болмайды. Сондықтан елімізде осы саланы дамытып отырған “Жас-Ай” Шығыс-тибет медицина орталығы алтын инемен ажалға араша, ауруға шипа жасап отыр.

Ендеше, “Жас-Ай” Шығыс-тибет медицина орталығының басшысы Жасан Зекейұлы, Сізді және Сіз басқарып отырған ұжымды бес жылдық мерейтойларыңызбен еларалық “Шалқар” газеті құттықтайды.

Айжан БОДАУБАЙҚЫЗЫ

«Әдебиет айдыны» газеті

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ:

АДАМ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАСЫ

Қазір Тибет медицинасы бойынша инемен емдеу жасаймыз деген жарнамаларды көп кездестіретініміз жасырын емес. Әр жерден қол бұлғайтын осы емшілердің қайсысына сенген жөн? «Ауру кісі мен даулы кісінің сандалатыны» бесенеден белгілі, десек те, шыбын жанына шипа іздеген науқастардың көбі кімге барарын, қайда қараларын біле бермейді. Осы орайда ел аузында кең тараған есім, Алматы қаласындағы «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының басшысы, Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі Жасан Зекейұлымен әңгімелескен едік.

– Қазір инемен емдейтіндер көбейіп кетті, олардың қайсысының

дипломы қандай, кімнің лицензиясы бар деген мәселеге келетін болсақ, көп әңгіме. Біреуді сыртынан сөз қылу жақсы емес, дегенмен адам өмірі, адам денсаулығы аса жауаптылықты қажет ететін қазыналарымыздың бірі деп білемін. Жалпы, жұрттың кімнің кім екенінен хабары жоқ қой, диагнозды дұрыс қоя ма, жоқ па – білмейді, менің сұхбат берудегі мақсатым да осы. Көпшілікті шатастыруға ешқайсымыздың хақымыз жоқ. Мәселен, қан қысымы жоғары немесе дене қызуы көтеріңкі адамға қойған инені оңға бұруға болмайды деген сияқты бұл шаруаның да нәзік тұстары баршылық. Қан қысымының жоғарылауының кесірінен бет-ауыздың қисаюы сияқты кеселдер тек қана иненің емінен жазылады, – деп бастады Жасан Зекейұлы әңгімесін.

– Соңғы уақытта инемен емдеушілердің көбейіп кеткенін білеміз, бұл алтын ине деген жалпы қай дәуірден бері қолданылып келеді?

– Алтын инемен емдеу деген Шығыс елдерінде өте ерте замандардан бері қолданылып келеді, біздің ата-бабаларымызда ине болғанымен, ағаштың, күміс қасықтың ұшымен ем жасаған. 2000 жыл бұрын қытайлар қоладан жасаған үшкір заттармен емдеуді бастаған, сонда иненің тарихын осы дәуірге дейін созуға болады. Бұл ежелгі түркілерде болған нәрсе ғой, қытайлар отырықшы ел болғандықтан соны сақтап қала алған, ал біздің бабаларымыз көшіп қонып жүргендіктен, біраз уақыт бойы бұл шаруаны жүзеге асыра алмай келген. Кейіннен қоланың орнына күмісті пайдаланған. Терінің сыртынан шанышқаннан гөрі, жүйке жүйелеріне әсер еткені дұрыс деп тапқан. Келе-келе бұл алтын инеге айналған. Таза алтыннан жасалған мұндай инелер тек сол заманның бай-манаптарының ғана қолына түсетіндей өте қат дүние болған. Сол дәуірдің адамдары қазіргідей медицинаның мүмкіндіктерін көрмей тұрып-ақ иненің көмегімен емделе білген. Химиялық дәрілерді қолданбай, хирургияның көмегіне жүгінбей-ақ, бабаларымыз небір ауыр науқастардың шипасын тапқан. Бертіңгі 200-300 жыл көлемінде инемен емдеу үрдісі қатты дамып кетті. Мұның себебі адам ағзасындағы 12 жұп меридианның қасиетінің ашылуына байланысты. Меридиан дегеніміз – қазақша айтқанда, жантамыр деген сөз. Сол жантамырлар адамның ішкі мүшелерін басқарып отырады. Мәселен, жазу жазғың келсе, мидан сигнал түседі де, қолыңды көтеріп, қаламды аласың. Ал қан қысымы жоғарылаған адам қолын жоғары көтере алмайды. Себебі меридиандары жабылып қалған.

– Адамның 12 мүшесі бір-бірімен байланысты екені бәрімізге белгілі. Дәстүрлі медицина аурудың себебін таппай, салдарымен ғана күреседі ғой. Сіздер ше?

– Иә, дұрыс айтасыз, дәстүрлі медицинада өкпесі ауырса, рентгенге түсіріп, өкпесінде дақ болмаса, ауру деп есептемейді. Шын мәнінде, өкпесі таза болғанмен, меридиандары жабылып, өкпенің тамырлары бітеліп, тыныс ала алмай тұрады. Қатты шаршау мен психологиялық соққы алудың кесірінен жүйке бұзылып, оның әсері өкпені тарылтып тұрғанын дәрігерлер көп біле бермейді. Дене қызуын өлшеп, қалыпты болса, науқасты қоя береді. Ол үйіне барған соң, одан да қатты ауырып жатып қалады. Тибет медицинасының ерекшелігі, мұндай ауруларды егжей-тегжейлі тексеруден өткізеді. Басқа дене мүшелерімен байланысын қарастырады. Нәтижесінде, ұзақ уақытқа созылған ауыр науқастар жазылып кетеді. Ми қантамырларына зақым келгендер мен қан қысымы жоғарылағандар осы иненің көмегімен ғана жазылады. Екінші рет қан қысымы жоғарыламау үшін осы ауруды туғызып тұрған жүрек, бауыр, бүйрек сияқты мүшелердің қызметін жақсарту керек. Яғни жабылған меридиандардың көзін тауып аша алсаңыз ғана науқас бұрынғы сау қалпына келеді.

– **Науқастарға диагнозды қалай қоясыз?**

– Менің мамандығым – хирург. Қазақстанға келгеннен соң көп жыл бойы Алматыдағы №12 қалалық клиникалық орталық ауруханада Шығыс-тибет медицинасының аға дәрігері болып қызмет істедім. Шығыс медицинасының бір ерекшелігі – негіздік тәжірибеге сүйеніп, диагноз қоюында. Ал дәрігерге барсаңыз, анализ бен рентгеннің түсірілімін сұрайды. Яғни өлі техникаға сенеді. Ал шын мәнінде 40-50 пайыз тәжірибеге сүйенуіміз керек. Бұл адам неге осы аурумен ауырып тұр деп жүйелі зерттеп, тамыр соғысынан-ақ білуі тиіс. Соны білген дәрігер науқастың диагнозы мен адамның айтқанының сәйкестігін аңғара қояды. Емнің нәтижесі дұрыс болуы үшін, диагноздың дұрыс қойылуы айрықша маңызды. Жақында ғана бір үлкен кісіні ажал қаупінен аман алып қалдық. Қызылордадан өкпенің рагымен келген, Алматыда да осы диагноз қойылыпты. Мұндағылар операция жасаймыз депті. Қарасам, онкологиялық аурудың белгісі жоқ сияқты. Тек қана өкпесі қарайған екен. Содан түрлі тексеруден өткізіп жатып, анықтағаным бойынша емдедім. 20 күннің ішінде құлан-таза айығып кетті. Тамыр ұстаудың мықты білгірі болу үшін адамның

туабітті қабілеті болуы керек. Яғни тамырды сезуі тиіс. Ата-бабаңнан қанмен келген қасиет болмаса, дәрігерлік те ақындық сияқты еш біліммен келмейді. Қытайда медициналық оқу орнына емтихан тапсырғанда, ол адамның дәрігерлікке бейімі бар-жоғына қатты қарайды. Дәрігер адамға жүректің мейірбандығы – ең жақсы қасиет. Жағдайымыз сәл ғана жақсара бастап еді, біз кейбір мұқтаж жандарға тегін ем көрсете бастадық. Базарда арба итеріп, отбасын асырап жүрген бір жігіттің белі шойырылып қалыпты. Оған операция жасауға болмайды. Одан жұлынына зақым келуі мүмкін. Өзімнің емдей алатыныма көзім жетіп тұр. Ал оның ақшасы жоқ. Мен әу баста Қытайдан жағдайым жаман болған соң елге оралғаным жоқ. Менің мақсатым – мың қытайды емдегенше, бір қазақты емдеу. Ақшаң жоқ па, жүре бер деп ауру адамды сандалтып қою дәрігердің этикасына да, адамгершілік қасиетіне де сай емес қой. Қысқасы, дәрігер деген тек науқас пен дәрінің атын жаттап алған емдеуші емес, адам жанының арашашысы, сондай-ақ имандылықпен сусындаған, жақсылық жасауға асығып тұратын адам болуы тиіс.

– Қандай ауру түрлерін емдейсіздер?

– Шығыс медицинасының стандарттарына сәйкес, өмірлік тәжірибе мен ғылыми сараптаманың нәтижесінде белгіленген бірталай аурудың түрін емдейміз. Атап айтсам, жүйке жүйесі, жүрек-қан тамыр, асқазан-ішек, несеп-жыныс, гинекологиялық, буын, тыныс алу, тері, көз, эндокринологиялық деп аталатын ауруларды топтастырып қойғанбыз. Осы топтарға кіретін аурулармен қатар есту қабілетінің төмендеуі, темекі мен ішімдікке салынудан да емдейміз. Мәселен, Бота деген қыз талай жерге емделіп, «ЭКО-ға» да бірталай ақшасын жұмсап, бала көтере алмай қиналып келеді. Аналық безінің үштен бірі ғана қалған, операция кезінде қалған бөлігін алып тастаған. Бала көтеру мүмкіндігі бір пайыз шамасында ғана десе де болатындай. Сонда «үмітсіз шайтан» дегендей, Алланың жақсылығынан күдер үзбей, емдеуге кірістім. Екі курс емнен кейін жүктіліктің белгілері байқала бастады. Сол Ботаның күйеуі маған алғаш келгенде, «Аға, Аллам бізге баланы о дүниеде беретін шығар» деп қатты түңіліспен табалдырықтан аттаған. Қазір олардың бір ұл, бір қызы бар. Осылайша бір қазақтың отбасы ажырасудан аман қалып, тіпті балаларын тәрбиелеп, сүттей ұйып отырғанын көргенде, өз ісіңе деген мақтаныш сезімі пайда болып, құлшынысың арта түседі. Елге келген соң, халыққа пайда тигеннен

артық не қуаныш бар? Еліміз еңселі елу елдің қатарына қосылу үшін азаматтарының дені сау болуы маңызды. Адам мемлекеттің ең қымбат қазынасы екенін ұмытпайық.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен Элеонора ЖАҢАБЕРГЕНҚЫЗЫ

«Алаш айнасы» газеті

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ, Халықаралық инемен емдеу академиясының мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик:

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕМЕУІ, ШЕТЕЛДЕН БАПКЕР, ӘРТІС ШАҚЫРТУЫ – БӘРІ НАМЫССЫЗДЫҒЫНАН...

– Шығыс-тибет медицинасы біздің еліміз үшін күні бүгінге дейін қыр-сыры белгісіз ғылым болды. Оның ауруға пайдасы зор екенін сіз арқылы танып-біліп жатырмыз. Осы орайда аталмыш ілімнің ерекшелігі жөнінде кеңінен әңгімелеп берсеңіз...

– Бұл ғылым, негізінен, Қытайда жақсы дамыған. Біздің одан хабарсыз қалуымыздың басты себебі – Қазақстан 70 жыл Ресейдің құрамында болғандықтан, КСРО шекарасын асып келіп, біздің елімізде дамуына мүмкіншілік болмады. Егемендік алғаннан кейін, ел арасындағы тығыз байланыс пен адамдардың қарым-қатынасы нәтижесінде ғана ел ішіне тарала бастады. Шығыс-тибет медицинасы байырғы бес мың жылдық тарихы бар Шығыс елінің медицинасымен ұштасып жатыр. Бұл саланың басты мақсаты – адам денесіндегі табиғи энергия көздерін ашу. Табиғи энергия көздерінде 12 жұп, 24 меридиандық жолдар болады. Онда 700-ден астам нүктелер бар. Солардың барлығы адамдардың 12 мүшесімен жалғасып жатыр. Инелер сол нүктелер арқылы адамдардың ішкі ағзасын емдейді. Дәрі кейде бір жеріңізді емдегенімен, екінші жеріңізге зардабын тигізеді. Оның үстіне еліміздегі медициналық қызметтің нашарлығы да рас. Соның айғағы – қазір халық жағдайы келсе, шетел асып емделуге тырысады. Себебі еліміздің медицинасына сенбейді. Ал алтын ине емі басқа жеріңізге

зиянын тигізбей, тек ауырған жеріңізге ғана бағытталады. Және біз бел омыртқасының жарығы, мастопатия секілді ауруларды отасыз емдейміз. Мысалы, инсульт алған адам сал болып қалады. Медицина инсульт алған адамды алғашқы көмек жасап, бетін бері қаратқанымен, науқастың одан әрі қарай аяқтан тұрып кетуіне қауқарсыз. Ал ол адамның бұрынғыдай аяқтан тұрып кетуіне тікелей көмек жасайтын – Шығыс-тибет медицинасы. Алтын ине емі адамды емдеп қана қоймай, адамның бойындағы ауруға деген қарсылық иммунитетін көтеріп, адамның бойындағы қуат көздерін ашады. Кейде адам күнделікті қым-қуыт тіршілік, мазасыз жұмыс, ластанған ауа мен дұрыс тамақтанбау секілді күнделікті режимнің бұзылуынан шаршап, әлсірейді. Көптеген өркениетті елдерде адамдар ауырмай-ақ, бойындағы әлсіздікті жойып, дене қуатын арттыру үшін Шығыс-тибет медицинасының қызметіне жүгінеді. Адам бойындағы қуат көздері жеткілікті жұмыс істесе, кез келген ауруға төтеп бере алады. Шығыс-тибет медицинасын зерттеп, жұмыс істеп жатқаным қазір 20 жылдай болды. Ал медициналық орталықты ашқаным – 5 жыл. Осы уақытқа дейін 40 мыңдай адам ем алды. Оның ішінде әлеуметтік жағдайы нашар 1500-дей адамға тегін ем жасалды.

– Бірнеше профессорлар мен академиктер «Үкіметке үндеу жазды» деп естідік. Солардың ішінде сіз де бар екенсіз. Үндеу жазуларыңызға не себеп болды?

– Дүниежүзілік қаржы дағдарысын пайдаланып, кейбір азаматтар адам емдеуді бизнес көзіне айналдыруда. Қазіргі таңда Қытайдың Да Лиян қаласындағы Шығыс-тибет медицинасымен айналысатын орталықты елордамыз Астанаға әкелуге мүдделі болып отырғандар бар. Бір анығы, Қытай жақсысын сыртқа жібермейді. Қытайда өз Үкіметінен қолдау таппай отырған бұл орталықты елордамызға әкелу – өзге елдің қаңсығын таңсық көрумен барабар. Шындығына келер болсақ, қаны қазақ, Шығыс-тибет медицинасынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғаған білгір мамандар Қытайда жетерлік. Тіпті олар елге оралуға ниетті. Неге соларды әкелмеске?! Олардың көп бөлігі Қазақстанға көшіп келіп, осында тұрып жатыр, жұмыссыз жүргендері де жетерлік. Қытайдан гөрі білгір маман қандасымыз артық емес пе?! Таяуда ғана Президентіміздің өзі халыққа Жолдауында шетелден маман әкелуді тоқтатып, ең алдымен отандық мамандар мен ішкі еңбек күшін жұмыспен қамтуды атап өтті. Ендеше, қытайлықтарды жерімізге

әкелу арқылы біз не ұтамыз? Шетелден барып білім үйренетіндердің өзіне медициналық құпиясын ашпайтын Қытайдың емдомшылары біздің елді емдеуі былай тұрсын, жымысқы саясат жүргізбейтініне кім кепіл? Олар Қазақстанға жаны ашып емес, нан табу мақсатында келуде. Сондықтан шетелдің көзбояушыларына жол бермей, Астанамызда заманауи техникалармен жабдықталған, отандық мамандар топтасқан, жалған емшілерге де тосқауыл бола алатын бір орталық ашу қажет. Бұл – бір жағынан, ұлттық қауіпсіздігімізге тиімді болса, екіншіден, өз мамандарымызды жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы жайлар 100 шақты профессор мен академиктердің Үкіметке хат жазуына түрткі болды.

– **Қытайлықтар күнделікті тұтынатын тауарымызды басып алды, мұнайымыздың да бір пұшпағын иемденді. Енді медицинамызға ауыз салуға талпынуда. Осы орайда көпшілік «қытай үнсіз жаулайды» деген пікір айтып жүр. Жалпы, біздің елімізге қытайлықтардан осындай қауіп бар ма?**

– Егер шынымен Астананың қақ төрінен медициналық орталық ашып алса, қауіп болады деуге негіз бар. Онда жанды жерімізден ауыз салды деп те айтуға болады. Ал қытайлық сапасыз тауарға келер болсақ, бұған алдымен өзіміз кінәліміз. Дәл қазіргі кезеңде біз Қытай тауарына өзіміз мүдделі болып отырмыз. Олар жаулайтын болса зиянды тағамымен улау арқылы емес, өз қызмет түрін мойындату арқылы жаулайды. Олардың «Қазақстанға жөнелтеміз» деп әдейілеп сапасыз тауар шығарумен айналысып жатқан зауыттарын көргенім жоқ. Басқа елдер алдында ұятқа қалмас үшін олар ондай тірлікке бармайды да. Қазір қытайлықтардың жалпы саны 2 миллиардқа жетіп қалды. Осынша адамды тұтыну тауарларымен қамту мүмкін емес. Сондықтан халыққа арнап сапалы да, саны көп, сапасы жоқ тауар да шығарады. Себебі 2 миллиард халықтың бәрін сапалы тауармен қамту мүмкін емес. Ал біз олардың сапасыз тауарына «ортақтасамыз». Бұған ең алдымен елімізге ала дорбамен тауар тасымалдап жатқан кәсіпкерлер кінәлі. Болмаса, алманың отаны – Алматыда тұрып, ауламыздан бір себет алма жинай алмай отырмыз. Қытайдың 2 миллиард халқын қамтамасыз ету үшін көп өнім беретін тыңайтқышпен улап тастаған алмасына ұмтыламыз. Жұртты кінәлаудан бұрын өзімізге қарап алуымыз керек. Өз-өзімізді қамтамасыз етіп, қытайға ауыз ашпайтын болсақ, кім бізге қой деп отыр...

– **Жалпы, Қытайдың қай жағынан болсын алға озып, дамуында не сыр бар?**

– Қазір Американың өзі Қытаймен санасады. Қытай көп салада алда келе жатыр. Осыдан бірнеше ғасыр бұрын Қытайдың белгілі ғұламасы «Біз ғылыммен ғана алдыңғы орынға шығамыз» деген еді. Аспан асты елі әлі күнге осы қағидамен өмір сүріп келеді. Қазір Қытай сол ғылымымен технологиясы, экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы елдердің қатарына шығып отыр. Ал біз қазір тек мұнайға сеніп алдық. Байлық қашанға жетеді? Ертең ол таусылса, күніміз не болады?! Сондықтан бізге де басшылыққа ғылымды алатын кез жетті.

– Әңгімемізді медицина саласына бұрсак, қазір адамдар көбінесе қандай ауру түрімен жиі шағымданады?

– Бүгінгі таңда аурудың барлық түрі дерлік жасарып кетті. Бұрын инсультпен тек жасы келген адамдар ғана ауырса, қазір қылшылдаған жастардың өзі инсульт алып жатады. Тек қана Алматы қаласының өзінде күн сайын 10 – 11 адам инсульт ауруымен тіркелсе, бір күн ішінде екі-үш адам инсульт салдарынан қаза табады екен. Бұрын 70 – 80-ге келген қарттарды «белінен шойырылып қапты, қарттық қой» деп жататын, қазір белінен шойырылып жастар келіп тұрады. Себебі адамдардың көптеп қалаға ойысуымен халқымыздың тұрмыс-салты өзгерді. Соған сай сүйек өсуінде де өзгерістер болып жатыр. Сүйек арасындағы өзгеріс жұмсарғаннан кейін сіңірлер қысылып, арада жарықтар пайда болып жатады. Ол жастардың белінің құяңы ұстауға себеп болады. Бұрын жастар үйленгеннен кейін келер жылы сол уақытта ата-бабаларымыз сәби күтіп отыратын. Қазір үйленгеніне 5-6 жыл болған, бірақ бала көтере алмай жүрген жастар өте көп.

– Диагнозды тамыр басу арқылы анықтайды екенсіз. Тамыр басу арқылы барлық ауруларды анықтауға бола ма?

– Тибет медицинасының басты методикасы – тамыр басу. Қанның көтеріліп немесе түсіп тұрғанын, қан айналымының бұзылғанын анықтауға толық мүмкіндік бар. Тамыр басумен анықталмайтын да аурулар бар. Мәселен, бүйректегі тасты, сынған сүйекті, жұқпалы ауруларды тамыр басу арқылы анықтай алмайсыз.

– Аурулардың бәрінің айығуына толық кепілдік бар ма?

– Тибеттік емнің негізі қаланған Қытайда арнаулы Тибеттік зерттеу академиясы бар. Сол академияның зерттеуі бойынша осы ауруларды емдеп жазуға болады деген шешім шығарған. Мен пәлен ауруды емдеп жаздым деп мақтанбай-ақ қояйын. Талай рет медицинада «кеспесе болмайды» деп, диагноз қойылған мастопатия

секілді ауруларды екі сеанста емдеп жазған күндеріміз болды.

– **Кіреберіске: «Қазақтың түбіне жететін төрт кесел бар. Олар – күншілдік, жалқаулық, рушылдық, намыссыздық» деп жазып қоюыңыздың себебі неде?**

– Біз барымызды қадірлей алмайтын елміз. Елімізде адам құндылығы сақталмаған. Кезінде спорт шебері атанып, қазаққа талай алтын, күміс әперген тарландарымыздың аула сыпырып жүргені бар. Түскен киносы қазақ елінің алтын қорына сақталған шеберлерімізді анда-санда журналистеріміз «сіз қайда жүрсіз?» деп іздеп қойғаны болмаса, мемлекеттің іздеп жатқанын естімейміз. Осындай адамдарымыз бола тұра шетелден бапкер шақыртып, шетелден актер іздейміз. Жат елдің адамының жүрегі қазақ деп соғып, қазаққа жаны ашып тірлік ете алмайтыны бесенеден белгілі ғой. Ендеше, өзіміздің саф алтынымыз тұрғанда, неге біреудің қаңсығын таңсық көреміз?! Тіпті біреуге иек артуға неге намыстанбаймыз?! Мұның себебі – біз күншілміз, намыссызбыз. Бір-бірімізді көре алмаймыз. Қазақтың қазақша сөйлемеуі, шетелден бапкер, әртіс шақыртуы – бәрі айналып келгенде, намыссыздығынан... Намыссыздықтан қорқуымыз керек. Мен Қытайда жүріп, қытай қызына үйленген бір қазақ жігітті көргенім жоқ. Ал Қазақстанда қазақ қызына үйленген талай қытайды көрдім. Тағы да сол намыссыздығымыздан. Қытай елі кезінде шенеунік болған адамын кейін ол орнынан түсіп қалса да төбесіне көтереді. Ал біз елеусіз қалдыра салуға үйренгенбіз. «Жүзігі барда Сүлеймен, жүзігі жоқта сүмірейген» болады да шығады. Қытайлықтар белгілі адамы орнынан түсіп қалса да арнайы мәшинесі мен жүргізушісін, оққағарын беріп қояды. Ең бастысы, адамдық құндылық сақталады. Ал бізде адамдық құндылық аяқ асты болып тапталуда. Жақында менің қабылдауымда кезінде белгілі депутат болған кісі болды. Бүгінде ешкім іздемейтін халге жеткен. Оны көрген бүгінгі ұрпақ халыққа қызмет етуден де бас тартпасына кім кепіл?! Осы секілді кемшіліктердің барлығының түп төркіні жоғарыдағы төрт кемшілігімізден. Қай кезде де дұшпан қарсыласының жанды тұсынан ұстағысы келеді. Біздің кемшілігіміз әрдайым қаперімізде болып, жоюға тырыссақ екен деген ниетпен оны кіреберіске жазып, іліп қойдым.

– **Қазір ел арасында жалған емшілер көбейіп кетті. Жалған емшілердің әрекетіне тосқауыл қоя аламыз ба?**

– Бұл жалған емшілердің әрекетін сіз бен біз дәлелдей алмаймыз. Бұған мемлекеттік тұрғыдан тосқауыл керек. Халық емшілеріне

арнап, міндетті түрде Астана немесе Алматыдан арнайы бір орталық құрылуы керек. Ал қалтасын қағып, алаяқтарға алданғысы келмегендер осы орталықтан басқа жерге бармасын. Орталықты әрбір жұмысы үшін заң алдында жауап беруге міндеттеуіміз керек. Арнайы комиссия орталықтың жұмысына тексеру жүргізіп отырса құба-құп. Бір кездері мұндай алаяқтар Қытайда да қаптады. Алайда олар осы әдіс арқылы оларға тосқауыл қойды.

ДАТЫМ!

Мен датым ретінде ана тілдің мәселесін айтқым келеді. Қазақ тілінің Қазақстаннан басқа Отаны жоқ. Қазақ тілін көтеретін де, қадірлейтін де — Қазақстан. Алайда қазақ тілі Қазақстанда жетімсіреп жүр. Мен Қытайда жүргенде мамандығым да, кәсібім де болды. Бірақ тойған жерінде жүре беретін ит емеспін ғой, туған жеріме барайын деген шешімге келіп, еліме келгендегі ең бірінші кедергі қазақ тілін білмеуім емес, орыс тілін білмеуім болды. Біз Қытайдан оқу үшін кетіп бара жатырмыз демесек, жібермейтін. Сондықтан мен қайтсем де Қазақстанда аспирантураға түсуім керек болды. Ал орыс тілін білмесең, аспирантураның есігінен де сығалатпайтын. Сол үрдіс әлі күнге дейін бар. Алдағы уақытта ана тілімізді дамыту басты мәселеміз болуы керек. Керек десең, қазақша білмейтін адамға айыппұл төлету керек.

СӨЗ АРАСЫНДА

Есірткі сатушыларды әлі күнге құрықтай алмай келеміз. Неге? Себебі біздің заңнан ешкім қорықпайды. Қытайда бір рет ескертеді. Екінші рет есірткі сатып ұсталса, бірден атады. Бізге де осындай тәртіп керек. Жақында құқық қорғау органының маманымен осы мәселе жөнінде сөзге келіп қалдым. Ол: «бізге ол тәртіп жарамайды. Біздің ЕҚЫҰ-мен келісіміміз бар», – дейді. Әр мемлекеттің даму ерекшелігіне байланысты өзіндік тәртібі болуы керек қой. Мақұл, елдер арасында адам құқығы туралы заңдар қабылдансын. Бірақ «ерекше жағдайларда қолданылады» деп жазып қойса болады ғой.

Сұхбаттасқан Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ:

БҰЛ – МАҒАН ЕМЕС, ЕЛГЕ ЖАСАЛҒАН ҚҰРМЕТ

Медицина ғылымдарының докторы, Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі Жасан Зекейұлының есімі көзіқарақты оқырманға етене таныс. Ол – халқымызды Шығыс-тибет медицинасының қыр-сырымен таныстырып, салауатты өмір салтын насихаттап жүрген шипагер. Ел арасында «Алтын қолды дәрігер» атанып кеткен Жәкең жақында ғана «кәсібилігі және қоғам қайраткерлігі үшін» Вена қаласының Халықаралық университетінің Құрметті профессоры атағына ие болды. Ол атақ алып қана қайтқан жоқ, атақты Бетховен, Моцарттар күймен тербеген Палавичина сарайын ана тілінің әсем әуенімен толқытып қайтты. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» деген ниетпен біз Еуропада ел абыройын асқақтатқан Жәкеңді әңгімеге тарттық.

– Жәке, Сіздің елге оралғаныңызға 15 жыл болды. Бір мемлекетке қоныс аударып, сіңісіп кетудің біраз уақытты қажет ететінін ескерсек, бұл ұзақ уақыт емес. Дей тұрғанмен, осы қысқа мерзім ішінде Сіз көптеген жетістіктерге жеттіңіз. Мұның сыры неде деп ойлайсыз?

– Дұрыс айтасың. Бір елден бір елге келіп, табан тіреп, тамыр тартудың қиындығы да аз емес. Дегенмен ұлттық рухың мен еңбекқорлық қасиетің тұрғанда қандай қиыншылық болса да жеңуге болады.

Саясы жоқ бәйтерек,
Саздауға біткен талмен тең.
Жаксы ағаңыз бар болса,
Алдыңда сары белмен тең.
Ағайының көп болса,

Ұлық бір Шеру қолмен тең, – деп Шал ақын бабамыз бекер айтпаса керек. Жат пен жақынды дер кезінде парықтап, ағайын-туғаныма, атажұртыма оралуым – менің ең басты жетістігім. Өзім

де жүз қытайды емдегенше, бір қазақты емдейін деп келіп едім. Сол арман орындалды. Жаныма жақсылардың жиналып, бүгінгідей ел ықыласына бөленуім – тек қана еңбектің арқасы. Осы жолғы Венадан алған «Құрметті профессор» атағымды да «Кеше келіп, бүгін бұл атақты қалай алды екен» деп ойлап жатқандар да жоқ емес шығар. Бірақ бес жыл ішінде 40 мыңнан астам науқастың дертіне шипа жасап, 5000-нан астам әлеуметтік жағдайы төмен емделушіге тегін ем көрсетуім – адал еңбек пен төккен тердің жемісі. Мені танымайтын Еуропа менің елге жасаған қызметімді таныпты. Еуропалық бизнес ассамблеясының номинациялық комитеті мен Вена қаласының Халықаралық университетінің ғалымдар кеңесі ТМД-дағы 15 мемлекет пен Еуропаның жеті мемлекетіндегі ғалым-қайраткерлерді талдап-таразылай келе, 30 адамды марапатқа лайық деп тапқан екен. Солардың ішінде жас шамасы ең кішісі мен болдым.

– Таңдаудың сізге түсуі кездейсоқтық емес пе?

– Әрине, маған «Вена қаласының Халықаралық университетінің Құрметті профессоры боласың» деп үйім мен электронды поштама хат келгенде сенер-сенбесімді білмедім. Соңынан анықтап сұрасам, таңдаудың маған түсуіне Еуропадан келіп ем алған бірнеше науқастың да әсері болыпты. Олар дүниежүзінің талай емдеу орталықтарынан сауыға алмай, ақырында маған келіп, ауруларынан құлан-таза айығып еді. Сондай-ақ менің бұл атақты алуыма журналистердің еңбегі де орасан зор деп білемін. Өйткені Еуропа барлық шетел БАҚ-тарын назардан тыс қалдырмай бақылап отырады. Ең қызығы, бұл атақ-марапаттың берілуіне бас себепші халық пікірі болып шықты. Марапаттаушылар ел арасында арнайы сауалнама жүргізуді де ұмыт қалдырмапты. «Еңбектің өнбегі бар» деген осы да.

– «Ащы менен тұщыны татқан білер, алыс пенен жақынды жортқан білер» дейді біздің қазақ. Вена қаласына қалай барып-қайттыңыз?

– Венаға баратын сапарда жол-жөнекей Түркияға тоқтап, бірнеше сағат аялдадық. Ол жерден Қазақ ауданының әкімі Илияс дейтін бауырымыз күтіп алды. Түркиялық қандастарымыз менің қуанышыма ортақтасып, дастарқандарынан дәм татқызып, ұшаққа шығарып салды. Венаға барғанымызда арнайы адамдар күтіп алып, орналастырды. 3 күн Вена қаласында болдық. Қала ортасындағы өзен қаланы екіге бөліп тұр. Өзеннің бір жағына көне қала мәдениетін паш етіп тарихи ғимараттар орналасса, екінші жағына жаңа салынған

заманауи зәулім сарайлар орын теуіпті. Әлемнің жиырмадан астам мемлекетінен келген екі жүзге жуық қонақты 1782 жылы іргетасы қаланып, мәрмәртастан соғылған Палавичина сарайында қабылдады. Сонда қазақ тілінде баяндама жасадым. Менің сөздерім бірден орыс және ағылшын тілдеріне аударылып тұрды. Жалпы, шетелге барып, басқа тілде сөйлеп тұратын қазақтарға таңғалып жүруші едім. Бұл сапардан байқағаным, «қалауын тапсаң қар жанады екен». Керек болса, өздері аударып алады. Шетелге барған әр азамат өзінің қай мемлекеттің өкілі екенін жақсы бағамдағаны дұрыс. Өйткені онда тілмен бірге мемлекеттің де, ұлттың да абыройы таразыға түседі. Салынғанына 150 жыл болған сарайды, сөйтіп, қазақ тілінің қоңыр үнімен таныстырдым.

– Бәрекелді, Жәке. Қазақ тілінің «ауруына» да ем тапқан екенсіз ғой.

– Мен әр жерде айтып жүремін: қажеттілік болмай, қазақ тілі өрге баспайды. Мысалы, маған келген емделушілер орысы болсын, кәрісі болсын білгендерінше қазақша сөйлеп жатады. Өйткені алдында қазақтілді маман отыр. Ал біздің мемлекеттік мекемелер мен халыққа қызмет көрсететін орталықтарда қазақ тілінің қажеті шамалы. Бұлай болмау керек. Мемлекеттік тілді мемлекеттің әрбір азаматы білуге міндетті болуы тиіс.

– Жалпы, «Зәруге дәру табу» кез келген емшінің қолынан келе бермейді. Сіздіңше, дәрігер болу қаншалықты қиын?

– Жазылғанына мың жыл болған Кейқауыстың атақты «Қабуснама» кітабында: – Ей, перзентім! Егер дәрігер болсаң, дәрігерлік емдеу ғылымының тәсілдерін жақсы білгін. Дәрігерлік – ең жақсы, пайдалы ілімнің бірі. Ол негізінен екі саладан тұрады: бірі – дәрігерлік ғылымның теориясы, екіншісі – оның қолдану тәжірибесі. Оларды жетік меңгеруің керек, – деген екен. Құнды сөз бағасын жоғалтпақ емес. Теория мен іс тәжірибесі ұштаспаған адамнан ешқашан жақсы маман шықпайды. Мысалы, менің соншама халықтың сенімінен шығуым, ең алдымен, Қытайда алған жоғары білімім мен ұзақ жылдық тәжірибемнің арқасы деп білемін. Ал мен қолға алып отырған Шығыс-тибет медицинасы біздің ата-бабамыздан келе жатқан емшілік дәстүрмен тығыз ұштасқан, терең ғылыми негізі бар емдеу жүйесі. Бір ғана Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баянының» өзі неге тұрады. Қазіргі қалыптасқан Шығыс медицинасы шөп дәрілер мен ине емін негіз етеді.

– **Ине емінің қандай қасиеті бар сонда?**

– Иненің басты ерекшелігі – адамның табиғи қуат көзін ашып, ауруды залалсыз емдеу. Мұны талай сұхбатымда анықтап түсіндіргенмін. Осы жолы Қазақстанның халық жазушысы, ақын Тұманбай Молдағалиев ағамның менің жасаған еміме жазған өлеңін мысалға келтіргім келіп отыр.

*Қытайдан кеше келіп Жасан батыр,
Ем-домын қазақтарға жасап жатыр.
Аурулар Жасан салған ине арқылы,
Бақытын, қуанышын қоса ап жатыр.
Жүретін жотасына тұз байланып,
Жүретін демі бітіп, ізбайланып.
Кемпірлер Жасан салған ине арқылы
Кетеді бір жетіде қызға айналып...*

– **Ағаңыздың өлеңін жатқа оқып отырғаныңызға қарағанда әдебиет пен өнерден де құр жаяу емес екенсіз. Қалай ойлайсыз, біз таланттарымызды тани алып жүрміз бе?**

*– Сергелдең боп қайтамыз сейіл барып,
Жақсыларды танимыз кейін барып.
Біздің ел асылдарды ардақтамай,*

Өлген соң той жасауға бейім халық, – деп Қайрат Құл-Мұхаммед деген ақын досым айтып еді. Сол рас. Біз көбінде ел үшін туған ұлдарымыздың орнын өлген соң жоқтап жатамыз. Кейде тіпті тірісінде сыйласпаған кейбіреулердің «асылым, алыбым» деп жоқтау айтып жатқанын көріп, налып кетесің. Өз басым ел үшін, жер үшін еңбек етіп жүрген азаматтарды ерекше қадір тұтамын. Сондықтанда тек әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға ғана емес, белгілі тұлғаларға да тиісінше тегін ем көрсету – менің ұстанымым.

– **«Сырт көз – сыншы». Сіз Қытайдан келдіңіз, Еуропаға барып жатырсыз. Жалпы, көрген-білгеніңіз көп. Қазаққа не жетпейді?**

– Мен медицина орталығымның әр бөлмесіне «Қазақтың түбіне жететін төрт кемшілік бар. Ол – рушылдық, жалқаулық, намыссыздық, күншілдік» деп жазып қойдым. Біз осылардан арылсақ қана нағыз бірлікке жетеміз. Ал бірлік болған жерде тірліктің де алға басатыны белгілі.

– **Жаңылмасақ, «Құрметті профессор» атағы сіздің «кәсіби және қоғам қайраткерлігіңіз үшін» берілді. Өз салаңызда кәсіби маман екендігіңізде дау жоқ. Ал қайраткерлігіңізді көп жұрт біле бермейді. Осы жайында айта кетсеңіз...**

– Еліме керемет еңбек сіңіріп жатырмын деп мақтанудан аулақпын. Өйткені әрбір ер азамат еліне қызмет етуге міндетті. Дегенмен «Мен тек қана емшімін, басқа дүние жасай алмаймын» деп наукастарды емдеп қана отыра беруге болмайды. Халыққа қолдан келетін жақсылықты аямаған жөн. Өз басым рухани-мәдени шараларға мүмкіндіктің барынша атсалысамын. Ал біздің «Жас-Ай» орталығынан шығатын «Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медицина журналын менің биылғы жетістіктерімінің үлкен биігіне балайтыным шындық. Бұлай дейтінім, мына көрші Қытайда қазақ тілінде медициналық сауат беретін мерзімді баспасөздер шаштетен. Ал біздің Қазақ елінде қазақтілді медициналық басылымдар жоқтың қасы. Жалпы, экология бұзылып, ел денсаулығы нашарлаған қазіргі заманда халықтың медициналық сауатын арттыру жағы басты назарда болғаны жөн. Өйткені мемлекеттің гүлденіп-көркеюі, ең алдымен, сол ел азаматтарының денсаулығымен өлшенеді. «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» деп көшеге сан жерден жазып қойғанымызбен, ұлтымызға қайткенде дені сау ұрпақ тәрбиелеуді, қайткенде денсаулығын жақсартуға болатынын үйретпесек, қалай болашағымыз нұрлы болмақ? Осы мақсат үдесінен шығу үшін биылғы экономикалық қыспаққа қарамастан журнал шығаруды қолға алдым. Құдайға шүкір, журнал оқырмандары хат жазып, хабарласып, сұрақтарын қойып, бізбен тығыз байланыс орнатты. Мұның өзі – халықтың салауатты өмір салтына бір қадам жақындағанының куәсі.

– Көктемде «Қара жолға да қарыздар болмаған қыз» атты керемет жыр кеші өтті. Осы тамаша кештің басы-қасында да сіз жүрдіңіз...

– Иә. Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Ақбастау ауылының тұрғыны, мүмкіндігі шектеулі ақын қыз Эльмира Омарбекованың кітабының шығуына ұйытқы болып, Алматыдағы Ғалымдар үйінде «Қара жолға да қарыздар болмаған қыз» атты шығармашылық кешін өткіздік. Бұл шара белгілі ақын Мұратқан Шоқанұлы мен кәсіпкер Қару Қасенұлы үшеуіміз құрған «Өмірді қорғау» қайырымдылық қорының аясында өтті. Қазір Эльмираның екінші кітабының шығуына да жәрдемдесіп жатырмыз. Биылғы күзде «Нұрлы көш» деген айдармен қаламгерлер арасында байқау да жарияладық. Мақсатымыз – тәуелсіздік алғалы бері Отанымызға оралған қандастарымыз жайлы, олардың елге оралғаннан кейінгі көрген қиындықтары, тартқан тауқыметі, кәсібі, күнкөрісі мен тіршілігі жайлы нақты деректерге құрылған шынайы шығармаларды

іріктеу еді. Сондай дүниелер арқылы кейіпкерімізді елге таныту, жұртпен қауыштыру болатын. Сол байқауда жүлде алған шығармаларды Жазушылар одағының 75 жылдығына тұспа-тұс Әдебиетшілер үйінде «Жыр- жүректің жылуы» дейтін кеш өткізіп, белсенді авторларды марапаттадық. Алдағы күндерде де игілікті шаралардың басында жүреміз деген ойдамын.

– **Жәке, 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Қазақстанның денсаулық саласына Ұлттық бірыңғай медициналық жүйе енгізілетінін жақсы білесіз. Осы реформаға қандай пікірлесіз?**

– Біреу марқайып, біреу ортайып қабылдап отырған бұл реформа қазірдің өзінде ел арасында қызу әңгіменің өзегіне айналды. Өйткені жаңа реформа қалыптасқан емдеу жүйесіне түбегейлі өзгеріс әкелмек. Бір сөзбен айтқанда, осыдан былай емделуші емханаға емес, емхана емделушіге «жалынышты». Бұған себеп, емделушінің таңдауы – емханаға мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының өлшеуіші болғандығында. Яғни ауруханаға жатып тегін ем алушы Қазақстанның кез келген аймағындағы өзіне ұнаған ауруханасын таңдайтын болады. Ал мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы да сапалы қызмет көрсеткен ауруханың үлесіне тимек.

Сондықтан да он жылға жоспарланған бұл бағдарламаны сынаушылар көп. Өйткені онда бәсеке ұғымы алға шығады. Ал бәсеке болған жерде іріктеудің болатыны да шындық. Меніңше, бұл реформа дәл уақытында қабылданып отыр. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру – заман талабы. Дегенмен дәрігерлердің жалақысы, ауылдық жердегі емханалардың жағдайын да жіті бақылаған жөн.

– **Бірақ осы реформаны пайдаланып, кейбір жекеменшік шетел емханалары айналасын асырып кетіп жүрмей ме?**

– Ол да жоқ емес. Өйткені биыл Қытайдан дәрігер мамандар әкеліп, Елордадан емхана ашады екен деген сыбыс-әңгімелер шыққан. Оған өз тарапымыздан тиісті қарсылығымызды білдіргенбіз. Сондықтан, ең алдымен, біз емханаларымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруымыз керек. Жалпы, бізде мамандарды дұрыс пайдалану жағы кемшін. Бір ғана медицина саласын айтсақ, қаншама қандастарымыз шетелден үйренген дәрігерлік ілімін кәдеге жарата алмай отыр. Қытайдың емдеу тәжірибесін кіргізу керек болса, сол қандастарымыздың басын қосып, бір емхана ашып беруге болады. Ол, бір жағынан, халық денсаулығын жақсартуға пайдасын тигізсе, екінші жағынан, жұмыс күшін дұрыс пайдалануға ықпал етеді. Мысалы, мен 40-қа жуық

адамды жұмыспен қамтып отырмын. Соның өзінде науқастарды қабылдауға мүмкіндігіміз аз. Орталығымыздың көлемі шектеулі. Шамамыз жетіп жатса барлық облыс орталықтарынан бөлішме ашу ойымыз бар. Халықтың сұранысы солай. Бірақ қысқа жіп күрмеуге келмей отыр.

– Ел аман, жұрт тыныш болса бәрі болады, Жәке.

– Дұрыс айтасың. Мен Венада сөйлеген сөзімде «маған көрсеткен бұл құрметтеріңіз менің өзіме ғана емес Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген басшысы бар, ОБСЕ-ның кезекті төрағасы – Қазақ еліне жасалып отырған құрмет деп бағалаймын» дедім. Рас, күн санап өсіп-өркендеп келе жатқан біздің елдің болашағы алда. Оны әлем мойындап отыр. Сондықтан Қазақстанның әр азаматы Отанына бір кісілік үлес қосуды өзінің қасиетті парызы санағаны жөн.

Әңгімелескен Алаш ТҰРСЫНӘЛІ

«Денсаулық» журналы

ЖАСАННЫҢ «ЖАС-АЙЫ» – ЖАНҒА ШИПА, ДЕРТКЕ ДАУА

«Кісі болар адамның кісіменен ісі бар, кісі болмас адамның кісіменен несі бар» демекші, бүгінде «Жас-Ай» Шығыс-тибет орталығының бас директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі, Қазақстанның денсаулық сақтау ісінің үздігі атанған Жасан Зекейұлы сонау 90-жылдардың екінші жартысында Қытай Халық Республикасынан тарихи Отаны Қазақстанға оралған алғашқы айларының бірінде біздің «Денсаулық» журналының табалдырығынан күлімдей аттаған болатын. Біз де туған елім деп алыстан аңсап келген бауырымызды құшақ жая қарсы алғанбыз. Таныстық-білістіктен соң ол өзінің дәрігер екендігін, ғылыммен айналысуға бел байлағандығын және осыған орай журналға өз мақалаларымен қатысқысы келгендігін айтқан-ды. Сол кезден бастап оның дәрістік және ғылыми мақалалары журнал беттерінде жариялана бастады және оқырмандар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Міне, сол отызында орда бұзып, қырық жасында қамал алған Жасан Зекейұлы Алматы қаласындағы

Абай даңғылының бойынан «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығын ашып, төрт жылдан бері халқымыздың денсаулығын сақтау ісіне қомақты үлесін қосып келеді.

Негізгі мамандығы хирург бола тұра, ата-бабаларынан бері қарай ине салумен айналысып келе жатқан қытайлық қариядан бұлай емдеудің қыр-сырын үйреніп, жетік меңгерген, бүгінде қырықтың қырқасына шығып, өнегелі отбасының отағасы болып отырған азамат медицинаның қос тізгінін қатар ұстап, білікті маман әрі іскер басшы ретінде қарамағындағы қызметкерлерімен бірге көпшіліктің алғысына бөленіп жүр.

– Қан қысымы жоғарылауының кесірінен болатын бет-ауыздың қисаюы секілді кеселдер тек иненің емінен ғана жазылады, – дейді ол өз мамандығы жайлы әңгіме қозғап. Өзінің 2000 жылдық тарихы бар инемен емдеу үрдісі соңғы екі-үш ғасыр көлемінде күшті дамып кетті. Оның осылайша дамуы адам ағзасындағы 12 меридианның қасиетінің ашылуына байланысты болып отыр. Меридианның қазақшасы – жантамыр. Сол жантамырлар адамның ішкі ағзаларын басқарып отырады. Мысалы, жоғарыдан бір затты алғыңыз келсе, қолыңызды көтеруіңіз керек қой. Ал қан қысымы көтерілген адамның қолы көтерілмейді. Өйткені «қолды көтер» деп миға хабар беретін жантамыр жабылып қалған. Алтын ине болса, тітіркендіру арқылы оны ашып, іске қосып жібереді.

Ине салудың көптеген құпиялары бар. Мәселен, қан қысымы жоғары, дене қызуы көтеріңкі адамға салған инені оңға қарай бұрауға болмайды.

Аурудың емделуі негізінен диагноздың дұрыс қойылуына байланысты болатыны белгілі жайт. Кейбір дәрігерлердің науқасқа диагнозды жаңсақ қою жағдайы сирек те болса, өкінішке қарай, кездесіп тұрады. Мысалы, жақында осындай жаңсақ диагноз қойылған бір кісінің ауруын дәл анықтап, емделуіне септігіміз тиді. Оған өкпенің қатерлі ісігі деп диагноз қойылыпты. Тамырын ұстап отырып, ондай сырқаттың белгісін байқамадым. Кейін түрлі тексеруден өткізіп, болжамының дұрыстығына көз жеткіздім. Соны айтқанымда әлгі кісінің қуанғанын көріңізші! Кейін ол бізде 20 күн ем қабылдап, ауруынан құлан-таза айығып кетті. Тамыр ұстап білу үшін де адамда Құдай берген қабілет болуы керек. Дәрігерлік те – ақындық сияқты біліммен бірге қанмен келетін қасиет.

«ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДЕР ДЕ АЛТЫН ИНЕГЕ КӨШТІ»

Ел ішіндегі Шығыс медицинасына қатысты ұғымның орныға бастағанына да көп бола қойған жоқ. Адам ағзасындағы түрлі ақауларды алтын иненің көмегімен сылып тастайтынын әр жерден естіп жүрміз. Расында, Шығыс-тибет медицинасы мен еліміздегі медициналық қызмет көрсету мекемелерінің арасында қандай айырмашылық бар? Осы сауалға жауап алу үшін таяуда ғана Алматы қаласындағы № 5 ықшам аудан аумағынан ашылған «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының бас директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, белгілі дәрігер Жасан Зекейұлына жолығып, арнайы сұхбаттасқан едік.

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ:

– Кеңес Одағы тарағанға дейін қазақ еліне Тибет медицинасы бейтаныс болып еді. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Кеңес Одағы мен Қытай секілді екі империя арасындағы 35 жылдық салқын қарым-қатынас медицина саласындағы тәжірибе алмасуға кері ықпал етті. Тибет медицинасын Қытай өзінің 5000 жылдық тарихы бар ұлттық медицинасының қатарына қосты. Ал іс жүзінде мұны тек Қытай медицинасы деп айту да қате. Негізі, бұл – Шығыс медицинасы, ал Шығысқа біз де кіреміз. Қытай Шығыс медицинасын қазіргі құрылғылармен қамтамасыз етіп, арнайы ғылыми академиялар ашып, дамытып, қытай медицинасының қатарына қосып алды. Ғылымға үлкен жол ашты.

1992 жылы шекара ашылғаннан кейін атажұртқа көшпен бірге әдебиетшілер, ғалымдар, өнер адамдарымен бірге медицина саласындағы біраз мамандар келді.

«Жас қазақ»: Отанға келген дәрігерлердің бел ортасында өзіңіз де барсыз. Нарықтық қатынастардың талабына сай сіз де сол жақта игерген кәсібіңізді туған жерге әкеліп, дамытып жатырсыз. Әңгіменізді осы төңіректе жалғастырсаңыз.

Жасан Зекейұлы: Әр нәрсе сұранысқа байланысты. Егер халықтан сұраныс болмаса, бұл жұмысты қолға алу бос әурешілік болар еді. Менің Қазақстанға көшіп келгеніме 12 жылдан асып қалды. Елге медициналық қызмет көрсетуді сол кезден-ақ қолға

алғанмын. Алғаш біз №12 қалалық ауруханада бір бөлімше етіп ашқанбыз. Медицина институтының оқу бағдарламасына енгіздік. Бірақ бұл сәл шектеулі еді, мәселен, аурухана қай ауданда орналасса, сол ауданның тұрғындары ғана емделе алатын жағдайда болды. Республиканың түкпір-түкпірінен келген науқастарға қызмет көрсете алмайсың. Біз тамыр арқылы бүтін аурудың 80 пайызына нақты диагноз қоя аламыз. Ал қалалық ауруханаларда бір ғана ауруды анықтау үшін бірнеше сараптамадан өту керек. Ал ол қағаздарды реттеп болғанша, ауру да біржақты болады. Сондай қиыншылықтарды жеңу үшін жеке бөлініп шығуға тура келді. Мен кандидаттықты Мұхтар Әлиевтің диссертациялық кеңесінде қорғағанмын. Сосын заңдылықтарды сақтай отырып, Шығыс медицинасының қажеттілігін тиісті орындарға дәлелдеп бердік. Арнайы лицензия алдық. Бір жыл болды, Алматыдағы Абай даңғылының бойында 23-үйдің бір қапталынан «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығын аштық. Алғашында сегіз кеңсе болған, қазір он екі кеңсеге ұлғайтып жатырмыз. Бұл орталықты ашпай тұрып-ақ инсульттан кейінгі қол-аяғы жансызданып қалғандарды орнынан тұрғызу, күрделі операциялардан кейінгі ішек жұмыстарын жақсарту, белінен шойырылып қалғандарды емдеу, бала көтере алмай жүрген мұңлықтарға нәресте сыйлау секілді көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Бұдан былай да жұмыс сапасын жоғарылатып, алыс аймақтардан арнайы филиалдар ашу ойымызда бар.

«Жас қазақ»: Жалпы, Шығыс-тибет медицинасы дейтін ұғым Қазақстанға кеш келсе де, тез тарады. Бәсекелестік пе, әлде басқа себептері бар ма, инемен емдеушілерге жергілікті дәрігер мамандардың кері көзқарасы ептеп сезіліп қалатын секілді.

Жасан Зекейұлы: Рас, бізден ем дарып, жазылып кетушілер қатары мол. Сондайда Шығыс медицинасына қызғанышпен қарайтын дәрігерлер де болады. Қуанышқа қарай, олардың қатары аз. Бізге келсе, ары кеткенде, апта ішінде жазылып кететін науқастарды аурухана палатасына бір-екі ай ұстап отыратындардың көбі – жас дәрігерлер. Бірақ Шығыс медицинасын дәріптеп, «сізге алтын ине қою керек» деп науқастарды бізге нұсқап жіберетін дәрігерлер жетіп артылады. Шығыс медицинасының артықшылығын жанымен сезінетін жергілікті профессорлар мен бас дәрігерлер де жоқ емес. Тіпті солардың ішінде арнайы келіп менен ем алғандары да болды. Үкіметтік ауруханалардың өзінде

жүкті әйелдерге босанардан бұрын алтын ине қойып жатады. Себебі алтын ине бірінші туытты жеңілдетеді. Жалпы, Шығыс медицинасын дәстүрлі халық медицинасы деп айтуға болмайды. Бұл заңды түрде халықаралық «Қызыл крест» ұйымында мойындалған. Арнайы құжатқа ие болған. Қыл аяғы АҚШ, Германия, Италия, Франция секілді елдер өздерінің химиялық дәрілерінен гөрі, осы Шығыс медицинасын көбірек қолданады. Сондықтан бәріміздің илеп жүргеніміз бір терінің пұшпағы болғандықтан, «ала қойды бөле қырқудың» еш реті жоқ. Біз де соқыр ішектің жарылуға тақап қалған, жүйке талшықтары қысылып қалған науқастарды дереу мемлекеттік ауруханаларға жібереміз. Керек болса, емдейтін аурулар қайсыбір терапевтердің алдында созбақталып жүр.

Әңгімелескен **Ж.САДЫХАН**

«Азат» газеті

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ:

БІЗДЕГІ НАУҚАСТАР ЖАСАРЫП КЕТКЕН...

Соңғы кездері газет жарнамаларынан түспейтін, көше-көшенің бұрыштарынан қаптап ашылып кеткен ине терапиясы қызметі халықтың аталған ем түріне деген сенімін азайтып барады. Судай шашқан ақшаларын да, денсаулықтарын да қалпына келтіре алмаған жұрт бір-бірінен естіп, енді ел арасында жақсы атқа ие танымал медицина орталықтарына баруды әдетке айналдыруда. Сондай орталықтың бірі – «Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медициналық орталығының басшысы, Халықаралық инемен емдеу академиясының мүшесі, академик Жасан Зекейұлымен аталған мәселе төңірегінде, сондай-ақ Тибет медицинасының қыр-сыры жөнінде сұхбат жасаған едік. Әңгіме барысында академик Қытай елімен салыстырғанда біздегі науқастардың жасарып кеткендігін айтып алаңдайды.

– Аға, ең алдымен, Тибет медицинасының басқа медицинадан аражігін ажыратып бересіз бе, жалпы, бұл медицинаның өзгелерден ерекшелігі неде?

– Тибет медицинасын халық медицинасы деп айтуға болмайды. Бұл – дәстүрлі медицина мен жаңа медицинаның қосылған түрі. Мәселен, Қытай ғалымдары осыдан 2000 – 3000 жылдан бұрынғы Шығыс халықтарының, олардың ішіне қазақтар, моңғолдар бар, ата түріктер, жапондар, корейлер бар, денсаулығын емдеуді Еуропа медицинасы дамымай тұрған кезде бері қарай алып келді. Оның ішінде хирургиялық, терапиялық емдеулер де болды, шаманизм дейміз ғой, сол сияқтылар да болды, сөйтіп, жан-жақты медицинаны ерте кезден дамытып алып келді. Нәтижесінде, сол кездегі медицинаның гаухарлы, ең керекті жерін алып, академия ашып, жан-жақты зерттеп, қытай медицинасын ашып алды. Бұл медицинада әр ұлттың ата-бабаларының табиғаттан, табиғи қуат көздерінен үйренген, адамның биоекшеліктерін қоса пайдаланған үлгісі бар. Мұның бірден-бір емдейтін негізгі қағидасы – тек қанға ғана жабысып қалмайды, адамның қанын Еуропа медицинасында негізгі орынға қояды ғой, мәселен, адамның қаны денесінің барлық мүшелерінде жүріп тұрады деп айтылады. Әрине, мұнда да қанды мойындайды, қанның сыртында адамның бойында жүріп тұратын меридиан деген нүктелер болады. Солардың әрқайсысы нервпен бірге қанның тамырының бойын бойлайды. Бұл – кәдімгі адамның жан нүктесі деген сөз. Сол жан каналдары арқылы, яғни адамның сыртындағы каналдар адамның ішкі дүниесіндегі каналдармен жалғасқан. Сол адамның ішіндегі бауырды, бүйректі болсын емдеу де оны кесіп емдеуді қажет етпейді, оларды емдейтін табиғи жаратылған нүктелерді табу арқылы емдеуге болады. Ол нүктелердің бәленбай жылғы тарихы осы нәтижеге жетті. Адамның денесіндегі сол меридиан нүктелерінің бірі жабылып қалса, жүрекке қарай сигнал дұрыс бармай тұрса, алтын ине арқылы сол каналдарды ашады, сөйтіп, сіз ол адамға ауыр химия бермейсіз немесе операция жасамайсыз, ине салу арқылы емдеп бересіз. Адам ағзасындағы өте ауыр ауруларды емдеуге Шығыс медицинасы көмектесе алады. Мұның құдіреті – адамның жан каналдары – 14 жұп мериданды емдеу арқылы адамды жаза алады. Ерекшелігі осыда!

– Адамның ішкі дүниесін көрмей нүктелерді табуы менгеру, әрине, өте қиын деп ойлаймын. Және сіздің отандық басылымдарға берген сұхбаттарыңыздың бірінде қытайлар көп құпияларын кез келген адамға аша бермейді депсіз. Ал сіз бөтен елдің азаматы бола тұрып, бұл әдісті қалай менгердіңіз?

– Қытайлар үйретпейді деп жазғыра беруге болмайтын шығар. Олардың оқулықтарында, егер сіз медициналық университетке қабылдансаңыз, Қытай медицинасы, Тибет медицинасы деген арнаулы бес томдық кітап бар. Сіз сол еңбектерді университетті бітіргенше оқисыз. Оларда ерекше Тибет медицинасы өтеді. Болашақта хирург, терапевт боласыз ба, оған қарамайды, сіз міндетті түрде Тибет медицинасынан дәріс аласыз. Ал оқу бітіргеннен кейін әркім өз қабілетіне қарай таңдайды. Тибет медицинасын айрықша білсін деп арнайы оқытатындар да бар. Мұндағы ауыр талап – адамның анатомиясын толық білу. Адамның қан тамырлары қай жерден өтіп тұр, анатомиялық байланысы қай жерімен байланысып тұр, соны толық меңгерген, медициналық, биологиялық негізге толық қанық болған адам ғана мұны дұрыс қоя алады. Мәселен, жоғары температурасы бар адамға қойған инені оңға бұрап жіберсе, тіпті жаман болады, ал солға бұраса, температурасы түседі. Қабыну процесі болған кезде, болмаса қатты невроз ұстап ауырып тұрған кезде қалай қою керек. Соның бәрі түп негізді біліп барып, қойылады. Ал ине екен деп көрінген жерге шанши беруге болмайды.

– Аға, сөзіңіз аузыңызда, мысалы, жарнамалық газеттердегі инетерапия қызметі ұсынылған жарнамалардан көз сүрінеді. Оның барлығы сіз айтып отырғандай, көрінген жерге ине шанши беру емес пе, әлде Тибет медицинасының оқуы қиын тәлімін бәрі бірдей меңгеріп үлгерді ме?

– Бұл мәселені жиі айтып жүрміз ғой. Алайда оның барлығының арнайы білімі жоқ деп айтуға менің құқым жоқ. Бірақ оның бағасын халық береді. Содан кейін стандарттау арнайы қадағалау орталығы ашылып, сол мекемелер шынында да адамдарды емдей ме, емделген наукастар жазылып жатыр ма, әлде оны бизнес көзіне айналдырып алғандар ма деген сияқты сауалдарға жауапты сол кісілер анықтауы керек. Білім жетілдіру институтында арнаулы ине терапиясын үйрететін кафедралар бар. Сол жерден курс өтіп, үйренуге болады. Ал ұсақ-түйек ашылған мекемелердегі әлгіндей адамдар ол жерге барып, үйренгісі келмейді. Өйткені олардың уақыты және білімі жетпеуі мүмкін. Олардың көбі – жеңілдің үстімен жүрген адамдар. Өте қиын ауруды емдемесе де, шала білген білімімен сөзбен де жазылып кететін, үп еткенде емдей салатын жеңіл ауруларды ғана емдеуге шамалары келеді. Мұндайлардың саны көп қазір. Содан кейін анда-мында барып, ауруыма дауа таба алмадым дейтіндер көбейеді.

– Сөйтіп, халықтың сенімі азаяды дейсіз ғой. Ал Қытайда бұл жағдайға қатаң бақылау жасалған ба?

– Қытайға барсаңыз, ол елдің екі бейнесін көре аласыз. Біз ол жақтан жамандық көріп келген жоқпыз. Жақсы оқығандар онда жерде қалмайды. Сырттан барсаңыз, оларда Тибет медицинасын түп тамырымен меңгертіп, жақсы оқытқанымен, онда да біздегідей дәрі-дәрмекпен, системасын қойып жатқан медициналық орталықтар бар. Сол мекемелердің ішінде арнаулы зерттеу бөлімдері бар. Сол бөлімде осы медицинаның түрімен емделгісі келгендерге қызмет көрсетіледі. Ал сырт көзге мына тұрған Үрімшіге барсаңыз да, самсап тұрған біздегідей ине салғыштар жоқ. Ал жекелері арнайы бөлімше ретінде ашылып қойған. Мұның бір жағы экономикаға барып тіреледі. Бүкіл миллиардтаған қытайдың бәрі дәрі дәрмек сатып алмай, инемен жазыла беретін болса, онда Қытай экономикасы құлдырайды. Өйткені шетелден кіргізетін, сондай-ақ өздеріндегі дәрі-дәрмек шығаратын зауыттардың жұмысы жүрмей қалады ғой. Мәселен, алтын иненің шығыны аздау болады. Инені аласыз да саласыз. Дәрі-дәрмек сатып алмайсыз. Шетелдегі темекі мен арақты өте көп шектемейтіні секілді. Өйткені кіріс кірмей қалады ғой.

– Аға, екі ел жағдайын салыстырмалы түрде айтып қалдық қой, екі елде де науқас емдедіңіз, науқастардың психологиясын салыстырмалы түрде айтып беріңізші... Бір эзілде қазақтар дәрігерге өлетін кезде ғана барады деп айтылатындай жайбасарлықты біздің науқастардан ғана байқадыңыз ба?

– Қытайдың да шет жақтарда тұратын тұрғындары аурулары асқынған кезде ғана дәрігерге көрінеді. Сондықтан жайбасарлық қазаққа ғана тән қасиет деп қарамауымыз керек. Олай деп өз ұлтымызды жазғырмауымыз керек. Ой-сана, білім қай жерге жақын, сол жақтың халқы уақытында дәрігерге қаралып тұрады. Шет аудандарда аурудың алдын алу жөнінде ақпарат аз, сол маңда ауру да көп. Қытайдың өзінде де сол. Ата-бабаларымыздың данышпандығы сол, жайбасар деп айтса, біздерді камшылау үшін айтқан. Дегенмен бір айта кетерлік жайт – Қытайдағы дәрігердің алдына келетін науқастардың басым бөлігі – жасы ұлғайған адамдар. Елуден асқан, алпысқа таяған адамдар, онда да жасы келіп, қуаттың төмендегенінен пайда болатын ауруларға шағым

жасап келетін науқастар. Ал бізде керісінше, бізде көбіне дәрігерге денсаулығына шағым жасап келушілер – жастар. Бұл нені көрсетеді? Бұл біздегі халықтың жағдайының дұрыс еместігін көрсетеді. Жас кезінде үлкен табыс табамын, үй аламын, үйленемін деп тірліктің соңына түсіп кеткен жастар өз денсаулықтарына селқос қарайды. Арба итеріп, не болмаса түске дейін сабағына барып, түстен кейін түннің бір уағына дейін тірлік жасайды. Дұрыс тамақтанбайды да. Жастардың арасында бел омыртқасының ауруы, құяң ауруы, ал жас қыз балаларда үйленіп алып, бала көтермей жүруінің бәрі өз денсаулықтарына мән бермей, күні-түні жұмыс істеуінің кесірі. Аяқтарынан өткен суық, т.б жағдайлардың барлығы олардың жастайынан ауруға ұшырауларына себеп болады. Тіпті он бес жастан қырық жасқа дейінгі науқастар көптеп келіп жатады. Жас шамасының парқы жағынан алғанда екі елді осылай салыстыруға болады. Ал Қытайда жақсы жұмыс істеген жастар үкімет назарынан тыс қалмайды. Онда жастарды үймен қамтамасыз ету жақсы жолға қойылған. Мәселен, сіздің тұрмыс жағдайыңыз өте жақсы болса, сіз жұмысты алаңсыз істейсіз. Өйткені сізде алаңдайтын ешнәрсе жоқ қой. Денсаулығыңызға да көңіл қоясыз.

Қытайда жас дәрігерлерді, жалпы, жас мамандарды баспанамен қамтамасыз ету жақсы жолға қойылған. Мәселен, белгілі бір мекемеде жұмыс істейтін маманға өз жұмыс орнының дәл қасынан үй беріледі. Егер ол сол мекемемен келіскен келісімшартты бұзып, жұмыстан шығатын болса, сол үйді өткізіп кетеді. Жұмыс орнының үйінің қасында орналасқанының көп артықшылықтары бар, біріншіден, оның жұмысқа кешігіп немесе біздегідей көлік тығынында қалып, жол азабын тартпауына мүмкіндік береді. Екіншіден, белгілі бір дәрігерді операция кезінде алмастыру керек болса да, үй іргесінен дереу шақырға қояды. Бізде ипотекалық жүйе пайда болды, әрине, әлемдік стандарттарға сай дамып жатқан түріміз шығар. Дегенмен бізде де Үкімет салынатын үйдің сексен пайызын өзі төлеп, арнайы үйлер салып қойса... Мысалға, Қытайда үкімет үйлері бар. Оны шетелден келген немесе жергілікті жұрт болсын, үй жалдайтын болса, сол үйлерді жалдап тұрады. Сонда жалдауға кететін қаржы айдалаға кетпейді, үкімет бюджетіне құйылады. Ол үйлерді жалдау ақысы да басқаларға қарағанда,

төмен болады. Ал біз қазір кезінде Кеңес үкіметі тұсында екі-үштен үй алып қалған орыс немесе басқа ұлттардың үйлерін жалдап, соларды бағып жатырмыз. Сөйтіп, біз қазақтың емес, басқа ұлттың экономикасын көтеріп жүрміз. Сондықтан үй сатып ала алмайтын азаматтарға арнайы жалдап тұруға Үкімет үй соқса, қаржымыз далаға емес, ел бюджетіне түсетін еді.

Әңгімелескен Ирина СОВЕТЖАН

«ҚазАқпарат»

*Я креп и становился на ноги вместе с независимостью –
руководитель центра тибетской медицины «Жас-Ай» Жасан
Зекейұлы*

АЛМАТЫ. 14 декабря. КАЗИНФОРМ /Айгуль Турысбекова/
– Руководитель центра тибетской медицины «Жас-Ай», доктор
медицинских наук, профессор, член Международной академии
иглотерапии Жасан Зекейұлы – яркое подтверждение того, что
среди казахов, вернувшихся на историческую родину, много
высококвалифицированных специалистов.

Он родился в Китае, в провинции СУАР, в местности Тарбагатай.
В 1989 году закончил в КНР медицинский университет, трудовую
деятельность начинал в городе Куитин Синьцзян-Уйгурского
округа в центральной больнице, непрерывно совершенствовал
свои знания, получил звание «Высококвалифицированный
старший врач-исследователь». В 1995 году он становится членом
научно-исследовательского международного оздоровительного
общества «Золотой иглотерапии». Как специалист, Ж.Зекейұлы
в совершенстве овладел секретами тибетской медицины и вошел в
сотню лучших специалистов Китая. Знания по иглоукаливанию он
получил у знаменитого врача – 90-летнего старца Кун Суна, предки
которого в течение столетий исследовали этот метод лечения.

Его жизнь можно поделить на две части – до и после
возвращения на родину. В Казахстане ему пришлось начинать
буквально с нуля, в качестве стажера-аспиранта КазНМУ им.
С.Асфендиярова.

Его научная деятельность началась в 1998 году с защиты

диссертации «Хирургические болезни, лечение и предупреждение воспалительных процессов по китайской методике». Сегодня он имеет два научных патента и является автором более 40 научных работ. Кроме каждодневной врачебной практики, он работает над первой книгой на казахском языке «Секреты восточной тибетской медицины».

Им опубликовано более 200 статей в СМИ о пропаганде здорового образа жизни. Ж.Зекейулы убежден, что пропаганда здорового образа жизни должна быть более активной на ТВ и в других СМИ. «Эту работу надо проводить, привлекая к ней знаковые личности. Мне очень импонирует аким Алматы Ахметжан Есимов, который пропагандирует здоровый образ жизни своим личным примером. Уже несколько раз он принял участие в городском велопробеге – отличный пример для молодежи и всех горожан. Здоровый человек – это культурный человек», – считает врач.

Для Ж.Зекейулы независимость Казахстана – поистине историческое событие и сбывшаяся мечта вернуться на историческую Родину. «С раннего детства мы очень внимательно слушали рассказы и народные предания о казахских батырах. В нашем воображении это были мужественные и героические люди, которые смогли сохранить для своих потомков территорию, девятую по величине в мире. Позже мы зачитывались книгами Магжана Жумабаева, Мухтара Ауэзова, Габита Мусрепова, Мукагали Макатаева, Ильяса Есенберлина и Касыма Аманжолова, слушали радио «Шалкар» и буквально ловили любую информацию о Казахстане. Наша связь с родиной была незримой, но глубокой», – говорит он.

«Новость о провозглашении независимости Казахстана стала для нас огромной радостью и счастьем, надеждой на исполнение многовековой мечты наших предков. Мной овладела идея, что я непременно должен работать на благо своего родного народа, хотя передо мной стояли перспективы карьерного роста по партийной и профессиональной линии в КНР», – отметил врач.

Вспоминая момент пересечения границы Казахстана, он вновь возвращается в те самые волнительные и счастливые минуты своей жизни. Передать словами его эмоции очень трудно. «Сердце мое забилося учащенно от счастья. Меня не пугала неизвестность, которая ждала здесь. Мной двигали только чувства патриотизма и счастья. Не скрою, это были трудные для меня годы. Мне

пришлось изучать русский язык, научиться писать на латинице, преодолеть безденежье и бытовую неустроенность. Но постепенно я стал применять свои знания по тибетской медицине – лечил своих коллег, преподавателей, их детей, родственников, знакомых. Таким образом, я завоевывал доверие людей. Сегодня я могу сказать, что креп и становился на ноги вместе со своей страной, с ее независимостью, потому что в полной мере испытал все экономические трудности, которые выпали на долю большинства казахстанцев в годы становления государства», – говорит руководитель медицинского центра.

Он считает, что только упорный труд и огромная вера в себя и в свою страну помогли ему со временем получить благодарность огромного количества пациентов, признание научной общественности и государственные награды.

Сравнивая жизнь в КНР и Казахстане, он с уверенностью говорит, что наша страна стремительно развивается во всех направлениях. К примеру, в сфере здравоохранения приняты прогрессивные законы. В стране, наряду с государственными медицинскими учреждениями успешно работают и тысячи частных клиник. Одна из них – центр тибетской медицины «Жас-Ай».

Решение об его открытии пришло к доктору, когда он, работая в городской центральной больнице Алматы, мог принимать пациентов только с городской пропиской. А к нему стали обращаться люди из других регионов страны. В начале 2000-х годов, как частный предприниматель он получил лицензию, кредит в банке и открыл центр. За эти годы здесь пролечилось более 40 000 пациентов, 5 тысяч – бесплатно. Для оказания помощи нуждающимся был создан благотворительный фонд «Сохраним жизнь». Сегодня Ж.Зекейұлы не просто врач, но и общественный деятель. За активную благотворительную деятельность он награжден республиканской общественной премией «Алтын журек». Он также отличник здравоохранения РК. Под эгидой центра выходит научно-популярный журнал «Жас-Ай». Он пропагандирует идеи тибетской медицины, здорового образа жизни, передает опыт молодым врачам.

Как считает доктор, Казахстан – по историческим меркам очень молодое государство. Предстоит немалая работа по совершенствованию системы здравоохранения. «Конечно, в этой сфере нам есть чему поучиться у нашего соседа. К

примеру, огромной ответственности врача перед пациентом, за свою профессиональную репутацию. В КНР на каждого врача заводится профессиональное досье, в которое записываются все его достижения и промахи. Этого документа никогда не увидит врач, но он обязательно попадет на его новое место работы. А у нас, к сожалению, некоторые врачи, которые допустили грубые ошибки в работе с пациентом, с легкостью меняют место работы. В нашей профессии необходима, прежде всего, высочайшая ответственность», – подчеркивает Ж.Зекейулы.

Он считает положительным моментом тот факт, что государство обратило внимание на репродуктивное здоровье населения. Это – важнейшая социальная, медицинская проблема. Она нуждается именно в государственном подходе. «Я горд, что очень многие семьи благодарят нас за то, что мы подарили им счастье иметь детей. И еще мой совет моим коллегам – не увлекаться назначением антибиотиков пациентам. Ведь нередко их активное применение приносит пациенту больше вреда, чем пользы. Такие случаи нередко встречаются в моей практике», – сказал он.

На днях казахстанский врач вернулся из Вены, куда его пригласили для вручения награды «Лидеры XXI столетия» – Международного университета Вены, совместно с Международным конгрессом промышленников и предпринимателей России, Европейского центра исследования рынка из Бельгии. Это, прежде всего, «признание вашей деятельности в качестве руководителя крупного регионального медицинского центра Казахстана и личного вклада в совершенствование системы здравоохранения государства» говорится в приглашении.

В своей речи в Вене он отметил, что восточно-тибетская медицина стала основой его врачебной деятельности, поскольку она существует с древних времен и доказала свою эффективность. Население Китая составляет больше миллиарда трехсот миллионов человек. «Секрет быстрого увеличения числа граждан Поднебесной я связываю с восточной медициной. Китайский народ два раза в год обязательно проходит курс иглотерапии, чтобы открыть источники своей энергии. В этом опыте нуждается и молодой Казахстан. Сегодня для процветания государства крайне необходим количественный рост населения. В нашем центре многие пациенты избавляются не только от недугов, но и от пагубных пристрастий. А это – путь к репродуктивному здоровью граждан».

АЛТЫН ИНЕНІҢ «АЛТЫН» ЕМІ

«Малым – жанымның садағасы» деп денсаулығын байлықтан да бағалы санаған қазекем кейде қу тіршіліктің күйбеңімен жан мен тән саулығын ұмыт қалдыратындығы да жаман-ақ. Дәрігерге қаралуды кейінге қалдырып, өздерінше ем-дом жасап, дәріханалардағы арзандау дәріні тұтынып жүре береді. Уақыт пен ақшасын үнемдеймін деп жүріп-ақ бөренедей сұлап түскенде ғана «қап» деп жамбасын соғады. Дәрі атаулы – негізінен асқазанның жауы. Пайдасы мен зияны астасып жататындығын дәрігерлердің өзі де мойындайды.

Науқас дәрінің күшімен бір дертін емдеп біткенше, сау жерін қаузап, қоздырып алатындығы шындық. Зиянсыз дәрі шөптермен немесе ине салу арқылы емдейтін Тибет медицинасын кеңінен қолданып жүрген Халықаралық инетерапия академиясының мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары категориялы Қытай-тибет медицинасының дәрігері, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығының бас директоры Жасан Зекейұлын әңгімеге тартқан болатынбыз.

– Тибет медицинасын үйренуіңізге не себеп болды?

– «Ажалға арашашы, жаралыға жебеуші» болуды бала кезімнен мақсат тұттым. Жоғары білімді Қытайдан алып, Тибет медицинасы мамандығын зерттеуімнің өзі осы ғылымға ден қоюыма зор септігін тигізді.

– Инемен емдеудің ерекшелігіне тоқталсаңыз.

– Дамыған деген еуропалық жолдармен шешімін таппаған ауруларды алтын ине салумен сауықтырып жіберуге болады. Тіпті рухани сырқат адамдардың өзі аз уақытта сауығып кетеді. Осы күндері адамдардың пышаққа түсуі жиілеуде. Мұны азайтудың бірден-бір жолы – ине салу. Оның ең басты ерекшелігі де – табиғилығы. Әріптестерімнің басым көпшілігі логикаға сүйенеді. Ал бізде бәрі нақты да дәлелді.

Алтын иненің көмегімен жүректен, бүйректен болатын қан қысымы, ағзаның шаршауы, қант диабеті, астма, зоб, бронхит, инфаркт, инсульттан кейін тілдің, аяқ-қолдың жансыздығынан,

дәрет жолдарын, ұйқысын қайта келтіру, ер адамдардың белсіздігі, полиартрит, остеохондроз, шинохондроз, гастрит, асқазан аурулары, әйел адамда кездесетін аурулар, невроз, жүрек-қан тамырлары, тіл шықпай қалу, ревматизм, паралич, эпилепсия, құлақтың шуылы, көздің көру қуатының әлсіреуі, псориаз, жас балалардың төсек дәретін тоқтату, миродермоз, нейродерматит, ішімдікке салыну, ұйқысыздық, киста, аллергия, гайморит сияқты ауру түрлерін жазуға болады.

– Жасан аға, ине салу ғылымының негізі қайда қаланған?

– Бұл жалпы Шығыс халықтарынан тарайды. Оны қытайлықтар саралап бір жүйеге келтірді. Қытайға барлық жақсылықтың бәрін жаба беруге де болмайды. өйткені атаулы ғылымның біздің ата-бабаларымыз қолданған халықтық емдеумен ұқсастығы да жоқ емес. Халқымыз арам қан алуды бұрыннан білген. Ежелгі ине қадаудың орнына ағаш таяқшалар жасап, сонымен аурудың осал әрі әсерлі тұсын тауып, жайлап ұрғылап жазуға жеткізген. Жүйкесі жұқарған, қаны көтеріліп ауырған адамдарға темір айырларды қыздырып, соны денеге жақындатқан. Бұл жүйке жүйелеріне иненің әсеріндей тітіркендіріп, емдеген. Бүгінге дейін дем салу (су бүрку) сияқты қазақи емдер жетерлік.

Дегенмен де Қытайда көне дәуірден бастап көптеген еңбектер жазылған. Біздің дәуірімізге дейін III ғасырда жарық көрген 18 томдық «Хуанды Нецузин», тікелей емдеуге арналған 12 томдық «Оон Цзин» еңбектері пайда болған. Одан кейін 1026 жылы «Түн женбшу теньцзю»(қола адам нүктелерінің атласы) атты көлемді еңбектің орны айрықша. Ол кітапта емдеуге бағытталған ине қою нүктелері сипатталады. Сол заманның белгілі ғалымы Ван Вен-н адамның қолдан жасалған мүсініне емдеу барысын анықтай отырып, 600 инемен емдеу нүктелерін түсіріп кеткен.

Бұл нүктелер 12 сызық бойына (меридианға) орналастырылған. Оның ойынша әр сызық адам денесінің перифериялық бөлігін ішкі ағзалармен байланыстырады. Мұндағы Чтенб-цзю тәсілі ғасырлар бойы дамып, толықтырылуда. Қазір зерттеушілер арқасында 14 сызық, 700-ге жуық нүктелер анықталса, болашақта одан да көбейетіндігі анық. Жоғарыда аталған кітаптар үлкен сілкініс тудырды. Ондағы көрсетілген нүктелер күні бүгінге дейін толассыз қолданыста келеді.

– Шығыста пайда болған дүниелер Батыста қанат жаятыны аян. Мұның сыры неде?

– Технология Батыста анағұрлым жақсы дамыған. Шындығында, бізде ондай мүмкіндік жоқ. Сондықтан Батыста «жаңалықтар» тасқыны көп. Медициналық техниканың көмегімен ғалымдар адам өмірін ұзартуға бас қатыруда. Десек те, Тибет инесі рухани азыптоза бастаған Батысқа белшеден пайдасын тигізіп жатыр. Ондағы нашақорлардың құлақ түбіне алтын инені қондыру арқылы 90 пайыздық емдеу мүмкіндігіне ие болып отыр. Өз басым арақ-темекі және тағы басқа зиянды заттардан уланғандарды емдеуге жол аштым.

– Қазақстанда алтын ине терапиясының ғылыми негізін сіз салды дейді...

– Мен мұнда иненің адам ағзасына қатысты артықшылықтарын дәлелдедім. Магниттік ине болсын, жай ине болсын операциядан кейінгі асқыну түрлеріне қарсы қолдансаң, кәдімгі медицинадан гөрі тез жазылатындығын елге жеткіздім. Бұрын операциядан кейін адамның кесілген жері іріңдеп, асқынып, екі аптадай қиналатын болса, алтын иненің көмегімен әлдеқайда тез емдеуге болатындығы жайлы диссертациямды қорғап шықтым. Ісік, жара дегендерді иненің күшімен сылып тастауға болатындығын көрсеттім.

Аурудың бұл түрлерін емдегенім үшін, жаңалықтарым үшін арнайы патент алуым керек еді. Қазақстанға алғаш келгенімде алтын ине қоятын дәрігер екенімді білгендер маған балгер-бақсыға қарағандай тосырқай қарайтын. Сондықтан ғалымдар алдына баратындай жағдай бола қалса, Қытайда дәлелденген еңбектеріммен баратынмын. Мен Батыс медицинасын Қытай, Тибет медицинасымен қатар оқыдым. Себебі Қытайдағы әрбір дәрігер мамандығындағы студент сол елдің ежелгі медицина тарихын білуге міндеттелген еді. Медицина университетінде 7 жылдық білім беру бағдарламасының 2 жылында Қытай медицинасы курстарын бітіру жүктелетін.

– Медицина саласы бойынша Қытай мен Қазақстанның айырмашылықтарын саралап берсеңіз.

– Ондық пайызға шаққанда, мен ол жақта сегіз қытай, екі қазақты емдесем, бұл жерде, керісінше, сегіз қазақ, екі орысты емдеймін. Демек, осында жүрсем, өз еліме көбірек пайдамның тиетіндігін түсіндім. Құдайға шүкір, инсульт алып, сал болып қалған адамдар орнынан тұрып кетіп жатыр. Мойнына бұршақ салып, Құдайдан перзент сұрап жүрген әйелдер бала көтереді. Менің жаным бататыны Қазақстанда 14-15-тегі жап-жас қыздар дертке

ерте бой алдырады екен. Ауру жастарға өш. Соқталдай-соқталдай азаматтар базарда арба итеріп, белдері шойырылып келеді. Бұл жақта зейнетке шыққандар дертке тез шалдығатынын ағардым. Бұрын жұмыстың қызығымен еш нәрсеге мән бермей жүргендер, қолдары босаған соң, өздерін керексіз сезініп, өз-өздерінен қажып кететін секілді. Өздерін бір мақсатқа бағындырып, бір іспен айналысуға, сол ісінен қуаныш табуға, бүкіл жұлын-жүйкесін соған бағыттауға шамасы келмей қалады. Баяғыда апаларымыз кесте тоқып, сырмақ сырып, алаша тоқып, аталарымыз ер-тұрман жасап, зергерлікпен айналысып өз-өздерін алдайтын.

Ал Қытайда керісінше, 40-50-ден төмен жастағылардың ауырып дәрігер алдына баруы некен-саяқ ұшырасады. Қытайлықтардың ауруға кіріптар болуы өте сирек. Басқаларын айтпағанда, бір Шыңжаңның өзінде денсаулық туралы 3 басылым бар, радио-телехабарларда тіпті есеп жоқ. Онда медицина турасында ақпарат көп. Салауатты өмір салтын құру жақсы жолға қойылған. Кез келген жерде, көлікте болсын, кезекте болсын денсаулық жайында радиолардан әлденелерді айтып жатқаны. Тыңдағың келсе де, келмесе де, сыналап құлағына құяды.

– **Күніне шамамен қанша адам қабылдайсыз?**

– Бір күнде 45 адамдай қабылдаймыз. Кісілерді қабылдау уақытын олардың мүмкіндіктеріне қарай түзедім.

– **Осы күндері аттап бассақ қаптаған инемен емдеу орталықтарын ұшыратамыз. Солардың бәрі жеткілікті деңгейде талапқа сай ма?**

– Адам денсаулығы – адам тағдыры. Бұған салғырт қарау қылмыспен тең. Шынында, бас пайдасын көздеген кейбір әріптестерім адам денсаулығына пайда табудың жолы ғана деп қарайтындығын талай байқап жүрмін. Бір жарым миллиард халқы бар Қытайдың өзінде бір жылда адам денесіндегі 600 нүктені толық игерген сегіз-тоғыз адамға ғана ине салуға рұқсат береді.

Тек ине қоюды білу аздық етеді, аурудың тамырлық өзгерістерін бақылай білу шарт. Қазақстанда инемен емдейтін орталықтар жеткілікті. Ол орталықтарда жұмыс жасайтындардың бәрін нағыз маман қатарына жатқызу қиын. Сондағылардың көпшілігі – бір-екі айлық немесе бір жылдық курсты бітіріп, лицензиясын ала салып, адам емдеуге көшкендер. Бұл – бір.

Екіншіден, иненің құдіретімен үш-ақ күнде айығып кететін жандарды ауруханаларда операция жасап апталап ұстап әуре-

сарсаңға түсіреді. Егер де біздің бақылауымыздағы емделушіде катерлі ісіктің ауыр түрлерінің белгілері қылаң берсе, оны бір күн де ұстамаймыз, баруы тиіс ауруханаларға жөн сілтейміз.

Сол инемен емдеу орталықтарында қарапайым қызмет көрсету үлгілері дұрыс сақталмайды. Тазалық та жоқ. Ине бар жерде шаң-тозаң болмау керек. «Тамыры жарылып кетпесе болды», «Жүйкесін өлтіріп алмасам болды» деп инені теріге немқұрайды шаншып-шаншып алатындар қатары жиілеуде. Бұл медицинаның бүгешігесіне дейін зерттеп жүрген бізге кері әсерін тигізіп жатыр.

– Қытайларды емдегенше қазағымды емдейін деп шекара асып жеткеніңізді айттыңыз...

– Қазақ ұлты – ашаршылықты да, шапқыншылықты да көрген халық. Мұндағы қазақтардың тілі шұбалаңқы болса да, өзге ұлт өкілдерімен араласып-құраласып кетіп жатса да, олардың қазақ ұлтын, мемлекетін сақтап қалғанына қуанамын. Әйтпесе, шетелден келген қазақтар қайда барамыз? Ұлтшылдық сезімі елімізде айтарлықтай дамып келе жатқандығының өзі – үлкен жетістік. Еврейлер ұлтшылдық жөнінен барлық ұлттарды он орап алады. Үйінің астында азық-түлік дүкені болғанына қарамастан, үш шақырым жердегі еврей дүкенінен керегін алады. Маған да қазақ ұлт өкілдері көп келеді. Мұның астарында өзіміздің бала ғой, түсінеді, жеңілірек емдеп берер деген ой тұрғанын да сезінем.

– Сіздің инеңіз дәру болған ерекше оқиға айтып берсеңіз?

– Маған Атыраудан бір кісі келді. Қан тамырлары жарылып, құлаған. Өзі жергілікті ауруханада жатқан. Бірақ ол жақтан қалпына келмеген. Сол адамды 3-4 сеанс аралығында аяғынан тік тұрғыздық. Ол: «Осы уақытқа дейін, Еуропа медицинасының барлық тәсілін, лазер сәулесі дегеннің бәрінен өттім. Бірақ сен колданатын табиғи емнен артық емес екен. Мен сенің арқанда жаңа туылғандай болдым» деді.

Бірде шашының 80 пайызы түсіп қалған адам келді. Мамандығы әртіс екен. Үйде де, түзде де жасанды шаш киюге мәжбүр болады. Одан шаш терлеп, миға әсер етеді. Ол шашын қайта шығарып беруін өтінді. «Дүниедегі сорақы қорлық осы екен. Шашымды таракпен тарар болсам армансызбын» деді. Адам өзінде жоқ нәрсені армандайтынын сонда ұқтым. 40 күн бойына емделді. Мидың «ұйықтап» қалған қан тамырларына қозғау салдық. Содан өз шашы өсе бастады. Шаштың қалыңдауы, түсуі ішкі ағзамен тікелей байланысты. Негізінен, оның бүйрек, бауыры ауырған.

Сосын денесіне кезінде инфекция кіргенін, дәріні шектен тыс қолданғандығын анықтадым.

– Естуімізше, ине бірден-бір ем даритын жері адамның табаны көрінеді...

– «Ағаштың қурауы тамырымен, адамның қартаюы табанымен» деген қазақта керемет мақал бар. Адам баласының бүкіл мүшесі ағзамен тұтастай қосылып, табанмен тығыз байланысқан. Қай жер ауырған болса, сол жердің нүктесін табаннан дәл тауып ине қойса немесе массаж жасаса, ауырғаны сол заматта басылады. Қызмет атқарудан қалып, «ұйықтап» кеткен клеткасын ине салып «оятуға», яғни жансыз жерге жан бітіруге болады.

Әңгімелескен Арман ӘУБӘКІР

«Жас Алаш»

ӨМІР СҮРЕ БІЛ!

Өмір сүресің – үйренесің. Жаманнан жиренесің. Құпияны білмекке талпынасың. Тұрмысыңды жақсартудың жолдарын іздеп, шарқ ұрасың. Әрнеге ой жүгіртіп, өзіңше көкірек діліңмен қорыгасың.

Менің де осы бір отыз жастың мұғдарында түйген өз пайымым бар. Дүние – төрт тарап. Төрт тарапқа қарап 4 түрлі ойды түйдім. Соның біріншісі – барлық бәсеке біткенді қабылдау, қиыншылық атаулыға төзе білу.

Біз қандай жағдайда да тағдыр басқа салған бақытсыздыққа төтеп беруге дайын тұруымыз керек, олай болмағанда мәңгі бақи үміт пен сүйіспеншілікке бөлене алмаймыз. Біз кез болған азапты қалайда бір әдіспен жеңуге болатындығына сенуіміз керек.

Адам тілегіне жете алмау, ауруға шалдығу, көзделген мақсаты орындалмау сынды бақытсыздықтарға тап болғанда не істеу керек? Меніңше, алдымен рухани жүдемеу, үмітсіздікпен үрейден құтылу, жүректің терең түкпіріндегі қажетсіз қиялдардан үзілді-кесілді арылу, осы қиялдарды терістеу, бақытсыздыққа төзе білуге болатындығына сену керек.

Екінші, көптеп дос табу. Барлық адам жақын досқа мұқтаж. Достар бір-біріне өмірлік сүйеніш болады, бірінің ауыртпалығын

бірі көтере біледі. Жазда мен теңіз жағасында ойын жасындағы ұл мен қыз баланың бар зейінімен құмнан «үй» жасап ойнап жүргенін байқадым, олар бұл «кұрылысты» енді ғана бітіруге таяғанда, асау толқын оны бұзып, жылмағайлап әкетті. Маған «бұлар енді жылауы мүмкін» деген ой келді. Бірақ олай болмады. Ұл мен қыз ешнәрсе болмағандай-ақ қуанышты бейнеде қол ұстасып, жағаны бойлап жүгіре жөнелді. Артынша тағы қайраңға отыра қалып, үй жасауға кірісті.

Адамдардың өмір бойы бар күшін жұмсап шыққан нәрселерін өмір толқыны әлгіндегідей бұзып кетуі – үнемі болып тұратын құбылыс. Сондай кезде, егер жаныңызда сүйеніш боларлық бір адамыңыз болса, сіз онша күйремейсіз, істі қайта қолға алуға сенімді боламыз. Үшінші, өзіңіздің басқаларға ықпал ете алатындығыңызға сенуіңіз керек. Дүниедегі барлық адамның түгелдей бай болуы, бар адамның тума талант болуы мүмкін емес. Бірақ біз өзіміздің күш-қуатымызды толық пайдалана алсақ, өлмейтін істер істей аламыз.

Бір тәжірибелі хатшы, тәжірибелі дәрігер, яки бір сақа жұмысшы жаңа қызметшіге, жас дәрігерге немесе жаңа жұмысшыға өз тәжірибелері арқылы ықпал етсе, оқытушы оқушыға сабақ беру арқылы оң әсерін тигізеді.

Төртінші, өмір сүреді екенбіз, өмірді мәнді өткізуіміз керек. Философ Холс Келвен былай деген екен: «Кейбіреулер өзінің түбінде бір өлетіндігіне бола өмірін ойын-тамашамен өткізуді таңдап алған. Ал кейбіреулер өмірге терең сеніммен қарайтындықтан, өмірі өте мәнді өтеді. Алдыңғылары өмірде бар болғанымен, рухани жақтан әдеқашан өлген, кейінгілері сияқты болуға серт етемін».

Өмір дегеніміз – тек бірер ұлы шығарма жазу немесе мал-мүлік жинау емес, керісінше, сүюге немесе сүйіспеншілікке бөлену деген сөз. Әр жолы жаңа деп тапқанымыз, әр жолы жаңа ақиқатты сезінгеніміз бізді бақыт-байлыққа кенелтеді.

Өмір бейне бір жақсы кітап сияқты, оған қаншама құштарлана берілсеңіз, оның мәні сонша айқындала түседі. Кейіпкерлер де барған сайын жанданып, ондағы көркемдік пен тереңдіктен, дүниеге деген құштарлықтан ләззат аласыз.

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ

ЦЕЛИТЕЛЬ

Чтобы узнать, что представляет собой тибетская медицина, в чем преимущества иглотерапии, хочу поведать о специалисте древней медицины, реально приближающем ее для соотечественников и методе, исцеляющем от множества недугов. Речь пойдет о генеральном директоре центра восточнотибетской медицины, докторе медицинских наук, профессоре, докторе международной Академии иглоукалывания Жасане Зекейулы.

Он родился и вырос вдали от родины. Медицинское образование получил в Китае. Знания по иглоукалыванию Жасан Зекейулы осваивал у 90-летнего старца Кун Су, предки которого в течение тысячелетий исследовали и применяли этот метод лечения. В совершенстве овладев секретами тибетской медицины, вошел в сотню лучших специалистов КНР.

Признание ожидало его и на родной казахской земле, куда он прибыл вместе с багажом ценнейших знаний. Здесь молодой специалист совершенствовал свои навыки. Учеба в аспирантуре Казахского национального медицинского университета на кафедре хирургии, работа в Алматинской клинике старшим врачом восточно тибетской медицины стали прологом того большого дела, которое он предпринимает во имя исцеления многих страждущих.

В 2004 году Жасан Зекейулы открыл частный восточно-медицинский центр «Жас-Ай». Сейчас он является генеральным директором этого центра, успешно занимается лечением, имеет два медицинских научных патента. Им опубликовано сорок научных трудов. Летом 2006 года был награжден дипломом и медалью общества целителей Казахстана «Өтейбойдак», спустя три месяца – дипломом и медалью общества народных целителей Казахстана за личный вклад в развитие народной медицины и нравственного воспитания. Ко дню Независимости Казахстана ему присвоено звание «Лучший доктор». Жасан Зекейулы – лучший исследователь, специалист в области иглотерапии.

По возвращении на Родину Жасан Зекейулы за какие-то два года вылечил 30-40 тысяч человек. К нему за исцелением едут со всех уголков республики. А сколько еще людей не могут, не в состоянии добраться до Алматы, где расположен его клиника.

Спрос на лечение по восточнотибетской медицине большой. Становится очевидно, что одной клиники на всю республику явно недостаточно. Клиника

Жасана Зекейұлы открывается в Астане. Филиал клиники работает в Каскелене. Здесь в большом трехэтажном здании пациенты, приехавшие издалека, могут принимать лечение в условиях стационара.

Подобные клиники желательно бы открыть и в других городах Казахстана, но для этого нужны хорошие специалисты по иглоукалыванию. Народный доктор убежден, что здоровье человека – важнее всего, поэтому подход к лечению должен быть очень ответственным. Сейчас ведется работа по обучению специалистов. Доктор передает знания и опыт своим ученикам.

В чем преимущества древней восточной медицины, при традиционном методе лечения сначала у больного берут анализы, затем тратится время на их исследование и процесс затягивается. Лечение, которое проводит Жасан Зекейұлы, проходит намного быстрее. Определив диагноз по пульсу, дальнейшее диагностирование доктор проводит путем использования современных аппаратов Хассы (магнитно-резонансный аппарат), Зывишин (аппарат для нервных точек), Каудиян (природный горячий камень). Время, как известно решающий фактор при лечении многих заболеваний. Сэкономленное время дает дополнительные шансы на выздоровление. Диагноз также определяется по результатам лабораторных исследований. С помощью электрокардиографа проверяется работа сердечно-сосудистой системы. Очень помогает в лечении использование знание древних целителей.

Особенность тибетской медицины и в том, что, в отличие от методов, используемых традиционной медициной, лечится не отдельно взятый больной орган, а берется во внимание организм в целом. Исходя из этого, проводится лечение.

Точку воздействия на больной орган можно найти и вне его. Известно, что их очень много на стопе, ушной раковине. Эти точки и используются при иглоукалывании. При лечении лекарствами возможны побочные действия. В восточной медицине, имеющей в своем арсенале такие методы, как иглоукалывание, точечный и общий массаж, лечение травами, угрозы побочных действий нет.

Напрашивается вопрос, каков состав иглы, которая используется

для воздействия на больной орган? При изготовлении иглы используется материал, 80 процентов которого содержит серебро, остальные 20 процентов составляют золото и очищенная медь.

Бесплодие, эпилепсия, облысение, позвоночная грыжа, паралич, псориаз, и даже пристрастие к азартным играм – это далеко не полный список заболеваний, которые диагностируют и лечат в медицинском центре «Жас-Ай».

Во избежание голословности приведем несколько конкретных примеров. К доктору Жасан Зекейулы обращалась женщина, страдающая эпилепсией. Из - за частых приступов болезни постоянно с ней должен был кто-то находиться рядом. После лечения у Жасана Зекейулы приступы прекратились.

Жизнь молодому человеку по имени Канат омрачала позвоночная грыжа. В больнице ему предлагали сделать операцию на позвоночник, а такие операции таят в себе большой риск. Ситуация осложнялась тем, что наркоз ему был противопоказан. После сеанса иглотерапии грыжа полностью рассосалась.

Как -то обратилась к нему отчаявшаяся женщина, которая не могла родить в течение 9 лет. Вместе со своим супругом она многократно лечилась. К тому моменту она уже перенесла три операции, врачами ставились ей различные диагнозы. После операции у нее были повреждены яичники. Жасан Зекейулы поставил ей точный дагноз. Шансы на успех были незначительные – единицы из ста. Но проведенные два курса лечения дали положительный результат. Наступившая беременность , к счастью, оказалась не последней.

И таких примеров множество.

Отчегохочетпредостеречьдоктор?Оказывается,игло-укалывание привлекает немало мошенников , которые превращают данный метод лечения в источник добывания денег. Они могут серьезно навредить здоровью вместо того, чтобы исцелить больного.

Доктор Зекейулы полон идей. Стремится детально изучить и развить иглотерапию , возраст которой определяется в 5000 лет, написать научный труд на академическом уровне в Казахстане. И все это для того, чтобы доказать пользу восточнотибетской медицины, начинавшейся в эпоху Ибн Сина.

Несмотря на то что восточнотибетская или китайская медицина является одной из древних , трудно утверждать , что она доступно широким слоям населения. И дело тут вовсе не в отсутствии

интереса к ней, а в недостатке информации о данном методе лечения и специалистов в области иглотерапии. Но думается, известно всем, что возможности она таит огромные.

Гулжан ХАЙРУЛЛИНА

«Жас-Ай»

ЕЛГЕ ОРАЛҒАНДАҒЫ МАҚСАТЫМ – АЛТЫН ИНЕМЕН ХАЛҚЫМДЫ ЕМДЕУ

Дәрігерлікті кәсіп, күнкөріс қамы ретінде емес, өмірінің мәнісіне айналдырған жандардың халықтың ерекше ықыласына бөленуі заңды құбылыс секілді. Еңселі еліміздің егемендік алған алғашқы жылдарында Қытайдан оралған қандасымыз Жасан Зекейұлы атамекеніне құр алақан келген жоқ еді. Қазақ халқына ежелгі Шығыс-тибет медицинасының сауықтыру тәсілдерін әкеп, таныстырған, инемен емдеу әдісі арқылы медицина болашағынан күдер үзген талай науқастарды аяғынан тік тұрғызған Жасан Зекейұлын еліміздің түкпір-түкпіріндегі қалың көпшілік кеңінен танып үлгерді. Дәрігердің шаарапатын көрген емделушілердің алғыстары толассыз ағылуда. Осы орайда ел арасында дертіне дауа іздеп жүрген жандардың тән азабынан арылуына бір септігіміз тиер деген үмітпен Халықаралық инемен емдеу академиясының мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медицина орталығының бас директоры Жасан Зекейұлымен сұхбаттасуды жән санадық.

– Жасан аға, атамекенге оралғаннан кейін халықты емдеуді қолға алдыңыз. Дәрігерлік бір күнде қона салатын дарын емес, күндіз-түні жалықпай еңбектену арқылы жететін ұлы мамандық. Гиппократтың антын қабылдамас бұрын қайда білім алған едіңіз?

– Қытайдың медицина университетін тәмамдағанмын. Ондағы оқыту жүйесі бойынша халықты сауықтыру барысында табиғи тәсілдерге баса назар аударылады. Ине салу, шөппен емдеу, энергия көздерімен айықтыру әдістерін үйретеді. Ұстазым – аспан асты елінде жеті атасынан бері ине салу әдісін меңгерген, аталмыш

ілімнің түп-тамырына дейін зерттеп, том-том кітап жазумен қатар, мыңнан астам шәкірттер тәрбиелеген Ли Жи Сун деген ғалым-дәрігер кісі. Жасы тоқсанға келсе де, алтын иненің құдіретін әлемге танытудан жалықпаған ұстазымның қазақтан шыққан тәлімгері тек мен ғанамын. Қазақтың қамын, жағдайын қазақ ойламағанда кім ойласын?! Елге оралғандағы басты мақсатым – инемен емдеу әдісі арқылы өзіміздің халқымыздың жағдайын жақсарту, денсаулығын қалпына келтіру болды. Мақсатымды жүзеге асыру барысында осында келгеннен кейін бір жыл орыс тілінен даярлық курсынан өтіп, сонан соң үш жыл аспирантурада оқыдым. Оқуды тәмамдағаннан кейін Алматы қалалық орталық ауруханасында аға дәрігерлік қызмет атқардым, 2004 жылы қаланың орталығынан жеке клиникамды ашуды ұйғардым. Аллаға шүкір, осы уақытқа дейін қырық мыңнан астам емделушілер қаралды, түгелдей дерлік 100 пайызға ауруынан айығып шықты.

– Шыны керек, Шығыс-тибет медицинасы – халқымыз үшін жат ұғым. Сонда сіздердің емдеу тәсілдеріңіз қандай?

– Қазір Батыс елдерінің барлығы осы медицинаға жаппай ден қою үстінде. Біз білетін дәстүрлі еуропалық медицинадан бүкіл әлем шаршаған. Химиялық препараттар ауырған жерінді жазғанымен, екінші сау мүшене залал әкелу мүмкіндігі жоғары екендігін көп дәрігерлер дәлелдеуде. Сондай-ақ әдетте наукастың анализдерін тексеріп, ауруын анықтауға көп уақыт жіберіп алып жатамыз. Емделушіні ауруынан құлан-таза айығып шығу үшін ең алдымен дұрыс диагноз қоя білу керек. Дұрыс қойылған диагноз – жартылай жазылумен тең. Мен тамыр ұстау арқылы диагноз қойып, бірден емге кірісемін. Тамыр арқылы 80 пайыз ауруды анықтауға болады. Содан кейін соңғы технологиямен шыққан аппараттардан тексеруден өткізіп, медициналық зерттеу жүргіземіз. Бізде тек табиғи энергияңызды ашу арқылы емдейді. Бүгінгі таңда жүйкелері жұқарған адамдар өте көп. Негізі аурудың бәрі жүйкенің қалыпты жұмыс істемеуінен басталады. Осы тұрғыда алтын ине зақымдалған жүйке жүйелерінің қызметін қалпына келтіреді. Қан тамырларының ішіндегі ұйыған қанды таратады. Біздің клиникада алтын ине қою, нүктелік уқалау (массаж), табиғи шөппен қыздыру, жалпылама уқалау тәрізді ем түрлері қолданылады.

– Негізгі емдеу әдісі – Алтын иненің адам денсаулығын қалпына келтіруде әсері қандай?

– Адам ағзасын арнайы жанды нүктелер – жүйке талшықтары басқарып отырады. Шаршаған немесе тіршілігін жойған талшықты

қалпына келтіру үшін иненің ықпалы зор деуге болады. Жанды нүктеге қойылған ине іштегі ағзаға өз «бұйрығын» беру арқылы оятады. Оянған нүктелер адам денсаулығын сауықтырады. Яғни керек нүктені дәл таба білу керек деген сөз.

Мысалы, адамның сау қолымен де, паралич болып істемей қалған қолымен де қан жүреді. Бірақ паралич қолды көтеру мүмкін емес. Себебі неде болуы мүмкін? Мәселен, машинаның жүрегі – мотор, ал моторды айналдыратын – бензин. Бірақ кейде машина оталмай қалған сәттерде «провод» тигізуге тура келеді. Тура осы секілді адамның жүрегі-моторыңыздан айналған қан-бензиніңіз күллі денеде ағып тұр. Бірақ қол істемейді. Яғни «провод» тигізу керек. Ол «провод» – ине. Паралич болған кісі бізге келіп екі-үш апта көлемінде қаралса, екі курс емнен соң аяғына нық тұрады.

– Қырық мыңнан астам ауруды емдедіңіз. Кейбір есіңізде қалған науқастар жайында оқырмандармен бөліссеніз...

Осыдан біраз жыл бұрын ем қабылдауға бойына тоғыз жыл бала бітпеген әйел келді. Жолдасы екеуінің емделмеген бақсы-балгері қалмаған соң, жұбайлар соңғы үміттерін бізге арқалап келген екен. Зайыбына диагноз қойдым. Сауатсыз жасалған бірнеше операциядан кейін әйелде 100 пайыздың тек бір пайыздық қана бала туу мүмкіндігі бар екенін байқадым. Яғни бір жақ аналық безі толық алынып тасталған, енді бір аналық безінің үштен бірі ғана қалған деген сөз. Екі курс толық ем қабылдағаннан кейін жолдасы сүйіншілеп, жарының жүкті болғандығын хабарлады. Алла Тағаланың арқасында қазір бақытты жұп екі бірдей баланың әкесі мен анасы. Мұндай оқиғалар өте жиі кездесіп тұрады. Тағы бірде маған Қанат есімді жігіт хабарласты. Омыртқааралық жарықпен ауырған (грыжа) жігіттің жағдайы тым нашарлап кетіпті. Төсекке танылған боздақтың түрін көріп, бірден қол ұшымды созып, емдеуге кірістім. Алла жар болып, алтын иненің арқасында бел омыртқасы толық орнына келіп, қазір халқының мүддесіне сай еңбектер атқарып жүр.

Өткенде алдыма бір тал шашы жоқ асаба жігіт келді. Асуын тойларда ажыратып жүргендіктен халық алдына парик киіп шығатын көрінеді. Онысы ауа кіргізбей әбден қышытады екен. Тән азабын тартқан жігіт 30 күн ем қабылдаған соң шашы шықты. Алғысы шексіз. Міне, осы секілді мысалдар өте көп.

– Сіздердің клиникаларыңызда қандай аурулар емделеді?

– Жүйке-жүйелік аурулар, жүрек-қан тамыр, асқазан-ішек, несеп-жыныс аурулары, гинекологиялық түрлі науқастарды емдейміз. Сонымен қатар буындары ауыратын адамдар, тыныс алу жүйесіне қатысты дертке шалдыққандар біздің орталықтан өз дауасын тауып жатады. Сондай-ақ тері, эндокриндік аурумен науқастанғандар және көзі ауыратындарды да сауықтырамыз. Ішімдік пен темекіден арылғысы келетін адамдар да үш күннен соң немесе бір курс ем қабылдағаннан кейін нәтижеге риза болып жатады. Хирургиялық операциялардан кейін болатын асқынуларды да емдейміз. Нәтижесінде 100 пайызға сауыққан емделушілерімізді көріп, халыққа қуаныш сыйлап жатқанымызға шүкіршілік етеміз.

– **Алтын ине алған соң қалай күтіну керек?**

– Адам ағзасының барлық меридиандық нүктелері жұмыс жасағандықтан, суықты тез қабылдайды Сондықтан ыстық ванна немесе монша қабылдауға болмайды. Тура жаңа туған әйел секілді суық тигізбей күтіну керек.

– **Алтын инені дені сау адамдар да қабылдайды деп естігенмін.**

– Мәселен, көрші қытайлықтардың саны әлемде бірінші орында тұр, оларда туу көп, өлім аз. Халқының саны соңғы 200 жылда күрт өсіп кетті. Оның басты себебі – Шығыс-тибет медицинасының жаппай қолданылуында. Кез келген қытайлық дені сау болса да жылына екі рет өзінің қуат көздерін ашу үшін алтын ине қабылдап алады. Солар секілді біздің де халқымыздың көбеюі, табиғи өсімі керек. Сондықтан аталмыш үрдісті кеңінен жаңғырту керек деп ойлаймын. Ине қабылдаудың тиімділігі де осында.

– **Шәкірттер тәрбиелеу ойда жоқ па?**

– Бар, қазір осы мәселемен айналысып жатырмыз. Бірнеше шәкіртіміз кәсіби тұрғыда үйреніп қалды. Астана қаласынан да бөлімше ашу қарастырылуда.

– **Көп балалы отбасыларға, ел арасында қадірлі кісілерге тегін қызмет көрсетеді деп естігенім бар еді...**

– Атап өту керек, науқасқа ақысыз ем жасау мекеме басшылығы мен ұжым қызметкерлерінің ақылдасуымен жүзеге асырылады. Кейбір көмекке ерекше зәру мүгедек жандарға 100 пайыз жеңілдік жасаймыз. Биылғы жылдың басынан бері 295 науқасқа тегін ем

көрсеттік. Қайырымдылық қанымызда бар қасиет болғандықтан, көмек беруді ешқашан ұмытпаймыз. Әрі дәрігерлік міндетіміз де соған келіп тіреледі.

– Сұхбатыңызға көп рахмет. Алланың нұры жаусын!

Индира ШАЙЗАДИНА

КҮНШЫҒЫС ЕЛІНЕ САПАР

(жол сапар естелігі)

Үстіміздегі жылы сәуірдің 5-жұлдызында Global ұлттық халықаралық конференциясының Жапонияға шақыртуын тапсырып алдым. Global конференциясының ұйымдастыруымен, Халықаралық денсаулық сақтау ұйымының қолдауы арқылы Жапон елінің Токио қаласында өтетін жиналысқа менің де қатысуымды сұрапты. Бұл бағдарлама – медициналық мекемелерді тиімді басқарудың Жапониялық тәжірибесін көру, Жапония денсаулық сақтау орталықтарымен байланыс орнатуды көздейді. Көп ойланбай бірден жолға қамдандым. Өйткені барлық салаларда зор дамушылықтарға қол жеткізіп, медицина саласында да әлемнің көптеген елдерінен оқ бойы озық тұрған Жапон еліне барып кәсіптік тәжірибе алмасып қайту мен үшін де таптырмас орай болатын.

Мен Токиоға барар сапарымда жолай Түркияға ат басын бұруды жөн көрдім. Себебі түбі бір түрік елі, бізбен тілеулес, аталас халық. Ондағы үлкен-кіші, ағайын-достардың батасын алып, ақ ниетін естіп аттану көңілге тоқ, жанға медеу. Стамбулда мені Қожа Ахмет Ясауи атындағы колледждің директоры әрі бірінші орынбасары Иса Қалқа бауырым күтіп алды. Мұнда осы оқу орнына арнаулы қонаққа келген Түркия мемлекеттік «Қызыл Ай» қорының директорымен таныстық. Стамбулдық бұл құрметті достарға Алматыдан әдейі ала шыққан сәлемдемем – жылқының қазысынан дәм татқыздым. «Қызыл Ай» қорының директоры: «Шіркін! Қазақ халқының тағамы, қазы мен шұбатына жетер ас қайда»,– деді шын ниетімен мақтап. Стамбулда 8 сағат аялдағасын кешкі рейс арқылы Жапонияға аттандық.

Жапония – аралдар елі. Төрт ірі және төрт мыңдай ұсақ аралдардан құралған теңіз жағалауына бай мемлекет. Теңіз жағалауының жалпы ұзындығы – 30 мың км. Жапонияның шығысы Азияның Тынық мұхитқа тірелетін аралдарымен шектесе, батысында Жапон теңізі арқылы ҚХР, Корея және Ресей елдерімен, солтүстігінде Охотск теңізімен, оңтүстігінде Шығыс Қытай теңізі арқылы Тай-уаньмен шектесіп жатыр. Осынау сан мыңдаған аралдарды мекен ететін 125 миллион жапон халқының жан басына шаққандағы айлық кірісі – орта есеппен 3500-4000 доллар. Жапон үкіметінің халқына жасап отырған ең тиімді саясаттарының бірі кез келген жеке кәсіпкерлікпен шұғылданушы ел азаматына өсімсіз несие беру. Сол арқылы бизнесті өркендетіп, елде әлеуметтік жағдайы төмен жік қалыптастырмау.

Халқының парасаттылығымен де, озық техникаларымен де, бай ұлттық мұраларымен де әлемді таң қалдырып отырған жапон елінің табиғаты жанға жайлы-ақ! Мұхиттың салқын да шипалы ауасы жаныңды жадыратады. Біз Түркиядан Жапонияға 13 сағатқа жуық ұшып, 18 сәуір күні түске қарай Токио әуежайына келіп қондық. Мұнда бізді конференцияны ұйымдастырушылар алқасы мен Жапониядағы қазақ елшілігінің өкілдері күтіп алды. Жалпы, 4 мемлекеттен келген 35 адамнан құралған делегация мүшелерінің құрамында денсаулық сақтау саласының бұрынғы министрлері, жеке медицина орталықтарының басшылары, академик, дәрігерлермен қоса медицина саласының білгір ғалымдары да бар екен.

Алыстан ат арытып, әр тараптан жеткен меймандарды қонақжай жапон халқы теңіз жағалауындағы ең көркем аумақта орналасқан 32 қабаттық қонақ үйге жайғастырды.

Жапон елінің астанасы, әкімшілік, қаржылық, мәдени, өндіріс орталығы әрі әлемнің ең ірі көркем қалаларының бірі Токионың сәні де, салтанаты да жарасып-ақ тұр. Аспанға тік шаншылып, бой түзеген биік те әсем ғимараттар мен аспалы көпірлері қаланың сәулетін онан ары әрлей түскендей. Токио – Хонсю аралының оңтүстік-шығыс бөлігінде, Канто жазығында, Тынық мұхитындағы Токио шығанағының мүйісінде орналасқан қала. 13 миллионға жуық адам тұратын бұл астанада әр шаршы километр аумаққа 5750-ге жуық адамнан тура келеді екен. Токио – сонымен қатар

дүниежүзі елордалар арасындағы ең жоғарғы ішкі өнім шығаратын қала. Сондықтан болса керек қаладағы зат бағасы Орта Азия елдеріне қарағанда әлде қайда қымбат...

Сәуірдің 19-жұлдызы күні таңертең Токиодағы алғашқы кеңестегі сөзді медицина ғылымдарының докторы, Жапония емдеу орталықтары ассоциасының президенті Хиротоши Нишизава мырза бастады. Кеңеске Мемлекеттік медициналық сақтандыру компанияларының президенті, Жапон медициналық көмек сапасы жөніндегі бағдарлау департаментінің басшысы және Жапония денсаулық сақтау еңбек және әлеуметтік қамтамасыздандыру министрілігі, Жапония медициналық көмек сапасы жөніндегі ұйымдардың өкілдерімен қоса, барлық ауруханалардың бас дәрігерлері, ғалым, академиктер қатысты. Кеңесте халықаралық денсаулық сақтау саласындағы өзгерістер жайлы сөз қозғалды. Сонымен қатар жапон медицинасының қазіргі хал-ахуалы, жеке медициналық орындар мен мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің қарым-қатынасының ерекшеліктері тілге тиек етілді. Бүгінгі таңда 1 жасқа дейінгі сәбилердің шетінеуінің көбеюі әлем халықтарын алаңдатып отырған басты мәселеге. Өйткені экологиялық бұзылудың әсерінен және туыт кезіндегі асқинулардың салдарынан бір жасқа дейінгі нәрестелер жиі шетінейді. Соңғы кездері бұл жағдай Қазақстанда да назар аударар басты мәселенің біріне айналды. Жиналыста осы мәселелер бойынша жапон медицинасының атқарып жатқан істері таныстырылды. Ана құрсағында жатып-ақ жүрек және талма дерттеріне шалдығып туу Қазақстанда экологиялық апатты аймақтарда өмірге келген сәбилерде жиі кездеседі. Бұдан сырт бұл дерттерге тұқым қуалаушылық та – басты себеп. Атомдық жарылыстардың зардабын әбден тартқан жапон халқының атом реакциясының адам ағзасына кері әсерін жою жолындағы ғылыми жұмыстары айтарлықтай ілгерлеуге қол жеткізген. Атомдық жарылыстардың қасіретін қатар көрген қос елдің ғалымдары мен медицина мамандарының осындай орайлы сәтте пікір алмасып, өзара тәжірибе қабылдауы, әрине, орынды. Жалпы, адам денсаулығын қорғап, сау денелі орта қалыптастыруда бұл елдің атқарып жатқан әр қадамы көңіл қуантарлық. Бұл күнде жапон халқының өмір сүру орташа жас шамасы 75-ке жетіп, әлемнің алдыңғы қатарында тұр.

Келесі күні жапон елі денсаулық сақтау министрлігінің арнаулы

бастамашылығымен, техниканың ең соңғы жетістіктерін пайдалану арқылы салынып жатқан 30 қабаттық жаңа емхана мен «St.Luke`s International Hospital» медициналық зерттеу орталығының қызмет көрсету сапасымен таныстық. Мұнда қосымша Денсаулық сақтау жүйесіне арналған колледж жұмыс істейді. Бұл 13 қабаттық емдеу орталығының екі қабаты жердің астына орналасыпты. 250 дәрігер жылына 2500-ден аса наукас қабылдайды екен. Ал жаңадан салынып жатқан 30 қабаттық емхана, Токиода біз аралаған медициналық мекемелердің ішіндегі ең кереметі болды. Мұнда операциялық үстелдердің барлығы автоматты орналасқан. Мейірбикелердің орынына электр күші арқылы жұмыс атқаратын жәшіктер пайдаланылады екен. Бұл техника Жапонның басқа да ауруханаларында бұрын да қолданылыпты. Енді жаңа орталықта біртұтас пайдаланылуы керек. Мұндай озық техниканы пайдалану арқылы мейірбикелік жұмысқа кететін уақытты үнемдеп, осы арқылы адам күшін басқа мақсаттарда яғни зерттеу, ғылыми жұмыстармен айналысуға жұмсау көзделіпті.

Сәуірдің 21-жұлдызы түстен бұрын біз Жапон-Америка кос елдің бірігіп теңіз ортасына салдырған атақты «Tokyo Midtown Clinic» ауруханасын араладық. Аурухана директоры Накага мырзаның айтуынша, бұл емдеу орнының іргетасы ең алғаш 1908 жылы қаланған. 2007 жылы бір тұтас жөндеуден өтіп кемелдендірілген. Дүниежүзінің және жапон елінің ең жоғары техникасымен жабдықталған рак ауруын зерттеу және оның алдын алу орталығында күніне 1600 наукас қаралады екен. Бұл көрсеткішке қарап Токиода қатерлі ісік дертімен наукастанатын адамдардың тым көп екенін аңғаруға болады. XX ғасырдың басында Жапонияда рак дертімен ауыратындар көрсеткіші өте төмен болатын. Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін Жапонияда алғашқы рак ауруларын емдеу орталығы ашылды. 1963 жылдарға қарай жаңа ауруханалар, зерттеу институттары салына бастады. Жалпы, жапон халқы дүниежүзілік екінші соғыстан кейін ғана медицина саласын дамытуды қолға алды. Қазір Жапон медицинасы әлемнің алдыңғы қатарында тұр. Tokyo Midtown Clinic орталығында бізді ең таңғалдырғаны жапон халқының ұлттық дәстүрінен сыр шертетін көрме бұрыштарының болуы. Осы арқылы шетелден

келіп емделушілер жапон халқының ұлттық мәдениетімен де таныса алады. Орталықтағы тағы бір қызықты жағдай – мұнда ертегі айтушы адамдардың орналастырылуы. Олардың мұндағы басты міндеті – күйзеліске ұшыраған, өмірден түңілген науқастар үшін қызықты ертегілер, әдемі әңгімелер айтып беру. Сол арқылы емделушілердің көңіл-күйін көтеру, өмір сүруге деген ынтасын арттыру екен.

Бұл күні түстен кейін біз Токио қалалық «Kato Ladies Clinic» Жасанды ұрықтандыру орталығына бас сұқтық. Қазір Жапонияда жас отбасылардың ұрпақ сүю көрсеткіші тым төмендеп кеткен. Техникалық жабдықтардың көп қолданылуына байланысты ми-жүйке аурулары, асқазан-ішек рак аурулары, балалардың паралич болуы, табиғи қан жүйесі бұзылу, белсіздік аурулары белең алған. Осыған орай құрылған гендік емдеу орталығында жылына ұрпақ сүюге зәру 20 мың адам емделелсе, мұның 30 пайызы сәтті өнім береді екен. Бұл – жапон елі жеткен ең жақсы көрсеткіш. Себебі дамыған батыс елдерінде адамдарды жасанды ұрықтандыру емі тек 10-15 пайыз ғана сәттілікпен аяқталады...

Бұл елде мемлекеттік медициналық орталықтармен қатар, жеке емдеу орындары да айтарлықтай дамыған әрі оған барлық жағдай жасалған. Кәсіпкерлікпен айналысуға жапон азаматтары үшін мемлекет өсімсіз несие беріп отырғандықтан кез келген Жапондықтың кәсіпорынын барынша өркендетуге мүмкіндігі мол. Солардың бірі біз бас сұққан «Cameda» медициналық орталығы. Бұл орталықтың 350 жылдай тарихы бар екен. «Cameda» емдеу орталығы 1998 жылы Азиядағы «жылдың емдеу орталығы» атанса, 2000 жылы «ISO» сертификатын алып, 2009 жылы халықаралық стандартқа ие болған...

Мамандар мен конференция қонақтары бас қосқан бір реткі кеңесте мен Жапония медицина ғалымдарының тибеттік емге деген көзқарасын сұрадым. Олардың айтуынша тибеттік емге жапон халқының сұранысы күн сайын артып келеді. Сол себепті де білікті мамандар даярлау мақсатында Қытайға жыл сайын оқушы жіберіп тұрады екен. Жапондық дәрігерлер науқастардың тамыр соғысы мен ауру тарихына қарап диагноз қоюда Орталық Азия дәрігерлерінің біліктілігін мойындайды екен. Себебі қазір көптеген жапондық жас дәрігерлер, мамандар техникаға барынша иек артуы себепті науқастардың ауру тарихына, тамыр соғысына қарап нақты диагноз қоюдан мүлдем хабарыз қалған. Олар мұндай

диагноз айыру уақытты үнемдейтіндігін әрі анағұрлым ұтымды болатындығын, тек қана техникаға сенуден кей жағдайларда қателіктердің де болатындығын айтты. Олардың пайымдауынша, техника дәрігерлердің біліктілігін шектейді.

Жалпы, Жапониядағы сапарымыз өте сәтті аяқталды. 15 медициналық ғылыми зерттеу орындарынан тыс көптеген ауруханаларды аралап, ондағы мамандармен тәжірибе алмасып, өзара пікірлестік. Тіпті кей күндері 3-4 емдеу орталықтарын аралауға тура келді. Бұдан сырт Токиодағы ұлттық мәдени орындарды да аралап, жапон халқының бай салт-дәстүрімен таныстық. Жапондықтар – ұлттық рух пен мәдениетке өте мән беретін халық. Осыған қарап кез келген мемлекет экономика мен әлеуметтік жағдайды көтеруден тыс, өзге елдерге ұлттық құндылықтарымен де бағалы екенін білуге болады.

Сәуірдің 24-і күні токиолық әріптестермен қоштасып, Алматы бағытындағы ұшаққа отырдық.

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ

Алматы – Стамбул – Токио – Алматы

«Алматы ақшамы» газеті

САУ ДЕНЕЛІ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев шетелде жүрген қандас бауырларымызды Отанына оралту жөнінде бастама көтеріп, арнаулы бағдарлама қабылдаған болатын. Президентіміздің осы кемел саясатының арқасында атажұртқа ат басын бұрғандардың ұлы көшін бастап, алғаш жеткендердің бірі – Жасан Зекейұлы. Медицина саласындағы миллиардтар арасында кәсіби біліктілігімен көзге түсіп, Қытай Халық Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан «Жоғары білікті аға зерттеуші дәрігер» атағымен

марапатталған Жасан Зекейұлы – медициналық ғылым саласында зияткерлік құқық беретін екі патенттің иегері. Ол – дәрігер-хирург мамандығымен қоса, шығыстық емдеу өнерінің алтын жауһары саналатын тибеттік емдеу тәсілдерін де жетік меңгерген білікті маман.

Қытай үкіметі тарапынан ұсынылған пәтер мен атақтарға қарамастан, өмір жолын тәуелсіз Қазақ елінде жалғастыруды ойлаған Жасан ағамыз 90-жылдардың басында-ақ Қазақстанға ат басын бұрды. Бұл туралы ол: «Қазақ елінің егемендік алғаны туралы хабар бүкіл әлемге тарағаннан кейін менің жүрегіме ұлы арман ұялады. Ол – атажұртқа біржола қоныс аудару болатын. Өзім жетік меңгерген тибеттік емдеу тәсілі арқылы қаракөз қандастарымды емдесем деген арман көкейіме берік орнаған болатын. Себебі Қытайда жүз адам емдесем, соның біреуі ғана қазақ болар еді. Сондықтан да Отаныма деген махаббат пен кәсіби ынта мені Қытай топырағында бір минут та тұрғызбады»,– дейді ағынан жарылып.

Жәкең отбасының Қазақстанға қоныс аударуы жекешелендіру тұсындағы экономикалық қиын кезеңдерге тура келді. Сол тұстағы елдегі әлеуметтік жағдайдың қиындығы мен дәрігерлер жалақысының төмендігі жас ғалымның еліне деген терең ықыласына көлеңке түсіре алған жоқ. Қайта енді ғана тәй-тәй басып, қаз тұра бастаған тәуелсіз елдің медицина саласына өз үлесін қосуды азаматтық борышы санады. Қазақстанда тибеттік емдеу өнерін өркен жайдырып, тәуелсіз елдің сау денелі азаматтарын қалыптастыруға бар күшін салды.

Отандық медицинадағы қазактілді оқу құралдарының тапшылығы себепті орыс тілін біржыл оқып жақсы меңгерген Жасан ағамыз 1997 жылы С.Асфендияров атындағы ұлттық медицина университетінің емдеу-хирургия факультетінің аспирантурасына қабылданды. «Бұл күндер мен үшін қиындықсыз өткен жоқ»,– дейді ағамыз: «Ол кезде мен Қалқаман ықшамауданындағы №1 қалалық ауруханаға қарасты жатақхананың аядай бөлмесінде тұрдым. С.Асфендияров атындағы ұлттық медицина университеті мен біз тұрған жатақхананың арақашықтығы 7-8 шақырымдай болатын. Ал жатақхана мен Момышұлы, Маречек көшелерінің

қиылысындағы «Трамвай паркінің» арақашықтығы 4 шақырымдай еді. Күнделікті таңертең ерте тұрып, орталықтағы жүгері алқабын басып өтіп, «Трамвай паркіне» жету үшін осы аралықты жаяу жүріп өтетінмін. Қыста толарсақтан қар кешсем, жазда шалшық суға тобығымнан матырылып аяқ киімім бір құрғамайтын. Азғана шәкіртақымды отбасымыздағы күнделікті тұрмыстық қажетке жұмсаудан тыс, өзімнің басқа да оқу жабдықтарыма жеткізетінмін. Кей күндері үйімізде бір үзім нан да табылмай қалатын. Қара суға құр картошканы қайнатып ішкен күндеріміз де болды. Шетелден келген студенттер үшін орыстілді сабақтарды меңгеру оңай болған жоқ, үнемі кітапханаларда материалдар қарап, жалықпай ізденуің қажет. Кей кездері кешкі сағат 20:00-ден соң трамвай тоқтап қалатындықтан, Қалқамандағы жатақханама дейінгі 8 шақырым жолды жаяу жүретінмін. Ол кезде бүгінгідей сабылып жатқан автобустар да жоқ болатын. Ал азғана шәкіртақы такси ұстауға мүмкіндік бермейді. Бұл кейін келе мен үшін үйреншікті жағдайға айналып кетті. Үнемі жаяу жүруден маған ешқандай аяқ киім де шыдамай-ақ қойды»,– дейді Жасан ағамыз жылы жымыиып. «Менің мұны сендерге айтудағы себебім –жастарға тәрбие болсын деген ой. Әрқандай жетістіктерге жету, тынымсыз еңбек пен кәсібіңе деген терең махаббатты қажет етеді әрі сол жолдағы қиындықтарды жеңе білуің керек».

Бұл күнде «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығын құрып, Қазақстанда тибеттік емдеу өнерін ең алғаш қанат жайдырып, қазірге дейін бұқаралық ақпарат құралдарында 50-ге жуық ғылыми зерттеу еңбектерді жариялап үлгерген Жасан ағамыз Шығыс-тибет медицинасының докторы, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі атанып, табан ет, маңдай терімен тапқан адал еңбегінің жемісін жеп отыр.

Шығыс халықтарының емдеу өнерінің құпиясы саналатын тибеттік емдеу тәсілін Жасан Зекейұлы қазақ даласы үшін ешқандай жат емес дейді: «Біз тибеттік емдеу әдісін тек бір ұлттың немесе Қытайдың медицинасы деп қарамауымыз керек. Бұл – Шығыс халықтарына ортақ медицина. Мұндай емдеу жүйесінің қалыптасқанына 5000 жылдан асса да, бұған қазақ халқының

да өзіндік қосқан үлесі бар. Себебі Өтейбойдақ Тілеуқабыл бабамыздың атақты «Шипагерлік Баян» кітабындағы барлық емдеу шипашақтары (рецепт) тек шөппен емдеуді ғана көрсетеді. Ал тибет емі де табиғи өсімдіктердің емдік қасиетін пайдаланады. «Жалбызды жерде жан қалар», «ерменді жерде ер өлмес» деген мақалдарды халқымыз текке айтпаған. Ертеде қойшыларымыздың белі шойырылса, аяқ-қолы қақсаса таяғымен, тері ыдыстармен, қолдың ұшымен белгілі бір нүктелерді уқалап, ауруын жазып алатын болған, мұның барлығы да біздің халықтық ем мен тибет емінің өзара сабақтастығын көрсетеді».

Шынында да, кейбір ата-әжелеріміздің басы ауырса желкелерін, тізесі ауырса жіліншіктері мен табанын уқалатып, асқазаны ауырса жотасын ұрғызып жататыны бар. Бұдан ауру сезімін басатын арнаулы нүктелерді тауып, оған емдік уқалау жасайтын немесе ине арқылы әсер ететін Шығыс-тибет медицинасының ең басты емдеу ерекшелігін айқын көруге болады. Қазір әлем халықтары бүкілдей батыстық емдеу жүйесіне көшкенімен, көптеген дамыған елдер байырғы ұлттық емдеу өнерлерін ешқашан жоғалтқан емес. Мысалы, Қытай халқы тибет емін ғылыми айналысқа енгізіп, бір жүйеге келтірді. Арнаулы зерттеу орталықтарын құрып, республиканың жер-жерінен халықтық емдеу орындарын ашып отыр. Әрбір қытайлық жылына осындай орталықтардан екі рет ине емін қабылдап тұруды әдетке айналдырған. Алтын ине – жүйке-жүйені демалдыруда таптырмайтын құрал. Жақында Қытай халқы Олимпиада өткізді, барлық спортшылары жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Алтын медальдар алды, бірінші орындарда да солардың спортшылары басым болды. Мұның құпиясы тибеттік емді уақытында қолданып, оның қадір-қасиетін жете түсініп, дер кезінде жүйке-жүйелерін демалдырып, келесі сайысқа жаңа көңіл-күймен шыққандықтарында болса керек. Қазір Қытай елінің жан саны 2 миллиардқа жуықтап, әлемнің алдыңғы қатарында тұр. Олардың осындай демографиялық өсімге жетуінің сыры – адамның табиғи жан каналдарын ашып, ағзаны қуаттандыратын алтын иненің асыл қасиетін ұтымды пайдалана білуінде жатыр десек, артық айтқандық болмас. Себебі тибеттік емдік иненің ағзаға ешқандай кері әсері жоқ. Денеге қондырылған жерде ешқандай белгі де қалмайды. Бұл

инені көздің төңірегіне, бетке, құлақ нүктелеріне, жұтқыншақтағы әлсіз нүктелерге, тілдің астына, т.б. жерлерге қанша шаншысаңыз да ауырсынбайсыз. Адамның бойында 700-ге жуық жанды нүктелер бар. Осы нүктелер 12 жұп меридианды құрайды. Қазақша айтқанда, жан каналы. Ал жүйке тамырларының ұштары осы нүктелерге жалғасқан. Ине арқылы жүйке жүйелерін тітіркендіріп, қоздыру арқылы жұмыс істеуден қалған жасушаларды оятып, жан каналдарын ашуға болады. Осылайша аурудың толық жазылуына табиғи ем жасалынады. Иненің алтын ине аталуындағы тағы бір себебі оның осы емдік қасиетінде жатса керек.

Адам ағзасының өз мүмкіндігін пайдаланып жасалатын бұл емге зәру жандар өте көп. Еуропадан бастау алатын қазіргі емдеу саласы бойынша бір ауруыңды емдетсең, екінші ағзаңа зиян келіп жататын жағдайлар көптеп кезігеді. Ал Тибет медицинасында мұндай келеңсіздік жоқ. Бұл емнің басты ерекшелігі отасыз емдеу болғандықтан операция пышағын көтере алмайтын науқастар үшін пайдасы орасан зор. Сондықтан тибеттік емдеу әдісін жетік меңгерген қаракөз қандастарымыздың мүмкіндігін толық пайдаланып, бұл саланы Қазақстанда бір жүйеге келтіріп, арнаулы оқыту институттары мен колледждер ашып, шәкірттер жетілдіру біз үшін аса маңызды екені айқын. Себебі қаншама дәрігер мамандарымыз шетелден үйренген білімін кәдеге жарата алмай жүр. Ал тибеттік емдеу жүйесін жетік меңгерген отандастарымыздың қатары да аз емес. Алыс аймақтар мен облыстардан «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығына келіп емделуші науқастардың сұранысы да осыны көрсетіп отыр. Бұл туралы Жасан ағамыз:

«Егер ел ағаларынан көмек пен қолдау болып жатса, осы саладағы мамандар мен білікті дәрігерлердің басын қосып, Астана қаласынан не әр облыс орталықтарынан арнаулы тибеттік емдеу орындарын ашсақ па деген ой бар. Өйткені халық сұранысы осылай. Бірақ қысқа жіп күрмеуге келмей отыр. Шығыс-тибет медицинасы, соның ішінде ине терапиясы әлемде үлкен сұранысқа ие болғанымен, Қазақстанда әлі күнге кеңінен насихатталмай отыр. Мысалы, бізде емделіп, балаға зар болып жүрген қаншама ерлі-зайыптылар балалы болды. Сол арқылы отбасылары сақталып

қалды. Мемлекет отбасынан басталады ғой. Ал сау денелі ұрпақ – ұлт болашағы. Егер осыны ескерсек, денсаулық саласына барынша мән бергеніміз абзал. Біз ашқан шағын тибеттік емдеу орталықта күніне 30-40 адам емделуге кезекке тұрып қалады. Орталық құрылғаннан қазірге дейін 40000 науқас қабылдасақ, солардың ішіндегі әлеуметтік жағдайы төмен 5000-ға жуық адамға тегін ем арқылы көмек жасап отырмыз. Науқастар арасында қазіргі кезде емделуі қиын инсульттан кейінгі қол-аяқтың жансыздануы, беломыртқа жарығы (грыжа) сынды дерттерге шалдыққандарды да тибеттік тәсілдер арқылы өнімді емдедік. Осы дерттерге шалдыққан Батыстан келген көптеген науқастар менің алдымнан өтті. Әлемнің талай елінен дертіне шипа таппай келген олар бізде алған екі-үш курстық емнен соң түбегейлі жазылды. Бұл да тибеттік емге деген сұранысының, қажеттіліктің жыл сайын артып отырғандығын көрсетеді», – дейді.

Шынында да, орталыққа таңертең бас сұққан біз сәби нәрестелер мен қарт ата-әжелеріміздің тамырын ұстап, диагнозын айырып, ине қондырудан қолы босамаған Жәкенді түс ауғанға дейін күтуге мәжбүр болдық.

Халыққа көрсеткен осындай қайырымдылығы мен ерен еңбегі үшін ағамызға 2008 жылы «Алтын жүрек» сыйлығы беріліпті. Тіптен Еуропа асып, көршілес жатқан елдерден келіп емделушілердің де қатары молайған. Алыс-жақын шет мемлекеттерге ат-атағы бірдей тараған Жасан Зекейұлын өткен жылдың желтоқсан айында Вена қаласының Халықаралық Номинациялық Комитеті мен Халықаралық Вена университетінің ғалымдар кеңесінің шешімімен Австрияға шақырылып, алтын медаль, дипломмен марапатталып, Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағы беріліпті. ТМД-ның 15 республикасы мен Еуропаның 7 мемлекетінен арнайы өкілдер қатысқан марапаттау рәсімі атақты Палавичини сарайында өткен. Іргетасы 1782 жылы қаланған, әйгілі Моцарт, Бетховендердей ұлылардың ізі қалған бұл сарайда таза қазақ тілінде баяндама жасап қайтқанын айтып бір марқайып қалды Жәкен.

Дәрігердің ерен еңбегін отандастары ғана емес, шетелдік әріптестері де ерекше бағалапты. «Еңбектің де өнбегі бар» деген осы да. Ұлттық халықаралық кеңістіктегі саясат, экономика, ғылым-білім, мәдениет саласындағы еуропалық тәжірибе негізінде, әр саладағы дарындыларды таңдауды мақсат ететін,

«XXI ғасырдың көшбасшылары» атты бұл шараға қазақ даласынан Жасан Зекейұлындай жас ғалымның қатысып қайтуы шынында да қуанышты жағдай. Медицина саласының қыр-сырын жетік меңгеріп, адам бойындағы 700-ге жуық нүкте мен жан каналдарын дәп басып табатын, бүгінге дейін талай науқастың дертіне шипалы ем жасап, халықтың алғысына бөленіп жүрген Жәкеңнің дәрігерлік біліктілігін, қазақтың атақты ақыны Тұманбай Молдағалиев ағамыз:

«Жүретін жотасына тұз байланып,

Жүретін демі бітіп, ізбайланып.

Кемпірлер Жасан салған ине арқылы

Кетеді бір жетіде қызға айналып»,– деп жоғары бағаласа, дарынды ақын Жәркен Бөдешұлы:

«Тағдырдың түнергенде нала аспаны,

Саусағың тамырымнан адаспады.

Ұрланып ағзама кірген дертті,

Киелі алтын инең аластады.

Қардай боп ағарса да қара шашым,

Өнерлімін өлеңмен бал ашамын.

Ажалдан сескенбеймін, қорықпаймын да,

Өзіңдей бар болған соң арашашым!» – деп жырға қосады.

– Халықтың осыншама қолдауы мен марапатына ие болу Жасан Зекейұлындай ақ жарқын ағамыздың маңдайына жазылған бақ деп айтсақ, артық айтқандық болмас. «Өмірді қорғау» қайырымдылық қорын құрып, осы қор аясында Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Ақбастау ауылының тұрғыны, мүмкіндігі шектеулі ақын қыз Эльмира Омарбекованың кітабының шығуына ұйытқы болып, Алматыдағы Ғалымдар үйінде «Қара жолға да қарыздар болмаған қыз» атты шығармашылық кешін өткізіп берген ағамыз: «Бұл шара белгілі ақын Мұратқан Шоқанұлы мен кәсіпкер Қару Қасенұлы үшеуіміз құрған «Өмірді қорғау» қайырымдылық қорының аясында өтті. Қазір Эльмираның екінші кітабының шығуына да жәрдемдесіп жатырмыз. Биылғы күзде «Нұрлы көш» деген айдармен қаламгерлер арасында байқау да жарияладық. Мақсатымыз – тәуелсіздік алғалы бері Отанымызға оралған

қандастарымыз жайлы, олардың елге оралғаннан кейінгі көрген қиындықтары, тартқан тауқыметі, кәсібі, күнкөрісі мен тіршілігі жайлы нақты деректерге құрылған шынайы шығармаларды іріктеу еді. Сондай дүниелер арқылы кейіпкерімізді елге таныту, жұртпен қауыштыру болатын. Сол байқауда жүлде алған шығармаларды Жазушылар Одағының 75 жылдығына тұспа-тұс Әдебиетшілер үйінде «Жыр-жүректің жылуы» дейтін кеш өткізіп, белсенді авторларды марапаттадық. Мұның барлығы да – азаматтардың береке-бірлігі мен жомарттығының арқасында жүзеге асып жатқан жұмыстар. Мен медицина орталығымның әр бөлмесіне «Қазақтың түбіне жететін төрт кемшілік бар. Ол – рушылдық, жалқаулық, намыссыздық, күншілдік» деп жазып қойдым. Біз осылардан арылсақ қана нағыз бірлікке жетеміз. Ал бірлік болған жерде тірліктің де алға басатыны белгілі».

Өз кәсібінде зор жетістіктерге жетіп, медицина саласында еселі еңбек етіп келе жатқан ағамыздың халықтың мәдени, әдеби өміріне де барынша атсалысып, ел есінде қалар игілікті шаралардың ұйытқысы болуы қашанда елім деген ардақты азаматтардың ғана атқарар ісі екені анық.

Ел экономикасы дамып, барлық бағыттарда зор жетістіктерге қол жеткізген бүгінгі күнде медицина саласы да қарқынды дамып келеді. Елбасының «жүз мектеп, жүз аурухана» бағдарламасы аясында аудан, ауыл орталықтарынан жаңа емханалар ашылса, көптеген емдеу орындарының ғимараттары қайтадан жөндеуден өтіп, жаңа техникалармен, жас мамандармен толықты. Алайда адам жанын емдеп, мүмкіндігінше ажалға арашашы болатын бұл саланы бизнес көзіне айналдырып, жалған емдеу орталықтарын ашып жатқандардың қатарының күннен-күнге көбеюі халықты алаңдатпай қоймайды. Сау денелі ұрпақ өсіріп, ұлт болашағын кемелді етуге кері әсерін тигізер мұндай келеңсіздіктерге қаңтардың бірінші жұлдызынан бастап жүзеге аса бастаған бірыңғай ұлттық медициналық жүйеге енгізілген өзгерістің қандай әсері болатындығы төңірегінде ой қозғаған Жасан ағамыз: «Бұл дер кезінде қабылданған әрі бұрыннан қалыптасқан емдеу жүйесіне түбегейлі өзгеріс әкелетін реформа болды деп білемін. Бұл реформа емдеу орындарының арасында үлкен бәсекелестік тудырады. Бәсекелестік бар жерде қашанда даму мен іріктелу бар. Бұл кез келген адамның бизнес үшін

медициналық орталықтар ашуына мүмкіндік бермейді. Өйткені бәсекеге қабілетті болу үшін әрқандай емханалар білікті мамандар жасақтауы тиіс. Себебі бұдан соң емделуші емханаға емес, емхана емделушіге «жалынышты». Науқастар емделу үшін қай емханаға көп барса, сол емханаға мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы да мол болмақ. Мұндай жағдай сол емхананың техникалық жағынан кемелденуіне, мамандар қатарын барынша молайтуына мүмкіндік береді. Яғни бәсекелестік арқылы сапаға көшеміз. Сондықтан да бұл реформа біз үшін барынша қажет».

Құдайға шүкір, қазір Қазақстан әлемдік аренада саяси ұстанымы айқын, экономикасы тұрақты бірден-бір дамушы елге айналды. Еуропалық Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына да төрағалықты өз қолымызға алдық. Бұл да – елдегі халықтар арасындағы түсіністік пен береке-бірліктің арқасы. Тәуелсіздік алғаннан қазірге дейін қаншама қандас бауырларымыз атажұртқа ат басын бұрып, Қазақ елінің дамуына өз үлестерін қосты. Солардың қатарында Жасан Зекейұлындай білікті ғалым ағаларымыз да елге оралып, медицина саласына өз үлесін қосып, ел үшін еселі еңбек етіп келеді. Мұның барлығы да – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай дарынды, данышпан, көреген Елбасымыздың кемел саясатының арқасы. Сондықтан әрқашан Елбасымыз аман, еліміз тыныш, халқымыз берекелі, деніміз сау болсын деп тілейік, ағайын!

Мамырбек ТӨКЕШҰЛЫ

22.05.2010

«Ана тілі»

Елге танымал емші, Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі, профессор Жасан Зекейұлы жақында ғана Ресей Халықаралық шығармашылық академиясының академигі атанды. Туған халқының тәнінің саулығына ғана емес жанының саулығына алаңдап, азаматтық пікір айтып жүрген Жәкеңмен мемлекеттік тілдің қазіргі жайы туралы сұхбаттасқан едік.

Жасан Зекейұлы, «Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медициналық орталығының директоры:

ДЕННИҢ САУЛЫҒЫ ТІЛДІҢ САУЛЫҒЫНАН БАСТАЛАДЫ

Шығыс-Тибет шипагері – Жасан Зекейұлы

– Жәке, халқыңызға жасап жатқан еңбегіңіз үшін алып жатқан атақ-марапаттарыңыз құтты болсын! Сіз адам денсаулығы үшін күресіп жүрген жансыз. Жалпы, әрбір зиялы азаматты өзінің ана тілінің «денсаулығы» да алаңдатуға тиіс. Осы тұрғыдан тіліміздің қазіргі жайы туралы не айтасыз?

– Рахмет! Қазақстанда үш-ақ адам Ресей шығармашылық академиясының академигі атанғандығын ескерсек, бұл менің еңбегімнің жемісі деп ойлаймын. Мұндай атақ-марапаттар еліне адал қызмет атқарған әрбір азаматқа лайық. Ал сіз айтқан «Тіл саулығына» келсек, бұл мені әркез толғандырып жүрген, ұлттың, елдің ертеңі үшін маңызды мәселелердің бірі. Тіл мәселесін денсаулықтан бөле қарауға болмайды. Бұл пікірімді Жапонияға барғанда 90-ға келген медицина маманы да қостады. Жалпы, өмір заңдылығы бойынша өз тілімен сөйлеп, өз ұлтының табиғатында өмір сүрген яғни өз болмысынан ажырамаған адам көп жасайды... Әдетте, «жапон халқы көп жасайды» деп жар салып жатамыз. Оның сыры олардың тағамдарының қуатында ғана емес, тілінің өркениеттілігінде де жатыр. Мысалы, жақында ғана Жапонияға барғанымда ондағы әрбір мейрамхана немесе қонақ үй болсын бәрінде «ұлттық бұрыш» яғни ұлттың салт-дәстүрін паш ететін орталықтар бар екеніне куә болдым. Бір халықтың болмысын көріп көңіліңіз марқаяды. Ал оны күнде көріп жүрген жапон халқының өзі ұлттық құндылығынан қаншалықты қуат алады десеңізші!

– Сонда тілдің өзі денсаулыққа әсер ететін болғаны ғой...

– Әрине, ұзақ ғұмыр жасағысы келген адам, тарихтан өшіп кеткісі келмейтін ұлт әрқашанда өз болмысымен өмір сүргені дұрыс. Мысалы, көлігіңіз сынса, оған басқа машинаның доңғалағын салсаңыз немесе жасанды тіс салдырсаңыз олардың ғұмыры ұзаққа бармайды. Сондықтан өзге ұлттың тілінде сөйлеп, өзге мәдениеттің

жетегінде өмір сүру адам тұлғасының саламаттылығына әсер етері сөзсіз. Құдіретті Алла Тағала да бізді ұлт пен ұлысқа бекер бөлмесе керек...

– **Жалпы, қазақ тілінің қазіргі жайы көңіліңізден шыға ма?**

– Ешқандай алға басушылық жоқ деп ауызды қу шөппен сүртуге болмайды. Қазақ тілінің болашағы жарқын. Тек соны ұғынатын сана кемшін. Сізге мына мысалды айтайын: Бір жолы алдыма Қытайдан келгеніне ұзақ болмаған бір бауырым келді. Өзі білімді жігіт екен. Қазақ, ағылшын, қытай тілдерінде еркін сөйлейді. Сол жігіттің Алматыға алғаш келгендегі бір әңгімесі жаныма қатты батты. Бірде қызуы көтеріліп, ерекше ауырған соң түн ортасы болса да жедел жәрдем шақыртыпты. Келген дәрігер бір ауыз қазақ тілін білмейтін орыс ұлтының өкілі екен. Сонымен не айтатыны бар. Ауруын түсіндіре алмай әбден қиналыпты. Сондағы маған айтқаны ғой: «Аға, Қазақ елінде тұрып, орыс тілін білмегендіктен өліп қала жаздадым» дейді. Рас, тіл адамның ең басты қарым-қатынсы құралы. Мемлекеттік тіл деген ұғым осындайда керек. Әр мемлекетте бір ортақ тіл болмаса ол елдің халқы тіл табысып, бірлігін жарастыра алмайды. Ендеше, неге мемлекеттік тіл Қазақстан халқының ортақ тілі болмаса. Мемлекеттік тілді білмеу ол азаматтың өз мемлекетін сыйламауы деп ұғынған жөн. Мысалы, жоғарыда айтқан дәрігер науқасқа шұғыл көмек көрсете алмағаны үшін жазалануы тиіс. Өйткені, онда адамның өмірі таразыға түсіп тұр. Сондықтан Мемлекеттік тілді білуді әрбір қазақстандыққа міндеттеуіміз тиіс.

– **Онсыз да міндеттелді емес пе?**

– Жоқ. Құр сөзбен ештеңе шешілмейді. Мысалы, көлік жүргізушілерге қауіпсіздік белбеуін тағып жүру алғаш міндеттелгенде, «ол өзімнің ісім» деп кері тартушылар болды. Ал оның айыппұлдын көбейтіп, заңмен бекіткен соң ғана қауіпсіздік белбеуін тақпайтын жүргізушісі жоқ қазіргі күнге жеттік. Ендеше мемлекеттік тілді де міндеттеп қана қоймай, оның заңдық тұғырнамасын бекемдегеніміз жөн. Жалпы, қажеттілік болмаған жерде тіл дамымайды.

– **Ол қандай қажеттілік?**

– Мен алғаш Қазақстанға келгенде бір жыл орыс тілін үйренуіме тура келді. Өйткені, орыс тілін білмесем ғылыми жұмысымды қорғай алмайтын болдым. Материалдар да түгел дерлік орысша еді. Содан бері де 15 жыл өтіпті. Ғылым әлі де толыққанды қазақша сөйлей алмай келеді...

– **Оған не кедергі?**

– Бізде білімді ғалымдар, білікті басшылар бар. Ғылымды қазақ тілінде сөйлету үшін соларға жағдай жасауымыз керек. Қазіргі нарық заманында 20 000 теңге жалақы алатын ғылыми қызметкерден қандай жаңалық күтесіз? Ол отбасын асырай ма, ғылыммен айналыса ма? Әрине, отбасын асырайды. Әлемдік тәжірибеге сүйеніп айтарым, ғылым қазақ тілінде сөйлемей тіліміз ешқашан дамымайды. Мынау ғылым ғасыры, ғылым заманы. Сондықтан қазақ тіліндегі оқулықтардың жазылуын, ғылыми терминдердің жүйелі қалыптасуын мемлекет өз қолына алғаны жөн. Мысалы, Қытайда қазақ тілінде медициналық сауат беретін басылымдар көп. Онда халық емшілгі, шөп дәрілер, азықтықтардың қасиеті туралы мағлұматтар жетерлік. Яғни тіл халықтың қажетіне жарап тұр. Сондықтанда ондағы қазақ тілі әлі күнге өзге тілге бұйдасын ұстатпай келеді...

– **Медицина маманы ретінде өз тарапыңыздан тіліңіздің алға ілгерлеуіне қандай еңбек сіңірдіңіз?**

– Кейбір мекемелерде бір орынға жиып алып, қазақ тілін үйретіп жатады. Меніңше, тіл үйренуші тілді қоғамнан, өмірден, күнделікті тұрмыстан үйренуі қажет. Яғни қазақ еліндегі әр қазақ, әр мекеме қазақ тілінің қолданушысы болу керек. Менің ұстанымым осы. Яғни менің тарапымнан істеліп жатқан дүние – өз саламда қазақ тіліне қажеттілік тудыра білу. Мысалы, мен басшылық етіп отырған «Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медициналық орталығы келушілерге 100 пайыз қазақ тілінде қызмет көрсетеді. Тіркелу, диагноз қою, ауру тарихын жазу, емдеу жодарының барлығы тек қазақ тілінде жазылады. Өзім де алдыма келген әр науқасқа қазақ тілінде сөйлеймін. Тек түсінбей жатқандары болса ғана орыс тілін қолданамын. Бірақ, бәрібір менің қазақ тілді маман екендігімді көргеннен кейін олар өзі-ақ мүмкіндіктің барынша қазақ тілінде сөйлейді. Кейде сол түсінбей келгендер бізде ем алған 10 күннің

ішінде тәп-тәуір қазақша сөйлеп шығады. Өйткені біздегі қазақ тілді орта оны солай істеуге «мәжбүр» етіп отыр. Науқас жақсы ем алу үшін болса да қазақ тілінде сөйлеуге тырысады. Кейбіреуіне тіпті «қазақ тілін ұмытқан нүктелеріңізге ине қоямын» деп қалжыңдап қоямын.

Біз шығарып отырған «Жас-Ай» журналында «Дәрі шөптен шығады» деген айдар бар. Сондағы шөп атауларының барлығын біз тек қазақ тілінде беріп жүрміз. Өйткені сол шөп қажет болған адам оның қандай шөп екенін ізденіп, табатын болады. Ал біз керісінше тауып алуға қолайлы болсын деп ағылшынша немесе орысша атаумен берсек, онда біздің қазақ тілінің қадірі қайсы? Тіліміз қалай дамымақ? Емдеу барысында да, медициналық терминдерді науқасқа қарапайымдастырып жеткізуге тырысамын. Мысалы, алтын ине (иглотерапия), жан каналы (меридиан), ауытқитын нүктелер, ауытқымайтын нүктелер, ауру басатын нүктелер, асқазан түгінің қырылуы сияқты қазақтың жалпақ тілімен науқасқа түсініктірек етіп жеткізуді ойлаймын.

Жалпы, мемлекет бір ұлтты негіз етпей, баянды дамуға қол жеткізе алмайды. Сондықтан да, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың еліміздегі өзге ұлт өкілдерін қазақ халқының төңірегіне топтастыру идеясы барлық қазақстандықтардың «құбыланамасы» болуы тиіс.

Әңгімелескен Біләл ҚУАНЫШ

«БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ»

Алла кейбір адамдарға басқаларда жоқ бақ сыйлап, керемет қасиет дарытқан. Сол бойындағы асыл қасиетін ел игілігіне, халқының болашағына арнағандар ғана Отан алдындағы азаматтық бақытқа жетпек. Ақ халатты абзал жандар үшін қиналғандардың дертіне шипа, жанына дауа болғаннан асқан қуаныш жоқ шығар. Еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, шетте жүрген қандастарымыз атамекенге ат басын бұра бастады. Солардың арасында алдыңғы толқынмен қазақ топырағына табан тіреген, қоңыртөбел қарапайым тірлік кешкен бауырларымыз да, ерекше қарым-қабілетке иелері де болды. Солардың бірі – Қытайдан келген қандасымыз, Халықаралық инемен емдеу академиясының мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик Жасан Зекейұлы.

– Мен Қытай Халық Республикасының Тарбағатай аймағына қарасты Толы ауданында дүниеге келдім. Аудан халқының 80-90 пайызы қазақтар. Ондағы Майлы-Жайыр тауларындағы жайлауларда қаракөз қазақтарымыз әлі де көшпелі тірлік кешеді. Біздің аудан орталығынан көптеген ақын-жазушылар шыққандықтан жергілікті халық ондағы «Қарағай бастау» бұлағын киелі санайды. Сол бастаудың суын ішкендер ақын-жазушы болады деп ырымдайды. Міне, осындай қазақы ортада әрі Шығыс Түркістан тарихында атақты ақын-жазушылар шыққан киелі мекенде өмірге келдім. Бастауыштан ортаға дейін аудандық мектепте қазақ тілінде сабақ тыңдадық. Қосымша қытай тілінде де дәрістер жүріліп отырды. Себебі университетке қабылданған кезде барлық сабақтар қытай тілінде болды. Сондықтан университет қабырғасына барғанда қытай тілінен қиналмау үшін бұл сабақтың маңызы зор болатын.

Мен университетті үздік нәтижемен бітірдім. Университет бітіргеннен кейін аз уақыт ішінде Қытай коммунистік партиясына мүшелікке қабылдандым. Жақсы оқығанымның арқасында Іле

Қазақ автономиялы облысына қарайтын Күйтүн (шолпан қала) қаласындағы орталық емхананың көкірек-бас хирургия бөліміне жұмысқа орналастым. Бұл 1989 жылдар болатын. Сөйтіп, алғашқы еңбек жолым осы қалада басталды. Кейін жұмысымнан жоғары категория алып, Пекин қаласы мен Тяньжин қаласындағы жетекшілеріміздің шақыруымен екі жыл білім толықтырдым.

– Сізді Қазақстан халқы Шығыс-тибет медицинасын терең меңгерген бірден-бір маман ретінде біледі. Дәрігерлік мамандықты таңдауыңызға не себеп болғанын айта отырсаңыз?

– Шешемнің айтуына қарағанда, бала күнімізде ойнап жүріп, жанымдағы балалардың біреуі қолын қанатып не аяғын ауыртып алса, солардың емін өзім жасайды жасаппын. Қалай дейсіз ғой. Егер баланың қолынан қан тоқтамаса, жараның аузына құрғақ топырақ себеді екенмін. Өйткені құрғақ зат қан тоқтатады ғой. Бұған қарағанда адам емдеуге бала күнімнен бейім болсам керек...

Бала күнімде көптеген науқастар жазылып-ақ кететін аурулардың салдарынан көз жұмып жатса, ал кейбірі жазылмас дерттерге шалдығып жатады. Міне, осындай жағдайларды көргенде маған үлкен ой келетін. Ауру себепті мезгілсіз қаза болатын адамдардың өмірін сақтап қалатындай дәрігер болсам деген. Міне, осы ой менің медицинаға түбегейлі бет бұруыма әсер етті.

– Сіз классикалық медицинамен бірге Тибет медицинасын да қатар меңгерген дәрігерсіз. Сіздіңше, осы екі медицинаның бір-бірінен қандай айырмасы бар?

– Қытай медициналық оқу орындарының бір жақсысы, алты жыл бойы тибет медицинасының қыр-сырын қосымша үйретіп отырады. Қытайда медициналық оқу орындарын бітіріп жұмысқа тұрсаңыз, науқастарды емдеуде батыстық емдік тәсілдерді қолданудан тыс, тибеттік емдеу әдістерін де қолданатын жағдайлар кездеседі. Мысалы, миына қан құйылған адамды ешқашан хирургиялық жолмен емдей алмайсыз. Яғни батыстық ем бұл дертті дауалауға икемсіз. Ал кей адамдар инсульттан кейін бір аяқ, бір қолы жансызданып қалады. Осындай кезде тибеттік емдік тәсілдерге де жүгінуге тура келеді.

– Тибеттік ем – бағзыдан келе жатқан дәстүрлі медицина.

Осы саланы қазір ғылыми айналымға енгізіп, бір жүйеге келтіріп отырған Қытай елі ғана. Сіздіңше, жалпы, Шығыс медицинасы деп қаралатын бұл салаға біздің ата-бабаларымыздың қосқан қаншалықты үлесі бар?

– Меніңше, медицинадағы барлық жетістіктерді, бір ғана ұлттың бойына Еңбегіне балауға болмайды. Жалпы, шығыстық мемлекеттерге көптеген елдер кіреді. Сонау Түркі қағанатынан тартып, кейінгі хандық мемлекеттерімізге дейін, Орта Азиядағы бірқанша елдердегі рулар, тайпалар қазіргі шығыстық мемлекеттерді құрап отырған ұлыстар. Сондықтан бұл емдік тәсіл – осы халықтарға ортақ жүздеген ғасыр бойы қалыптасып, дамып келе жатқан медицина. Мысалы, бұрын бабаларымыз тізесі ауырса қойшының таяғымен тізесін ұрғызып, асқазаны ауырса жотасын уқалатып жазып алатын болған. Бұл да – тибеттік тәсілдегі нүктелік емдеудің халықтық қарапайым түрі. Мұны айтпағанда, Өтейбойдақ бабамыздың «Шипагерлік баян» кітабы бүкілдей шөптік емдерді баяндайды. Міне осы тұрғыдан қарағанда медицинаның бұл түріне біздің бабаларымыздың да қосқан үлесі өте зор.

– Дәрігер болу – екінің бірінің қолынан келмейтін күрделі мамандық. Өз жұмысыңызға ризасыз ба?

– Қазақта «кімде-кім ұлтын сүйсе, ол Отанын да қорғай алады» деген сөз бар. Мен бала күнімнен ұлтжанды болдым. Қытайда жүз адам емдесем, олардың арасында өз қаракөздерімізден бірнешеу ғана жүреді. Сондықтан жұмысымның бағытын қазақ еліне арнасам, олардың денсаулығын жақсартсам, халқымызда ауру аз болса деген арманда болдым. Тибеттік емдеу саласына зар болып отырғандарға көмегім тиіп қалар деген оймен тәуелсіздіктің алғашқы жылдары көшіп келіп, 12 м² жатақхананың аядай бөлмесін жалға алып, Қазақстанда алғаш өмір жолымды бастадым. Мен әрқашан қиыншылық болған жерде табыс болады деп ойлаймын. Қазір менің қолымнан жазылған адамдар менің ат-атағымды талай жерге жеткізіп жатыр. Бұл да еңбегімнің жанғаны шығар. Аллаһқа ризамын.

– Алтын иненің қандай қасиеті бар? Емдік иненің қырсыры жайлы айта кетсеңіз.

– Бұл инені Қытай халқы әлемдік стандарт бойынша жасап

жатыр. Иненің 80 пайызы күмістен, 10 пайызы тазартылмаған мыстан, 1/2 пайызына алтын жалатылып жасалады. Сондықтан халқымыз жеңіл түрде алтын ине атап кетті. Адамда ағзалар мен қан тамырлардан тыс жан каналдары болады. Бұл 12 жұп жан каналдары адам ағзасымен тығыз байланысты. Мысалы, бір науқастың бүйрегі төмендесе, біз бірден оның бүйрегін операция жасау арқылы орнына келтіруді көздемейміз. Қайта бүйректің сыртындағы осы ағзаға қатысты нүктелерге ине қойып, тосылып қалған жан каналдарын ашу арқылы ем жасаймыз. Яғни бұл табиғи биологиялық қуат көздерін ашу арқылы ағзаның әуелгі жұмысын қалпына келтіру. Міне, осындай ем жасау арқылы да бүйректі орнына келтіруге болады. Бұл емдік тәсіл ешқашан басқа организмдерге кері әсерін тигізбейді. Тибеттік емнің бір қолайлылығы – жұмыс істеп жүріп те қабылдай аласыз. Яғни азғана уақытыңызды шығарып, ине қабылдап, жүйке-жүйеңізді дем алдырып, жалғасты жұмысқа кіріссеңіз, тіпті де сергек, шабытпен араласасыз.

– Тибет медицинасын Қытай өзінің 5000 жылдық тарихы бар дәстүрлі медицинасына қосты. Сізге емдеудің бұл түрін қытайлар қалай үйретті?

– Қытайдағы жетекшім – 93-ке келген, 7 атасынан бері осы саланы зерттеген маман. Біз сол кісіден тәлім алдық. Дегенмен оқығаның бір төбе, өмірлік тәжірибең бір төбе ғой. Өз мамандығыңа деген ынта мен ізденіске қоса, кәсібіңе бейім қасиетіңіз қосылса, кім де болса медицинаның білгір маманы алады деп ойлаймын.

– Тибет медицинасы қандай ауруларға шипа бола алады?

– Бел омыртқа жарығы (грыжа). Бұл дертпен нуқастанғандар 90-100 пайыз жазылып жатыр. Сонымен қатар қан қысымы өнімді емдеуге болады. Науқастар ине терепиясын қабылдағаннан кейін денеде тұрып қалған биологиялық шлактар, жаман энергия көздері дейміз, соларды ашқаннан кейін, қан қысымы 180-200-ге дейін көтерілген науқастар болса да, табиғи түрде қан қысымы түседі. Ал кей жағдайда қоюланған қан көздерін арнаулы магниттік аспаптар арқылы сорғызып алып тастаймыз. Бұл бір рет қана алып тастаған қанның өзін үш-төрт ай дәрі ішіп түсіре алмайсыз. Соңғы кездері бізге әртүрлі аурулармен жастар көп келіп жатыр. Олар үнемі жұқа

киініп жүретіндіктен, аяғынан және басқа мүшелерінен оңай суық өтеді. Өткен бір жылдың ішінде бала сүюге зар болып жүрген көптеген жас отбасылар бізде өнімді емделу арқылы бала сүю бақытына ие болды. Әрине, ең бірінші Аллаһтың себебімен. Бұдан сырт бет қисаю, ұйқысыздық, ер адамдардың қуық безі қабынуы, түрлі асқазан аурулары, хондроз, желкүз, ревматизм, артрит сынды ауруларды ине терапиясы арқылы 90-100 пайыз емдеуге болады.

– Бұл емдік тәсілдердің бағасы қанша тұрады?

– Бізде баға ортақ белгіленген. Дегенмен зейнеткер қарттар, мүгедектер және өзге де әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көп жағдайларда тегін көмек жасадық. Егер кейбір науқастар біздің емге өте зәру болып, алайда жағдайлары келмей жатса, күйіміз келгенше көмек жасауға болады. Қазірге дейін он екі миллион теңгенің көлемінде, яғни екі жүз мың доллар ақшаға алты жүз сексен адамға тегін ем көрсеттік.

– Жасан аға, емдеудің бұл түрі медицинаға жақын ба, әлде тәуіпшілдікке жақын ба?

– Бұл емдік саланы тәуіпшілдікке жақын ба, әлде бір діни емдеу ме деп көп шатасамыз. Бұл – дәстүрлі медицина. Әлемдік медициналық заңға сәйкес құрылып, талай академиялық орындар ашылған, ғылыми диссертациялар қорғалған, ғылыми жүріліп жатқан медицина.

– Алтын инемен емдеу кез оқу арқылы келетін білім бе, әлде қанмен берілетін қасиет пе?

– Кез келген адамда өз мамандығына деген табиғи бейімділік, құлшыныс болу маңызды. Мысалы, бізге тамыр ұстауды үйретті. Менімен бірге талай студент оқыды, бірақ солардың көбі тамыр арқылы диагноз қоя білмейді. Меніңше дәрігерде табиғи сезімталдық болу керек. Сосын оқығаныңды шынайы өмірде жарата алатын болу маңызды. Тамыр соғудың сексеннен аса түрі бар. Солардың барлығын жаттап алуға болады. Ол үшін еш жері ауырмайтын адамның тамырын ерінбей ұстай беру арқылы үйренген дұрыс. Сонда ғана ауырмайтын адам мен ауырған адамдардың тамыр соғысының ұқсамайтындығын білесіз.

– Ата-бабаларыңызда бақсы, тәуіп болған кісілер болды ма?

– Біздің арғы аталарымызда Бек деген бақсы адам болған. Ол кісінің арқасы ұстаса шаңыраққа шығып кетеді екен. Қазір ғылымда адам бойындағы артық энергия дегенді дәлелдеп жатыр. Меніңше, бақсы адамдарда осы энергия болуы мүмкін. Сол емші Бек атамыздан «кейін бұл қасиет ұрпағыңызға тарала ма?» деп сұрағанда, «жоқ, бұл қасиет ұрпағыма таралмайды, себебі кейін адамдар миды көп істететін жұмыстармен айналысады. Сондықтан олардың бойында мұндай қасиет аз болады» десе керек. Сол аталарымыздың бойындағы артық энергия қазіргідей ақыл-ой еңбегімен сол тұста аз шұғылданатын болғандықтан табиғи түрде адамды қысатын болса керек. Бұл тек менің ойым ғана. Бек атамыз тағы бірде «бұл қасиет болашақ ұрпақтарымда кезігеді, алайда басқаша формада болуы мүмкін» депті.

– Сіз Қытайда тамыр ұстауды 7-8 жыл оқытады дедіңіз. Ал тамыр ұстау қазқ емшілерінде бағзыдан келе жатқан қасиет. Тіпті ары бармағанның өзінде күні кешеге дейін әр ауылда тамыр ұстайтын тәуіптер болған. Бірақ сол кісілер тамыр ұстауды ешқандай жоғары оқу орындарынан оқыған жоқ. Сонда бұл қасиет оларға қайдан келді деп ойлайсыз?

– Бұл – ата-бабаларымыздың алғырлығы. Олар тіпті астрономияны да жақсы білген. Жұлдыздардың қозғалыс жүйесіне қарап, әр маусымның ауа райы өзгерісін болжап отырған. Мұның барлығы – өмірлік тәжірибеден пайда болатын қасиет. Бұл ұрпақтарға қан арқылы, өмірлік тәжірибе арқылы таралғанымен дұрыс пайдалана алмаса, бәрібір ешқандай мәні жоқ. Қашанда оқып, жүйелі түрде үйренген біліммен алаңсыз жұмыс атқаруға болады әрі диагноз қоюда қателік аз кетеді. Әрқандай білімді оқып, өмірлік тәжірибемен ұштастыра білсеңіз ғана өзіңізге сеніміңіз мол болады.

– **Өмірде достарыңыз көп пе?**

– Достарым көп.

– **Әйелдерге қалай қарайсыз?**

– Қазақта «әйелінді апта сайын қамшыла» деген қалжың бар. Меніңше, әйелдердің өздеріне ерік беруге болмайды. Мысалы, дінімізде де бар, «үш күндік сапарға шықсаңыз, еріңізден сұраныңыз» деген. Ал үш күннен асса, харам болады екен.

Сондықтан әйел адамдар қашанда еркектерден кейін тұру керек. Сонда ғана отбасында сыйластық болады. Осындай ұстаным да болған әйелдер қызын да өзіндей етіп тәрбиелей алады деген сөз. «Шешесін көріп қызын ал!» деген мақал бар ғой халқымызда. Бұл, жалпы, ұлтымызға тән қасиет.

– **Сіздің байқауыңызша, Қазақстанда қандай ауру түрлері көп?**

– Мен қазір әр түрлі жаман дерттермен жастардың көп ауыратындығына аландаймын. Қазір адамдар бел омыртқа ауруларымен жиі ауырады. Себебі көп адамдардың жұмысы бір орында қозғалмай отыратын болғандықтан, омыртқааралық дискілердің коректенуі бұзылады. Қан айналысы нашарлайды. Сол арқылы белге түсетін қысым көбейеді. Ал біз көп айтатын грыжа – сол омыртқаралық сіңірлер. Бұл – инемен өте өнімді емделетін дерт.

– **Шәкірттеріңіз бар ма?**

– Біз қазірге дейін мүмкіндігімізге қарай 20-30 адам тәрбиеледік. Кезінде поликлиниканы басқарған Бибігүл Тұрсыналиева атты қарындасымыз бар. Ол қазір негізгі ине қоятын білікті дәрігерге айналды. Тағы Айгүл атты қарындасымыз бар, Серік деген туған ағам бар еді, ине терапиясына ол кісіні де үйреттік. Құдайға шүкір бізде жақсы шәкірттер жетіліп келеді.

– **Жеке отбасыңыз жайлы не айтасыз?**

– Елге келгенде кішкентай бір қызымызбен келдік. Әйелім Гүлия аспирантура оқып, білімін толықтырды. Қазір ол Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің педагогика ғылымдарының кандидаттығын, доценттігін алды. Осындай ауыр ғылыми жұмыстар қорғап жүріп, Отанға келгеннен кейін де үш бала сыйлады. Құдайға шүкір, балаларым өсіп жатыр, алды «физматтың» тоғызыншы класында оқиды. Бастауышта оқып жатқандары да бар, қалғаны балабақшада.

– **Бала тәрбиесіне қалай қарайсыз? Бос уақытыңызда балаларыңызбен сырласып, пікірлерін біліп отырасыз ба?**

– Отбасылық тәрбиеге өте көп мән берем. Жұмыстан келгесін бірден олардың қандай сабақтар тыңдағанын, қандай тапсырмалары бар екенін білем. Бос уақыттарында оқу үшін қазақтың тарихи

романдарын беріп қоям. Қанша уақытта оқып болса да, оқып болғаннан кейін одан алған әсерін, білгенін шай үстінде болса да маған әңгімелеп беруі керек. Бала тәрбиесі бүгінгі таңдағы ең өзекжарды мәселеге айналып отыр. Себебі балиғат жасына толмай көп балалар ерте бұзылып, қоғамның көлеңкелі жағына ауып кетеді. Сондықтан ата-аналар бала тәрбиесіне өте көңіл бөлгені жөн. Әсіресе оларға ұлттық тәрбие беру маңызды.

– Бүгінгі таңда жаныңызды мазалап жүрген мәселелер бар ма?

– Маған емделуге келген көп науқастар орысша сөйлеп келсе, емделіп болып кетерінде қазақша сөйлеп кетеді. Себебі мен өз ұлтымды және оның барлық салт-санасын, тілін сүйемін. Мұны білетін мейірбикелер науқастарға қалжыңдап «дәрігерге қазақша сөйлеп, қазақша амандассаңыз, ол сізге инесін жақсы қояды» деп қалжыңдап қоятын болса керек. Сондықтан маған келген науқастар барынша қазақша сөйлеуге тырысады. Меніңше, әр азамат өз жұмысында мемлекеттік тілді қолдану керек. Осылай істегенде ғана тіліміздің өрісін кеңіте аламыз. Жалпы айтқанда, бізде ұлтжандылық ақсап тұр, осы жақтан жетіспей жатқан әттеген-ай дейтін тұстарымыз көп.

– «Адамның ұяты – бетінде, адамгершілігі – ниетінде» демекші, өзінің перзенттік борышын халқына адал қызмет етіп өтеуді парыз санаған Жасан ағаның отансүйгіштігі, ұлтшылдығы – кез келген азаматқа үлгі боларлық. Қытай медицинасының ежелден келе жатқан құпиясы іспетті тамыр ұстап диагноз қою, ине шаншу, шөп дәрілер беру, шөп дәрілермен қыздыру сынды бірнеше емдеу түрлерін жетік меңгерген Жәкең емдеудің осы тәсілін өз елінің денсаулығын жақсартуға жұмсауды мақсат еткен абзал жанның арман-тілегіне, мақсат-мұратына жетуіне тілектеспіз.

Сау болыңыздар, ағайын.

Хабарды жүргізген Жандос ЖҰМАБЕК

ВЕНА ҚАЛАСЫНА САПАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

Шығыс-тибет медицинасы – шығыс халықтарына ортақ. Оның 5000 жылдық тарихы бар. Қытай елі осы саланы ғылыми айналымға енгізіп, бір жүйеге келтірді. Аталмыш медицинаны Қазақстанға алғаш жеткізгендердің бірі Халықаралық инемен емдеу академиясының мүшесі, профессор, академик, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының бас директоры Жасан Зекейұлы. Ол қазірге дейін осы бағытта үлкен рухани мәнге ие, сауапты жұмыстар атқарып келеді. Емдеудің ерекше түрімен халықтың ерекше ықыласына бөленіп келе жатқан білікті дәрігер Жасан Зекейұлының екі ғылыми медициналық патенті және қырыққа жуық еңбегі жарық көрді. Инемен емдеу саласының үздік маманы, зерттеуші ғалым Жасан Зекейұлына Қазақстан халқының денсаулық сақтау саласына қосқан өлшеусіз еңбегі үшін 2006 жылы «үздік дәрігер» атағы берілсе, 2007 жылы Денсаулық сақтау министрлігі «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен марапаттады. 2008 жылы «Алтын жүрек» иесі атанды.

Өмір кешіші, жарқырап бір жарқын жүріп,

Қарсы алсын әрдайымда халқың күліп.

Жүре бер аман-есен алға қарай,

Алтын ине салатын алтын жігіт, – деп Тұманбай Молдағалиев ағамыз айтпақшы, алтын инесі дертке шипа, жанға дауа болған Жасан Зекейұлына жақында Австрияның Вена қаласындағы Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілді. Осындай үлкен марапатпен оралған Жасан ағамызды әріптесіміз Жандос Жұмабек арнайы барып құттықтап, сұхбаттасып қайтты. Енді сол шағын сұхбатты бірге тыңдайық.

– Жасан аға, сізді жақында Еуропалық Бизнес ассамблеясы Номинациялық Комитетінің ұйымдастыруымен өткен «XXI ғасырдың көшбасшылары» атты үлкен шараға арнайы шақырып, Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілді. Жалпы, осы шараның ұйымдастырылуы жайлы айтып берсеңіз?

– Біз күтпеген шақырту алдық. Сол шақырту бойынша медицина саласынан Қазақстаннан менің қатысуымды сұрапты. Бұл шара желтоқсан айының 10-ынан бастап, 13-іне дейін жалғасты. 13-і күні ТМД-ның 15 республикасынан келген қонақтармен қоса Еуропаның 7 мемлекетінен келген арнаулы өкілдермен кешкі танысу қонақасы өтті. Сол қонақасыдан соң бес жұлдызды қонақүйде демалдық. Жалпы, 25 мемлекеттен шақырылған қонақтар болғасын 200 шамасында адам болды. Шараның екінші күнгі бағдарламасы бойынша, Палавичина сарайында Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағын беру және оны дипломмен марапаттау іс-шарасы өтті. Сол шараға барғандардың ішінде Қазақстаннан әртүрлі мамандық бойынша марапатталуға 3 профессор барыптық. Бұл – ұлттық әрі халықаралық кеңістіктегі мәдениет, бизнес, саясат және қоғамдық салалардағы таңдаулы адамдарды, арнаулы құрылған халықтық комиссия арқылы сараптап, марапаттау шарасы екен. Мен осы шараға Қазақстанның атынан, қазақ ұлтынан барып келгеніме өзімді бақытты санаймын. Еңбегіміздің халқаралық деңгейде бағаланғанына қуанамын.

– Жасан аға, Еуропа халқының осы үлкен атақты сізге беруі сіздің білгір маман екеніңізді бағалау ма, әлде Шығыс медицинасына деген ерекше құрметтерінің әсері ме, қалай ойлайсыз?

– Батыстық тәсілі бойынша емделуге келмейтін инсульттан кейінгі қол-аяқтың салдануы, сөйлей алмай қалу сынды дерттердің тибеттік ем арқылы жазылып кетуі бізге осы атақты алуға себін тигізген болса керек. Осы дерттермен ауырып, бізде емделіп жазылып қайтқандардың арасында жоғарыдағыдай халықтық комиссияның адамдары да болған болу керек. Себебі орталықта Ресейден және Еуропа елдерінен бірнеше науқастар емделіп, жақсы жазылған болатын. Сондықтан бұл – Еуропа елдерінің шығыстық емдік тәсілге назар аударып, оның ғылыми әсеріне көздері жеткендіктен қабылдаған шешімдері болса керек. Бұл да болса – Елбасымыздың орта бизнес адамдарына және денсаулық саласына деген оң саясатының арқасы. Біз соңғы 5-6 жылдың ішінде 40000-дай науқас қабылдасақ, солардың ішіндегі әлеуметтік жағдайы

төмен 5000-ға жуық науқастарға тегін ем жасадық, көмек көрсеттік. Бұл біздің ұжымның атынан және өзіміз құрған «Өмірді қорғау» қорының атынан атқарылды. Мен дәрігер ретінде адам емдеп қана қалған жоқпын. Оларға күйім келгенінше көмек қолымды сөздым. Мүмкіндігі шектеулі кейбір мүгедек балаларға және шығармашылық адамдардың шығармаларын ары қарай жалғастыруына қолұшымды беріп, мәдени-рухани салаға да өз үлесімді қостым. Сондықтан да батыстық ұйымдар еңбегімізді биік бағаласа керек.

Рахмет, Жасан аға, дертіне шипа, жанына дауа іздеп келген сан мың емделушілердің алғысына, халықтың ықыласына бөленіп жүре беріңіз. Еңбектеріңіз жана берсін!

**Қазақ радиосы
Тікелей эфир**

«ДЕНСАУЛЫҚ» ХАБАРЫ

Шығыс-тибет медицинасы. Ол қандай ауру түрлерін емдейді, өркениетті елдердің өзі не үшін алтын ине салдыруға құлықты болып отыр? Алтын иненің адамды аяғынан тік тұрғызатындай не құдіреті бар? Міне, біз осы сауалдарымызға жауап алу үшін бүгін студиямызға арнайы «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының директоры, медицина ғылымдарының докторы, адам ағзасындағы 700 нүкте мен 12 мүшенің тілін меңгерген Жасан Зекейұлын арнайы шақырып отырмыз.

Тыңдаушыларымызға айта кетейік, медицина саласының білікті маманы ретінде жуырда ғана Жасан Зекейұлы Вена қаласы Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағын алып келді. Атағыңыз құтты болсын Жасан аға, бұдан да биік белестерден көріне беріңіз!

– Жасан аға, алдымен алтын иненің өзіне түсінік бере кетсеңіз?

– Алтын иненің тарихын азғана уақыттың ішінде айтып шығу мүмкін емес. Шығыс елдерінде 5000 жыл бұрын пайда болғаны туралы деректер бар. Жалпы, Шығыс медицинасына біздің ата-бабаларымыздың да қосқан үлесі зор. Бұл бір ғана ұлттың немесе

бір ғана мемлекеттің қалыптастырған медицинасы емес, жалпы Шығыс елдерінің сан ғасырлық медициналық тәжірибесі негізінде ортақ қалыптасқан, халықтық медицина. Көне заманында бай-манаптар бұл инені әлеуметтік жағдайына қарай алтыннан жасатқан. Алтын иненің емдеу қағидасы – адамның табиғи қуат көздерін ашу арқылы денедегі арнаулы нүктелерге әсер беріп, организмдегі он екі мүшенің әрқайсы бөлігіндегі ауруларды сол нүктелер арқылы емдейді. Алтын иненің тағы бір қасиеті – дертті залалсыз емдейтіндігінде. Бір ауруыңызды емдетсеңіз, екінші бір ауру туғызбайды. Сондықтан да бұл емдеу тәсіліне әлем халықтарының сұранысы күн сайын артып келеді.

– **Жатыр миомасы, мастопатия сияқты дерттерді Тибет медицинасы бойынша емдеуге бола ма?**

– Біздің практикамыз негізінде және шығыстық үлкен медициналық университеттердің ғылыми еңбектерінде мастопатия мен миоманы емдеген көптеген деректер бар. Бұл дерт адам денесінде жүрмей қалған жан каналдарының (меридиан) әсерінен болады. Яғни әйел адамдардың бездік, гормондық қызметінің қалыпсыздығынан жиналып қалған тұнбалардың, тұздардың немесе сары сулардың жан каналдарын тосып қалуы.

Бұл дертті алтын иненің әсерімен жиналған тұнбаларды, тұздарды ыдыратып, жан каналдарын ашу арқылы отасыз емдеуге болады. Бұл – біздің тәжірибемізде 80-90 пайыз емделіп жатқан ауру.

– **Жасан бауырым, менің жеті жастағы немерем бар, сол немерем көп ауырады, қаладағы дәрігерлердың барлығына барып шаршадық. Жөтелі басылмады, «жұқпалы» деген диагноз алдық. Сол немеремді сізге көрсетсем деп едім.**

– Сіздің немереңіздің дертімен ауырған бір науқасты бүгін де қабылдап келіп отырмын. Адам көп науқастана бергендіктен оның ауруға деген қарсылық қуаты нашарлайды. Меніңше, бұл ауа райының өзгеруіне байланысты аллергия туғызып жатқан жағдай. Немереңізді тибеттік тәсілдермен емдеу арқылы ауруға деген қарсылық қуатын арттырып, аллергиясын тоқтатсақ, жазылып кетуі мүмкін.

Жүргізуші: Алтын ине қабылдауда арнаулы жас-шама белгіленген бе?

– Алтын инені қабылдаудың жасқа қарай ешқандай шектемелілігі жоқ. Черепное давлением (бас қысымы) ауырған

сәбилер егер жылап ұйықтай алмаса, төбесіндегі нервтерге алтын ине қондырылады. 3-4 күннен соң бала дертінен айығып, тыныш ұйықтап кетеді. Біз осындай тәжірибелерден өттік.

– Жасан мырза, менің атым – Абусағит Молдахметов. Мен сізде осыдан екі жыл бұрын емделгенмін. 90 пайыз псориазбен ауырып, сізден жазылып қайтқам. Жақында Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» атағын алыпсыз, соны құттықтағым келеді. Қолыңыз шипалы болып, алдыңызға келген науқастар жазыла берсін! Сідің дауысыңызды естіп, эфирге рахмет айтқалы шығып тұрмын. Бұрынғы дертімнен құлан-таза айыққаныммен қазір тізем сырқырап жүр. Сіздің алдыңызға барайын десем, науқастар тым көп болғандықтан кезекте тұрып қалам ба деп қорқам.

– Бізде қазір кезекке тұрмай болмайды. Себебі емнің әсерінің жақсы болғандығынан ба, әлде Аллаһтың шипасы ма, науқастардың жазылуы да, келуі де көп. Бір жағынан орынымыз да тар. Сондықтан шектеулі уақытқа қабылдап жатырмыз. Сіздің ауруыңыз буын дерті болғандықтан көктем кезінде қабылдайын. Өйткені көктем мен күз мезгілі қан тазаланатын уақыт болғандықтан сол кезде бізге келіп емделсеңіз, бір курстан соң жазылып кетесіз.

– «Жас-Ай» медициналық орталығында кау-диянь аппараты бар екен. Бұл аппарат басқа аппараттардан несімен ерекшеленетіндігін білгім келеді?

– Бұл аппарат – халықаралық стандартқа сай лицензиясы берілген аппарат.

Бұрын ата-бабаларымыз тасты (кірпіш) қыздырып, оның үстіне май орамал қойып, науқасты соның үстіне отырғызатын болған. Сол арқылы бел ауруларын, балалардың шертпесін, ішекке суық өтуді емдеген. Сол методиканың қазіргі ғылымиласқан үлгісі – біздегі кау-диянь жабдығы. Яғни электр тогының жылуы арқылы денені қыздыру. Бұл табиғи физо деп аталады, денеге электр тогының кері әсерін болғызбайды. Егер сіз бұл аппаратты басқа да медициналық орталықтан, не базарлардан көрсеңіз, сатып алып, қорықпай пайдалана беруіңізге болады.

– Тоғыз жастағы қызым бар еді. Сол үнемі аяқ-қолым қақсайды дейді әрі өте арық. Дәрумендерді үнемі беріп тұрсақта, ешқандай әсері болмай жатыр. Сізге апарсам емдей аласыз ба?

– Қызыңыз кішкентай күнінен бастап суық суды көп ішу арқылы ангинасын ауыртқан болуы мүмкін. Сондықтан жергілікті емханаларда тексерілген қан анализ нәтижесін көрген дұрыс. Ауруға қарсылық қуаты нашарлады ма, буын ауруын тудыратын клеткалардың микробы пайда болды ма, дұрыстап тексерген жөн. Бұған сәл қарауға болмайды. Егер қызыңыз қатты арықтаған болса, онда оның қуат көздерінің әлсірегені. Біз мұндай дерттерге табиғи жасалған жень-шень деген дәрі шөптерді береміз. Сосын басқа да тибеттік емдік тәсілдер арқылы ем жүргізіледі.

– Мен үш жыл бұрын туберкулезбен ауырған едім. Алтын иненің осы дертке шипасы бар ма?

– Сізді емдеген ауруханадан шыққаныңызда енді бұл дерт басқа адамдарға жұқпайды, қосымша ем қабылдауға болады деген қағаз беріледі. Сол қағазыңыз қолыңызда болса, бізге келіп, тибеттік емдер қабылдауға не басқа емханаларда жалғасты емделуіңізге болады.

Жүргізуші: Алтын инені сіздер қайдан аласыздар? Бір адамның денесіне қойылған инені екінші адамға пайдалануға бола ма?

– Қытайда Хуа-то деген ғұлама дәрігер болған. Сол Хуа тоның атында ашылған емдік ине өндіретін зауыт бар. Сол зауыттың өнімдерін пайдаланамыз. Өйткені олар халықаралық өлшемге сай, адамның денесіндегі нүктелердің орналасу жағдайына қарай иненің ұзын-қысқалығына дейін дұрыс жасап шығарады. Әр адамға қажетті инені жеке-жеке пробиркаға салып өндіреді. Әрі иненің сапасына да, тазалығына да кепілдік беріледі. Сондықтан бір адамға істетілген ине екінші адамға пайдаланылмайды.

– Жамбас сүйек пен ұршықтың өзгерістеріне (деформация) алтын ине қоюға бола ма? Мен сізге Алматыдан хабарласып тұр едім.

– Мұндай сүйек аурулары бар науқастар сөзсіз сүйек мамандарының қарауында болу керек. Егер өскен сүйектің көлемі үлкенірек болып, сіздің қимыл-әрекетіңізге әсер етіп жатқан болса, онда сөзсіз оны кескізіп тастауыңыз керек. Егер тек қана буынның қажалуы, буындар ара шеміршектің қалыңдауы болса, не сүйектің фосфорлығы азайған жағдайлар болса, онда бізге келіп емделсеңіз болады.

– Айналайын Жасан балам, менің отыздан асқан қызым

бар, бірақ ақыл-есі кем. Естуімше, бұл дерт жазылмайды дейді. Инетерапиясымен емдейтін бір дәрігерге апарғанымда күн ысығаннан кейін алып келіңіз деді. Менің білгім келетіні, осы дертке алтын ине арқылы ем жасауға бола ма?

– Мен балаңызды көрсеткен дәрігер нағыз ине маманы деп айта алмаймын. Өйткені мұндай нервтік ауруларды емдеуде ауа райы өзгерісінің қажеттілігі шамалы. Біз қызыңызға қаншалықты ертерек көмек жасасақ, оған соншалықы пайдалы болмақ. Жергілікті дәрігерлердің диагноз қағазы мен балаңыздың ауру тарихын бізге алып келіңіз. Біз бұл дерт тума пайда болған ба, әлде кейін пайда болған ба? Соны білуіміз керек. Егер ми клеткаларына оттегі жетіспейтін болса, не мидың қуат көздері нашарлаған болса, онда тибеттік емдеу тәсілдері арқылы көмек жасай аламыз.

– Ассалаумағалайқум, Жасан аға, менің жолдасымның үстіне жара шыға береді. Дәрігердің айтуынша, дәріден болған аллергия дейді. Сіздердің орталықта бұл дертке шипа жасалына ма? Егер ем жасасаңыздар, ақылы жасайсыздар ма?

– Жақында Президентіміз медицина жүйесіне енгізілетін реформаға қол қойды. Сол реформаның талабы бойынша сіз өз еркінізбен кез келген емханаларда емделуге құқылысыз. Жолдасыңызға химиялық дәрілердің жақпайтындығының бірден-бір себебі – нервтік әсерден. Демек, терінің ауруы нервпен байланысты деген сөз. Сондықтан бұл дертті тек алтын иненің көмегімен ғана емдеп жазуға болады.

Жүргізуші: Сіздердің орталықтарыңызда кімдерге тегін ем көрсетіледі?

– Біз ашқан «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығы шағын 15-тей ғана бөлмеден тұрады. Жақында «Өмірді қорғау» атты қайырымдылыққорқұрғанбыз. Мен сол қордың құрылтайшысымын. Қорға жиналған ақшаны біз тек коллективтің ортақ шешімімен ғана жұмсаймыз. Мысалы, орталықта ем қабылдауға мүдделі, тек біздің ем арқылы ғана жазыла алатын, бірақ бұған жағдайы жар бермейтін, ешқандай көмек қолын созатын туыс-туғандары жоқ, бірінші топтағы мүгедек болса, біз мұндай адамдарға тегін ем жасаймыз. Отан соғысының ардагеріне, көптеген мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттарына әрине, жеңілдіктер көп болады.

Сонымен қатар көп балалы отбасы, жетім балалар мен мүгедектер біздің емге зәру болса, өздері тіркелген ұйымның жолдамасына қарай мүмкіндігімізше тегін ем жасаймыз.

Жүргізуші: Осы мүмкіндіктеріңіз жылына неше адамды қабылдауға жетеді?

– Орталық құрылған алты жылға жуық уақытта 40 мыңға жуық науқас қабылдасак, соның 5 мыңға жуығына тегін ем жасаппыз. Соған қарағанда жылына 1000 адамға тегін ем арқылы көмектесе алуымыз мүмкін.

– Қатерлі ісіктен емшегін кескізген науқасқа ары қарай басқа да ауруларына ине қабылдауына бола ма?

– Сізге сол операцияны жасаған емхана басқа да ем қабылдауға рұқсат деген қағаз береді. Сол арқылы операция кезінде қабылдаған химиялық емдердің салмағына байланысты қуат көздеріңіз нашарлап, иммунитетіңіз төмендеген болса, қосымша қуат көздерін ашуға бізден келіп ем алуыңызға болады.

– Менің саусақтарым қисайғанына 8 жыл болды. Мұны тибеттік ем арқылы түзеуге бола ма?

– Біз «Жас-Ай» журналын шығарып жатырмыз. Журналдың 50 пайызы тегін таратылып отыр. Мұндағы мақсатымыз – халыққа медициналық сауат беру. Мысалы, көптеген ауруларды отбасында қазақы халықтық еммен-ақ емдеп жазып алуға болады. Осындай халықтық емдерді халқымызға насихаттауда біздің атқарып жатқан істеріміз көп.

Қол ешқашан өздігінен қисаймайды. Ол белгілі бір аурулардың себебінен болатын жағдай. Айталық, ревматизм, артрит, полиартрит сияқты дерттердің салдарынан қисайған болса, онда бұл ауруды емдеп тоқтатқаннан кейін қол өздігінен қалпына келуі мүмкін. Сондықтан сұрақты қойғанда аурудың нақтылы диагнозымен қойған дұрыс деп ойлаймын.

– Ассалаумағалайкум. Алдымен «Денсаулық» хабарына мың да бір рахмет. Әрдайым тындап тұрамыз. Бірақ осы хабарды тыңдаған сайын маған бір ой келеді. «Қазақта бірде-бір сау адам қалмаған ба?» деген. Себебі толассыз хабарласып жатқан адамдар өте көп. Барлығы да ауру. Қазақта бір аталы сөз бар: «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген.

Бізге ауырмайтын жол іздеуге болмай ма бізге?! Неге қазір аурудың түр-түрі қаптап кетті. Бұл азықтанудан ба, әлде киімнен бе, неден?!

– Сұрағыңыз өте орынды. Бұл – бір ұлт немесе бір мемлекеттің көлеміндегі ғана қиын мәселе емес. Бұл барлық әлем халықтарының басын ауыртып отырған ортақ әрі күрделі түйін. Ауруды ешкім тілеп алмайды. Бірақ адамдар ауырмайтын жол іздемейді. Жалпы, біздің халқымыздың жалқаулығы басым. Қазір медициналық журналдар көп. Радио-телеарналарда да, мерзімді басылымдарда да денсаулық туралы хабарлар көптеп беріліп жатады. Елбасымыз салауатты өмір салтын ұстану туралы арнаулы бағдарламаны бекер қабылдап отырған жоқ. Өкінішке орай, біздің халық осындай алдын ала берілген медициналық кеңестерге көп мән бермейді. Өзге ұлт өкілдері айтпақшы: «Қазақ тек өлімге бір күн қалғанда ғана емделеді» деп. Шынында да, осы жалқаулықтан айығатын кезге жеттік. Өйткені біз өркениетті елу елдің қатарына кіру үшін саналы, сау денелі болуымыз керек. Мысалы, шетелдерде ауырмаған адамды оқымысты, салауатты адам деп есептейді. Ал ауырған адамды мәдениетсіз деп қарайды. Сондықтан әрбір адам медициналық басылымдарды көптеп оқып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға тырысуы керек. Яғни ауруы асқынбай тұрып алдын алу маңызды. Көптеген өркениетті елдерде адамдар дәрігердің алдына денесінен жел шықпай қалса да келеді. «Менен бүгін жел шыққан жоқ, неге» деп дәрігердің басын ауыртады. Мұндай жағдайда оған бұл ауру емес деп айта алмайсыз. Өт жүрмей тұрма, болмаса асқазан қызметі бұзылды ма деген диагноз қойып, ол адамды емдейсіз. Ал біздің қазақтар сүйретіліп жүре алмай қалған кезде келеміз. Осындай қазақы жалқаулықтан құтылсақ, бізде дерт те аз болады деп ойлаймын.

Жүргізуші: «Оқымысты адамдар шетелдерде көп ауырмайды», – деп айтып жатырсыз. Өзіңіз медицина ғылымдарының докторысыз, академиксіз, ауырып қалған жағдайда қайда емделесіз?

– Дәрігерлер ауырмайды емес, ауырады. Себебі олар да еттен жаралған адам. Ең бастысы, әрқандай адам алдына үлкен мақсат қоя білген жөн. Өмір сүру дағдыңызды алдын ала жоспарлап,

рухыңызды осы идеяға бекітуіңіз керек. Кәсібіңізге деген махаббатыңыз болу тіпті маңызды, бұдан сырт төңірегіңіздегі адамдар сізді құрметтейтін болса құба-құп. «Қайғысыз қара суға семіреді» деген мақал бар ғой. Міне, осындай тамаша көңіл-күйде болсаңыз, сізде дерт те болмайды. Мен аптасына екі рет спорт залына барам, таңғы сағат 7-ден 8-ге дейін бір сағат уақыт жаяу жүріп, жүгіріп, денешынықтыру әрекеттерімен шұғылданам. Денедегі тұрып қалған тұнбаларды тазалату үшін арнаулы демалыс орындарына барып тұрам. Жалпы, адамдар өзінің табысының 3-4 пайызын денсаулығын күтуге жұмсап тұруы керек.

– Анамның қол-аяғы үнемі қақсайды бұған сіздер көмектесе аласыздар ма?

– Қазір адамдарда барлық мүмкіндік бар. Сіз өзіңіз тіркелген райондағы емханаларға барсаңыз, олар сіздің анаңыздың қан анализі арқылы ол кісінің аяғының неден қақсайтынын айтып береді. Егер олар диагнозын дұрыс айыра алмай жатса, бізге келсеңіз қантамырдың өзгерісі арқылы да диагноз қойып бере аламыз. Ол артрит пе, ревматизм бе, хондроз ба, әлден еттің жай сыздап ауруы ма, мұны білу үшін үлкен аппараттарға түсіп, шығындалмай-ақ білікті медицина мамандарына барсаңыз, диагнозды нақты айыруға болады. Сосын ары қарай қажетті емдер жасалады.

– Менің басымның сол жақ бөлігі мен аяқ-қолым қатты сырқырайды. Салдарынан беліме дейін ауырып жүре алмай қалатын кездерім болады. Кейде башпайларым тартып ауырғанда ішқұрылысыма дейін жалғасады. Қаладағы қаншама емханаларға тексерілдім. Бірақ нәтиже жоқ. Тіпті құлағым соңғы кездерде шулайтынды шығарды. Сізге көрінсем бе деген ойым бар?

– Адам ешқашан себепсіз ауырмайды. Адамның бойындағы 700 нүктені жалғастырып тұрған 12 жұп меридиан (жан каналы) болады. Осы каналдарда тұз пайда болғанда ауру сезімін туғызады. Яғни сол жердегі нерв клеткаларыңыз жұмыс істемеді деген сөз. Денеңіздегі бұл шаншуды инемен, дәрілік шөптермен емдеуге әбден болады.

– Қызым псориаз дертімен ауыратын еді. Бұл 4-5 жылда бір қайталанып тұрады. Алматыдағы дерматолог Ормантаеваға

және қытай мамандарға да көрінді. Сонда да дерті 4-5 жылда қайталап шығып жүр. Осы дертке сізден шипа таба аламыз ба?

– Бізге келген бір қарт науқас сіздің қызыңыз ауырған дертпен ауырған болатын. Біз ине терапиясы арқылы ол кісінің ауруға қарсылық қуатын күшейтіп, денесінде қалып қалған көне шлактарды тазалап, тері клеткаларын қайта қалпына келтіріп жандандырғаннан кейін 60-тан асқан кісі жүз пайыз жазылып кетті. Сіз қайда барып емделсеңіз де, емделген дәрігеріңіз қандай ұлт болмасын ол өз ісінің білгірі, маманы болу керек. Бізде бір жаман әдет бар, Тибет медицинасы десе болды, Қытайға сеніп қаламыз. Сондықтан әрқашан дәрігердің ұлтына қарамаған жөн. Қайта ол қандай маман, қандай ауруларды емдеп жаза алды, соны білген дұрыс. Бұлай жүре берсеңіз, уақытыңыз кетеді әрі баланың жасы өскен сайын емдеу де қиындайды. Сондықтан сіз үшін ертерек дәрігердің көмегіне жүгіну маңызды.

– Мен аллергиямен ауырам. Аллергия мұрнымда болғандықтан үнемі түшкіре беремін. Бұл шілде айынан қарашаға дейін жалғасады. Осы дертіме сіздерден ем іздегім келеді.

– Аллергияға Шығыс медицинасымен қоса, қазақтың дәстүрлі халықтық емі де өте жақсы көмектеседі. Ине салдырудан қорқатын науқастар үшін бұл дертке тибеттік нүктелі уқалау да жақсы шипа. Адамның мұрнының ұшында түрлі химиялық шаң-тозандарды, газдарды қабылдатпай тұратын нерв клеткалары болады. Сол нерв клеткалары жұмыс істемей қалған кезде сізде түшкіру пайда бола бастайды. Тіпті кейбір адамдар көзінен жас сорғалап, кітапты да анық оқи алмай қалады. Бізде бұл дертпен 10-20 жыл ауырған талай науқастар жазылып жатыр. Сондықтан сізге де қолымыздан келген көмегімізді аямаймыз.

Жүргізуші: Сіздердің орталықтарыңыздың жанынан ашылған «Жас-Ай» журналын оқып, талай адамның бедеулік-тен жазылғанын білдік. Бұл сіздердің емдеу қызметтеріңіздің өте жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Жалпы, жүктілік кезінде алтын ине қабылдауға бола ма?

– Бізге қазір жүкті әйелдер жиі келіп жатыр. Астана қаласында тұратын бір азаматтың әйелі 2-3 ай кезінде түсік тастай беретін болғандықтан бала көтеруге шектеліпті. Бірақ ана болуды армандаған ол қарындасымыз қайталай құрсақ көтергеннен кейін бізге келді. Ол қарындасымызға түсік тастаудың алдында ине салдық. Қазір, Құдайға шүкір, бір сәбилі болып отыр. Міне, осы

сияқты қиын жағдай кезінде де ине салуға болады. Тіпті токсикозы өте ауыр болып тамақ іше алмай қалған жағдайларда токсикозын жеңілдетуге, бүйректің жұмысы нашарлап, әуелі түсік тастап жібереді-ау деген қауіпті жағдайларда да ине қойыла береді. Тибеттік алтын иненің адам ағзасына ешқандай кері әсері жоқ. Егер маман инені дұрыс қоя білсе, оның емдемейтін ауруы жоқ десе де болады.

– Менің інім биыл 4 жасқа шығады. Соңғы кездері сөйлегенде тілінде біраз кекеш пайда болып жүр. Асықпай сөйле десек, кішкене тұрып-тұрып барып бір-ақ айтады. Бұл дерт сіздерде емделе ме?

– Сенің інінің дертімен ұқсас науқастанып бізде қаралып жатқандар көп. Кейде кішкентай нәрестені төсектің шетіне, болмаса қатты заттарға ұрып алатын жағдайлар кездеседі, ал кей жағдайда баланың ыстығы 40 градусқа көтерілгендіктен тамырлар қысылып, қалдық қалып қалады. Сондықтан мидан келетін сигнал тілге жетпейді. Сол себепті де тұтықпа пайда болады. Мұндай дерттерге химиялық дәрілерді көп бергеннен гөрі, тибеттік табиғи емдерді көп пайдаланса көмегі жақсы болуы мүмкін. Дегенмен де барлығы бір Алланың қолында ғой. Біз қолымыздан келген көмегімізді аямаймыз.

– Маған дәрігерлер жүрек қантамыры тарылған деген диагноз қойған болатын. Қазір күшті тамақты көтере алмаймын. Тамақтан соң жүрегім қолқама қарай соға береді. Осы дертіме сіздерден көмек сұраймын.

– Жүректің соғуы адамның жас шамасына қарай әр түрлі болады. Жүрегіңіздің қан тамырларын аштыруға стент қоюға келіп жаса, соны қойдырып алғаныңыз дұрыс. Осылай істегенде жүрек ағзаңызды қанмен қалыпты қамтамасыз етуі мүмкін. Ал жүрегіңізге стент қойдыруға шамаңыз келмесе, онда тибеттік ем қабылдап, жүректің кейбір нүктелеріне ине салдыру арқылы жүрек қолқа тамырларын кеңіту, оның қан айналысын жақсартып, қалпына келтіруге тырысқаныңыз жөн.

Жүргізуші: Рахмет. Алтын иненің, Шығыс медицинасының біраз сырын ашып, пайдалы қырларын таныта білдіңіз. Алла амандығын берсін, денсаулығыңыз мықты болсын!

Жүргізуші журналист Гүлбану АЛПАМЫСҚЫЗЫ

– Ассалаумағалайкум, Жасан аға, киелі қарашаңырақ Қазақ радиосына хош келдіңіз. «Жақсыны көрмек үшін» дейді халқымыз, халық игілігіне арналған «Жас-Ай» атты журнал шығарып жатырсыздар. Бұл журнал басқа басылымдардан несімен ерекше, осы туралы айта кетсеңіз?

– Медициналық сала – үнемі халыққа көмек қолын созатын сала. Біз орталық құрғаннан қазірге дейін көптеген науқастарға көмек қолымызды созып, тегін ем жасадық. Соның арқасында халықаралық және мемлекеттік үлкен марапаттаулар алып жатырмыз. Бірақ Қазақстанда салауатты өмір салтын насихаттайтын басылымдар жоқтың қасы. Мысалы, ауырмаудың жолын көрсететін, тіпті ауырған жағдайда да кейбір кішігірім дерттерді отбасында қалай емдеуге боатындығын, жағдайы қиын науқастарға дәрігерлер жеткенше қалай көмек жасауға болатындығы туралы ақыл-кеңес беріп, жол сілтейтін медициналық басылымдар жоқтың қасы. Ал бұл салада жемісті қызмет атқару – халықтың көзін ашатын, тарихқа қалатын игі іс. Ұлтқа деген нағыз көмек. Мысалы, бір жарым миллион жан саны бар Қытайдағы қазақтарда медициналық басылымның өзінен төрт-бес журнал бар. Барлығы қазақ тілінде шығады. Ал Қазақстанда тек қазақ тілінде «Денсаулық» атты журнал ғана шығады, қалғандары өзге ұлт тілінде.

Елбасымыз салауатты өмір салтын ұстану туралы көп айтып жүр. Сондықтан біз мұндай игі бастамаға өз үлесімізді қосу үшін осы бағытта журнал шығаруды қолға алдық. Қазірдің өзінде журналымыздың таралымы 4000 нан асып қалды, облыстардан жазылатындар да көп. Себебі ағзаға залалсыз ем жасайтын тибеттік емдеуге халықтың сұранысы артып отыр. Журналымыз небәрі 42 беттен ғана тұрса да, тақырыптары әр алуан әрі мағыналы. Журналда ауруларды емдеу жолдарымен қоса, пайда болу себептері, дерттен сақтану жолдары да көрсетіледі. Мұның сыртында халықтық емдеу саласынан да көптеген мәнді мағлұматтар береміз, өсімдіктердің, азықтықтардың емдік қасиеті туралы да айтылады.

– Журналда өзіңіздің әріптестеріңіздің еңбектері және профессорлардың ғылыми жұмыстары мен мақалалары жариялана ма?

– Тибеттік емдеу саласына қазақ халқының қосқан үлесі де

көп деген идеяны әр реткі сұхбаттарымда, ғылыми еңбектерімде жазып жүрмін. Міне, осындай ойларды дәлелдеу үшін басқа да автор, маман ағаларымыздың еңбектері жарияланады. Шығыс-тибет медицинасы мен қазақ медицинасын ұштастырып жазып жүрген Зиядан Қожалымов деген қажы ағамыздың бастамасымен көптеген игі жұмыстар атқарылып жатыр. Сол ағаларымыздың ғылыми еңбектері жарияланады. Тибеттік емдеу саласында жақсы жетістіктерге жетіп, халыққа көмек қолын соза білген дәрігерлердің де еңбегі жарияланады. Сондықтан бұл ешқандай жеке орынның, жеке адамның мүддесі төңірегіндегі басылым емес.

– Журнал қазір қай облыстарға көп тарайды?

– Қазір Астана қаласына көп жіберіліп жатыр. Журнал енді ғана жарық көріп жатқандықтан болашақта Қазпошта арқылы министрліктің рұқсатнамасымен республиканың жер-жеріне таралатын болады. Журнал шығару әсіресе медициналық бағытта журнал шығару оңай жұмыс емес. Себебі басылымның атқарар жүгі ауыр. Сондықтан оның санынан гөрі сапасының жақсы болуы – басты шарт. Ондағы жазылып жатқан мақалалар – халықты үнемі мазалап жүрген, көкейіндегі түйіндер. Өйткені соңғы кездері кез келген аурулармен ауыратындардың жас мөлшері тым жасарып барады. Мысалы, машинада ұзақ жүргізудің және кеңседе үнемі отырып жұмыс істеудің салдарынан бел омыртқа жарығы (грыжа) дерті етек алып тұр. Осындай аурулардан қалай сақтану керек, оның тибеттік емдеу жолдары қалай, – мұның барлығы журналда анық әрі айқын жазылады.

Біз журнал арқылы халыққа көп кеңес беріп тұрамыз. Жас қыз-жігіттер үйленгеннен кейін көп уақыт бала көтере алмайды. Мұның себебі неде, олар қандай аурулармен ауырған? Осы сияқты көптеген аурулардан сақтану, алдын алу жолдары көрсетіліп, ақыл-кеңес беріледі. Құдайға шүкір, журнал қазірден бастап өзінің жақсы бағасын алып жатыр.

– Рахмет, аға, атқарып жатқан істеріңіз сәтті болсын!

– Ассалаумағалайкум, қадірменді көрермен! «МИР» телекомпаниясының эфирінде – «Көлденең сауал».

Хабардың жүргізушісі: Дәулетхан ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ

Қазақта «Дені саудың жаны сау» деген сөз бар. Жаны саудың қашанда өзіне де, өзгеге де мейірімдірек екені сөзсіз. Бүгінгі хабарымызда денсаулық жайлы, сол денсаулықтың сақталуына ықпал етіп жүрген ақ халатты абзал жандар жайлы әңгімелемекпіз. Студиямыздың қонағы – профессор, медицина ғылымдарының докторы, Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» Жасан Зекейұлы.

– Хош келіпсіз, Жасан аға, сіз бұл студияда бұған дейін де болғансыз, бүгін тағы шақырып отырмыз, енді әңгімеміз қайтсек ұлт саулығын ойлаймыз, қайтсек салауатты өмір салтын қалыптастырамыз, қайткенде халқымызға аурудың алдын алу жөнінде кеңес бере аламыз деген мәселе төңірегінде қозғасақ. Қазақтың медицинасын әлем медицинасының бір бөлшегі деп қарасақ, қазір біздегі медициналық орталықтар да озық, заманауи техникалық жабдықтармен қамтамасыз етіліп, ешқандай дамыған елдерден кем емес жағдайға жетті. Дегенмен кей жағдайларда диагнозын дұрыс қоймапты, соның кесірінен қиын жағдайларға тап болыпты деген әңгіме халық арасында көп айтылады. Сіздіңше, бұның себебі неде?

– Біз бұл мәселені тереңірек ойластыруымыз керек. 60-70-жылдары Қытай медицинасы Жапон елінің озық жабдықтарын үйіп-төгіп алып келіп, бірақ соны істететін арнаулы маман болмағандықтан барлығы да керексіз үйіндіге айналған жағдай болған. Сондықтан заманталабына сай медициналық жабдықтардың тілін білетін мамандарды жетілдіру де – кезек күттірмейтін іс. Біздің елдегі қазіргі басты мәселе – медициналық кадрлардың жетіспеушілігі. Яғни білікті мамандар аз. Меніңше науқастарға диагноз қойған кезде, дәрігерлер бар ықыласын аударып, оларды өз

тіке туыстарындай санап, жаны ашып, медициналық жабдықтардың көмегіне сүйенбей, кәсіби өміріндегі жиған тәжірибесі негізінде қоюға тырысса, мұндай қателіктер аз болады ғой деп ойлаймын. Адам денсаулығын емдеу жай шаруа емес. Медицина – дүниеде дамуы өте баяу әрі әлі зерттеліп болмаған қиын сала. Сондықтан адам өмірін қорғап, ажалға арашашы болып жүрген ақ халатты абзал жандар өздерінің мойнындағы жауапкершілікті әрқашан терең сезе білгені дұрыс. Сонда ғана сіз айтқан қателіктердің болуының алдын алуға болады.

– Науқас адам қашанда шыбын жанына медеу болуға ең алдымен Аллаһтан тілек тілесе, екінші ақ халатты абзал жандардан жанына шипа іздейді. Сіздіңше, осыншама жауапкершілігі мол салада жұмыс атқаратын дәрігерлер адам емдеуде қателесуге құқы бар ма?

– Өмірде қателеспейтін адам болмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы. Барлық саладағы мамандар қателеседі. Өйткені олар да адам. Ал дәрігерлік саладағы мамандар мұндай қателіктерді аз жасауға тырысуы керек. Себебі бұл адам өміріне қатысты. Жалпы, дәрігерлер қателеспеу керек. Егер қателесе онда ол біліксіз маман. Сондықтан бұл – жауапкершілігі ең ауыр сала. Қазір медицинасы дамып, әлемнің алдыңғы қатарлы елдеріне өте бастаған Қытайда ең озат, үздік оқыған студенттерді ғана медицина саласына қабылдайды. Бұл – сол баланың ата-анасы үшін үлкен мақтаныш. Қазақстанда керісінше озат оқыған студенттер бұл саладан гөрі басқа салаға баруға тырысады. Соңғы кездері тіптен медициналық оқу орындарына ақша арқылы түсу пайда болды. Меніңше, мұндай адамдардан жақсы дәрігер шығады деп ойлау қиын. Дәрігер боламын деп ойлайтын адамның бойында осы мамандыққа деген махаббат пен ынта болу керек. Кәсібіне бейім қасиеті болса тіпті жақсы.

Біз ондаған ғасыр бойы медицинасы дамыған елдерден тәжірибе қабылдап келеміз. Себебі олар әр салаға мамандар қабылдауда алдымен адамдардың психологиясына қарайды. Сол арқылы кадрлар жетілдіреді. Бұл әр адамның өз ісіне белсенділікпен, махаббатпен кірісуіне себеп болады. Сонда ғана адамдардың жалаң техникаға сүйенуі азаяды. Маған бір науқас

келді. Әр жолы іші ауырып, дәрігерге көрінгенде «түк етпейді, аз қызуың көтерілген», – деп дәрі беріп, укол салып жібере берген. Ол науқастың нақты диагнозы соқырішек болған. Уақыт өте келе соқыр ішек ішке жарылып кеткеннен кейін ғана оған соқырішек деген диагноз қойылған. Міне, бұл біздегі кейбір медициналық орталықтарда жұмыс істеп жүрген мамандардың білім деңгейінің өте төмен екендігін көрсетеді. Соқырішек болған кезде ең алғаш қан анализін тапсырғанда қан клеткасы жоғарылап шықпайды, құсу да кейбір адамдарда көбірек болмайды. Қашанда айналмалы іш ауру сол жақ мықынға келіп тіреледі. Бұл – соқырішектің ең басты белгісі. Ал жоғарыдағы дәрігерлер осындай да қарапайым сауатты біле алмаған. Соның кесірінен бұл науқас соқырішек ішке жарылғаннан кейін үш рет операция жасатқан. Спазм болып, ішектерінің барлығы жабысып қалған. Міне, бұл қасірет дәрігердің шала сауаттылығынан, қате қойылған диагноздан болған.

– Дәрігерлік мамандықты 6-7 жыл оқу керек. Бітіргеннен кейін жұмысқа жарамды маман болып қалыптасу үшін тағы біраз уақыт қажет. Сізше, дәрігерлерді жұмысқа қабылдауда қандай тәртіп болса деп ойлайсыз? Өз орталықтарыңызға қабылдаған дәрігерлерге қандай шарт қоясыз?

– Жақында медицина саласына жасалған реформа өте тамаша болды. Себебі енді ешқандай емдеу орталықтары таныс-тамыр арқылы маман қабылдамайды. Өйткені бұдан соң науқастар емханаға емес, керісінше емханалар науқастарға жалынышты. Халық қашанда өзіне шипалы ем жасаған, дертін жаза алған емдеу орындарына көп барғысы келеді. Ал сапалы ем жасау үшін емханаларға білікті маман қажет. Сондықтан науқастар қай емханаға көп барса, сол емханаға мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы да мол болмақ. Мұндай жағдай емханалар арасында бәсеке туғызады. Ал бәсеке бар жерде сапа да, іріктелу де болады. Әлемнің көптеген дамыған мемлекеттері осындай реформа арқылы медицина саласын сапаландырып отыр.

Мен медициналық орталығыма мамандар қабылдауда дипломының қызыл немесе көк екендігіне көп қарамаймын. Қайта студент болсын, жұмыс жасап жүрген маман болсын,

оның психологиясына қараймын. Мен бір жағынан психологпын. Алдыма келген адам шынайы дәрігерлікке бейімі бар ма, жоқ па? Соны білу мен үшін маңызды. Себебі Тибет емі біздің байырғы халықтың емімен тығыз ұштасып жатыр. Сондықтан бізге келген дәрігердің осы салада тәжірибесінің болуы басты шарт. Бұдан сырт мамандардың адамдық қасиетіне көп мән беремін. Ол алдына келген әрқандай науқасқа жаны ашып, оны емдеп жазбайынша тыным таппайтын болса, онда бұл дәрігерден мықты маман шығады деп ойлаймын. Ешқашан жеріне, руына қарап, болмаса таныс-біліс арқылы маман қабылдаған емеспін. Жалпы, дәрігер болу тума талантты да қажет етеді. Дәрігердің бойында табиғи биоэнергия болса тіпті жақсы. Елдегі экономикалық даму бізге көне техникаларымыздың орнын жаңа әлемнің озық техникаларымен алмастыруға мүмкіндік берді. Енді сол техникалардың тілін біліп, дұрыс пайдалана алатын білікті мамандар тәрбиелеу басты шарт етілуі керек.

– Кей жағдайларда озық аппараттармен қойылған диагноздан да қателік кетіп жатады. Сол себепті кейбір науқастар техникаға да сенбейді. Ал сіз тамыр ұстап диагноз айырады екенсіз, мұныңызға халық қаншалықты сенеді?

– Бізге келген науқастар сенсін, сенбесін алдымен оның науқас жағдайы тым қиын болып, шұғыл көмек керек болып жатса, сол күннен бастап емдеуді бастаймыз. 1-2 күн өткесін ауруы басылып, дертіне шипа тапқаннан кейін диагноздың дұрыс болғанына көзі жетеді. Ал тіпті сенбей жатқандарына қосымша диагностикалық орталықтарға жіберіп, аппараттар нәтижесімен, қан анализдерімен салыстырып көреміз. Егер сонда да науқас күмәнданатын болса, қайталап тексеріп, нақты диагноз қою – кез келген дәрігердің міндеті. Жақында бізге бір апа келді. Ол қаладағы мәлім бір ауруханадан «мида ісік бар» деген диагнозбен «70 жастағы кәрі кісі операцияға жарамайды» деп шығарылған. Біз сол апамыздың томография қағазын, қан анализін барлығын қарадық. Ал нақты диагноз айыруда тамыр соғысының өзгерісіне қарадық. Сол арқылы ол кісінің бір жақ ми қан тамырларында қан айналысының әлсіз екенін, қанда аздап үю бар екенін білдім. Диагноз қоюда тибет медицинасының құпия

рецептері болады, сол бойынша қарағанда ешқандай қатерлі ісіктің, өспенің болуы мүмкін емес болып тұрды. Сондықтан ол кісіге: «3-4 айдың алдында басыңызға аздап қан құйылған, тромбыңыз жарылғаннан кейін, қан жүрмегендіктен ол гематома болып қалады. Яғни тамырдан қан кеткендіктен қанның өзі өспе сияқты болып қатады. жарақаттың жиегі анық, рак өспесі сияқты кедір-бұдыр болып миға сіңіп тұрған жоқ екен» дедім. Біздің тәжірибеміздің болғандығынан болар, сол апамыздың өмірін сақтап қалдық. Ол кісіні онкологиялық институттың өзіне «гематома болу керек» деген диагнозбен қайталай тексеруге жібердік. Ақыры біздің диагноз дұрыс болды. Сол жердегі мамандар «сүйінші, сізде қатерлі ісік жоқ, гематома екенсіз»,– деген. Бұған шексіз қуанған апамыз «енді қайда барып емделем»,– деп сұрағанда, «бұл диагнозды сізге кім қойса, сол дәрігерге барып емделіңіз, болмаса сол кісімен ақылдасыңыз»,– деп маған қайта жіберіпті. Сосын біз қантамырлардағы ұйыған қанды тазалап, гематоманы ыдыратып, 1-2 ай емдеп едік, ақыры апамыз жазылып кетті. Егер апамыз бастапқы диагнозбен кетсе, мен рак екенмін деп рухани жақтан күйзеліп, жағдайы тіпті де нашарлай түсер еді. Бақытқа қарай Алланың қолдауымен диагнозын дұрыс тауып, ол кісіні өнімді емдей алдық.

– Онкологиялық аурулардан айығып кетуге қаншалықты мүмкіндік бар?

– Қанша ерте байқалса, сонша жақсы. Адамдар қашанда ауырмайтын жол іздеуі керек. Елбасымыздың салауатты өмір салтын үгіттеуінің себебі де осы. Әрқандай аурулардың бастапқы белгілері біліне салып емханаға келген дұрыс. Тіпті ауырмасаңыз да әр ай сайын денсаулық тексертіп тұрудың зияны жоқ. Шет елдерде денеден жел шықпай қалса да дәрігерге келеді. Менің денсаулығымда ақау болғандықтан менде жел шықпай жатыр дейді. Бұл кезде дәрігер амалсыз тексеруге мәжбүр болады. Тіпті кейбір Батыс елдерінде ауырған адамды мәдениетсіз деп қарайды екен. Яғни дені сау адам – салауатты өмір салтын ұстай білген, нағыз мәдениетті адам деген сөз. Біз көбінде ауруымызды әбден асқындырған соң дәрігерге келеміз. Айталық, басымыз ауырса елемей жүре береміз, бір күн ауырса да, екі күн ауырса да

елемейміз. Себебінің не екенін дәрігерден сұрап білгіміз келмейді. Мен мұнда бірден қымбат техникаларға түсіп, диагноз айырту керек деп отырған жоқпын. Қайта дәстүрлі өзіміздің халықтық ем арқылы осындай кішігірім науқастардың алдын алып отырса, үлкен дерттерге шалдығудың алдын алуға болады. Сондықтан адамдар өздеріне жауапкершілікпен қарауды үйренгені дұрыс.

– Бұрын тұмау деген дерт біреу ғана еді. Қазір тұмаудың да түрлері көбейіп кетті. Сіздіңше, бұл белгілі бір қараниет топтардың ақша табу үшін әдейі шығарып отырған ісі емес пе?

– Халықаралық ортақ тараған кейбір жұқпалы індеттер туралы тек бір ғана адамның не бір университеттің тұжырымын айту, меніңше, қате. Бұрынғы заманда адамдардың техника мен медициналық білімінің таяздығы себепті тұмаудың вирусын анықтай алмады. Адамдардың сол кезде вирус туралы білімі жоқ болғандықтан қазіргі біз айтып жүрген «құс тұмауы», «шошқа тұмауы» дегендердің вирусын анықтап айта алмай, жалпы тұмау деп қаралған шығар. Ал ел арасына тараған сөздерге сенсек, кейбір зертханаларда сынақ ретінде жасалған жұқпалы вирустар белгілі себептермен адамдар арасында тарап кеткендіктен, оны тежей алмай қалатын жағдай кездесетін болса керек. Сондықтан елімізде биологиялық саланы дамыту барынша алға ұсталып отыр. Бұл – құптарлық жағдай. Ал кей адамдар мұны қасақана ақша үшін жасалған оқиға деп қарайды. Жалпы, қалай айтсақ та осындай бөгде ниет, бөгде мақсаттағы оқиғалар үшін қаншама ақша кетіп жатыр. Сол ақшаларды жетім балаларға, мүгедек адамдарға жұмсаса, қандай жақсы болар еді.

– Вена халықаралық университетінің «құрметті профессоры» атағын алыпсыз. Ендігі әңгімені осы жайлы қозғасақ...

– Меніңше, кез келген адам, әсіресе ғылыммен, медицинамен айналысқан тұлғалар атақ алуға, болмаса соған жетуге ешқашан қызықпайды. Өйткені бұл салада тек атағың болып, білімің болмаса өмірдің өзі-ақ сені қатардан шығарып тастайтыны анық. Ғылымда да, адам емдеуде де атақ ешқашан ес қатқан емес. Жакында біз Австрия елінен ондағы Халықаралық Вена университетінің «Құрметті профессоры» атағын алу үшін келсін

деген электронды шақырту алдық. Бұл Вена Халықаралық университеті ғалымдар кеңесінің шешімі екен. Алғашында бұл тосын шақыртуға күмәнмен қарағанымыз жасырын емес. Ал бұл мәртебеге өзіміздің таза еңбегіміздің арқасында жеткенімізді кейін білдік. Себебі емделуі өте қиын болған көптеген ауыр халдегі нукастарды аяғынан тік тұрғыздық. Мысалы, инсульттан кейінгі қол-аяқтың салдануы, беломыртқа жарығы сияқты. Мұндай дерттермен бізде ел ішінен ғана емес, Ресейден, Германиядан да келіп емделді әрі жазылып қайтты. Бізге келіп емделушілердің арасында жоғарыда біз айтқан Австрия елінің Халықаралық Номинациялық Комитетінің адамдары болды ма, әлде шетелдің бұқаралық ақпарат құралдарын назардан тыс қалдырмай бақылап отыратын Батыс елдері Қазақстанның БАҚ-тары арқылы бізді таныды ма, медицина саласынан мені шақыртыпты. Еуропаның 7 мемлекеті мен ТМД-ның 15 республикасынан келген ғалымдардың арасындағы жас шамасы кішірегі Қазақстаннан барған екеуіміз ғана болдық. Бұл Еуропалық Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп отырған Қазақстанға әрі Н.Ә. Назарбаевтай көреген Елбасымызға Еуропа елінің көрсеткен құрметі деп білем. Сөйтіп, мені танымайтын Батыс елі менің еңбегімді таныпты.

– Жасан аға, Еуропаға барып келіңіз. Бұл кәрі құрлықтың медицинасы қазір дамып, әлемнің алдыңғы қатарында тұр. Қандай науқас болмасын, қалтасы көтере алса, Еуропаға барып емделгенді жөн көреді. Сіздіңше, Еуропа медицинасының қазіргі даму жағдайы қалай?

– Қазір қай ел болмасын әр салада мықты мамандар жетілдіру үшін шетелдерден оқытып жатыр. Соның арқасында медицина саласында бізде білікті мамандар жетіліп жатыр. Сондықтан Еуропа елдері медициналық техникалар жағынан озық тұрғанымен, мамандар жағынан бізден артық емес десем де болады. Себебі біздегі білікті мамандардың көбі – шетелдің жоғары оқу орындарын бітіріп әрі сол елдерде білім жетілдіргендер. Ал біздің елдегі жетіспейтін жақ – осы саладағы мамандарды ұйымдастырып, дұрыс пайдалану мен ғылымға мән беру. Біз ел саясатында алдымен экономиканы алдыға қойдық та, ғылымға көп мән бере алмадық.

Жоғарыда Еуропа елінің бізге беріп жатқан атағының өзі де біздің дәстүрлі халықтық еммен тығыз байланысып жатқан Тибет медицинасының ғылымилығын мойындағандығы. Сондықтан біз өзіміздің ата-бабамыздың қанымен келген халықтық ем болсын, Тибет медицинасы болсын – барлығын ғылыми жүйеге келтіріп, барынша дамытуға атсалысуымыз керек. Тек ғылыммен айналысқанда ғана әлемнің дамыған 50 елінің қатары түгіл, алдыңғы 5 еліне де қосыла аламыз. Себебі бізде табиғи байлық көп. Тек барлығын ғылыми түрде игере білу маңызды. Жастардың санасына кеденші болу, банк қызметкері болу деген идеядан гөрі ғылыммен айналыссам, сол арқылы жаңалықтар жаратсам дейтін идеяны берік орнату керек.

– Қытай елінде мынадай бір нақыл бар деп естиміз. Олар бұл сөзді Қазақстанға қаратып айтатын болса керек. «Қытайда халық көп, адам аз, Қазақстанда халық аз, адам көп», – деп. Бұлай деп олар білікті азаматтарды айтатын болса керек?

– Қазақстанда жай базарда отырғандардың өзі – кем дегенде институт бітіргендер. Яғни біздің жалпы мемлекеттік білім деңгейіміз өте жоғары. Бірақ біз қажетті мамандарды дұрыс пайдалана алмай жүрміз. Елімізде ғылым жақсы дамымағандықтан шетелдің техникаларын сатып аламыз, тіпті шетелден мамандар шақыртып жатамыз. Өз мүмкіндігімізді пайдалану бізде әлі жетіспей келеді. Сондықтан ғылыми орталықтарды көптеп ашып, ғылыми зерттеу орындарын дамытып, барлық жақтан өз өнімдерімізді пайдалануға ұмтылу керек. Біздегі бір жаман әдет – не болса да шетелдік тәжірибеге жүгінеміз, өзіміздің қолымыздан түк келмейтіндей қараймыз. Мысалы, мен Шығыстың емдеу тәсілдерінің құпиясы саналатын тибет емінің қыр-сырын жақсы меңгердім. Ал осы салаға мүдделі болып, Қытай асып оқығысы келіп жүрген қаншама жастарымыз бар. Соларды арнаулы тибеттік емдеуді үйрететін институт ашып неге оқытпасақ. Сондықтан білім беру саласына үлкен реформа жүргізсе деп ойлаймын.

– Жасан аға, 2010 жылдың табалдырығынан аттағалы тұрмыз. Келе жатқан Жаңа жылдан не күтесіз?

– Барыс жылы біз үшін өте құтты жыл болайын деп тұр.

Себебі Елбасымыздың төрағалық етуімен Қазақстан Еуропалық Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етеді. Бұл – біз үшін үлкен абырой. Үкімет басындағы адамдардан тартып, Отанымыздағы әр отбасыға дейін Елбасымыздың төңірегіне топталып, ел мойнына жүктелген асқақ та данқты міндетті абыроймен дұрыс атқаруға тырысу біз үшін басты мақсат болу керек. Сонда ғана біз Батыс елдерін қазақ халқы ежелден тарихы терең, салт-дәстүрге бай, ұлттық құндылықтары мол текті ел деп мойындатқыза аламыз. Сондықтан алдағы жылдан көп қуаныш күтуге болады. Бұл – халқымыз үшін аса мәртебелі қуаныш.

– Рахмет, Жасан аға, студияға келгеніңізге. Әрқашан деніңіз сау, алақаныңыз халыққа шипалы бола берсін!

– Рахмет. Халыққа жұмыс істей алудың өзі – біз үшін ең үлкен бақыт.

Қадірлі көрермендер, студиямыздың бүгінгі қонағы медицина ғылымдарының докторы, профессор, Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры» Жасан Зекейұлы мырза. Эфирде келесі кездескенше сау-саламатта болыңыздар.

ШАЛҚАР радиосы

«Ашық әңгіме» айдары

Арнамызда «Ашық әңгіме» айдарымен берілетін хабарымыз әр сейсенбі сайын «Денсаулық» тақырыбында әңгіме қозғайды. Бүгінгі хабарымыздың қонағы – Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі, медицина ғылымдарының докторы Жасан Зекейұлы.

Жасан Зекейұлы – Алматы қаласында орналасқан «Жас-Ай» атты Шығыс-тибет медициналық орталығының бас директоры. Орталықта қызмет ететін білікті мамандар қан қысымы, астма, бронхит, тері аурулары, бедеулік, қант диабеті, остеохондроз, асқазан аурулары, полиартрит, миома, сынды көптеген ауру

түрлеріне өнімді ем көрсетеді. Арнамыздың бүгінгі тақырыбы Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап, Жасан Зекейұлының есімімен қатар елімізге таныла бастаған Шығыс-тибет медицинасы жайында болмақ.

– Жасан Зекейұлы, Қазақстанда дәстүрлі медицинамен айналысатын халық емшілер көп. Десек те, Шығыс-тибет медицинасы жайында тыңдармандар толығырақ біле бермейді. Тибет емі медицинаның қай түрі, емдеу тәсілдері қалай? Диагнозды қалай айырсыздар? Осы жөнінде айтып берсеңіз.

– Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасы Қытай мен Қазақстан екі ел ынтымақтастығын жақсартуға барынша мән берді. Қытай жақтың келісімі арқылы онда тұратын қазақ азаматтарын отанына оралуға үндеді. Елбасымыздың осы игі саясатының арқасында әр сала бойынша көптеген мамандар Отанға оралып, оның дамуына, кемелденуіне өз үлесін қосуға мүмкіндік алды. Солардың қатарында мен де келдім. Қытайда кейбір медициналық университеттерде тибеттік емдерден сабақ қатар өтіледі. Жалпы, бұл медицинаның түп-төркіні Тибеттен келген. Кейін Қытай дамытып, қазіргі заман технологиясымен бірлестіріп, ғылыми жүйеге енгізді. Тибеттік ем өте ерте ғасырларда бастап, шығыс халықтарында кең қолданыста болғандықтан, бір тұтас шығыс емі аталды. Тибет емінің ұзақ жылдық тарихына қарап, әрі адам емдеудегі өнімділігіне қарап Еуропаның медицинамен тең дәрежеде қарауға болады. Мен осы медицинаға университетке оқуға түскен жылдан бастап ден қоя бастадым. Өйткені жақын таныстарымнан да, жақын дос-жарандарымнан да Шығыс медицинасын қажет ететін ауру түрлері көбейе бастады. Соларды емдеу үшін Қытайдағы жеті атасы, он атасынан ары қарай Шығыс медицинасымен шұғылданып келе жатқан ғұламаларға бару керек болды, олардың әр емі мен апарған науқастардың көңілінен шығып, дерттеріне шипа болды. Осыны көріп мен іс жүзінде хирург болсам да, сабақтан соңғы бос уақытымда Тибет медицинасын зерттедім. Жалпы, тибет емінде аурулардың диагнозы тамыр соғысын бақылау арқылы қойылады. Сосын ине салу, табиғи шөп дәрілер беру сынды емдік тәсілдер қолданылады.

– Тибет медицинасын көп адамдар буддистік дінмен байланысты деп ойлайтын көрінеді. Сіз бұған не дейсіз?

– Медицина – әлем халықтарына ортақ. Сондықтан әр дәрігер медицинаның тәртіптеріне қатаң бағынуы тиіс. Университет бітіріп, диплом алған кезде, серт береміз. Адам емдеуде ешқандай діндік ықпалға жол бермейміз деп. Біздің кәсібіміз адам құтқару болғандықтан, тіпті соғыс кезінде де қарсы жақтың адамдарын емдеуге міндеттіміз. Сондықтан осы салада жүрген мамандарға жоғардағдай күдікпен қарауға болмайды. Қазір кез келген адамның діндік көзқарасы айқын. Ненің дінге байланысты екенін, ненің дінге байланысы жоқ екенін жақсы біледі. Тибет емі – ғылыми түрде халықаралық деңгейде мойындалған, дәстүрлі медицина.

– «Жас-Ай» медицина орталығына мамандарды қалай қабылдайсыз?

– Мен бұрын қалалық № 12 ауруханада қызмет жасадым, ғылыми диссертациямды қорғап біткеннен кейін сонда бір кабинет ашып, жұмыс істедім. Кейін кәсібіме сұраныс көбейіп, орталық ашу қажеттілігі туды. Сосын 45 адамнан құралған «Жас-Ай» медицина орталығын аштық. Дәрігерлер мен медбикелер арасында осы медицина түріне қызығушылық танытқандарын іріктеп, қызметкерлер дайындадық. Қазір олар білікті мамандарға айналды.

– Қаладағы өзге медициналық мекемелермен байланыстарыңыз қалай?

– Сызғанов атындағы хирургия зерттеу орталығындағы Мұхтар ағамыздың жетекшілігімен университеттегі дәрігерлер, профессорлардың алдында операциядан кейінгі асқынулар жөніндегі кандидаттық диссертацияны қазақ тілінде қорғадым. Сол еңбектің арқасында көптеген мамандардың қолдауына ие болдым. Қазір сол орталықтар егер операциядан кейінгі жарасы асқынған аурулар болса жолдамамен бізге жіберіп тұрады. Мен қазіргі дейін Қалқамандағы №7 аурухана, қаладағы №12 ауруханадағы бұрынғы жетекшілерімнің жұмыстарына атсалысып, көмектесіп тұрам.

– Ине емінің қыр-сыры туралы айта кетсеңіз?

– Қытайда инемен емдеудің қыр-сыры туралы жазылған он екі томдық кітап бар. Кітаптың әр томы 500-600 беттен тұрады. Ертеде

аспан асты елінде цизу терапиясы дейтін ілім болған. Ине емі сол ілімнен өрбіп, бүгінге дейін жетіп, қазір ғылыми айналымға енді. Жалпы, ине емінің тарихы тым терең болғандықтан Қысқа уақыт көлемінде таныстырып шығу мүмкін емес. Бұл емнің ауруларды емдеуде ешқандай залалы жоқ болғандықтан, дамыған мемлекеттер де қолға алып, зерттеп жатыр. Мәселен, Германияда босанатын әйелдердің босану кезіндегі ауру сезімін жеңілдету мақсатында, инені пайдаланып жатқандарын көзімізбен көрдік.

Қалай айтсақта, кез келген адамның өз кәсібіне деген ынтасы, соға бейімділігі болу маңызды. Мәселен, Қытайда тибеттік мамандыққа ине салу әдісін жеті атасынан артық зерттеген адамдар тартылады. Оның себебі, гендік қасиет сыналады. Яғни дәрігер кітап жүзінде оқып-тоқығанын ғана жүзеге асырмай, тамыр басу арқылы диагнозды дәл қоятындай қасиеті болғаны жөн. Бұл тек оқудан ғана келмейтін қасиет. Өйткені медицина – өмірбақи ізденетін ғылым. Күн сайын, тіпті сағат сайын тәжірибеңді жетілдіріп отыруың керек.

– Қандай ауыр халдегі науқастарды емдей алдыңыз?

– Қызылорда қаласынан келген ағамызға өкпе ісігі деген диагноз қойылған екен. Ол кісінің өкпе бронхысынан қалған іріңнің қалтасы рентгеннен қарағанда, рак өсіндісіне ұқсаған көрінеді. Сол ағамыз бізге келгенде, тамыр соғысына қарап, компьютерге түскен қағазына қарап, «операцияға асықпаңыз бұл рак емес, сіздікі спайка болып, бронхыдан қалған қалдық. Ол тек беріштеніп қалған» дедік. Өйткені мен қағаздан қарағанымда жараның сырты қалыңдап тұрды. Аузымызға Алла салды ма, сол кісі бүкіл онкологиялық мекемелердің барлығын аралап шыққан екен, ондағылар да біздің айтқанымызды қайталапты. Әлгі ағамыз алғаш рак диагнозымен бізге келгенінде түрі қорқыныштан солғын тартып, ақ шүберектей қуарып кеткен болатын. Енді жадырап-ақ қалған екен. Біздің бір ауыз жылы сөзіміз демеу болған болуы керек, қажетті тексерудің бәрінен өтіп, ерінбей тексеріліпті. Сол кісі қазір құлан-таза айығып кетті.

– Соңғы кезде жас отбасылардың арасында бедеулік, бала көтере алмау өзекті мәселеге айналды. Сіздің орталықта бедеулік пен белсіздікке ем жасала ма?

– Бұл жастар арасындағы ең басты мәселелердің біріне айналды. Көп жастарымыз батыстық мәдениеттің әсеріне ілесіп, әдемі көріну үшін жұқа киінетін болды. Кей қарындастарымыз қыстың қақаған аязында шортик киіп, жұқа носкимен ғана жүреді. Міне осындай жұқа кинуден адамға суық өтеді. Ал суық тигізу көптеген аурудың туылуына себепшісі болады. Соңғы кездері осындай себептерге байланысты ер адамдарда простатит сынды жаман аурулармен ауыратындар көбейді. Жалпы, жаһандық мәдениеттің бізге кері ықпалы көп. Жасыратыны жоқ, қазір шетелден келіп жатқан дұрыс емес ақпараттардың әсерінен жастар жыныстық қатынасқа ерте түседі. Сол арқылы түрлі ауруларды жұқтырады әрі жүкті болып, ерте түсік тастатады. Бұның барлығы қыздарды ана болу қабілетінен айыратын басты себептер.

Бұдан сырт адамдардың азықтану дағдысы өзгерді. Дайын өнімдерді тұтыну, тіпті шетел асып келген жасанды азықтарды жеу дағдыға айналып кетті. Бұның барлығы да химиялық қоспа арқылы дайындалатындықтан мұндай азықтықтармен қоректенудің ағзаға кері әсері мол. Сондықтан ұлттық тағамдармен тамақтану пайдалы.

– Сәл сырқаттанып қалсаңыз немесе басыңыз ауырса, кімге барып емделесіз?

– Жер бетінде ауырмайтын пенде жоқ. Барлығы да ауырады. Сондықтан адамда қандай ауру болмасын, сол ауруды жеңемін деген идея болу керек. Мәселен, мен сәл тұмаурағып қалсам – бірден пайдалы дене әрекеттерімен шұғылданып терлеу арқылы сауығуға тырысам. Болмаса жақсы тынығып дем алу керек. Ал кей жағдайларда аздап сырқаттанып жатсақ орталықтағы дәрігерлерге қажетті нүктелеріме ине қойдыру арқылы емделем. Химиялық қосылыстары бар дәрілерден алыс жүргенді қалаймын.

– Әңгімеңізге рахмет!

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

**РИЯСЫЗ
АЛҒЫСТАР**

ЕЛГЕ БІЛІМДІ ДЕ БІЛІКТІ, ТЕКТІ ЕР ҚОСЫЛСА, ТЕНДЕСІ ЖОҚ ҚҰТ ҚОНАДЫ

(Қытайда туып, әке мұратын, ана парызын атажұртында өтеу үшін оралған жаны жайсаң Жасан Зекейұлы жайлы сыр)

«Денсаулық – зор байлық». «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» деп күні-түні жатса да, тұрса да бар ғұмырын зарлаумен өткізеді исі қазақ. Бәрі дұрыс. Ешқандай да қатесі жоқ.

Әлбетте, осынау айтулы үш байлық кез келген қазақтың жаны мен тәнінің тазалығына, жан-жақты сауаттылығына, салауаттылығына тікелей байланысты екенін түсіне береміз бе?

Әу баста, Ұлы Жаратушы өзінің әрбір пендесіне 120 жасқа жетерлік мол денсаулық берген екен. Бұл – шындық. Бірақ бұл күнде көп адам ауру, тіпті ананың жатырында жатқан бала да ауру. Неге? Кім кінәлі? Бұның шынайы сырын кім ашады?

Жалпы, кез келген қазақ қандай байлықты аңсаса да, оған қапысыз қол жеткізе білу үшін ең алдымен адам өз тағдырын өзі ұтқыр шеше білу керек. Ең бастысы, жан-жақты сауатты да білімді болып, өз денсаулығына қорған бола білу әрі не нәрсенің болса да алдын ала білу шарт. Сонда ғана адам аңсаған арманына қол жеткізе алады. Жасан мырзаның «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде!» деген ұлы қағиданы үнемі күнделікті басшылықта ұстануы осыдан. Бір мысал.

– Еврей аурудың алдын алу үшін күні бұрын ауруханада міндетті түрде бірнеше рет тексеріліп тұрады;

– Орыс сырқатынан айығу үшін ауруханаға барып, мұқият емделеді;

– Ал қазақ ауруханаға өлуге таяғанда барады. Сонда бұл қазақтың сүйегіне сіңген нендей қасиет? Бұндай аждабалы қасіретке түбегейлі құлаудың себеп-салдары қандай? Ешкім оған

үңіле де бермейді, оған бара да алмайды. Өйткені сауаттылық жоқ. Екіншіден, жауапсыздық. Үшіншіден, ортақ ұлттық мүдде үшін өмір сүре білу, ұл-қыздың болашақ бақыты үшін шын мәнінде адал бола білу, жанын қияр күйде қорған бола білу ұғымы қалыптаспаған.

Бұл – ұлы ата-бабаларымыздың әлемде теңдесі жоқ генофондық асылдығынан да, жеңімпаз қаһармандық құндылығынан да, өзге ұлт-ұлыстардан шоқтығы асқақ жасампаз талғампаздығынан да бүгінгі қазақтың көз жазып қалғандығының белгісі. Өйткені үш ғасыр, яғни үш жүз жыл бұрын қазақ генофондық тұрғыдан келгенде әлемде теңдесі жоқ жаратылыс иесі болғаны сөзсіз. Сонда бүгін қазақ не істеу керек?

«Демі бардың емі бар» демекші, кеудесінде жаны бар, бойында әлі бар, өмірге деген құштар шоғы бар қазақ жаппай құлшына емделу керек. «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар». Шипалы қолды, әрі ағартушы, әрі қамқоршыл Жасан Зекейұлының қасынан қазақ табыла білуі қажет. Біз бүгін Құдай бұйыртқан мол мүмкіндік пен озық өзгешеліктердің 10 пайызына да ие бола алмай отырмыз. Сол себепті, ең алдымен, қазақ пештің түбінен шығармай жоятын көрсоқырлық, надандық, енжарлық, бейқамдық, жауапсыздықтан тезірек түбегейлі арылуы қажет. «Дәрігер емдеуге міндетті» дейтін кесапатты құлдық психологиядан арылған жөн. Өзін ақылды санайтын кез келген адам өзін-өзі емдеу, аурудың алдын алу, сауаттану сияқты дәрігерлік дәрежеге қол жеткізе алса, ол адам әрі бай-қуатты, әрі бақытты болмақ. «Енжарды жанға санама, есекті малға санама» деуі осыдан.

Қалай дегенде де, қалауын тапса — қар жанады. Олай болса, дауасын тапса, шипасы дарыса жазылмайтын дерт те жоқ, емделмейтін індет те жоқ. Осы ретте адамның ағзасындағы 700 нүктенің сырын, 12 мүшенің тілін, адамның күллі организмі анатомиялық, физиологиялық, биологиялық біртұтастықта дамудың табиғи үрдістік ілімін, Қытай Шығыс-тибет медицинасының ұтқыр,

озық әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген білімді де білікті, жаны да, қолы да, сөзі де текті шипагер-дәрігер, Халықаралық инемен емдеу академиясының Құрметті мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының бас директоры, қажырлы, қайсар қайраткер Жасан Зекейұлының жан-жақты сауаттылығы, халыққа, әсіресе, қазаққа шынайы жанашырлығы жайлы әңгіме қозғай білудің өзі – ең үлкен ғанибет.

Су төгілмес жорғадай оның шешендік жылы сөзі, айдай жарқын келбеті, ұлттық құндылық жайлы озық ойы, қазақ халқының келешегіне қатысты өткір түйіні, қоғамдық құрылымға байланысты өзекті қорытындысы, мемлекеттік, елдік, ұлттық проблема хақысында азаматтық асқақ позициясы, ұлттық тәлім-тәрбие, тіл, дін, ділге байланысты көкейтесті мәселелері, қысқасы, қай салаға салсаң да жанды еріксіз жылытады, көңілді еріксіз жадыратады. Ал ешкімге де кіріптарсіз тәуелсіз азат елдікке қол жеткізе білу жайы Жасанды ерекше қанжылатады. Адамның миллиардтаған клеткасын шипалы инемен оята білу, жан-тәніңді серіппедей серпіліске түсіре білу, бойдағы бар қуат-жігерді сілкініске түсіре білу, көңіл-күйді жаздай жадырата білу сиқыры — нағыз таңғажайып ертегі іспеттес.

Сол себепті қазақ болып туғың келсе, тек Жасанша туыла білу керек деген асқақ сезім таңдай қақтырады. Бұндай сәтте құдіреті күшті Алла Тағала Жасан жанбауырымды тіл-көзден, пәле-жаладан сақтай көр деп қайта-қайта іштей қайталаудан артық ұтымды амал таба алмай қаларынды қайтерсің.

Олай болса, Жасан Зекейұлы қазақтың бар жан-тәнін жан-жақты серпіліс пен сілкініске түсіре білер шипалы жан жылуымен, сезімтал алақанымен көмек іздеген сырқат жандарды әрдайымда сауықтырудың ең өнегелі, ең бакытты биігіне жеткізе берсін.

Тек жаңаша жарық жұлдыздай жарқырауды, тек жаңаша жарылқауды ғана ұлы мақсат-мұрат тұтқан Жасан, сіздің ең өнегелі,

ең өсиетті қадамыңыз әрдайым құтты болсын! Ұлы Жаратушының сәулелі нұрына бөленіп, Қыдыр-Ата әрқашанда әрі қорғаушың, әрі қолдаушың болғай!

Олай болса, осынау мемлекеттік стратегиялық маңызы мен өмірлік мәні орасан зор ұлттық ұтқыр құндылық пен ұлттық жауапкершілікті қара нардай көтеруге белін бекем байлаған «Жас-Ай» журналының абыройы асқақ, мерейі үстем, жеңісті болатынына кәміл сенімдімін. Іске сәт!

Матқан МОЛДАҒАЛИ,
жазушы, академик, қоғам қайраткері

БАҒАЛАЙ БІЛМЕГЕН ЖАНҒА БАҚ ҚОНБАЙДЫ

(«ЖАС-АЙ» ҚҰТТЫХАНА ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАЙ БЕРСІН!)

Әлбетте, бесіктегі бала бес рет түлеу арқылы өзгеріп, өсіп, толығып, түр-сипаты, бет-бейнесі айдай айқындала түсетіні ақиқат. Бұл – заңды құбылыс.

Сол сияқты «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығы да бесіктегі бала сынды үнемі ізденімпаздықпен тынымсыз еңбектене білуді, дамылсыз өсуді, ширауды, жетілуді, құрыштай шындалуды, өркендеуді басынан өткізді. Әрине, «Жас-Ай»-дың қолы жеткізген осынау игі табыстарын бір сәтте айта салу оп-оңай сияқты. Десек те, бүгінгі қоғамда сан алуан кедергілер мен қиянаттарға қарамастан жеңісті жемістерге қол жеткізе білу – нағыз ерлік. Бұл, шын мәнінде, шексіз ізденімпаз қажырлы еңбек пен халықтық мақсатқа ұжымды жұмылдыра білудің жеңісті жемісі екені, әсіресе, ұлттық мүдде үшін бар күш-қуатын, құлшынысты ынта-

жігерін сарқа жұмсауға үйлестіре білудің арқасы екені, жасампаз іскер бейнетқорлықты еселеуді жетілдіре түсудің нәтижесі екені, халыққа қалай да ұтымды жол таба білудің іскерлігі екені даусыз. Ең бастысы – халық үшін, ұлттың болашағы үшін жанкешті дәрежеде тер төге білу, қайткен күнде де қасиетті елі үшін тек үлгі-өнеге тұтарлық күйде текті ғұмыр кеше білу, ұлттың ең жарқын патриоты бола білу – парыз.

Соңғы кезендерде бұқаралық ақпарат құралдары «Жас-Ай» туралы сан алуан ұтымды мақалалар мен сұхбаттарды көп жариялады. Сауыққан жандардың жер-жерден теңіздің толқынындай ағылған жүрекжарды шексіз алғыс хаттарынан, ұжымға дән риза пікірлерінен, құттықтау сөздері мен ақ тілекті баталарынан қалың оқырман да, дүйім жұрт та, қысқасы, барлығы құлағдар. Сонда қысқа мерзімде осындай мол абыройға ие бола білудің сыры неде? Өйткені «Жас-Ай» ұжымы халықтың сеніміне кіре білуді, тірегіне айнала білуді, қошеметіне бөлене білуді мақсат тұтты. Айталық, жекелеген дәрігердің де, ұжымның да бірауыз жылы сөзі, жібектей өрілген ибалы, ыстық ықыласы арқылы мұнды да, күдікті де сейілтп, үміт отын қайта лаулата алатыны сөзсіз. Сонда ғана сан алуан сырқатты жандарға жасалған ем-домдық шаралардың нәтижесі орасан зор болмақ. Қайырымды іс жасай білу кез келген кісінің қолынан келе бермесі анық. Ал Жасанның 40 мың сырқатты сауықтыру кезінде 5 мың адамға тегін ем жасауы өз алдына бөлек әңгіме. Қалай дегенде де «Жас-Ай» ұжымының бұл игілікті шарасы кім-кімге болса да үлгі-өнеге болуға тұрарлық. «Ішкен ас – түске жетпес, ыстық ықылас – естен кетпес» деген осы.

Қашанда елің еленбей тұрып, өзің теңелмейсің. Өйткені ер мәртебесі ел мәртебесіне қарай бағаланатыны, айшықталатыны айдан анық. Сол себепті елі үшін адал туған нағыз жанқияр ер ең алдымен өзін туған халқын іргелі ел ретінде, өнегелі ұлт ретінде қапысыз қалыптастыра білуге еңбек етуге тиіс. Демек, кешегі

күллі текті ата-бабаларымыздың да, бүгінгі Жасан Зекейұлының да ең ұлы арманы – дені сау, көкірек көзі ояу, ұлттық санасы мен жанкияр күрескерлігі өртше қаулаған, арыстандай айбатты, қайтпас қайсар жеңімпаз да жасампаз, қаһарман қазақты қалыптастыру. Әрине, қазаққа бұдан асқан баянды бақыт, теңдессіз жеңіс болуы мүмкін бе?! Ол үшін күн-түн демей жарық жұлдыздай жарқырау, қажырлықпен өлшеусіз тер төге білу керек. «Ұлт-шыл – елін қорғайды, ұлтсыз – елін қорлайды», «Жақұты бар жанға жасыл түспес» деген сөз сол үшін айтылған. Осы ретте «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық ақпараттық журналының жарық көруі қаншалықты зор қуаныш, зор жеміс десеңізші! Әлбетте, журнал ұжымының ел алдында көтеруге тиісті жүгінің салмағы да, жауапкершілігі де аса ерекше, әрі күрделі, әрі өзекті, әрі маңызды, әрі ауқымды екені даусыз. Өйткені журнал – мемлекеттік маңызы бар, стратегиялық мәні зор халықтың денсаулығына арналған.

Олай болса, елдің көкірек көзін аша білу, жан-жақты сауатын шыңдай білу, өмірге деген көзқарасын, құштар белсенділігін тезірек жетілдіре білу ауадай қажет екені айтпаса да түсінікті. Сол себепті журналдың алғашқы саны сан алуан тақырыптарды ұтымды қамту, безендіру іскерлігімен ерекше тартымды, сүйкімді, ұтқыр күйде жарық көрген. Журнал талғамы биік көпшіліктің талқысына түсе отырып, ұлттың жанашыры бола алады деген сенімдеміз. Сонымен қатар журналдағы сан алуан тақырыптар оқырмандарын жан-жақты сауаттануға, салауатты өмір сүруге, кез келген арудың алдын ала білуге тәрбиелей алатыны ақиқат. Сондықтан журналға тек қана сәттілік пен толағай табыс тілейік, қадірменді ағайын.

Матқан МОЛДАҒАЛИ,
жазушы, академик, қоғам қайраткері.
Алматы, 2009 жыл.

ШИПАГЕРЛІК ОРДАҢЫЗ ЕЛ АЛҒЫСЫНА ТОЛСЫН!

Құрметті Жасан Зекейұлы!

Сіз шекара асып, Қытай елінің медициналық құпияларын өз Отанына алып келген, бүгінде халқының игілігіне қызмет жасап, денсаулық қорғаушысы атанған ақ халатты абзал жандардың бірісіз. Көмекке зәру жандарды шипагерлік орталығында сауықтырып, талайларды ажал аузынан аман алып қалдыңыз. Ине емінің қырсырын толық меңгеріп, еліміздің медицина саласына жаңаша бір леп алып келді десем, артық айтқандығым болмас.

Құрметті Жасан Зекейұлы!

Дәрігерлік, дәругерлік жолдағы жасаған әрбір қадамың сәтті болып, арман-мұраттарыңа жету жолында Алла Тағала өзіңе қуат берсін! Сондай-ақ халықты медицина саласындағы ақпараттармен құлағдар ету мақсатында жарық көріп отырған «Жас-Ай» журналының ғұмыры ұзақ болсын! Бес жылдық тарихы бар шипагерлік ордаңыз ел алғысына толып, Ұлы Жаратушының нұрына бөленіңіздер! Лұқпан Хакімнің ұрпағы, ізбасары, халық құрметтейтін Жасан мырзаға Алладан ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілеуші –

Қазақстан Республикасының Халық жазушысы

Шерхан МҰРТАЗА

07.04.2009

АЛТЫН ИНЕ ЕМІНЕН КЕЙІН ҚАН ҚЫСЫМЫМ ОРНЫНА ТҮСТІ

Тәуелсіздік алғаннан кейін халық емі қолданыла бастады. Дегенмен халық санасында ине, яғни алтын ине қою деген аңыз секілді естілетін. «Соған барып емделсек екен» деп

армандайтынбыз. «Алтын ине емін алып, жазылып кетіпті» деген сөздер жай ғана қауесет сияқты болатын. Халықтың қолы осыған жете бермейтін. Енді, міне, қандас бауырларымыз Тибет медицинасын шекара асырып, өз Отандарына алып келді. Жақында Парламент жиынында Тибет медицинасын көптеп ашу мәселесі талқыланды. Болашақта бұл медицина толығымен халық игілігіне қызмет жасайды деп сенемін. Өзім де жақында осы «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына келіп ем алып, қан қысымым орнына түсті. Халықты химиялық қоспасыз сауықтыратын алтын инелі орталықтың мамандарына және Жасан Зекейұлына айтар алғысым шексіз!

Уәлихан ҚАЛИЖАН,
Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты

ҚАДІРЛІ ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫ!

Сіз классикалық ыәм Шығыс-тибет медицинасының қыр-сырын терең зерттеп, толық игерген ғалым дәрігерсіз. Сондықтан өз Отаныңызға оралып, Шығыс-тибет медицина орталығын ашқаныңызды туған еліңізге арналған үлкен қызмет деп санаймын. Шығыс-тибет медицинасы – адамзаттың мыңдаған жылдар бойы ғылыми-тәжірибелік зерттеулерінің негізінде қалыптасқан емдеу саласы. Оның көптеген құпия сырлары да бар. Бірақ ол кәдімгі классикалық медицинаға қайшы емес, керісінше, оны толықтырады. Орталық дәрігерлерінің адам денсаулығын сақтаудағы табыстары мол болсын!

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҚР Ғылым академиясының президенті,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик

Құрметті Жасан Зекейұлы!

Шығыс-тибет медицинасының тәсілдері, соның ішінде ине терапиясы қазіргі медицинада кеңінен қолданысқа еніп отыр. Дегенмен бұл емдеу тәсілінің еліміздегі ғылыми зерттелу деңгейі әлі де жеткіліксіз. Сіз сол емді Қазақстанда толыққанды жүзеге асырып, инемен емдеудің жаңаша түрін қолданысқа енгіздіңіз. Шығыс-тибет медицинасы халқымызға тың тыныс әкелді, инфилтрат, анастомоздың қабынуы мен асқынуы сынды ауруларды емдеуде жақсы нәтижелер көрсетті. Мындаған жандарды ауруынан айықтырып, Шығыс-тибет медицинасының нағыз білгір, ғалым-дәрігері екеніңізді дәлелдеп келесіз! Медицинаны жаңа қырынан танытып, ғылым саласына сіңіріп жүрген ерен еңбегіңіз үшін зор алғысымды білдіремін!

Тоқан СҰЛТАНӘЛИЕВ,

**А.Н.Сызғанов атындағы хирургиялық орталықтың
директоры, профессор, академик**

ҚАДАМДАРЫҢЫЗ СӘТТІ БОЛСЫН!

Құрметті Жасан Зекейұлы! Адам өмірін ажалдан арашалап жүрген жандардың бірісіз! Науқастардың дертіне шипа болып жүрген ерен ерлігіңіз үшін әскери шендегілер – Отан қорғаушы азаматтарымыздың атынан айтар алғысымыз шексіз. Елімізді сауықтыру жолында жасаған қадамдарыңыз сәтті болып, жас мемлекетімізбен бірге көгеріп, көктей берулеріңізге тілектеспін!

Дамир ХАЛЫҚОВ,

**генерал-майор, Алматы қалалық төтенше
жағдайлар жөніндегі басқарма бастығы**

ЖУРНАЛДЫҢ БЕРЕР ЕМІ КӨП БОЛСЫН!

Мен әскери еңбек етіп, зұлмат соғыс күндерін де бастан өткергендіктен, денсаулықтың кәдірін жете түсінген жанмын. Денсаулық – адамның ең басты байлығы екенін ескере отырып, осы салада халыққа қажетті ақпарат бере алатын «Жас-Ай» секілді журналдың болуы заңды. Бұл басылымның да берер емі көп болсын!!!

Осыған мұрындық болып отырған Жасан Зекейұлын «Адам денсаулығының маршалы» десем, қателеспеймін. Журналдың «Жас-Ай» деп аталуының өзі «жасар, ауруыңнан айық» дегенге келіп тұр. Аты жақсының заты да жақсы болса керек. Сіздерге тілерім: игілікті істеріңізбен халықтың қажетіне жарай беріңіздер!

Бақытжан ЕРТАЕВ,
Халық қабарманы

ЖАСАЙ БЕРСІН «ЖАС-АЙ»!

Дәрігер – ажалмен арпалысқан адам өмірінің арашашысы. Осы қағиданы берік ұстанған медицина ғылымдарының докторы, академик, профессор Жасан Зекейұлы басқарған Шығыс-тибет медициналық орталығының ұжымымен көптен таныспын. Ашылғанына санаулы ғана уақыт болғанына қарамастан, бұл медициналық мекеме ел алғысына бөленіп үлгерді.

Мен халық медицинасының жанашыры Жасан Зекейұлына сан ғасыр өтсе де, сарқылмайтын байлық болып қалатын ғылым жолындағы еңбегі жемісті болсын дегім келеді. Еңбектеріңіз жансын! «Жас-Ай» жасай берсін!

Зиядан қажы ҚОЖАЛЫМОВ,
Қазақстан халық емшілері қауымдастығының президенті,
Ресей халықаралық медицина мен ғарыштық қуат
академиясының академигі

ЖАСАНМЕН ЖЕТКЕН ЖЕҢІС!

Өмір. Арпалыс. Жеңіс пен жеңіліс. Өмірі осылай өрілді. Бірақ мен аурудың боданы болуға көніп, жеңілістің тұтқынына түспедім, керісінше, жұдырықтай жүрегімде жеңістің жалауы желбіреп тұрды. Өмір атты майданда қаншама қиындық көрсем де әрқашан «Алға!» деп аттандым. Талай бөгеттерді бағындырдым. Асулардан астым. Жасыратыны жоқ, мен жеңіске Алланың қолдауымен және Жасан Зекейұлының көмегімен жеттім.

2005 жыл. Апат. Жол апаты. Көр мен жер. Ес-түссізбін, бірақ тілім қәлимаға келеді. Аллаһты аузыма алдым. Жаратушыға жалбарындым. Жаныма медет тіледім. Тәңір тілеуімді қабыл етіп, қуат берді. Сол апаттан бас сүйектерім зақымданып, миым шайқалды. Содан басым мен белім ауырып, құлағым шуылдап, бітеле берді. Дәрет жолдарының қызметі бұзылды. Ұмытшақтық пайда болды. Желкем тартып тұрды. Аяғым жерде қалғанмен, жан азабын мол тарттым. Шыбын жаным шүберекке түйіліп, шырқыратып шырылдатса да оңайлықпен берілмедім. Қасарыс. Сол баяғы арпалыс. Түбінде бір жеңіске жетерімді сездім. Іздендім. Емі-нәтижесі бар шипа іздедім. Табаным тозғанша талпындым.

Тілеуім қабыл болды. Кезіктірді. Жасан Зекейұлына жолығудың сәтін салды. Тамаша! Тамырмен терең бойлап, дауа табылды. Иә, солай. Қазандай қайнаған өмірдің дәмі кіріп піскенде тіл үйіреп тәттісі болатынын бұрын-соңды білмеппін. Ол – жанның тәттісі. Адам денесінде жеті жүздей нүкте болады екен. Жасан Зекейұлы осы нүктелердің қайсысы қайда орналасқанын бес саусақтай жақсы біледі. Тағы бір айта кетерлігі, «ақ халаттылардың барлығы ине қоюдың шебері емес, тек хирургтер ғана дәл нүктесін тауып қоя алады» деседі. Жасан бауырымның бір артықшылығы да осында. Оның түпкі мамандығы – хирург. Кәнігі шебер әрбір инені өз нүктесіне дәл тауып қойғанда бұлт шалған қабағың ашылып, көзіңнен шуақ шашады. Нүктесіне дөп түскен инелер қозғалып, діріл қаққанда ғажайып бір күйге енесің. Себебі өле бастаған жүйке жүйелері қайта тіріледі. Ағзаға дерт болып әбден жайғасып,

қаыарына мінген аурудың беті қайта бастайды.

Бұдан кейінгі ем пульт қою және шөппен қыздырумен жалғасты. Бұл иненің әсерін күшейту үшін қойылады. Мәселен, қыздыратын шөптің құрамында 18 түрлі емдік шөп бар екен. Әр шөп өзінің емдік шипасын іске қосқанда денсаулығың айтарлықтай жақсарады. Қосымша банкі қойылып, аяқ массажи, нүктелі уқалау жүргізілді.

Нүктелі уқалау да ине қою сияқты дәл нүктесі тауылып жасалуы тиіс. Емнің бұл тәсілінде жоғарыда айтылған 700-дей нүктенің кемінде 150-і дөп басылу шарт. Жасан Зекейұлының тәрбиелеп отырған шәкірттері мұны жетік меңгеріпті. Өйткені массаж маған ерекше әсер етті.

Жол апатынан кейін мен өмір үшін төрт жыл күрестім. Қатты қажыдым. Әлсіредім. Бойымда бар күш-қуатым кете бастады. Байқағаным, нүктелі уқалау сол әбден қажыған, әлсіреген бұлшық етті қатайту үшін қолданылады екен. Міне, Жасан Зекейұлы тізгінін ұстап отырған «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығында жасалған екі курстық емнің нәтижесінде менің ағзам қалпына келіп, қан айналымым жақсарды, бойымдағы күш-қуаттың артқанын байқадым, жүйке жүйем тынышталып, ас қорыту жұмысы да жақсарды, дәрет жолдары қалыпты қызмет атқара бастады.

Жеңіс. Жасан Зекейұлымен жеткен жеңіс!

Орыс жазушысы Максим Горький айтқандай, әр адамның бойында құрылысшының құдіретті күші бар, сол күш жер бетін үлкен ғажайыптармен толтыруы үшін оның дамуына, гүлденуіне ерік беру керек. Бойында мейірбандық пен адамды емдеудің ғажайып күші бар Жасан Зекейұлы сынды азаматтың өз Отанымызда бар екеніне мен қуанамын. Науқас жандардың басына түскен тауқыметті жеңілдетуге, ғұмырын ұзартуға үлес қосып жүрген адамға шын көңілден алғыс білдіремін!

Жарас ЖҮСПӨЛИЕВ,
Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы

ХАЛЫҚҚА ҚАМҚОР АЗАМАТ

*Тағдыр үнемі ауруын ғана емес,
шипасын да жіберетіні бар.*

М. Сервантес

Қайырымдылық – ұлықтауға тұрарлық іс. Көмекке зәру жандардың қолтығынан демейтін қолдары да, қабақтары да ашық азаматтардың риясыз жасаған жақсылықтарын біреу білсе, біреу білмейді. Жылағанды жұбатып, тарыққанға көмек қолын созған жандар барынша қошеметке бөленуі тиіс. Сондықтан мәрт жандардың мерейін шалқытып, жақсылығын айтудың еш айыбы болмас.

«Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының мамандары бір үйдің асыраушысы, алты баланың әкесі – Балтабай Жақсыбайұлының да сөне бастаған үмігін қайта тұтатты. Олар инсульт алған жігіт ағасын тегін емдеді. Дәлірек айтсақ, Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, «Ильич» ауылында туып-өскен Балтабай – төрт қыз, екі ұл тәрбиелеп отырған ардақты әке. Ауылдың жағдайы белгілі. Кейде екі қолға бір күрек табылмайды. Балтабай да тұрмысын түзеу мақсатында алты жыл бұрын Алматы облысы, Талғар ауданы, Талдыбұлақ ауылына көшіп келді. Осы ауылдан ескі үй сатып алып, жанынан еңселі жаңа үй салмақ болды. Ескі үйін банкке кепілдікке қойып, 30 мың АҚШ доллары көлемінде 15 жылға несие алды. Қаржының бір бөлігіне автобус сатып алды, ал қалғанын мектеп бітірген үш баласына бөліп берді. Үшеуі де ақылы оқу орындарына оқуға түсті. Отағасы қала бағыттары бойынша автобус айдаса, жұбайы кондуктор болып қызмет етті. Осылайша бақытты, тату-тәтті күн кешіп отырған отбасы өткен жылдың ақпан айында ауыр жағдайға тап болды. Отбасының негізгі тірегі – Балтабай сол жағынан инсульт алып, ес-түссіз құлады. Содан бері бірнеше уақыт өтті. Жасан Зекейұлына жолыққанша Балтабай қозғалыссыз жатқан

еді. Аяғын жайлап басуға тырысты. Бірақ қолы қимылға келмеді. Несиенің уақыты өтіп бара жатыр. Бар жағдайын бүкпесіз айтқан соң банк басшылығы оған аздаған уақыт берген. Егер төлемеген жағдайда үйінен айырылады. Жоғары оқу орнына түскен екінші баласы да оқу ақшасын төлей алмай, академиялық демалыс алған. Отбасының жағдайы тым нашарлады, ішерге тамақ, киерге киім таппай қиналды.

Денесінің сол жағы істен шыққанға дейін отбасының жалғыз тірегі болып келген Балтабайдың жығылуы оның шаңырағына өте ауыр тиді. Дегенмен «шын сұраса, соқыр көзден жас шығады» демекші, тарыққанға тарыдай болса да мейір-шапағат көрсететін, арқасын қағып, маңдайынан сипайтын қайырымды жандар оған аз кезікпеді. Маңайына мейірім шашып, қамкөңіл жандардың жанына шуақ құйып, демеушілік жасап жүретін сондай жомарттардың бірі де бірегейі – Жасан Зекейұлы. Халықаралық инемен емдеу академиясының мүшесі Балтабайды өзі басқаратын «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына шақырып, онымен жақынырақ танысты. Кәнігі шипагер «ә» дегеннен-ақ, науқастың тамырын ұстап, диагнозын дөп басып, дәл айтып берді.

«Ағза мүшелерінің дұрыс жұмыс істеуі қан айналымы жүйесімен байланысты», – дейді Жасан Зекейұлы. Адам бойындағы бірнеше литр қан жүректің қуатты күшімен денеде айналып отырады. Балтабай Жақсыбайұлында осы жағы кемшін. Себебі жүрегіне күш түскен. Білікті маман ең алдымен он екі мүшенің, әсіресе, аяқтың сезіну қасиетін байқап көрді. Ақ халатты абзал жан мүмкіндігі шектеулі кісінің рентген көрсеткен суреттерін қарап, мидың қай бөлігінде қан ұйығанын анықтады. Нәтижесінде мидың әрекет жүйесі мен қозғалыс жүйесінің орта қуысына көп қан кеткені мәлім болды. Оң жақ ми бөлігіндегі қанның тоқтауынан сол жақ аяқтары ұйып, істен шыққан. Бұл алтын иненің күшімен ғана іске қосылады.

Жасан Зекейұлы ине салып қана қоймай, ми ішіндегі қан ұйындысын сұйылтып, ұйыған қанды тарататын, қан қысымын

қалпына келтіретін шөп дәрілерді және жүрекке қуат беретін дәрумендерді қоса тағайындау керектігін терапевт-дәрігерге түсіндірді. Осылайша мидың ішіндегі істемей қалған арналарға ине қондыру арқылы жан бітудің алғашқы қадамы жасалды. Жалпы, Балтабайға он күннен үш курс ем тағайындалды. Бір курс иненің құны – 25 мың, үш курс – 75 мың, Тибеттен алынған емдік дәрілер – 25 мың, қысқасы, 100 мың теңге Жасан Зекейұлының жеке қалтасынан төленді. Жалпы, Балтабай Жақсыбайұлы 250 мың теңге көлемінде денсаулығын тегін түзеуге мүмкіндік алды. Алған ем-домның арқасында науқастың аяқ-қолына жан кірді.

«Берген жомарт емес, алған – жомарт» дейді қазақ. Сөз тәркініне үңілсек, біреуден жақсылық көрген адам өзі біреуге қайырымдылық көрсетіп, жақсылық жасаушылардың санын молайтып, дүниеде жомарт жандардың қатарын көбейтеді екен. Өмірге өзін жаңа келген сәбидей сезінген жігіт ағасы азаматтық көмегін аямаған жандарға шын көңілден алғыс жаудырумен болды. Лайым жақсы істер жалғасты болсын.

Жанна АБАЙҚЫЗЫ

2008 жыл

ЕМДІК ШИПАМЕН ҚОСА РУХАНИ САУЫҚТЫМ

Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры. Күнсіз гүл өспейтіні сияқты бала да ата-ананың мейірім-шуағына бөленіп өседі. Қандай ана болмасын өзегін жарып шыққан перзентін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, маңдайына күн тигізбей өсіруге тырысады. Мен де Аружанымнан аялы алақанымның жылуын аяған емеспін. Алайда мен берген жылу дүниеге кемтар болып келген қызымның денсаулығын түзетуге жетпеді... Әрине, барлығы Алланың қолында. Бірақ қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды. Талай

мекеменің табалдырығын аттап, табанымыздың тоз-тозы шықты. Көбісінің емі былай тұрсын, аузынан жай ғана «жазылып кетеді» деген жылы сөз ала алмадық. Соған қарап «қызым өмір бойы кемтарлықтың қамытын киіп өте ме» деп ішімнен егіліп жүрдім.

Мен қызыма 2000 жылы жүкті болдым. Құрсағыма бала біткеннен өзімді кішкене қолайсыз сезіндім. Алты айлық жүктілік мезгілінде сәбиімнің денсаулығы қалыпсыз екендігіне толық көзім жетті. Дерету әке-шешеме хабарластым. Олар Алматыға алып келді. Оңтүстік астанаға келгеннен кейін төртінші күні қан қысымым көтеріліп, ауруханаға түстім. Одан кейінгісі есімде жоқ... Қалай босанғанымды білмеймін. Жеті күн ес-түссіз жаттым. Баланы кесарь тілігі операциясымен алыпты. Қызымның «балалардың туа бітті сал ауруы» диагнозы бойынша туылғанын естідім. Сәбиді іле-шала қалалық ауруханаға алып кетті. Өзімнің денсаулығым да мәз емес, жаным қиналып әзер жатсам да, балам үшін жан пида деп, дәрігерлерден әрең рұқсат сұрап, қызымның қасына бардым. Сол сәтте оның түрін көрсеңіздер...жан түршігеді. Бүйрегімді тура жұлып алып, қызымның басының артқы жағына жабыстырып қойғандай, басы сопақ, бүйрек тәріздес. Ергесіне операцияға алып кетті. Бірақ отадан кейінгі халі оңбады...

Ғаламтор сайттарынан іздеп көрсем, балалардың сал ауруы – нәресте ана құрсағында жатқанда, туған сәтте немесе ерте сәби кезінде миға зақым келуі салдарынан болатын табиғаты түсініксіз ауру екен. Ол сал болып қалу, шала сал болу, қозғалыстың өршуі, денені дұрыс ұстай алмау сияқты қозғалыстың бұзылуы арқылы көрініс береді. Баланың психикасымен қатар, тілі, көру, есту қабілеттері нашарлап, тырыспалы талмалары ұстайды екен. Осының барлығын менің кішкентай қызым басынан кешірді.

6 айда балалар отырушы еді, ал менің қызым былқ-сылқ етіп жата берді. Басын бір жарым жасында ғана ұстай бастады. Келесі айда қызым қалтырап-дірілдей бастады. Аузынан ақ көбік ақты. Мектепке барар жасқа келсе де әлі жөнді отыра да, аяғын баса да алмады. Жүрмейді, сөйлемейді. «Баланың ақыл-есі, дамуы

кешеуілдеген» деген комиссия шешімімен мектепке бара алмады. Бірақ бейкүнә сәбиімнің бойынан өмірге деген ерекше құштарлық сезіледі. Бұл оның қозғалысқа талпынуынан, өзіне айтылған сөзді түсінуінен, туысқандары мен жақындарын тануынан байқалады. Қызым ертегі мен музыка тыңдағанды, суреттер мен мультфильмдер көргенді ұнатады. Амал қанша? Талмасы ұстағанда шыбын жанымды қоярға жер таппай кетемін. Балам қатарынан қалмаса екен деп тілеп, барымды осының денсаулығын түзету үшін жұмсадым. Ірі банктердің бірінен несие алып та емдеттім. Қызыма тұрақты түрде күтім керек болғандықтан, жұмыс істеуге мүмкіндігім болмады. Алған несиемді өтей алмай жүргенім тағы бар. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, жолдасыммен ажырастым.

Кезінде Әбу Насыр әл-Фараби «Мәртебесі, рухы биік шаһардың адамдары бір-біріне жақсылық жасауға құштар болады, өздерінің тамаша қадір-қасиеттерін бағалап, қабылдауға өзге де жұрттарды ынтызар етеді» деген екен. Еркіндік қыраны шарықтаған қазақ даласында, Алатаудың бөктерінде орналасқан әсем Алматымызда жүректері жылылыққа толы мейірбан жандар, елі үшін, елінің болашағы үшін ішкен асын жерге қояр азаматтар аз емес екен. Құдай тілеуімді беріп, елдің көркіне айналатын қызымды өсіруге, оның денсаулығын титтей болса да түзетуге ықпал ететін адам маған кезікті. Ол – Жасан Зекейұлы. Ол кісімен мені төртінші билік иелері жолықтырды. Суықтан тоңған торғайдай жанары жәудіреген менің сәбиімді ол алғаш көргеннен-ақ тек қайырымдылық пен шипа деп қағатын қанатының астына алды. Мейірімнің тұнық бастауынан қанып ішкен Жасан ағаның адамгершілік қасиеті мені әбден қайран қалдырды. Кісі деп осыны айт. Кішілігін айтсаңызшы. Мейірім мен адамгершілік жас талғамайды деген осы болар, бәлкім!

Жасан ағамен дидарласқаннан біз медициналық емнен бұрын рухани сауығуды қолға алдық. Қызымның келешегін ойлап, осы күнге дейін қорқыныш, үреймен өмір сүріп келген менің сол сәттен

бастап жан жүйкем, ойым сауықты. Әрине, бұл – ерекше ықыластың және әдемі сөздің әсерінен болған сауығу. Балдырғаным Шығыс-тибет медицина орталығында екі курс тегін ем алды. Нәтиже жаман емес. Қызым өздігінен жайлап қозғалып, қимылдайтын болды. Талпынады. Сабақ оқығысы келеді. Әліппе кітабында көрсетілген суреттерден аздап болса да сөйлем құрағандай болып, ойын жеткізеді. Қазір арнайы мамандар келіп, үйде сабақ береді. Құдай қаласа, енді үшінші курс алсақ, еңбектеуден екі аяғын басып жүріп кетеді деген үмітім бар. Жасан аға жасай берсін! Қолы дерт көрмесін! «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицинасы орталығының ұжымына асқар таудай абырой тілеймін! Елім үшін деп жасаған еңбектеріңіздің адал нанын жей беріңіздер. Әр отбасының босағасы бақытқа, шаңырағы шаттыққа тола берсін!

Дариға МАХАЖАНОВА (Аружанның анасы),

Алматы қаласы

2008 жыл. Қыркүйек

БАСЫНА БАҚ ҚОНҒАН ДӘРІГЕР

Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ қонбайды. Даладай дархан пейілді, анадай асқан мейрлі ұлтымызда әр жүректе ізгіліктің шырағын жаққан асқақ рухты абзал жандар, тіршілік тауқыметін тартқан, жалған дүниеден жәбір көрген, жүрегі сыздаған, жаны мұздаған адамдарға дем берген кісілік келбеті келіскен кең пейілді кісілер көп. Солардың бірі – бүгінде салауатты өмір салтын кеңінен насихаттаушы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Жасан Зекейұлы. Ел медицинасына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан білікті маман ажалмен арпалысқан талай жанды аман сақтап қалды. Жасан Зекейұлына кем дегенде күніне түрлі кеселге шалдыққан жиырма адам келеді. Ол солардың әрқайсысын

бөле-жармай, бір туғандай қарсы алып, қолынан келген көмегін аямайды. Жүзінен нұр төгіліп тұратын шырайлы жігіт ағасы – аузын ашса көмекейі көрінетін аккөңіл жан. Сондықтан болар, қайырымдылық жасау – оның күнделікті дағдысы. Тәжірибелі маман өзінің Шығыс-тибет медициналық орталығында мұқтаж жандарға қол ұшын созудан жалыққан емес. Қаншама ер азаматты қатерлі сырқаттан айықтырып, қаншама әйелге «ана болу» бақытын сыйлады. Әр адам өзі бастаған игі істің жақсы нәтиже беруін қалайды. Өткен жылы «Алматы» телеарнасының «Үміт оты» бағдарламасына үміт артып, арнайы Орал қаласынан келген Нұрлыгүл Жаңабаева эфир арқылы қайырымды жандардан көмек сұраған болатын. 21 жасар бойжеткен туа біткен қоян жырықтан қасірет шеккен. Пластикалық операция жасатып, бет-әлпетіне нұқсан келтіріп тұрған кемістіктен арылу – оның өмірлік мақсаты болатын. Бұл арманына қол жеткізуге «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының мамандары көмектесті. Олар қазақтың бір аяулы қызының тағдырына бей-жай қарай алмай, қаржылай көмек көрсетуге шешім қабылдады. Аталған орталықтың бас директоры Жасан Зекейұлы Нұрлыгүлдің ерні мен мұрнын қалпына келтіруге орай жасалатын операциясына қажетті 100 мың теңгені қолына ұстатып, ұжым атынан сәттілік тілеп, шығарып салды. Қайырымды көмек алған Нұрлыгүл №5 емхананың жақ-сүйек бет-әлпеті бөлімшесіне келіп, дәрігерлермен жүздесті. Бойжеткеннің жағдайымен танысқан ақ халатты абзал жан оған пластикалық операция жасауға келісті. Нұрлыгүл Жаңабаева өмірге шыр етіп келген күннен бастап бүгінге дейін 5 операцияны бастан кешкен. Бірінші операция ерніне алты айлығында, одан соң таңдайына, кейіннен баланың бет-әлпеті өскен сайын тыртық болған жері өспей қалуына байланысты коррекциялық операциялары Оралда, ал осы жолғы операция ерні мен мұрнын қалпына келтіру үшін Алматыда жасалды. Жасан Зекейұлының қолдауымен жасалған соңғы пластикалық операциясы сәтті өтті. Көрікті қыздың жанары күлімдеген күлкіге толы. Бүгінде Нұрлыгүл тұрмысқа шығып, бір отбасының ұйытқысы болып отыр.

80 жылдан аса ғұмыр кешкен, қазақ жазушысы Сафуан Шаймерденов өмірден озар алдында мынадай сөздерді жазып қалдырыпты. «Шарапат – адам бойындағы басқаларға түсер рақымшылық сәулесі, ізгілік нұры. Ал шапағат – жұмақтың нұры. Жұмаққа барғандарға түсер сәуле». Қазақтың дарынды қаламгері осы сөздері арқылы өсиет қалдырған тәрізді. Сондықтан сіздерге әрқашан шапағат пен рақымшылық серік болсын дейміз.

Жанна АБАЙҚЫЗЫ

2008 жыл

ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕН ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫМ?

Жасы келген адамның сау күнінен ауырған күні көп болады екен. Жетпісті желкелеп қалған кезімде денсаулығым күрт нашарлап, күйім кете бастады. Басым айналып, көзім қарауытып, бір затқа сүйенбесем тұра алмайтын жағдайға жеттім. Басымды бір нәрсе қысқандай болып, локси беретінмін. Осы жағдай күн сайын қайталанатын. Ақырында дәрігерлермен кеңесуге тура келді. Бар бәле сол кезден басталды. Медициналық мекемедегілер мені тексере келе, «ми обыры» (рак) деген диагноз қойды. Бойында қатерлі дерттің бар екендігін білу адам үшін шындығында қиын екен. Қартайған шағымда балаларды да, жақындарымды да әуре-сарсаңға салдым. Басқа ота жасату керек болды...

Күллі әлем төңкеріліп, аспан асты, жер үсті шыр айналғандай болды. Қалай? Не үшін? Не жаздым? Кінәм не?

Тілім байланып, бойымды үнсіздік билеп алды. Жан дүниемнің астан-кестеңі шығып, өзімді қоярға жер таппай, абдырап қалдым... Мен үшін тіршіліктің мәні де, сәні де қалмағандай болды.

Мені қинап бара жатқаны дертімнен гөрі, бала-шағам мен немерелерімнің жәутеңдеген көздеріндегі мұң болды. Күндіз-

түні Аллаһтың мейірімін сұрап, дертіме ем бере көр деп тіледім. Үмітсіз шайтан ғой! Тәңірден қолдау болар деп сендім...

Диагнозды арқалап бармаған жерім, ашпаған есігім қалмады. Медициналық мекемелерге, тіпті бақсы-балгерлердің де ауылын аралап қайттым. Дауа болмады. Шарқ ұрып, емге шипа іздеген балаларым бір күні «Шығыс-тибет медицинасы көп ауруға арашашы болып жатыр екен, сізді сонда ертіп барайық» деп, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының бас дәрігері Жасан Зекейұлына алып келді.

Ол кісі мені қабылдағаннан кейін тамырымды ұстады. «6,7*5*4,8 көлеміндегі ми ісігі» деп диагноз қоюға негіз болған рентген қағазымды өте қырағылықпен мұқият тексеріп шықты да, жара бар деген жердің күңгірт емес, анық көрініп тұрғанын айтты. «Бұл бүтіндей сіздер айтып отырған ми рагына ұқсамайды. Менің ойымша, қатайған қан тамыры жарылып, содан қан түйіні (гематома) пайда болған. «Ми обыры» деген – қате қойылған диагноз. Сіздің басыңызда қатерлі ісік ауруы жоқ. Сондықтан да сіз онкологиялық институттағы МРТ-ға (магнитті резонансты томографиялық аппарат) түсіп келіңіз. Сол арқылы бұрынғы диагноздарды салыстырамыз» деді Жасан Зекейұлы.

Аңтарылып қалдым. Қанша дәрігердің алдынан өтсем де, дәл осындай өзіне сенімді бола тұрса да, қайталай тексертіп нақтылы нәтижеге ұмтылған ақ халатты абзал жанды кездестірмегенмін. Үміт оты қайта лаулады. Тамырымды ұстап, дәрігер атаулының сөзін жоққа шығарған бұл кісіндегі қандай құдірет екен, ә?! Сенер-сенбесімді білмедім. Дегенмен ең алдымен ол кісінің айтқанын орындайын деген оймен елпілдеген күйі диагностикалық орталықтан бір-ақ шықтық.

Тексеру нәтижесі шыққан соң Республикалық онкологиялық институттағы дәрігер күліп тұрып: «Миыңызда ешқандай обыр (рак) ісігі жоқ, тек түйіншек (гематома) бар. Сіздерді маған жіберген дәрігер өте дұрыс диагноз қойған. Сол кісіге барып ем алғаныңыз дұрыс», – деді.

Алып-ұшып «Жас-Айға» қайта келдім. Жиырма күндей ине алып, шөппен қыздыру емі (терапия), нүктелік және «зивишин» уқалауын жасатып, тибеттік шөп дәрілер қабылдаған соң қан айналысым, барлық жағдайым жақсарып, жүрек соғысым қалпына келді. Үш айдан кейін толық жазылдым.

Мен өмірге екінші рет осылай келдім. «Жас-Ай» медицина орталығынан үш сеанс, яғни арасында екі аптадан үзіліс жасай отырып, отыз күн ем алып, дертімнен толықтай сауықтым. Аллаһтың маған жіберген періштесіндей көрінген Жасан Зекейұлына айтар алғысым шексіз. Халықтың қамқоршысы, Шығыс-тибет медицинасының майталманы Жасанға Жаратқан Ием мәңгілік жар болып, шипалы қолына қуат берсін!

Рәзиға ЕЛТАЕВА,
Алматы қаласы

МЕН ЖҮРМІН, МІНЕ, БҮГІН АТТАЙ ШАУЫП...

Адам баласының әрбір іс-әрекеті ниетінен туындайды. Асыл дініміз Ислам «бірінші кезекте ниет түзу әрі таза болсын» дейді. Ал қазақ халқы «Дүниемді алсаң да, пейілімді алма» деген ғой. Мұқтаж кісіге садақа беру, қайырымдылық көмек көрсету, мейірбандық таныту – адамдар арасын жақындастырып, бауырластыққа бастайды. Дегенмен адам баласына түсініксіз, ғайып нәрселер бар. Солардың бірі – тағдыр, екіншісі – несібе. Кім де болса, алда қандай тағдыр күтіп тұрғанын білмейді. Мен де осыдан екі жыл бұрын күтпеген жерден жол апатына ұшырап, қол-аяғым салданып, төсек тартып жатып қалдым. Орда бұзар отызға енді келген шағымда кимыл-қозғалыссыз қалу менің ертеңгі күнге деген үмітімді су сепкендей сейілтті. Дегенмен туыстарым мен дос-жорандарым маған «Жас-Ай» Шығыс-тибет

медицина орталығына барып, қаралуға кеңес берді. Басында екі ойлы болғаным рас. Бірақ «Бір тәуекел бұзады мың қайғының қаласын, Бір жақсы сөз жазады мың көңілдің жарасын» деп, тәуекелге бел буып, Жасан Зекейұлының қабылдауына келдім. Ол кісі тамырымды ұстап, шипалы сөзімен арманымна қанат бітірді. Алғашқы курс ем қабылдағаннан кейін-ақ менің денеме жан бітіп, қол-аяғым қимылға келіп, орнымнан тұрып, жүре бастадым. Толық ем қабылдағаннан кейін аттай шауып, зымырап кеттім десе де болады. Әрине, Құдай тіл-көзден аман сақтасын деймін! Қазір денсаулығым жақсы. «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығы қызметкерлеріне зор алғысымды білдіремін. Алла Тағала дендеріне саулық, еңбектеріне табыс берсін!

Ұлан ЖЕКЕМБИЕВ,
Алматы облысы,
Жаркент қаласы

БАЗАР БОЛДЫ ҮЙІМІЗ БАЛАЛЫ БОП...

Құрметті Жасан Зекейұлы! Сізге деген алғысымызда шек жоқ. Мен, Сүлейменова Күләш Төлеубайқызы, өзімнің және келінім Атагелдиева Ботагөз Сейтімбекқызының атынан ерекше ризашылығымды білдіремін.

2007 жылы қыркүйектің 12-сі күні аяқ астынан менің мұрнымнан қан кетіп, тоқтата алмай, «Жедел жәрдем» шақырттым. Олар мұрнымнан кеткен қанды эзер тоқтатты. Сөйтсек, өмірімде болмаған қан қысымым көтеріліп кетіпті. Содан бері ауруханадан көз аспадым. Бірақ нәтижесіз. Сөйтіп, алдымен Алланың, одан кейін Сіздің арқаңызда ауруымнан айығып кеттім. Сізге деген ризашылығымды айтып жеткізу мүмкін емес. Бұлай деуімнің тағы бір себебі – алты жыл бала көтермеген келінімнің қуанышқа

бөленуі. Келінім Ботагөзге 1999 жылы «Оң жақ аналық безінің жылаулығы» деген диагноз қойылып, ота жасалды. Ал 2002 жылы «Сол жақ аналық безінің жылаулығы» диагнозымен операция жасалып, сол жақ аналық безі мен жатыр түтікшесі алынды. Үшінші рет жан сақтау бөліміне түсіп емделді. Сол кезде дәрігерлер оған «Бала көтере алмайсың» деген еді. Артында ұрпақ қалдыруды армандаған келінім жасанды жолмен де бала көтермек болып, «ЭКО» орталығының да табалдырығын аттады. Алайда одан да оң нәтиже шықпады. Ақырғы үмітіміз Сізде болып, сіз басқарған «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына келіп, үш курс ем алды. Алғашқы курстан кейін-ақ келінім өзін жақсы сезіне бастады. Ал екінші курста бала көтерді. Дәрігерлер тіркеуіне барғанда ақ халаттылардың өздері таңырқап, келінімнен қалай бала көтергенін сұрай бастады. Көп ұзамай-ақ ұлым «алақайлап» бөркін аспанға лақтырды. Кейін келінім екінші баласына да жүкті болды. Құдайға шүкір, қазіргі таңда қошқардай ұл мен алтындай қыздың әжесімін.

Дүйім халықтың «сүйікті дәрігеріне» айналған Жасан Зекейұлы! Құдай қолыңызға қуат берсін! Шаңырағыңызға бақыт пен байлық қоса қонақтап, мұқтаж жандардың ризашылығына бөленіп жүре беріңіз!

Күләш СҮЛЕЙМЕНОВА,

Алматы облысы,

Іле ауданы, Жетіген ауылы

БЕЛ ОМЫРТҚА АУРУЫНАН ЖАЗЫЛДЫМ

Мен жылдар бойы омыртқааралық дискі жарығынан зардап шектім. Жалпы, омыртқааралық жарық жарақаттанған омыртқааралық дискілердің өз шеңберінен шығып кетуінен пайда болып, соның салдарынан жүйке талшықтары мен жұлын қабығы қысылып қалады екен. Уақыт өте келе осы ауру мені омақа астырды. Оңтүстік астанадағы №7 қалалық ауруханада бір жарым ай, ал №12 қалалық ауруханада бір ай жатып емделдім. Бірақ ем конбады. Содан бұқаралық ақпарат құралдарынан Шығыс-тибет медицинасы, Жасан Зекейұлы жайлы естіп, осы орталыққа бас сұқтым. Мұнда мені Алланың өзі сәтін салып алып келгендей болды. Орталық босағасын аттаған сәттен-ақ шуағынан нұр төгілген ақ халатты абзал жандар күлімдеп қарсы алды. «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығында мен 3 курс ем алдым. Ине терапиясы маған ерекше әсер етті. Бұдан бөлек омыртқалар арасын ашу мен бел созудың түрлі тәсілдері қолданылды. Сондай-ақ бұлшық еттерді шынықтыруға, омыртқа жотасы, буындар қозғалысын арттыруға бағытталған және патологиялық өзгеріске ұшыраған тіндерді зат алмасу процесін жақсартуға мүмкіндік беретін емдік шаралар жасалды. Нәтижесінде орталыққа еңбектеп келіп, емдеудің алғашқы курсына-ақ еңсемді көтеріп қайттым. Жасан Зекейұлы негізін қалаған орталықтың бір ерекшелігі – бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналған тірек-қимыл қозғалысының бұзылуын, омыртқааралық жарықты, омыртқааралық дискілердің қажалуын операциясыз емдейтіндігінде. Омыртқааралық жарықтан зардап шегушілердің көбі бұл сырқаттың операциясыз емдеу жолы бар екенін біле бермейді. Емдеу мекемесінде адам ағзасы өзін-өзі «жөндеуге» үйренеді. Бірегей құралдардың көмегімен омыртқалардың серпімділік күші артады. Осылайша ем-домнан кейін омыртқадағы шеміршектер жұмсарып, «жарық» өздігінен бітеліп кетеді. Омыртқа қайта жылжымас үшін және зақымданған бөлік белсенді жұмыс істеу үшін жаңа әдіс пайдаланылады. Адам

жанын сөз мәйегімен және шипалы емімен емдейтін Жасан Зекейұлы мен оның шәкірттерінің арқасында омыртқам түзеліп, бойыма қан жүгірді. Мекеме ұжымына шын жүректен алғысымды білдіре отырып, барлық қызметкерлердің отбасына бақ-береке, бастарына амандық, еңбектеріне табыс тілеймін.

Ескендір АХМЕТЖАНОВ,

Алматы қаласы

ШИПАСЫМЕН ШУАҚ ШАШҚАН

Мен Алматы облысының Сарқант қаласынан келдім. Аты-жөнім – Ақжан Лебаева. Жасым 20-да. Диагнозым – ревматиздік полиартрит. Мамандардың айтуынша, ревматизм – байқалмайтын және жүре дамיתын ауру. Ең алдымен ол жүрек-қан тамырларының қызметін бұзады. Содан кейін өзге ағза мүшелеріне, бауырға, өкпеге, бүйрекке әсер етеді. Демек, ревматизм адам ағзасымен қоса тіндік жасушаларына да бойлап еніп, мүгедектікке дейін алып барады. Дәрігерлердің пайымдауынша, ревматизм суық тигізуден, зорығудан, жүрекке күш түсуден, дұрыс тамақтанбаудан, ағзаға қажетті дәрумендер, минералдар мен ақуыздардың жетіспеушілігінен, өзге де келеңсіз әрекеттердің салдарынан пайда болады.

3 жастан бастап менің қол-аяғым ісінді. Соңғы кездері кимыл-қозғалыстан мүлдем шектеліп қалдым. Ай сайын ауруханаға жатып шығамын. Талдықорғанның аты әйгілі дәрігерлерінің барлығына тексерілдім, кеңес алдым... Денсаулығым оңала қоймағаннан кейін Алматыдағы ауруханаларда да жатып емделдім. Мұнда 4 түрлі дәрі берді, оны алты ай іштім. Бірақ ісінген буындарым одан әрі кеулемесе, басылмады. Жалындаған жастықтың қызығын асыр салып, ойнап жүріп көрер кезімде қолым икемге, аяғым басуға келмей қатты қиналдым. Түн ұйқымды төрт бөліп, жылаумен өткіздім. Бірақ ол күндер бүгін елес болып қалды...

Менің өмірімді, денсаулығымды түбегейлі өзгертуге «Жас-Ай» журналы ықпал етті. Баспасөз бетін айқара ашсам, маңдайы жазық, мұздай жүрекке күн нұрындай жылылық ұялататын кісіні көрдім. Сол сәттен менің «дертіме дауа табылар» деген үмітім үкіленіп, болашаққа деген арманым қанат бітті. Жасан ағаға жолықсам, жазылып кетермін деген ой туды. Ол күн де алыс емес екен. Көзді ашып-жұмғанша журналда көрсетілген мекен-жай бойынша Шығыс-тибет медицина орталығына жеттім. Жасан аға суретке әдейілеп түскен шығар деп ойласам, шынында да, жүзі жайдарлы екен. Ол кісі ағалық пейілмен қарсы алды. Жасан аға менен дәрігерлік көмегін аямады. Тіпті мені тегін емдеді десем де болады. 40-қа жуық қызметкерге жалақы беріп отырған басшы үшін бұл – үлкен жомарттық. Мен «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының Қаскелең қаласындағы бөлімшесінде емделдім. Ем нәтижелі болды.

Сүйіспеншілік – адам баласының жүрегін қаяусыз сезімге бөлеп, рухына қанат бітіретін, жан дүниесін нұрлы қуанышқа бөлейтін, ең асқақ, ең пәк сезім. Осындай тазалық Жасан ағаның бойында бар. Ол – оның Отанына, еліне, ата-ана мен бауырларына, жоқ-жітік пен кемтарларға, науқастарға деген мол мейірімі.

Құрметті Жасан Зекейұлы! Бойыңызға ананың ақ сүтімен, әкенің ақ жолымен, жамағаттың ақ батасымен біткен жүрек пен көңіл тазалығыңыз еш уақытта жоғалмасын! Жаздай жаймашуақ шырайыңызға қыстың қырауы мен қылауы түспесін! Күздей мол пейіліңізге көктемнің көкөзегі кірмесін! Өсіріп отырған ұл-қыздарыңыздың қызығын көріп, аман болыңыз!

Ақжан ЛЕБАЕВА,
Сарқант қаласы

ҚАРТАЙМАҒАН КӨҢІЛГЕ КӨРІК СЫЙЛАҒАН

Пайғамбар жасынан асқанға дейін мен жора-жолдас, туматуыс, бала-шағамның арасында «Баян сұлу» атанып келген едім. Алайда өткен жылғы қоңыр күздің келуімен бірге менің көрікті келбетімнің де көркі кетті. 64 жыл бойы арнасынан қалыпты ағып келген қан тарауларым қас-қағым сәтте шырмауықтай шиырылып, ұйып қалды. Дәлірек айтсам, 2008 жылы 29 қыркүйек күні мен ұйқыдан оң жақ бетім салданып, жансызданып тұрдым. Бетім бір жаққа қарай қисайып қалыпты. Дәл сол сәтте менің жұдырықтай жүрегім мұңға толды. Өйткені бейнеттің зейнетін көремін бе деген шағымда бұндай дертке тап болам деп кім ойлаған? Осыдан кейін-ақ бір жақ бетім жиырылып, жағым жөнді ашылмай қалды. Көз, қабақ бұлшық еттерім ағаштай болып қатып, иіс сезу қабілетім жоғалды. Құлағым шаншып ауырып, есту қабілетім де төмендеді. Тіпті тамақ іше алмайтындай күй кештім. Бетім жансызданған сол күні ұлым және келінім мені «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына алып келді. Мұнда кезек те күткен жоқпыз. Бәрі рет-ретімен атқарылып жатқан жұмыстар. Дәрігерлер мен медбикелердің пейілдері мен ыстық ықыластарын көріп, еріксіз еміреніп, іштей разы болдым. Бас дәрігердің өзі Жасан Зекейұлы кішіпейілділікті, ізеттілікті, мәдениеттілікті мықты меңгерген ұлық кісі екен, ілтипат танытып, дереу тамырымды ұстап, қан қысымының көтерілуінен болған «оң жақ беттің неврологиясы» деп диагноз қойды. Дәрігердің айтуынша, мидың әрекет ету бөлігінде қан ұйған. Шығыс-тибет медицинасы танымы бойынша бұл ауру көбіне шаршағаннан, иммундық жүйенің әлсіреуінен, өзге аурулармен күресуге дене қуаты азайғанынан, сондай-ақ жел-құздың әсерінен де пайда болады екен. Мен осы медицина орталығында бес курс ем қабылдап, Тибеттің табиғи емдік шөптерін іштім. Дәрігер балам менің көп балалы ана және зейнеткер екендігімді ескеріп, маған жеңілдетілген ем алуға мүмкіндік жасады. Ең алдымен Алланың, одан кейін Жасан

баламның арқасында ауруымнан айығып, келбетім қалпына келіп, бетіме жан кірді. Кейде өзімді бұрынғыдан да ажарлана түскендей сезінемін. Аллаһ осы сезімнен ешқашан айырмасын! Көзіме күлкі кіргізген, жанарыма нұр, жүрегіме гүл сыйлаған Жасан балама және оған қамқоршы болып жүрген абзал жандарға аналық ақ пейіліммен алғыс білдіремін. Әрқашан аға буынның ақ батасын алып, көгеріп-көктеп, өсіп-өне беріңдер!

**Баян АППАСОВА, зейнеткер,
Алматы облысы, Жамбыл ауданы,
Шиен ауылы**

БҮЙРЕКТЕГІ ТАСТАН АРЫЛУ

Бүйрек – адамның ең нәзік, бірақ ең бір маңызды мүшесі. Бүйректің басты қызметі – қанды ұлы заттардан тазарту және ағзадан артылған суды сыртқа шығару. Бүйрек күніне, орта есеппен, 200 литр қанды сүзгіден өткізеді екен. Сонымен қатар ол қан қысымын реттеп, эритроциттерді өндіріп, науқастанудан сақтайды. Десек те, бүгінде адамның ең маңызды мүшесінің өзінен талай дерт табылады. Соның бірі – бүйрекке құм немесе тастың жиналуы. Алматы қаласының тұрғыны Күлбағира Сауранбаева да оң жақ бүйрегінен бүктеліп, талай қиналды. Тамаққа тәбеті тартпайды. Асты артық іше болды, бүйрегі бүлкілдеп, жүрегі қысады. Өйткені ультра-дыбыстық зерттеу (УЗИ) оған «оң жақ бүйрегінде тас бар» деп көрсетіп берген еді. Сол диагнозбен талай мекеменің табалдырығын аттады, бірақ ем нәтижесіз. 2006 жылдың қараша айында «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицинасына да бас сұғады. «Бірінші курс ем қабылдағаннан кейін мен тамақ жей бастадым, сусындарды да көп іштім. Бүйрегімнің ауырып, шаншығаны басылды. Ал екінші курс емнен кейін бүйрегімді УЗИ-ға түсірдім. Ол жерде маған «бүйрегіңіз таза» деп анықтама берді. Өз көзіме өзім сенбей, қатты қуандым.

Осы медицина орталығында бөленген тағы бір үлкен қуанышым – «қан қысымы» ауруынан айығуым. Сондықтан алдымен Аллаға, одан кейін осы медицина орталығы қызметкерлеріне шексіз алғыс білдіремін», – дейді Күлбағира Әлімқызы «Жас-Ай» орталығына ризашылығын білдіріп.

Жанна АБАЙҚЫЗЫ

ЖАСАН ЖАНЫМДЫ ЖАДЫРАТТЫ

Мен Ресейде туып-өстім. Бірақ атажұртым – Қазақстан. Өмірдің шымылдығын ашқан сәттен осы күнге дейін мен тағдырдың тауқыметін аз тартпадым. Денсаулығым да қалыпты болмады. Талай рет пышаққа түсіп, ота жасаптым. Операциядан кейін жағдайым жақсармады, керісінше, ауруыма ауру қосылды. Қуық асты безі қабынып, несеп жүйелерінің қызметі бұзылды, созымалы простатит қайта өршіп, буындарым ісініп кетті. Мен Ресейдің алдыңғы қатарлы медицинасына да барып қаралдым. Бірақ басымның амандығы деп жиғаным желге ұшты. Ақыры Алматыда Шығыс-тибет медицинасының орталығы бар дегенін естіп, оңтүстік шаһарға келдім. Ат арылтып келген сапарым сәтті болды. Шығыс-тибеттік тәсілмен қабылдаған алғашқы он күндік емім өте пайдалы, жаныма жайлы болды. Сырқатымнан да ақырындап айықтым, серги бастадым. Мұндай сауығу мен қуаттануға жетем деп ойлаған емеспін, менің бүгінгідей жақсы халге жетуім орталықтағы барлық дәрігерлер мен мейірбикелердің арқасы деп білемін. Жаратушымыз Жасан Зекейұлын көпшілікке қиналғанда қамқор, сүрінгенге сүйеніш болу үшін жаратқандай! Ел үшін жасап жатқан еңбектерің жанып, шипаларыңыз халыққа дари берсін!

АЛМАТ

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

Қиын-қыстау кезеңде жүрекке нұр болып құйылған мейір-шапағат ешуақытта ұмытылмасы анық. Адамның шынайы байлығы оның жасаған жақсылықтарымен өлшенеді. Адамзатты адамдықтың асқар шыңына алып шығатын да – осы мейірімділік, ізгілік, игілік сынды асыл қасиеттер. Асыл қасиеттерді бойына сіңірген Жасан Зекейұлы маған да шын жанашырлықпен, адал ниетпен, риясыз көңілмен жақсылық жасады.

Мен «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығы барын 2009 жылы Ақтау қаласының тұрғынынан естіп білдім. Ол кісі маған «Жас-Ай» республикалық Шығыс-тибет медициналық ақпараттық журналының №1 санын берді. Сонда академик Жасан Зекейұлының инемен емдеу туралы жазған мақаласын оқып, осы медицина орталығына барып емделуге құштарлық пайда болды. Жолдасым екеуміз мамыр айында келіп емделдік. Бірінші он күндік ем-домның әсерін сезіне бастадым. Менің буындарым ауыратын еді. Емнен кейін малдас құрып отыруға дейін шамам келді. Жолдасыма да ем жақсы әсер етті. Жасан Зекейұлының шын көңілімен «Мен өзімнің қазақтарымды емдеу үшін келдім» деген сөзі мені қатты толғандырды. «Шіркін, осындай ұлтжанды азаматтар мемлекетіміздің барлық саласында болса, еліміз өркениетті мемлекет болып, 50 елдің қатарына тез жетер едік!» деген ой келді. Расында, солай емес пе?!

Екінші рет келгенімде де Жасан Зекейұлы өзінің көрегенділігін танытты. Құшақ жая қарсы алып, көңіл-күйімді сұрап, жанымды жайбарақат етті. Емшінің жақсы сөзі, емдеу тәсілі адамды ем алмастан бұрын сергітіп тастайды екен. «Менің өзімнен, болмаса шәкірттерімнен ем аламын десеңіз де өз еркіңізде» деді. Содан Қаскеленде бөлімшесі бар екен, сонда жатып, шәкірттерінен ем алдым. «Сенің кім екеніңді, қандай адам екеніңді айтайын, ұстазыңды айт» дейді ғой. Жәкеңнің білім мектебінен Тибет емінің қыр-сырын меңгеріп, білім нәрімен сусындап шыққан шәкірттері де ұстазының ұлағатты екенін танытты.

Қыркүйек айында үшінші рет ем алуға келдім. Бәрі керемет. Денсаулығым түзелді. Аmandық болса, осы медицина орталығымен қарым-қатынасымды үзбей емделіп тұрамын. «Өмір – теңіз, жүзем онда деменіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» депті шығыс ақыны Рудаки. Жаны жомарт жандарға сапарларыңыз әрқашан да сәтті болсын демекпін! Бір-бірімізге қолдан келген көмекті аямай, алғысқа бөлене берейік! Кісілік пен адамдық, әл-Фараби айтқандай, даналық пен қайырымдылықтан, ізгілік пен танымнан тұрады. Батырға тән қаһармандығымызды, азаматқа тән адамгершілігімізді, ер жігітке тән сегіз қырлы, бір сырлылығымызды жоғалтпайық, ағайын!

**Амангелді АХАБАҰЛЫ, зейнеткер,
Ақтау қаласының құрметті азаматы,
Маңғыстау облысы әкімі жанындағы
«Парыз» қоғамдық қорының директоры**

«ЖАС-АЙҒА» КЕЛІП ЖАСАРДЫМ

«Жаксының жаксылығын айт, нұры тасысын!»». Қазақтың осы бір әдемі сөзі көптің қамын ойлайтын, аз уақыт ішінде елдің елеулі, халықтың қалаулы азаматтарына айналған, «Жас-Ай» емдеу орталығының мамандары, Сіздерге арналғандай. Осы орталықтың білікті бас дәрігері Жасан Зекейұлы медицина саласының қыр-сырын жатқа білетін, өзінің жан дүниесінің кеңпейілдігімен дүйім халықтың құрметіне бөленіп жүрген абзал жан десек, артық айтпағандық болар! Адамның жанын түсіну жаны жайсаң адамдарда ғана болады. Мен бұған Сіздердің емдеу мекемелеріңізге келіп, тағы бір рет көз жеткіздім. Мен көпті көрген кісімін. Жасым 66-да. Кәрілікке бой алдырмаймын десем де, жас келген сайын денсаулығына да қатпар-қатпар әжім түсе береді екен. Осы орталыққа келгенге дейін менің қан қысымым бірде жоғарылап, бірде төмендеп, тұрақсыз болды. Соның салдарынан болса керек,

үнемі басым ауырып, тамағым кеуіп, құрғай берді. Оң жақ көзім жиі жасаурап, қатаракта пайда болды. Есту қабілетім де шектеле бастады. Созылмалы пиелонефрит пен созылмалы өт қабының қабынуынан (холецистит), қалқанша бездің қабынуынан зардап шектім. Қысқасы, ауруым көбеймесе, азайған жоқ. Ақыры «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына келіп, 3 курс ем алғаннан кейін ауруым ауыздықталды. Бойыма қуат кіріп, жігерлене түстім. Мұнда мен қызым Аида Нұрманованы да алып келдім. Қызым да артрит (буындары, оң жақ тобық буыны), остеохондроз сынды бірнеше аурулармен ауырған болатын. Бүгінде ол екі курс ем алды. Енді үшінші курс ем алуға дайындалып жүр. Осы ретте менің және қызымның денсаулығын түзеуге септік еткен «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығы ұжымына шексіз алғысымды білдіремін. Халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында жасап жатқан істеріңіз жемісті болсын!

Ғайша БАЙҒАЗИНА,
Аида НҰРМАНОВА,
Алматы қаласы

БІР-АҚ КҮНДЕ АУРУЫМ САП ТЫЙЫЛДЫ

Бәріміз де – Алланың жазуымен өмір сүріп жатқан пендеміз. Ақ пен қара қатар жүретін мына бір дүниенің адам баласына берер қайғысына төтеп берудің өзі ерлік екен. Мен де талай қиындықтарды бастан өткердім. Сәбиім туылғаннан кейін мен аяғымнан тұра алмай, төсекке таңылып қалдым. Өз аяғыммен жүруге зар болдым. Тағдырдың жіберген сыны болар деп Алланың мейірімі мен ақ халатты абзал жандардың көмегінен күдер үзбедім. Біраз уақыт аралығында ауруханада ем алып, бұрынғы қалпыма келу үшін барлық шараларды жасадым. Бірақ ауруымның беті

бері қарамады. Сәбиімді қолыма алуға шамам келмей, жанымды қоярға жер таппадым. Содан енемнің кеңесімен жұбайым мені «Жас-Ай» медициналық орталығына көтеріп алып келді. Жасан ағаның емінің арқасында сол күні-ақ аяғымнан тік тұрып, өзім жүре алатындай күйге жеттім. Қуанышымда шек болмады. Ол кісі менің ауруыма «бел омыртқа жарығы, бел-құйымшақ омыртқасының остеохондрозы» деп диагноз қойып, он күндік ем жазып берді. Жасан Зекейұлының айтуынша, менің омыртқамның арасындағы дәнекер болып тұрған сіңірім созылмалы түрде ішкі ағзаның әлсіреуінен, қабынуынан желіне бастапты. Бұл негізінен сүйек майы мен сүйектің өзіндегі кальцийлік өзгеріс пен тарамыстарының серпінділігінің азаюына байланысты туындайды екен. Ұзақ уақыт бойы желінуге ұшыраған сіңір созылып, жұлынға тікелей әсер етіпті. Міне, соның салдарынан бел омыртқа жарығы пайда болыпты. Білікті дәрігердің айтқанынан тағы бір түйгенім, бел омыртқа жарығы қалыпты тұрмыс әрекетінде немесе жұмыста үнемі белдің бір қысымдық өзгеріске ұшырауынан немесе шектен тыс қимыл жасаудан пайда болатын көрінеді. Бір қалыпты әрекет барысында кенеттен ауыр салмақтағы заттарды көтерсе, омыртқа арасындағы сіңірлер қысымға ұшырап, сіңір тарамшалары ауыр салмаққа шыдай алмай, жарылады немесе таяды.

Кейіннен ойлап қарасам, расында да, солай екен. Қанша дегенмен отбасы құрып, шаңырақ көтергеннен кейін қарап отыра алмайсың. Әркез қимыл-қозғалыста жүреміз. Заман ағысымен бірге жүзіп отыру оңай емес. Кейде ауыр көтеріп қойған шығармын, соның салдарынан да пайда болған болар бұл ауру.

Шығыс-тибет медицинасы бойынша бел омыртқаларындағы жарық болған сіңірдің арнаулы нүктелеріне ине қойылады. Инеге қосылатын жүйкенің тартылуын қуаттандыратын қосымша құрылғы пайдаланылды. Қазіргі заманға сай физиоом жүргізілді. Соның әсерінен бойыма қан жүріп, өзгеріс басталғанын, ауру да тынышталғанын сездім. Содан кейін магнитті банкілер қойылды. Осы банкілердің пайдасымен тартылып қалған сіңір немесе

омыртқа жарығы қалпына келе бастады. Он күндей ем алдым. Сол он күн барысында менің бел әрекетімнің жеңілдеуі бақыланды. Қысқасы, инемен ем, шөппен қыздыру арқылы қабылдаған ем нәтижелі болды. Керемет көңіл-күй кешудемін. Айтар алғысым шексіз. Жасан аға сынды адам жанын сауықтыратын мамандарымыз көбейе берсін дегім келеді!

Анар БАЛДАШ

БАЛДАҚТЫҢ ДА, БАСҚАНЫҢ ДА КӨМЕГІНСІЗ ӨЗ АЯҒЫММЕН ЖҮРЕ АЛАМЫН

Мен 2008 жылдың 11 қарашасында қан қысымым көтеріліп, ес-түссіз құлап қалдым. Дәрігерлер маған «оң миына қан құйылған» деген диагноз қойды. Денемнің сол бөлігі қимылсыз қалып, бірнеше ауруханаға бас сұқтым. Аудандық, облыстық ауруханаларда емделдім. Бірақ ешқандай көмегі болмады. Кейін «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығында инсульттан қимылсыз қалғандарды емдейтіндігі туралы естідім. 2009 жылдың басында осы орталыққа келдім. Алғашында денемнің сол бөлігі мүлде жансыз қалып еді. 3 курс ем қабылдағаннан кейін орнымнан тұрдым. Қазір, Аллаға шүкір, балдақтың да басқаның да көмегінсіз өз аяғыммен жүре аламын...

2008 жылдың өзінде «Жас-Ай» орталығында инсульттан аяқ-қолы жансызданып қалған 600-ге жуық науқас емделіпті. Олардың 95 пайызы ине терапиясының көмегімен сауыққан екен. Біздің тілек – ауруға арашашы бола білген орталықтың шаңырағы биік, керегесі кең болсын!

Қайратбек БЕКТІЛЕУОВ

АЛТЫН ИНЕНІҢ АРҚАСЫНДА АНА АТАНҒАН ӘЙЕЛ

«Бала – бауыр етің», «Балалы үй базар» дейді қазақ. Бұл дүниеден бір перзентке зар болып өткен адамдар қаншама?! Еліміздегі әйелдер арасындағы бедеулік, ерлер арасындағы белсіздік көбейген сайын ұрпақ сүюдің өзі өзекті мәселеге айналады. Дегенмен де заманауи медицинаның жетістіктері мен білікті мамандардың, басқа да қайырымды жандардың арқасында өмірге сәби әкеліп, жас иіске мейірлері қанған отбасылар көп. Солардың бірі – Назгүл Айдабосынова. Осыдан 6 жыл бұрын оның омырау безі қабынып, жатырында жабысқақ пен ет өспесі пайда болыпты. «Алғашында омырауымда түйін бар екенін сездім. Өзіміздің учаскелік дәрігерге барып едім, емшектің созылмалы ауруы (мастопатия) деген диагноз қойды. Сонымен емделіп жүрдім. Гормонды дәрілерді берді. Одан жақсы болған жоқ. Үлкейе берді. Кейіннен ұзындығы 5 сантиметр, тереңдігі 3 сантиметрге дейін жетті. Дәрігерлер онкология институтына жіберді. Ол жерде операция жасауға шешім шығарды», – дейді Назгүл. Алайда кейбір жанашыр адамдар Назгүлге операциядан бас тартып, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына барып, алтын иненің көмегімен емделуге кеңес береді. Назгүл аталған орталықтан үш курс ем қабылдайды. Нәтижесінде омырау безінің ісігі түгелімен қайтады. Бірінші курстан кейін-ақ ол өзін жеңіл сезіне бастады. Екінші курс қабылдағанда дәрігерлер өз көзіне өздері сенбейді. Ал үшінші курста әлгі ауру түп-тамырымен жойылады. Ақыры, көптен зарыға күткен, яғни 16 жылдан кейін шырылдаған сәби үнін естиді. Өмірге Жасмин атты қыз әкеліп, қуанышқа бөленеді.

Жанна АБАЙҚЫЗЫ

2008 жыл

МЫҢНАН БІР АДАМҒА ҚОНАТЫН ҚАСИЕТ

Аса құрметті, қазақ халқының асыл азаматы Жасан Зекейұлы!

Заман талабына сай емделушілерге зор жауапкершілікпен қарайтын қызметкерлерді қалыптастырып, бір-біріне туыстай, бауырдай қарайтын ұжым тәрбиелегеніңізге, қазақтың текті халық екенін, тәрбиесі бесіктен басталатынын үйретіп, елім деп келген азаматтығыңызға рахмет!

Адам баласы үшін шынайы өмір ғылым-білім игеру болғандықтан, үйрену мен үйретуден қол үзбей, мамандықтарына сай қызмет етуді мақсат тұтқан ұжым екенін сырттай қарап, емделуге келген біздер көріп отырмыз. Неге десеніз, адамның жаратылыс мақсаты – көру, білу, үйренгенін басқаларға үйрету. Осы ретте өзіңіздің көптеген қытай тілінде жазылған еңбектеріңіз өз тілімізде жарық көруіне тілектеспін!

Мен Ақтөбе облысы, Бірғыз ауданының тұрғынымын. Т.Шонаұлы атындағы мектепте 38 жыл ұстаздық қызметте болдым. Мамандығым – математика пәнінің мұғалімі. Ем алғаным 10 күн болды. Өзімді жақсы сезінемін, ұйықтай алмай келгенмін, денсаулығым жақсара бастады.

Алланың берген қасиетімен тамыр ұстап ауруыңды дәл анықтау – екінің бірінде бола бермейтін, мыңнан бір адамға қонатын қасиет.

Қоғам өмірінің үлкен бөлігін жастар құрайды. Сіз сондай жастарды көптеп тәрбиелеп жатырсыз. Еңбегіңізді халқыңыз бағалап, емделушілердің шынайы алғысын ала беріңіз! Алла қуат берсін!

Р. ШАЙҚАҚОВА

2009 жыл. Ақпан

АУРУМЕН АРПАЛЫСҚАН КҮНДЕР АРТТА ҚАЛДЫ

Мақтағали Бектемесов алғаш «Жас-Ай» орталығына екі адамның сүйемелдеуімен әрең келген. Ол кісіні медициналық орталыққа туыстары көтеріп алып келеді. Науқасқа «Омыртқааралық диск жарығы, бел-құйымшақ омыртқалар остеохондрозы» деген диагноз қойылады.

Өмірінде алғаш рет, онда да тұра алмай қалатындай деңгейге жете науқастанған ҚазҰПУ-нің проректоры Мақтағали Бектемесовтің жағдайы туыстарын бірнеше медициналық мекеменің есігін қағуға мәжбүрлейді. Алайда барған жерінің бәрі «бұл дерттің бір ғана емі – операция жасау» дегеннен аса алмайды. Пышаққа түсуге бірден шешім қабылдай алмаған ол сұрастыра келе, таныс жолдас-жарандарынан естіп, «Жас-Ай» медициналық орталығына келеді.

Әуелде аурудың жанына батқаны соншалықты, Мақтағали: «Мені операция күтіп тұр. Сізге келіп, уақытымды текке өткізіп алмаймын ба?» – деген күмәнін де жасырмайды. Тіпті Жасан Зекейұлынан «бұл емнің қаншалықты кепілдігі бар?» деп сұрайды.

«Адам өміріне, әсіресе, денсаулыққа кепілдікті тек Алладан өзге ешкім бермейді. Ал ақ халаттылар Алладан асып ешнәрсе жасай алмайтынымыз хақ. Сізді алдымен Алла қолдасын! Алланың көмектескені сол – Сізді бізге жіберіп отыр, айығып кететініңізге көзім жетеді», – деген орталық басшысының сөзі оған қуат беріп, Мақтағали ем қабылдауды бірден бастап кетеді.

Сөйтіп, Тибет медицинасы негізіндегі ине емін қабылдаған Мақтағали үш күннен соң түнімен ұйықтай алмайтын әдетінен арылады, бес күннен соң ешкімге сүйенбей, ақырын жүреді, кейін біржола жазылады. Дертіне шипа тапқан Мақтағали Бектемесов Жасан Зекейұлының дәрігерлік, дәругерлік қасиетін әлі күнге жыр қылып айтады...

Жанна АБАЙҚЫЗЫ

ШАҢЫРАҒЫМА ШАТТЫҚ ҰЯЛАДЫ

«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» дейді дана казак. Басына шаңырақ көтеріп, бауырына қазан асқанды кім жек көрсін?! Дегенмен төрт түлігің сай болса да, алты қанат ақ ордаңнан сәбидің үні естілмесе, өмірдің сәні қайсы? Мәні қайсы? Одан қара домалағы қаптаған қара күрке мың артық емес пе? Алдың жарық нұр болғанымен, артың түнек із қалмаса, шырағыңның сөнгені болар. Аллаға шүкір! Аурудың азабын тартқаныммен арашашыға жолығып, шаңырағым шаттыққа бөленді...

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде бір бай болыпты. Төрт түлігі сай болыпты. Байлығының көптігі соншалық, санауға сан жетпейді екен. Бірақ еміреніп сүйер баласы болмапты. Бір күні бай биік төбеге шығып, жалғыз өзі зар еңіреп, Алладан рақым сұрапты: «Ей, шапағаты мол Алла! Бір күнге болса да бір нәрестелі қыла көр. Ол туылғанда бар байлығымды шашып той жасайын, маңдайынан иіскеп, бауырыма басайын! Ертеңінде алып кетсең де дән ризамын! Мейірімі шексіз Алла Тағала, тілегімді қабыл ете гөр...» деп жалбарыныпты.

Алла байдың тілегін қабыл етіп, көп өтпей байдың кемпірі жүкті болыпты. Тоғыз ай, тоғыз күнде дүниеге келген баласына бай сөзінде тұрып, ұлан-асыр той жасапты. Жиған байлығынан түк қалдырмай, жоқ-жітікке таратыпты. Ешнәресін аямапты. Тек «Бір күнге ғана берген Алла ертең алып кетеді-ау баламды!» деген қорқыныш көңіліне маза бермеген екен. Бір күн өтіпті, екі күн өтіпті... бес жыл өтіпті, он жыл өтіпті... баласы жиырмаға келіпті. Бір күні бай бір ғұламадан мұның мәнісін сұраса керек. Сонда ғұлама: «Бір күнге сұрағаның – сенің тілегің, ал тойыңа жиналған халықтың бәрі балаңның амандығын тілеп, өмір жасы ұзақ болсын деді, берген дүниеге ризалық етті. Алла Тағала жұрттың ықыласын қабыл етіпті. Құдай қаласа, балаң елі сүйген ер азамат болады» депті.

Бұл аңызды айтып отырған себебім, өмірдің бар қызығы, расында да, бауыр ет балаңның болуы екен. Балалы болуды мен де неше жыл армандағанмын. 4 жыл өтті, 5 жыл өтті. Талай таңды ұйқысыз атырып, талай кешті күлкісіз батырдым... Жатыр ауруы

болғандықтан, барған дәрігерлерімнің бәрі жатырымды алдырып тастауға кеңес берді. Қайтіп олай істерсің! Ананың бақыты бала сүю емес пе? Шарқ ұрып шипа іздеп жүргенде «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығын естіп, «себеп болар» деп сонда бардым. Бас дәрігер Жасан Зекейұлы екен. Сол кісіден «бала көтеруге әлі де мүмкіндігің бар» деген сөзді естіп, өшкен отым қайта жанғандай болды. Бірақ ол кісінің айтуынша, медицина тілімен айтқанда, жүкті болуға жатырдың бір-ақ пайыз мүмкіндігі бар болып шықты. Бұл дегеніңіз, меніңше, мүмкін емес нәрсе еді... Шығыс-тибет медицинасының көмегімен, Жасан Зекейұлының ерекше емімен мүмкін болды. Көп өтпей жүкті болдым. Балпанақтай ұл тауып, «Әл-Фараби» деп ат қойдық... жұлдызым жанды, аспаным ашылды...

Ауруды берген Алла емін Жасан дәрігерге бұйырған екен. Лайым, шаңырағыма шаттық ұялатқан жанның алдынан тек Алла жарылқасын!

Әлия Пшаинова,

Алматы қаласы

АДАМНЫҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ БАЛА ДЕГЕН

«Арман деген – көп белес. Біріне шықсаң, бірі бар». Иә, адамның арманы шексіз. Біреулерге мансап, енді біріне дәулетті тұрмыс – арман. Бәлкім, адамның пейілін қара бақыр тиынмен өлшейтін түлкі бұлаң мына заманның өзі соны талап етіп отырған шығар. Бірақ мен пендешілік ойдан адамын. Әлдебіреулер секілді мансап кумадым, бақ-дәулет сұрап, Аллаға алақан жаймадым. Менің жалғыз тілеуім – тек ұлымның амандығы.

Біздің отбасымыз үшін сиыр жылы өте ауыр болды. Олай дейтінім, асыр салып ойнап жүрген төрт жасар Даниялым кенеттен есінен танып, қол-аяғы тартылып қалды. Мұндайды бұрын көрмеген біз не істерімізді білмей әбден састық. Дереве «Жедел жәрдем» шақырттық. Дәрігерлер күні кеше ғана жайрандап жүрген балапаныма «қояншық» деген диагноз қойды. Мамандардың айтуынша, эпилепсия – табиғаты түсініксіз, созылмалы психонев-

рологиялық ауруға жатады екен. Негізгі сипаты кенеттен және қайталанып отыратын талмалы ұстама болып, мидағы нерв жасушаларының өте жоғары электрлік белсенділігі мен ауытқуы салдарынан осылай болатын болса керек.

Міне, содан бері бірнеше ай өтті. Баламды көтеріп, біраз медициналық орындардың табалдырығын аттап, мүйізі қарағайдай нейрохирургтердің барлығына дерлік қаралдық. Өйтсе де дертке шипа іздеген әрекеттен еш нәтиже болмады. Ол түсінікті де. Медицина бұл дерттің алдында әзірге дәрменсіз. Халық емінен жәрдем болар деген үміт те ақталмады. Талай бақытты күндеріміз артта қалып, алдымызда келе жатқан әр күн сондай ауыр, қасіретті сезілетін болды. «Ақсай» республикалық клиникалық балалар ауруханасында жатып ем қабылдаған құлынымның талмасы сирей бастағандай көрінгенімен, кейінірек қайта жиілеп, ауру барған сайын асқынды. Соңғы кездері басын ұстай алмайтын болды. Қолы да жөнді икемге келмей, ұстап отырған затын түсіріп ала береді. Аллаһ ауруымен қоса шипасын да жібереді деген рас екен. Аурудың емі де табылды. Оны «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының бас дәрігері Жасан Зекейұлы тапты. Орталықта біз небары бір курс ем алдық. Ине емінің алғашқы күнінен-ақ баламның қолы икемге келді. Басын ұстай алатын халге жетті. Талмасы тоқтады. Бұрынғысынша шаттанады, күледі. Енді келесі курс емге келуге асығып жүрміз. Өне-міне дегенше он күн де өте шығар. Аллаһ амандықпен жүздестіруге жазсын!

Орыс жазушысы Глеб Успенский: «Менің арманым – өмір үнемі алға қарыштай берсе екен, сейсенбі дүйсенбіден жақсырақ, зұлымдық кешегіден бүгін азырақ болса екен, адам бүгінгіден ертең ақылдырақ, бір-біріне мейірімдірек болса екен деп тілеймін», – деген екен. Біздің де жүрегімізде осы тілек. Әр күн халқымыз үшін жақсылықпен атып, қуанышпен батсын демекпіз!

**Даниял ӘУЕСБЕКТИҢ анасы,
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы,
Қызылту ауылы**

ЖАСАЙ БЕРСІН «ЖАС-АЙ»!

Соңғы кездері Қазақстанда Шығыс-тибет медицинасына сұраныс артып келеді. Оның бірден-бір себебі, бұл – нағыз таза, ешбір химиялық қоспасыз, табиғаттан алынған дәрі-дәрмектер арқылы емдейтін медицинаның бір түрі. Осы саланы дамытушылардың басы болып жүрген Жасан Зекейұлы десем, қателеспейтін шығармын. Ол кісіні Қазақстанға келгеннен бері білемін. Атамекенге келіп, Шығыс-тибет медицинасының халыққа шын мәнісінде керек екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп жүрген ағамызға келіп емделгендердің «ауруымнан айықпадым» дегенін естіген емеспін. Ал бұл медицинаның барлық мүмкіншіліктерін аша отырып ағзаны емдеу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Өзім көптен бері «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына келіп, ем алып жүрмін. Осыдан бір жарым жылдай бұрын әкей дүниеден өткенде менің бір аяғым бастырмай қалды. Он күн қатарынан осы мекемеден ем алып, аттай шауып кеткен жайым бар. Адам болғаннан соң, жүйкең шаршайды, кейде денсаулығыңа қосымша күтім жасағың келеді, сондай сәттерде осы кісіге келіп ине салдырып, уқалау жасатып тұрамын. Жұбайым да аяғынан жарақат алып, «Жас-Ай» медицина орталығында емделіп шықты. Қазір тек инемен емделіп қана қоймай, Шығыс-тибет медицинасының емдік шөптерден дайындалған дәрілерін де пайдаланады. Жасан Зекейұлы бастаған мекеме ұжымына еңбектеріңіз жансын деймін! Дертіне шипа іздегендерге әрдайым себепші болып жүре беріңіздер. Жасай берсін «Жас-Ай!»

Рамазан СТАМҒАЗИЕВ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі

ДАРА ТҮЛҒА – ДӘРІГЕР

Менің аты-жөнім – Хайруллин Серік Хояшұлы. 1999 жылдың 7 ақпанында әкем қайтыс болды. Содан бір айдан кейін менің басым ауыра бастады. Оның үстіне жүрегім айнып, денем дел-сал болып, мойным, арқа жақ, жауырын түгел ұйып ауыратын. Атырау қаласында ауруханаға да жаттым, жеке невропатолог дәрігерге де қаралдым. Дәрінің түр-түрін іштім. Мен жазылған жоқпын, тіпті тренталды кантамырға жібергенде кері әсер беріп, бір ажалдан аман қалдым. Маған «вегетососудистая дистония» деген диагноз қойылды.

Бір жолдас жігіттің айтуы бойынша Жасан Зекейұлымен 2000 жылы мамыр айында таныстым. Мен ауруымның белгілерін айтқан соң «миыңа қан бармай тұр, мен оны емдеп жазамын» деді Жасан Зекейұлы. Жалпы, менің бір жыл бойы басым айналып жүрді. Танертеңгісін сағат 9:00-дің шамасында бас айналу басталады. Қаладағы көп қабатты үйлердің төбесіне шығып қараймын. Төмендегі үйлер теңселіп, тал-теректер кисайып, машиналар аударылып тұрғандай болады. Бір күні рөлде отырып көшеде тұрған машинаны барып соқтым. Ол маған кетіп бара жатқандай болып көрінді. Мұндай оқиға менде көп болды. Тағы бір күні немере ініммен сөйлесіп тұрып, «сен құлап бара жатырсың ғой» деп оны ұстай қалыппын, сөйтсем, басым айналып, өзім құлап бара жатыр екенмін.

Мен «Жас-Ай» орталығында 10 күн емделдім. Ине терапиясымен бірге тибеттік табиғи шөптерден жасалған дәрілер берді. Емнің соңғы күні «енді жиырма күннен кейін жазыласың» деді. Бір жыл бойы аурудан әбден көз аспаған адам бұған сене ме? Әрине, сенбейді. Мен күн санадым. Тура жиырма күн өткеннен кейін мен күндегі әдет бойынша көшеге шықтым. Үйлердің төбесі, өсіп тұрған тал-терек барлығы орнында. Өз көзіме өзім сенбей қайта-қайта қарадым. Дәл солай. Бастың ауруы сап тыйылды. Тамаққа тәбет ашылды. Алматыдағы жолдас жігітке «кафеге барып тамақ ішейікші» деп телефон шалдым. Бұрын менің сөмкемде дәрінің түр-түрі жүретін, тіпті ампуладағы баралгинді шприцпен қосып, жанымнан тастамайтынмын. Себебі аяқ асты басым қысып ауырғанда өзіме-өзім

укол сала беретінмін. Қазір, Құдайға шүкір, барлығы қалды.

Жасан Зекейұлына айтарым, Қазақстан халқына жасаған еңбегің жемісті болсын! Жанұя, бала-шағаң, туған-туыстарың, ұжымың аман болып, гүлдене бер!

Серік ХОЯШҰЛЫ,

Атырау қаласы

ҚАЙТА ЖАНҒАН ҮМІТ ОТЫ

Жас келіп, қартайған шақта адам баласының бір тілегі ауру-сырқаудан аман болу ғой. Менің де денім сау, күнделікті күйбең тірліктің камымен жүрген жан едім. Ақпан айы болатын. Кешкі уақытта саусағымның ұштары жансызданып, өзімді біртүрлі сезіне бастадым. 5-10 минут өтер-өтпесте ернім кезеріп, тілім күрмеліп, сөйлеуге де шамам келмей қалды. Бара-бара бүкіл денем жансызданып, ештеңені сезбей, есімнен танып қалдым. Он күннен аса ауруханада жатып емделгенімнен түк шықпады. «Бұл ауруыңызды емдей алмаймыз...» деп аурухана дәрігерлері шығарып салды. Дертіме шипа таппай жаным қиналғанда «Жас-Ай» медицина орталығы жайлы балаларым естіп, мені осы жерге арбаға отырғызып алып келді. Орталықтағы бас маман Жасан Зекейұлы тамырымды ұстап, бірден ине еміне жатқызды. «Он күнде өз қалпыңызға келіп, жүгіріп жүретін боласыз» деген дәрігердің жылы сөзі көкірегіме қуаныш сыйлады. Ол сөзі шындыққа сайды. Он күннің ішінде баз-баяғы қалпыма келдім. Сөнген үмітімді қайта жағып, жан азабынан айықтырған жігіт ағасы Жасан Зекейұлына, осы орталық қызметкерлеріне айтар алғысым шексіз.

Құндызай САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ

ПСОРИАЗ ДЕРТІНЕН АЙЫҚТЫ

Терісінің 90 пайызы псориазға шалдыққан Әбусағит Молдахметов ұзақ жылдар бойы ауру азабын тартады. Науқастың айтуынша, емделмеген жері, көрінбеген медициналық мекемесі қалмаған ол арғысы Германия, бергісі Беларусь еліне дейін шарлап қайтқан. Ондағылардың бәрі дерлік жазылмайтын ауру деген диагнозбен шығарып салған. Сөйтіп, соңғы үмітін арқалап, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығына келеді.

«Қонаққа барудан қалдым. Баратын жерлерге мүмкіндік болса, қонбай, қайтуға тырысатынмын. Мұның бәрі – сол құрғыр аурудың кесірі», – деп көз жасын бұлап келген наукас екі курс емнен соң, өзінің айыға бастағанын байқайды.

Мекеменің «Алғыс хаттар» топтамасына жазған лебізінде ол: «Алдымен Алланың ризашылығы, содан кейін осы медициналық мекеменің басшысы Жасан Зекейұлының алтын қолының емінің арқасында, екі курстан соң-ақ құлан-таза жазылдым», – деп ағынан жарылыпты. Сөйтіп, үшінші курс емді толық бітірмей жатып, 58 жастағы Әбусағит Молдахметов псориаз дертінен толық айығады.

Жанна АБАЙҚЫЗЫ

ОТБАСЫНА «ПЕРІШТЕ» СЫЙЛАДЫ

Сегіз жыл перзент көтере алмай, ақырында бедеулік диагнозы қойылған Гауяр Кәрімова ауруының емін «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығынан табады. Мұндағы дәрігерлердің басты ұстанатын медициналық тәсілі – кез келген ауру түріне диагноз қоймастан бұрын, ең алдымен, ол дерттің себебін анықтайды. Осындай әдіспен Гауяр Кәрімованың ауруының себебін ішегінің қабысуы (спайка) ауруымен байланыстырады.

Бедеулік ауруын емдетемін деп Гауярдың да бармаған жері қалмаған. Соңғы кездері қаптап кеткен ақылы медициналық мекемелердің табалдырығын қалтасындағы соңғы ақшасын

түгескенше тоздырады. Бәрібір жақсы нәтиже болмағандықтан, бір құрбысы арқылы инемен емдейтін «Жас-Ай» орталығы туралы естіп, осында келеді. 2 курс емнен кейін құрсақ көтереді. Қазір Гауһар жүктіліктің жетінші айында. «Көптен күткен арманым орындалды. Тіл-көзім тасқа, әрбір науқасқа үлкен қуаныш сыйлап отырған «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығы дәрігерлерінің еңбегі орасан деп білемін. Отбасымызға періште сыйлаған ақ халаттыларға деген шексіз алғысымды қалай айтарымды да білмей отырмын», – деген Гауһар Кәрімованың жүрекжарды сөзі «Жас-Айдың» «Алғыс» кітабында жарқырап тұр...

Жанна АБАЙҚЫЗЫ

АУЫР ДЕРТІМЕ ТЕГІН ЕМ ЖАСАЛДЫ

«Ине терапиясымен емдеу орталығы бар» дегенді естіп Талдықорған қаласынан Алматыға арнайы келдім. Артериялық гипертонияның 2-ші дәрежесі, оның үстіне, қауіпті үшінші топ невроз ауруын артынып жүрген маған мұнда «мойын омыртқалар остеохондрозы мен глаукоманың басталуы» деген диагноз қойылды. 49 жасымда түрлі ауруды жамап келген мені орталық медбикелері жылы қабылдады. Медициналық мекеме басшылығы біздің отбасылық жағдайымызды ескеріп, тегін ем қабылдауға рұқсат етті. “Ауруымнан айығамын, оның үстіне, ем тегін болады-ау” деген үш ұйықтасам түсіме кірмеген еді. Ауру жанымды бір қысып, оны емдеуге қаржының жоқтығы қоса қинап жүргенде, бұл – мен күтпеген тосын сый еді... Осы орталық туралы теледидардан ести сала, бар жиған-тергенімізді жинақтап, Алматыға алып ұштық. Алғысым шексіз. Ауруымнан айықтым.

Гүлжан ӘЛПЕЙІСОВА,
Талдықорған қаласы

ДӘРУГЕР

«Мен бұл орталықты көп уақыт іздедім. Таныстарымнан «кинемен емдейтін медициналық мекеме бар екен» дегеннен өзге ақпарат ала алмай жүргенмін». «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығындағы «Алғыс» кітабында жазылған бір хат осылай басталады.

– Біреу себепші болып, бұл орталықты әйтеуір таптым-ау... Лариса Королева деген жүзі таныс келіншек бар еді. Сол Лариса дәрігерлер қойған диагнозға сеніп, осыдан жеті жыл бұрын бұл тірліктен үмітін үзіпті. Яғни ақ халаттылар оның науқасының ауырлығына қарап, «қолымыздан келер шара жоқ» деп шығарып салған. Осы халдегі науқасқа сол жылдары Жасан Зекейұлы қайтадан өмір сыйлады. Сол себепті Лариса Королеваның бұл медициналық орталыққа деген алғысы шексіз. Мен мұндай орталықтың бар екенін сол кісіден естіп білдім. Ұлым Михаил Марининнің белі ауырып, аяғы қозғалудан қала бастаған. Оның түні бойы «ауырдым» деп дөңбекшігенін көргенде жанымды қоярға жер таппайтынмын. Шеше үшін баласының қиналғанын көруден асқан азап жоқ шығар... Енді, міне, «Жас-Ай» орталығына келіп, ем алуды бастағалы бері ол күндер ұмытыла бастады. Ем алған алғашқы курстан кейін ұлымның белі қақсап ауыратынын қойды. Бұл біздің сөнген үмітімізді маздатты. Жасан Зекейұлының басшылығындағы жылы жүзді орталық қызметкерлерінің арқасында ұлымның аяғынан тік тұратынына сенімім мол. Балам қайтадан өзінің шаңғы тебетін сүйікті ісіне оралады. Барлық мекеме ұжымына үлкен рахмет! Сіздер науқас жандарға қайтадан өмір сыйлап, олардың сөнген үмітін жақтыңыздар. Сондықтан Сіздердің еңбектеріңіз өлшеусіз. Осындай орталықтар көп болса екен деп тілеймін!»

Михаил МАРИНИННИҢ шешесі

АНАЛЫҚ АҚ БАТА

Жасан балама ризашылығымды білдіремін. Басым ауырып, қан қысымым көтеріліп, бетімнің жүйкесіне суық тиіп, бірнеше жылдан бері азаптанған едім. Мұрным гайморит. Жасанға келіп, 4 курс ем қабылдап, барлық дертімнен айығып шықтым. Дәрігерлердің, медбикелердің ілтипаты ауруымның жеңілдеуіне көмектесті, олардың қабақ шытқанын байқамадым. Үлкен кісілерді ата-анасындай көріп сыйлап, асқан қонақжайлылықпен қабылдап, ақ көңілімен шығарып салды. Барлық ауруың сол жылы сөздерден кейін жазылып кеткендей күй кешесің. Бірнеше күннің ішінде өз сінділерімдей жақын тартып кеткен медбикелерге, дәрігер балаларыма амандық тілеймін. Адамгершіліктеріңізді Құдай қолдап, Алланың нұры жаусын! Бір-бірінмен ағайындай сыйласқан ұжымдарыңның береке-бірлігі берік болсын!

**66 жастағы апаларың
АЯНКҮЛ, Тараздан.**

Құрметті «Жас-Ай», ризамыз саған,
Халықты шипалы емдеуге даяр болған.

Ұл-қыздарың мерейі үстем болсын,

Аман жүр қазақ үшін Жасан балам!

Қазақтың рухын жоғары бағалаған,

Биязы, иман жүзді көп екен адам.

Жасан, Серік ағалардан өнеге алған,

Медбике қыздарыма табыс тілейді Ғапура апаң.

Мен, Ғапура Сейдолдақызы, сол жақ денем сал болып, «Жас-Айға» жүре алмай келген едім. 10 күннің ішінде өзім жүріп тұратын, халге жеттім. Жасан Зекейұлының «Жас-Ай» медицина орталығына алғысымды білдіремін.

Ғапура СЕЙДОЛЛАҚЫЗЫ



АҚ ТІЛЕК

Тәлімгер әрі дәрігер келіп елге,

Алладан игілік іс түсіп жерге.

Табылмас ем дәруі, ел зәруі,

Қайта жақтым үміт отын өмірге.

Көкірегі ояу, көзі ашық керемет жан,

Өн бойына құдірет ұялаған.

Шипамыз өз еліме дарысын деп,

Жасан келді елі үшін асып қырдан.

Шипа іздеп мұқтаж жандар жанына,

Кезек күтіп ағылады алдында.

Қорғаушысы табылып, көзі шайдай ашылды,

Келіп жомарт еліміздің бағына.

Шешен сөзбен жаныңды жұбатады,

Қиналғандар сөзіне қуат алды.

Ұйықтап қалған жүйке мен жүйелерді,

Сергітіп инесімен оятады.

Қолыңның қуаты артсын,

Еміңнің мұраты ассын!

Балалардан рахат тауып,

Мәртебеңіз биіктерге тасысын.

Алланың атын атап,

Ұзақ жасағың келсе.

Деніңе саулық сұрап,

Сауыққың келсе –

Жасанға кел!

Дертіңе шипа іздеп,

Жазылғың келсе.

Енжарлық бойыңнан,

Адассын десең – «Жас-Айға» кел!

Құдіретті көзіңмен,

Көргің келсе тағы да –

Жасанға кел!

Сабира АБДУАЛИЕВА

*Домбыраның тыңдасаңыз ғажап үнін,
Алатаудай көрерсіз саз алабын.
Күйлері тасқындаған буырқанып,
Мерейіндей асқақтаған Жасанның!
Сүйсінерсіз жасаған затымызға,
Татиды-ау ұсынатын тартуымызға,
Дүйім жұртқа белгілі іскер басшы
Тарап кетті талай жерге атыңыз да!
Қараңыз Ақерке зергер, Талғат шебер,
Қосыла меңгеріпті-ау үлкен өнер.
Қиын әрі қызықты жұмыс екен,
Ұлы өнер қиындықтың бәрін жеңер!*

Жасан мырза, отбасыңызға амандық тілей отырып, өзіңізге киелі домбыра сыйлап отырмыз. Бұл домбыра ұрпақтарыңызға мұра болып, шаңырағыңызға құт әкелсін, ісіңіз оң болсын, жұлдызыңыз жарқырасын!

Құрметпен: «ЖетіМуза» өнер бірлестігінің жетекшісі, этнограф, дизайнер, ерлі-зайыпты шебер **ЖАРҚЫНАЙ-ТАЛҒАТ**.

**Астана-Алматы,
2009 жыл.**

ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ЧЕЛОВЕК

С огромным удовольствием хочу выразить благодарность всему коллективу «Жас-Ай»! Особенно меня поразили и приятно порадовали профессионализм и деликатность врача Жасана Зекейулы! Надеюсь, что его умение и, главное, достигнутый результат, будут радовать меня многие годы. Очень благодарна всем тем, кто принимал участие в моей сложной и трудоемкой ситуации! По состоянию здоровья, это целый букет, я попала в этот центр.

Приступив порог центра я почувствовала благоприятную энергию. Я благодарно судьбе, что я попала на лечение именно сюда. Медперсоналы центра очень вежливы с пониманием, со знанием относятся к своей работе. Огромную благодарность хочу выразить отдельно директору центра Жасан Зекейұлы за высокий профессионализм. Огромное спасибо за сплоченность коллектива, за хороший подбор кадров, что является гарантом хорошего, качественного лечения. Жасан Зекейұлы – как врач от Бога не жалеет сил в его нелегком труде. Благодаря его и медперсоналу я чувствую себя превосходно. Спасибо Вам большое. Искренне желаю всем сотрудникам клиники здоровья, и, главное, - не терять умение дарить людям радость, веди здоровье- это главное, что нужно человеку!

МАДЫШЕВА Тынышкуль Руаевна

20.06.2008 г.

ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ И ТАЛАНТЛИВЫЙ ВРАЧ

Я, Маринина Галина Дмитриевна, очень долго искала этот центр, именно эту клинику, мне рекомендовали ее мои знакомые. Одну из которых женщина Лариса Королева была уже как говорится приговорена всеми врачами и 7 лет назад Жасан Зекейұлы вернул ее к жизни, за что она безмерно благодарна врачу. Сейчас когда с моим сыном Марининым Михаилом случилось беда, сильные боли в пояснице, отказали почти совсем ноги, когда мы прошли курс лечения стало гораздо лучше. Надеюсь и верю, что вся клиника и медперсонал во главе с таким врачом как Жасан Зекейұлы поставят моего сына на ноги и он еще вернется к своим горным лыжам. Особенно хочу выразить свою благодарность и

благодарность сына за внимательное отношение Жасан Зекейулы и пожелать всему медперсоналу личного счастья, здоровья и процветания Вашей клиники, ведь Вы возвращаете людей к жизни. Побольше таких талантливых, замечательных врачей и таких хороших клиник.

С уважением Г.Д.МАРИНИНА

11.08.2008г.

**** * * * *

Благодарственное письмо

“...Общаясь с медперсоналом центра и его пациентами я слышал о профессора м.н. Жасан Зекейулы только хорошие и даже восторженные отзывы, как о большом специалисте в своем деле, влюбленном в свою профессию. О нём говорят как о хирурге “золотые руки”, человеке больших знаний и в то же время скромном и доступном. Я с удовольствием присоединяюсь к такому общему мнению. Не сомневаюсь, если бы в нашей Родине было побольше таких людей, как Жасан Зекейулы – всё было бы по-другому, – как надо... Большой и несомненной заслугой Ж. Зекейулы является создание в основном молодого квалифицированного персонала медцентра. В нём каждый хорошо знает свои обязанности, чётко их выполняет и от этого весь коллектив работает ритмично, как хорошо отлаженный механизм...

Я, Саматова Жанар Мендигереевна, родилась в 1980 году Теректинском районе. В прошлом году, т.е. 2008 г. я тяжело заболела, мне поставили диагноз межпозвонковая грыжа. В этом году я приехала на лечение в «Жас-Ай». После 10-дневного курса

лечения я вновь прошла МРТ и мне сказали, что грыжа рассосалась. Хотелось бы выразить огромную благодарность коллективу этого центра.

Подобной чистоты и санитарно-гигиенической обстановки я ранее не встречал нигде.

СПАСИБО Вам за теплое отношение и хорошее лечение!

Жанар САМАТОВА

13.08.2009

**** * * * * *

Я, Чистобаева Раушан Нурахметовна, 1954 года рождения, приехала из далекого Петропавловска к доктору Жасан Зекейұлы в Центр Восточно-тибетской медицины в надежде на стабилизацию артериальной гипертензии, снятие головных болей (церебральный арахноидит), болей в позвоночнике (дискогенный радикулит), а также приступов ЖКБ (камень 2,6 см в желчном пузыре). Прошла один сеанс иглотокотерапии в «Жас-Ай» и давление, годами державшееся на отметке 170/120, 190/120 нормализовалось до 120/80. Спасибо умелым рукам, знаниям и отношению профессионалов центра. Из-за нормализации давления, проведенного курса лечения на позвоночник легко встаю с постели, свободно, самостоятельно могу обуться-разуться, нет тяжелого кома в голове. Еще раз спасибо и дай Вам Бог всех земных благ и долголетия. Дарите и дальше людям добро и веру в жизнь.

С уважением Раушан НУРАХМЕТОВНА

20.11.2006 год

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

ЕЛІН СҮЙГЕН – ЕЛІ СҮЙГЕН 3

Екінші бөлім

АЛТЫН ИНЕ САЛАТЫН АЛТЫН ЖІГІТ! 45

Үшінші бөлім

СЫНДАРЛЫ СҰХБАТТАР 65

Төртінші бөлім

РИЯСЫЗ АЛҒЫСТАР 217

Шығыс-Тибет шинагері
Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ
(мақалалар, сұхбаттар, арнаулар)
(қазақ тілінде)

Редакторы – *Саттар ЕРНАЗАРОВ*
Техникалық редакторы – *Гүлмира АҚАЖАНОВА*
Терген және беттеген – *Фарида ҚАПЕЗОВА*

Теруге 01.01.2010 ж. жіберілді. Басуға 22.07.2010 ж. кол
қойылды. Қалпы 84x108 1/32. Қаріп түрі «Times New Roman».
Офсеттік басылыс. Баспа табағы 17, 0. Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 743.

«Қазығұрт» баспасы», 050009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы 143-үй, 522-офис, тел/факс: 8 (727) 394-42-86,
e-mail: kazygurt@list.ru

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 394-39-22, 394-39-34, 394-39-42,
e-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru